

ХАБАРШЫ

№4 (42) 2014 жыл

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының (ПҚ БАИ) тоқсан сайын жарық көретін ғылыми-әдістемелік журналы

Бас редакторы

ЕЛЕУСІНОВ

Бауыржан Тәжімағанбетұлы
Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ
директоры, ф.-м.ғ.к, профессор

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне 2002 жылдың 27 қарашасында тіркеліп, №3405 “Ж” куәлігі берілді.

Мекен-жайы:
467001, Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 2
тел/факс (7242) 27-76-51;
e-mail: ipkit_korda2004@mail.ru
[http:// orleu-korda.kz](http://orleu-korda.kz)

Журнал материалдары институттың «Қоғаммен байланыс және баспа қызметі» бөлімінде беттеліп, басылды. Таралымы 500 дана. Көлемі 26 баспа табак.

Дизайнері: **ЖАНДИЛАЕВА**
Нұргүл

Жауапты хатшы:

СЕРІКБАЕВ - Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ директорының оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, т.ғ.к.

Редакциялық алқа:

БАЙҚАДАМОВ
Наурызбай - Қызылорда облыстық білім басқармасының бастығы, тарих ғылымдарының кандидаты

БАЙНАЗАРОВА
Райкүл - Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрайымы

ШЕРМАҒАНБЕТ
Мейрамбек - Қызылорда облысы бойынша білім саласындағы бақылау департаментінің директоры

АРАЛБАЕВ
Марат - Қызылорда қалалық білім бөлімінің бастығы

БАЙДІЛДАЕВ
Шыналы - Ардагер-ұстаз

ҚОЖАМБЕРЛИЕВ
Баймырза - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ кафедра меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор

НҮРМАХАНОВ
Нұрлан - «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы, филология ғылымдарының кандидаты

АБДУЛЛАЕВА
Балзия - №4 облыстық дарынды балалар мектеп-интернатының директоры

ДҮРМАНОВ
Бақдәулет - Облыстық оқу орталығының кәсіптік білім бөлімінің басшысы

ҚҰЛЖАНОВА
Айдана - «Хабаршы» журналының редакторы

МАЗМҰНЫ

Ғалымдар мінбері

1.	М.Матаев, Б.Қожамбердиев. Тәуелсіздік – тұғырымыз	3
2.	Б.Елеусінов. Ұлағатты ұстаз жайлы ой	7
3.	С.Серікбаев. Темірбек Жүргеновтің Қазақстан мәдениетіне қосқан үлесі	10
4.	К.Шарифзянова, Ю.Штретер. Проектная деятельность – как эффективное средство развития профессиональных компетенций педагогов в условиях модульной системы повышения квалификации	14
5.	Г.Жаксылыкова. От мониторинговых исследований до исследования в действии	17
6.	Р.Наурызбаева. Шығармашыл оқушы, шығармашыл ұстаз, шығармашыл ұжым	20

Білім берудегі тәжірибе сынақ жұмыстары

7.	Г.Жаксылыкова. Роль инновационной образовательной модели, интегрирующей лучший международный опыт	27
----	--	----

Білім берудегі жаңа технологиялар

8.	С.Құсейнов. Шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі инновациялық әдіс-тәсілдерді ендірудің маңызы	31
----	---	----

Мұғалім іс-тәжірибесінен

9.	У.Есмаганбетова. Сапалы білім беру: мектеп тәжірибесіндегі сындарлы оқытудың тиімділігі	35
10.	О.Маханбетов. Мұғалімнің кәсіби дамуы – құзырлы оқытудың негізгі шарты	38
11.	М.Аскарова. Развитие диалогического подхода в преподавании иностранных языков	42
12.	Ж.Жубауова. Химия пәнін оқытудағы түйінді құзыреттілікті қалыптастыру жолдары	47
13.	Ә.Қожантова. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру деңгейлік курстарындағы мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті	52
14.	Р.Қасымханова. Дуальды оқыту – заман талабы.....	55
15.	Ж.Ахметова. Рухани-адамгершілік білім беруде Абайдың қара сөздерінің маңызы	58
16.	А.Нурекешова. Тұлға қасиеттері, дамуы және мамандық	60
17.	Қ.Есекеева. Оқушыларды диалогке белсенді қатыстыру үшін топтық жұмысты ұйымдастыру	64
18.	Г.Абдықалықова. Сыныптан тыс шаралар арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды дамыту	67
19.	Г.Прмаганбетова. Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлар	70
20.	Н.Төлегенова. Тұлғаның әлеуметтік құзырлылығын қалыптастыру – оқу үдерісіндегі оқушының субъективті ұстанымының қажетті шарты	76
21.	Е.Атабаев. Мектеп оқушыларымен ұлттық ойындарды жүргізуде жаңа педагогикалық инновациялық технологияны қолдану	79
22.	Г.Прмаганбетова. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру	86
23.	Ш.Қ.Қожахат, Б.А.Досжанов. XXI ғасырдың жаңа парадигмасы ретінде танылған Smart технологиясы	89
24.	А.Избасова. Внедрение инновационных методов преподавания и обучения в школе-лицее №5	93
25.	К.Тілепов. Мектепті басқару және білім сапасын арттырудың ерекшеліктері	97
26.	Л.Әбдіхалықова. Жаңаша оқытудағы Кембридж әдіс-тәсілдерінің теориялық ерекшеліктері	100

27.	<i>М.Ибадуллаева.</i> Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілетін дамыту арқылы ақпараттық құзыреттіліктерін арттыру	103
28.	<i>А.Байымбетова.</i> Мұғалімнің оқыту әдістеріндегі жаңаша көзқарас	106
29.	<i>Ж.Күзембаева.</i> Оқушылардың шығармашылығын дамытуда оқу процесінің маңызы	110
30.	<i>С.Сарсенбаева.</i> Көру қабілеті бұзылған балалардың қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктері	114
31.	<i>Г.Бермаганбетқызы.</i> Тәрбие өнері мен тәрбиелеу технологиясы	118
32.	<i>Д.Абдрахманова.</i> Сыни тұрғыдан ойлау – сыналған ойлау емес, шыңдалған ойлау	121
33.	<i>А.Оналбаева.</i> Тәуелсіздік – басымызға қонған құс	123
34.	<i>Г.Әуезова.</i> Оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру	127
35.	<i>Л.Кунарова.</i> В мастерстве учителя – успех ученика	131
36.	<i>С.Шумекеева.</i> Эффективность применения модуля «Новые подходы в преподавании обучения»	133
37.	<i>Ж.Ақбергенова.</i> Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі – баланы тәрбиелеу мен дамытудың әлеуметтік-мәдени ортасы	136
38.	<i>Б.Ибраев.</i> Өндірістік оқыту сабақтарында кәсіптік дербестік пен шығармашылық қызметті қалыптастыру	140
39.	<i>М.Нұрманова.</i> Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлығын арттыру	147
40.	<i>М.Рауан, М.Есімова.</i> Басапа ишан жайлы	151
41.	<i>Н.Ундреева.</i> Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану	154
42.	<i>С.Асқарова.</i> Физика пәнінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі	159
43.	<i>У.Жарылқасынова.</i> Көшбасшылық пен басқару оқу үдерісінде	163
44.	<i>Н.Байназарова.</i> Специфика преподавания английского языка в начальной школе	167
45.	<i>Қ.Сәрсенбаева.</i> Оқушылардың жазу сауаттылығын қалыптастыру және жазба жұмыс дәптерлерін тексерудегі оңтайлы әдістер	172
46.	<i>Г.Нұрпейісова.</i> «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясын химия сабақтарында пайдаланудың тиімділігі	176
47.	<i>А.Убаев.</i> Алғашқы әскери дайындық сабағында оқушыны патриоттық отансүйгіштік рухында тәрбиелеу	179
48.	<i>Ж.Басығараев.</i> Информатика сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру	181

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМЫЗ

Мұстафа Матаев¹, Баймырза Қожамбердиев²

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, профессор, академик¹,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, ф.ғ.д., профессор²*

Қазақ халқының болмысында айрықша орын алатын ұғым бар: бұл тәуелсіздік ұғымы, сан ұрпақ аңсаған тәуелсіздік адамзат баласының болмысында ерекше орын алатын қасиетті, қадірлі ұғым болып табылады. Тәуелсіздік жылдарында біз жоғалтқанымызды түгендеп, мемлекеттігімізді қалыптастырдық, әлемдік қауымдастық мойындаған елдердің біріне айналдық. Қазақ халқы қай заманда, қандай жағдайда болмасын өз болмысының азаттығын өз өмірінен артық қойған халық. Сондықтан, қазақ елінің дүниетанымының түсінігі әрқашан және әр кезде азаттық, тәуелсіздік ұғымдарымен астарласа жатады. Себебі, қазақ халқы өз ұлтын, өз жерін қасиетті санаған. Шындығын алып қарасақ, жер бетіндегі тіршілік иесі еркіндік үшін жаратылған. Өсімдік екеш өсімдік те қалағанынша өркен жайып, өз қуаты жеткенше күнге қарай бой созуға ұмтылады. Жан-жануар атаулының да аңсары сол. Ал, адам ше? Шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, құндақтауға көнбей, еркіндікке талпынған тірі пенде қашан жер қойнына кіргенше өз мүддесі жолында тырмысып, тырбанып өтпей ме? Тіпті, нағыз тәубешіл де төзімді кісінің жан сарайына үңіліп қарасаңыз, оның да көкірегі еркіндікке бұлқынған арман мен мұратқа толы. Шыққан тегі мен өскен тарихының, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқының, табиғи ортасы, шаруашылығының, ұлттық ойлауы мен тілінің, дүниетанымының тығыз байланысы бір ұлт етіп ұйытқан кез келген халық ғұмыр бойы азат және тәуелсіз ел болуды аңсаған. Жұмыр жер бетінен, адамзат тарихынан өзіне лайықты орнын алуды армандап өтеді. Арманнан айырылған, сенім мен мұратын жоғалтқан адам да, халық та,

мемлекет те дара тұлғалық қасиетінен айырылып, азып-тозып, ақырында жоғалып бітеді. Үш ғасыр бойы бодандық бұғауында тұншыққан қазақ халқының қайтадан ұлттық идеяны ту етіп дербес мемлекетін орнатып, аз уақыттың ішінде төрткүл дүниеге танылуына жеткізген қандай ұлы күш еді деп таң қалатындар болса, сол ұлы күш – ғасырлар бойы халқымыз көкірегінен өшпеген ұлттық намыс пен азаттық рухы дер едік. Сонау көк түріктер заманында айбынымен жарты әлемді ықтырған жауынгер халықтың тікелей мұрагерлері кейін адамзат көшінің соңына сырғып, бодандық қамытын мойнына киеді деп кім ойлаған? Бұл бәлкім, кезінде ертеңгі болашағын парасатпен бағамдай алмай, қауіп-қатерді елең қылмай, өзге жұрт жаппай меңгеріп жатқан жаңалық атаулыны көзіне ілмей, астамсыған тәкаппарлығымыздың жазасы болар. Бұл, бәлкім, адамзат дамуының ұлан-асыр кезеңіндегі өн бойында көшбасшылық тізгінін алма-кезек қолына алған халықтарды дүркін-дүркін сынға алып, ділі мен тілінің, рухы мен төзімінің беріктігін тексеріп отыратын тарих заңы болар. Қалай болғанда да, бір кезде ат тұяғы жетер мандағы жұртты айбынымен сескендіріп, Еуразия құрлығының орталығын емін-еркін иемденген бостандық сүйгіш халқымыздың сыртқы және ішкі қайшылықтар мен жанжалдар шырмауынан шыға алмай, ақыр соңында бодандық бұғауына маталып тынғаны ақиқат. Ұлы Абай айтқандай, «Өз еркіміз өз қолымыздан кетіп», жат жұрттың қабағына жалтақтаған үш ғасыр бойы тәуелділік халқымыздың бірнеше буын ұрпағының бойындағы тәуелсіз елдік, отаншылдық, ұлтшылдық рухын езіп-жаншып, дүниетанымы-

мыз бен тілімізді, ділімізді әртүрлі қи-тұрқы идеологиялық қисындар қалы-бына салуға тырысып баққаны өмір шындығы. Бірақ, халық көкірегіндегі тәуелсіз елдігін қайта орнатсақ деген сенім мен үміт ұшқыны қоздап жанып, ауық-ауық лап етіп белгі беріп қалатын. Әсіресе, XX ғасырдың басында қаулап өсіп жетілген демократиялық ұлттық интеллигенция шоғыры, ұлттық кәсіби саяси және интеллектуалдық элита өз халқының мүддесі мен болашақ дербес даму бағдарын айқындауға бел шеше кірісті. Олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұстафа Шоқай және тағы басқа қазақ ұлтының зиялы азаматтары болды.

Жан-жақты білімдарлық пен пара-саттылықты, саяси күрестің тәсілдері-мен қалыптасқан жағдайды шынайы бағалай білуді жетік меңгерген демокра-тияшыл қазақ зиялыларының бұл тобы бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістердің жалаң қылышпен зеңбіректің аузына қарсы шабатын ақ-көз бастаушылары-нан мүлде өзгеше-тұғын. Олар туған халқының көзін ашып, көмескі тартқан рухын оятып, біліммен қаруландырып, бірте-бірте тәуелсіз ел болуға жеткізу-дің қиын да болса, ең сенімді жолын саналылықпен таңдап алды. Осындай кәсіби зиялылар қаққан тәуелсіздік қоңырауының сарыны ұрпақтан-ұрпақ-қа жалғасып, бостандық пен тәуелсіз-дікті, азаттық пен дербес дамуды аңса-ған азаматтар рухын шыңдаумен болды. Бізді бүгінгі тәуелсіз ел болуға жеткізіп, тәуелсіздігіміздің жиырма үш жылды-ғын тойлағалы отырғанымыз да – сол рух. Халық жадында жаңғырып, оның күнделікті өмірімен астасып, сабақта-сып отырмайтын тарих – ол өлі тарих. Жансыз тарих жер бетінен жоғалған халықтарда ғана болады. Бұрын қазақ елінің тарихы, қазақ халқының жүріп өткен ұлы тарихи жолы құр деректер тізбегі түрінде самарқау баяндалып келсе, бүгінгі талап басқаша. Біз осы

тарихымызды ұлттық және стратегия-лық мүдде тұрғысынан, халқымыздың ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз саяси процесс ретіндегі ұлт-азаттық күрес түріндегі қасіретінен сабақ алып, жарқын тұстарына орынды мақтана отырып, қайта жазып отырмыз. Осы орайда, халқымыздың қоғамдық-саяси ойы дамуының елеулі кезеңінің шежіре-сі іспетті тәуелсіз ел тарихын қайта бір парақтап шығу бүгінгі бізге де, болашақ ұрпаққа да пайдалы болмақ. Сондықтан да сонау XX ғасыр басындағы зиялы қауым ұстанған ұлттық идея бүгінгі күні тәуелсіз елімізде «Мәңгілік ел» идеясы, тәуелсіздіктің нұрлы жолы ретінде іске асуда.

Тәуелсіздік Қазақстан халқына ең басты игілік – еркін өмір сүру азатты-ғын берді. Нағыз қазақи өмір сүру үшін сол ұлтқа етене жақын, қаны мен жанына сіңіскен ұлттық өмір салтын, қазақша өмір дәстүрін, ұлттық тәрбиені қалыптастыру қажет. Шын мәнінде, қазақ халқы үшін өмірдің әлеуметтік-философиялық мән-мазмұн дәл осы ұғымға келіп тіреледі. Адамдардың нақ-ты қоғамдық қатынастарда қалыптаса-тын ойлау жүйесі, өмір салтының руха-ни желісі, әдет-ғұрыптары мен діни көзқарастары, әсіресе, олардың сана-сында берік орын алған ақпараттық өрістері елдігіміздің қалыптасуы мен дамуына, әрі өзгеруіне айрықша зор ықпал етеді. Ізгілік пен рақымшылдық-қа ұмтылу – барша адамның бойында бар қасиет, бірақ, ізгілік пен рақымшыл-дықтың өзі туа біткеннен болмайды, сондықтан оған адамдарды үйретіп, ұлт-тық үрдісте тәрбиелеп, оқытып отыру қажет. Ізгілікке, адамгершілікке қабі-летті жандардың ішінде оған өз құмар-лығын шектей алатын адамдар ғана жете алады. Адамдар сезімдік түйсіктер арқылы алынған деректер негізінде зат-тардың қасиеті мен сипаттарымен таны-са, ақыл-ой арқылы осы алынған дерек-тер негізінде жалпылықтың мәнін түсінуге ұмтылады. Сол себепті, адам өзін-өзі үнемі ұлттық рухани жағынан

жетілдіріп тұруы тиіс. Ұлттық рух мәселесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет, себебі, мұның өзі – әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын, халық даналығынан жинақталған еркіндіктің түрі. Рухы биік күшті елдердің қашан да бағы таймаған. Ұлттық рухын сақтап қалған ел ғана өз ерлерін қорлатпайды, өздері де қорланбайды, қорғайды.

Рухы күшті және текті адам өз белсенділігі арқылы қоғамдық қатынастарды шыңдайды. Біздің ойымызша, қазақтың рухани тәрбиесінің негізгі бағамдарының бірі оның ұлтшылдығы болып саналады. Ұлтшылдық, ұлтсыздық – ұлттық рухтан туындайтын нәрселер. Әлем қарама-қайшылық пен бірліктен тұрады. Бұл диалектиканың заңы десек, ұлтшылдық та, ұлтсыздық та табиғатта бар нәрсе. Біз бұрын ұлтшылдықпен күрессек, енді ұлтсыздықпен күресуіміз керек. Өйткені, бұрын ұлтын сүюді томаға тұйықтық ұлтшылдық деп бағалап келдік. Осының салдарынан нәрсіз, мән-мағынасыз, бейтарап интернационалдық дегенге ұмтылып, көп нәрсені дұрыс ұғына алмадық, тіпті осы күндері де осы бағытта ұмтылыс жасап жүргендер кездеседі. Біз көптеген жылдар бойы «ұлтшыл» деген сөзді теріс қабылдап, оның толыққанды мәнін дұрыс аша алмай келдік. Ал, шындығына келсек, ұлтшыл болу – ұлт үшін қызмет ету деген сөз емес пе?! Қазақтың оқыған зиялы азаматтарының арасынан алғашқылардың бірі болып халықтың мұңын жоқтаған, ұлтшылдық идеясын көтерген қазақ ұлтының асыл азаматтарының бірі Шоқан Уәлиханов болып табылады. Ұлы Шоқан: «Бәрінен бұрын өзімнің қазақ елімді, одан соң Сібірді, одан соң Ресейді, содан соң бүкіл адам баласын жақсы көремін» деген екен. Демек, ұлтшылдық – туған халқыңды өз анаңдай құрметтеу, қолыңнан келген барлық жақсылығыңды жасау, қызметіңді көрсету деген емес пе?!

Қазіргі кезеңдегі мақсатымыз – ұлттық болмысымыз бен ұлттық сипа-

тымызды сақтай отырып, әлемдік дамуда жаңа жетістіктерге қол жеткізу. Оған жеткізетін «Мәңгілік ел» идеясына сүйенген тәуелсіздігіміздің нұрлы жолы. Бұл жайдан жай айтылып отырған дүние емес. Қазақстан халқы көп-ұлтты ел болғандықтан, ұлттар арасындағы татулықты сақтау тәуелсіздігіміздің басты мәселесінің бірі болып отыр. Тәуелсіздікті туған жердің рухына айналдыру, әр азаматтың сана-сезіміне, болмысына орнықтыру – бүгінгі дәуір ұрпақтарының төл міндеті. Бұл – қиыншылықтары мен қайшылықтары мол, көп нәрсені жан-жақты қарастыруды, терең талдауды қажет ететін мәселе. Тәуелсіздік – еркіндік пен теңдікті ажарлай түсетін принцип. Оған ұмтылған адамзат мазмұн ортақтығымен, ұлттық егемендіктің дара, ешкімге ұқсамайтын көріністерімен бетпе-бет келеді. Бүгінгіміз де, бола-шағымыз да осы сапалық сипаттамамен өлшенеді. Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табыстарымызды, барымызды бағалап, саралап көрсету әрбір қазақстандықтың төл міндеті болуға тиісті деп есептейміз. Біздің болашағымыз жас ұрпақ өз елін, тілін, ділін, дінін құрметтеп, тәуелсіздік тағылымын жан дүниесімен түсініп, рухани және әлеуметтік әлемін байытып жатса, тәуелсіздігіміз тұғырлана түсер еді. Тәуелсіздік заманымызда көптеген қаһармандарымыз тарихқа оралды, өлгендеріміз тірілді, елеусіз қалғандарымыз төрге шықты. Алайда осы бір ұлы дүрмекте оларды жүзге бөлу, тайпалық принцип ұстау сияқты бей-берекетсіз жағдайлар кездесіп отырады. Шындығына жүгінсек, бізде әлі де рулық сана басым, сол себепті, біз рулық санадан арылып, ұлттық сананы қалыптастыруға ұмтылуымыз қажет. Шын мәнінде, ұлылар бір тайпаның, бір жүздің маңдайына сыймайды, олар – ұлттың ұлылары, халық перзенттері, тарих қайраткерлері. Өзіміздің үлесімізге тиген рухани мұрамызды ақыл-парасат елегінен өткізіп, есептеп қарайтын болсақ, біз ұлтымыздың күш-

жігерін біріктіріп, бір арнаға қарай бағыттап алатынымыз, өркениеттің биік шыңдарына көтерілетініміз сөзсіз. Біз, бұл мәселеде мейлінше абай болмасақ, ұлтымыздың бірлігіне сызат түсіруіміз ғажап емес. Қазіргі таңдағы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясаты Қазақстан қоғамының дамуына үлкен әсер етіп отыр. Дамудың нұрлы жолын таңдаған еліміздің атағы шартарапқа таралып, әлемдік қоғамдастықтың алдындағы абыройы да жылдан жылға артып отыр. Сондықтан да біз Қазақстан тәуелсіздігі болмысының нығайған үстіне нығая беретініне сенеміз.

Рухталатын тағы бір мерейлі күн – 1986 жылдың желтоқсаны. Желтоқсанда тәуелсіздігімізге жол салып берген әйгілі жастар көтерілісін ұмытпауымыз қажет. Бұл – орны бар ерекше, қаралы да мақтанышты салтанат. Себебі, желтоқсан көтерілісі еліміздің бостандыққа жетуінің алғышартын жасап қана қойған жоқ, ол әлемнің елеулі бөлігін темір құрсауына алған коммунистік империяның сөгілуіне себеп болды. Тәуелсіздік мерекесі тұсында желтоқсан оқиғасына ерекше мән беріп, еске алу жөн деп есептейміз. 1986 жылдың желтоқсанындағы қазақ жастарының көтерілісі кеңес билігі тұсында бейресми және ресми түрде тұншыға дамыған, бірақ мүлдем тұншығып қалмай елді оятуға қызмет етіп тұрған ұлт-азаттық қозғалыстың дүниені дүр сілкіндірген жарқылы еді.

Ұлттық намыс ширеккен сәтте лап ете түскен ерекше от жалыны болатын. Желтоқсан оқиғасы туралы айтатын болсақ, кім біледі көтерілістен кейінгі уақыт біреулерге ұзақ уақыт шығар, бірақ көне тарих үшін бұл кірпігін бір рет қаққанымен бірдей болып саналады. Өзінің жұмыс жоспарларын жүз жылға бір-ақ жасайтын ұлы Қытай елін ұзақ жыл басқарған Чжоу Эн-Лайдан Батыстың бір тілшісі сұхбат алып: «Сіз 1848 жылы болып өткен ұлы Француз революциясы туралы қандай пікірдесіз?» деп сұрағанда, ол: «Бұл күні кеше ғана болып өткен оқиға ғой, адамзат баласы ол туралы әлі пікір қалыптастыра қойған жоқ, сол себепті мен не айта алам?» деген екен. Әр оқиғаның өз уақыты, рухани кеңістігі болады. Сол себепті де, қоғамның тарихи даму процесін де диалектикалық-философиялық, тарихи көзқараспен қарауымыз қажет.

Тәуелсіздігіміз бізге несімен қымбат? Тәуелсіздігіміз бізге қымбат – ата-бабаның рухын көтергені үшін! Тәуелсіздігіміз бізге қымбат – сөнген мемлекетіміздің отын маздатып, жандырғаны үшін! Тәуелсіздігіміз бізге қымбат – елімізді қатарға қосып, әлемдік қауымдастыққа ендіргені үшін! Тәуелсіздігіміз бізге қымбат – ата-тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді, ділімізді жандандырып, «Қазақ» деген ұлтқа қан мен жан кіргізгені үшін!

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЖАЙЛЫ ОЙ...

Елеусінов Бауыржан Тәжімағанбетұлы

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ директоры, ф.ғ.к., профессор

Елбасы «Алаштың анасы» деп атаған Сыр елінде сан мыңдаған сүлейлер, топ бастаған шешендер, шынжыр балақ, шұбар төс батырлармен қоса қаламынан даналық төгілген ғалымдар көптеп шыққан.

Сыр бойындағы Шиелі ауданына қарасты «Бірлестік» ауылы да – малы мыңғырған, тірлігі қайнаған, ынтымағы жарасқан елді мекен. «Азаматына қарап ауылын таны» дегендей, ауылда айбаты Алаштың, байрақты қазақтың барлығына бірдей жылылық таратуға дайын тұратын, бағы мен бабы келіскен, ақсақалдықтың арлы жолына түскен азаматтар көптеп болған, қазір де баршылық. Ондай жандардың елге, халқына сіңірген еңбектерін, жақсы істерін үлгі-өнеге етіп айтып жүру, баспасөз беттерінде жариялап отыру кейінгі ұрпаққа үлкен тәрбие болатыны ақиқат.

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», - деп хакім Абай айтқандай, адам баласының өмірден өз орнын тауып, азамат болып қалыптасуында ата-ананың рөлі қандай болса, шәкіртіне білім нәрін құятын ұстаздың да орны айрықша. Жылдар жылжып өткен сайын өткен өмір жайлы, өткен жылдар бедерінде тағдыр жолықтырып, санаңызда өшпес із қалдырған жаны жайсаң жандар жайлы ойлар да көбейеді екен. Олардың бейнесі ішкі жан дүниенізде уақыт өткен сайын сан қырларынан сәуле шашып, нұр төгіп тұратын жақұт секілді жарқыраған үстіне жарқырай береді екен. Сондай асыл жандардың бірі – Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың (бұрынғы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институт) физика-математика факультетінің «Физика және физиканы оқыту әдістемесі» кафедрасында ұзақ жылдар бойы ұстаздық

қызмет атқарған профессор Базарбек Қашқынбайұлы Қашқынбаев ағайымыз.



*Базарбек Қашқынбайұлы
Қашқынбаев*

Базарбек Қашқынбайұлы 1935 жылы 12 қазанда Қызылорда облысының Тартоғай ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Ағайдың балалық шағы соғыс жылдарына және соғыстан кейінгі ауыр кезеңдерге сәйкес келді. Баланың үлкені болғандықтан, еңбекке ерте араласады.

Өзі кейде: «Балалық шағым соғыстың қиын жылдарына тұспа-тұс келді. Үйдің үлкені болғандықтан, жастайымнан еңбекке араластым. Нан табу үшін барлық жұмыстарды атқардық. Тіпті, кесек өруді жақсы үйреніп алып, көрші-қолаңның үй-сарайларын салуға қатысқан күндерім де көп болды. Оқуға өте ынталы болдым. Жасымнан зерек едім, жұмыстан қалжырап, әбден шаршап келсем де, қолымнан кітабым түспейтін. Әкем зағип жан еді, ауыл ішіндегі баратын жерлеріне қолынан жетектеп жүріп апаратынмын», - деп отыратын.

Міне, осындай қиындықтардан шыңдалып өскен Базекең бастауыш

мектепті №13 Құмсуат колхозында, 7 жылдық мектепті Ким мектебінде, ал орта мектепті Бірінші Май кеңшарында 1953 жылы бітіреді. Осы жылы Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны «физика» мамандығы бойынша 1957 жылы үздік бітіреді. Мұғалімдік қызметінің алғашқы қадамын өзі оқып бітірген қазіргі №40 орта мектепте бастайды.

Мектепте физика, математика пәндерінен сабақтар бере бастайды. Бойына білімнің бұла күшін жинаған жас жігіт тынымсыз еңбегінің және үздіксіз ізденісінің арқасында аз уақыттың ішінде елге сыйлы болады. Мектептің және ауылдың қоғамдық өміріне белсене араласып, мектеп жанынан құрылған өндірістік бригадаға басшылық жасап, оқушыларды еңбек тәрбиесіне баулиды, ауылдың көркеюіне өз үлесін қосады. Өз пәнін терең меңгеруі, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, әрбір іске асқан жауапкершілікпен қарауы, өзіне де, өзгеге де талап қоя білуі сияқты қасиеттері арқасында Базарбек ағай 2-3 жылдың ішінде мектеп оқу ісінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады.

Базарбек Қашқынбаев 1962 жылы өзі білім алған Қызылорда педагогикалық институтының «Теориялық физика» кафедрасына оқытушылық қызметке шақыртылады. Оқу орнына келген уақыттан бастап студенттерге сапалы дәріс беріп, ғылыми бағыттағы зерттеушілік жұмыстармен айналыса бастады. Институттағы қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, осы жылы партия ұйымының хатшысы, институт партбюросының мүшесі болып сайланады.

Жас маманның терең білімі мен ғылымға деген құштарлығын, зерттеу жұмыстарына деген бейімділігін байқаған кафедра меңгерушісі Зұлқарнай Икрамов оны өзі оқыған Киев қаласына барып, аспирантураға түсуіне бағытбағдар жасайды. Сөйтіп, ғылымдағы ізденісін 1967 жылы адамзат баласының тарихында айырықша орын алатын

Киев шаһарындағы іргелі оқу орны Тарас Шевченко атындағы Киев университетінің теориялық механика кафедрасында аспирант болудан бастайды. Базекең «Жоғары жиілікті электр тоғын өндіретін жаңа типтегі массивті роторлы турбогенераторлардан электромагниттік өрістің таралуын зерттеу» тақырыбында ғылыми зерттеулерін 3 жылда аяқтап, кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болып, елге оралады. 1971 жылдан педагогикалық институттың «Физиканы оқыту және жалпы техникалық пәндер» кафедрасын басқарды.

1977-1979 жылдары Киевтегі Украина Ғылым Академиясының Электродинамика институтында докторантурада оқып, өзінің ғылыми зерттеулерін жалғастырды. Зерттеулердің қорытындысы бойынша халық шаруашылығына аса қажетті жоғары жиілікті электр тоғын өндіретін жаңа типті массивті турбогенераторлардың жаңа үлгісі ұсынылды.

«Өзіне де, өзгеге де талап қоя біледі» дегеннен шығады, аспирант және докторант болып жүрген кезеңінде тумысынан еңбекқор Базекең Киев университетінде білім алып жатқан барлық қазақ азаматтарының тәртіпті болуларын, уақытылы оқу залына барып ғылыммен айналысуларын, жатақханадағы тәртіпті бұзбауларын қатаң бақылаған. Ғылым жолына түскен жастардың барлығына дерлік Базекең ағалық және ұстаздық қамқорлық жасаған. «Ішетін тамағымыздан бастап, ғылыми тақырыпты таңдау және ондағы зерттеу жұмыстарына дейін ақылын айтып, жол сілтейтін. Сол жігіттердің бәрі ғылым жолында табысты еңбек етіп жатыр», - деп еске алады сол жылдары Киевте оқыған белгілі ұстаз Ысқақ Қарқынбаев ағамыз.

Базекең докторантураны бітіргеннен кейін Қызылорда педагогикалық институтына кафедра меңгерушілігі қызметіне қайта оралады. 1989 жылдан

институттың сырттай оқу факультетінің деканы, 1993 жылдан профессор, осы жылы ол институт жанынан дарынды оқушыларға арналған қазақ-түрік лицейін ашуға өз үлесін қоса отырып, осы лицейдің директоры болып тағайындалады.

Ұстазымыз жоғары оқу орны мен лицейде қатар сабақ бере жүріп, студенттер мен оқушылардың бойында оқу-білімге, ғылымға деген құштарлықты арттырып, Отанға және туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру бағытында өлшеусіз еңбек сіңірді. Физика пәніндегі құбылыстар мен заңдылықтарды түсіндіру барысында оларды өмірмен тікелей байланыста қарастыратын, оның өмірде қолданылуы жағына басты назар аударатын. Бұл дегеніңіз қазіргі уақытта білім жүйесінде күн тәртібінде тұрған оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың өзі емес пе?

Әдетте, кез келген ұстаздың еңбегі оның шәкірттерінің жетістігімен бағалатыны белгілі. Ағайдың шәкірттерінің ішінде ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, жоғары оқу орны ректорлары мен институт директорлары, қалалық және аудандық білім бөлім басшылары, мектеп директорлары, медицина және мәдениет саласындағы қызметкерлер көптеп кездеседі. Олардың барлығы әлі күнге дейін өздерінің тұлға болып қалыптасуындағы Базарбек ағайдың сіңірген еңбегі жайлы айтудан жалықпауда.

«Әлемдегі ең басты құдірет – еңбек және тәртіп», - деп өскен Базекен физика ғылымы және оны оқыту әдістемесі тақырыбы айналасында 60-қа жуық еңбегін одақтық, Украина және қазақстандық белгілі басылым беттерінде жариялады. Ол – «СССР-дің оқу-ағарту ісінің үздігі» белгісімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің және Облыстық Кеңестің Құрмет грамоталарымен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған ұлағатты ұстаз. Суреті Жоғары оқу ор-

нының «Құрмет тақтасында» үнемі ілулі тұратын.

1997 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті тарихында Меккеге барып, қажы атанған тұңғыш ғалым да Базарбек ағай болатын. Ислам дінінің жастарды имандылыққа тәрбиелеудегі, қоғамды ізгілікке шақырудағы рөліне терең ғылыми көзқараспен қарайтын еді.

Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университеттің өзі өмір бойы дәріс өткізген «Электротехника негіздері» зертханасына профессор Базарбек Қашқынбайұлының есімі берілді. Ағайдың өмір бойы оқу қағидатын ұстана жүріп, Мәскеу, Ленинград, Киев және Алматы қалаларынан жинаған 3000 данадан артық құнды кітаптарын жұбайы Тоқсұлу апай мен баласы Сексенбай университет кітапханасына сыйға тартты.



*Базарбек ағайымыз жұбайы
Тоқсұлу апаймен бірге*

Базарбек ағай – ұлағатты ұстаз болумен қатар үлгілі отбасы иесі, жақсы әке бола білген жан. Жұбайы Тоқсұлу апай – педагогикалық институттың физика-математика факультетін бітіріп, ұзақ жылдар бойы Қызылорда қаласындағы орта мектепте математика пәнінен сабақ берген, саналы шәкірттер тәрбиелеген ұстаз. Апай қазір балаларымен Астана қаласында тұрады. Туған інісі Орынбасар – ғылым кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде математикадан дәріс береді.

Ұлы Сексенбай мен қызы Жанат – ғылым кандидаттары, балалары Қанат, Серік және Салтанаты – жоғары білімді мамандар.

1999 жылдың наурыз айында Базарбек ағайымыз дүниеден озды. Артында жұбайы, балалары, інісі, немерелері және мындаған шәкірттері қалды. Ұстазымыздың 2015 жылдың 12 қазанында 80 жасқа толу мерейтойы тойланбақшы.

Жуырда өнегелі, ғибратты ғұмыр кешкен ағайымыздың есімін мәңгі қалдыру мақсатында өзі оқыған «Бірлестік» ауылындағы №142 мектеп ұжымы мектепке профессор Базарбек Қашқынбайұлының есімін беру жөнінде шешім қабылдады. Бұл шешімге Қорқыт Ата

атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты және Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжі ұжымдары қолдау көрсетіп, Шиелі аудандық Ономастикалық комиссиясына ұсыныстарын берді.

Бұл қадам еліміздің білімі мен ғылымының дамуына сүбелі үлесін қосқан, мындаған шәкірттеріне сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұстаздың ұлағатын, оның жарқын жолын жастарға үлгі етудегі және ұрпақтар арасындағы өмір сабақтастығын паш етер игі іс болары сөзсіз.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

С.Серікбаев

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, директорының орынбасары, т.ғ.к.

Бүгінгі тарих ұрпақтың, келешек адамдарының тарихи санасын қалыптастыру мен ұштастыру ел тарихын тарих қойнауындағы құбылыстың, өзгерістердің қыры мен сырын терең білу міндетін жүктейді. Тарихтың өзекті арнасы жеке тұлға, олардың жиынтығы халық болып табылады. Халықтың есінде, тарихтың бетінде аты да, қызметі де сақталған, мұрасы бүгінгі ұрпақтың рухани қазынасына айналып отырған қазақ жерінің біртуар адамдары аз емес. Солардың бірі – Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері, Сыр бойының абзал азаматы Темірбек Қараұлы Жүргенов.

Т.Жүргеновтің қамшының сабындай келте ғұмырында атқарған жұмысы, тындырған еңбегі өлшеусіз екенін, қазақ халқы алдында перзенттік парызын соңғы демі үзілгенше адал атқарғанын кейінгі ұрпақ жақсы біледі. Ол 1920-1930 жылдары Орта Азия мен Қазақ-

станның саяси өмірінде маңызды рөл атқарып, еліміздегі сауатсыздықты жою, мәдениет, әдебиет және өнер саласында таусылмастай із қалдырды. Ұзақ жылдар елді күйзеліске ұшыратқан азамат соғысы аяқталып, елде біршама тыныштық орнағаннан кейін тумысынан оқуға құштар Т.Жүргенов үзіліп қалған арманын қайта жалғап, Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Студенттік жылдар жемісті білім алумен қатар, оның саяси қызметінің де белсенді өскенімен ерекшеленді. Оқудан қол үзбей жүріп, Қазақ АССР-нің Түркістан Республикасындағы өкілі және Түркістан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. Республикалық, өлкелік, облыстық пленумдарында делегат болып қатысып, қоғамдық өмірдің барлық жұмыстарына кеңінен араласып отырады.

1926 жылы Ташкентте ашылған алғашқы Қазақ педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалды. Бұл оқу орнына профессор-оқытушылар құрамы Мәскеуден, Ленинградтан және Орта Азия университеттерінен дәрістер беруге шақырылды. Олардың қатарында профессор С.Малов, академик В.Бартольд және т.б. ірі ғалымдар болды. Жас ректор өз қызметінде жүріп құқық, саяси экономика, тарих ғылымдарын терең меңгерумен айналысты. Сол кезеңде «Год работы», «Қазақстандағы мәдени революция», «Об организации Казахского университета» т.б. маңызды еңбектерін жазды. Бұл еңбектер қазіргі кезде де өте құнды болып табылады. Өйткені бұл зерттеулерсіз Қазақстанның 1920-1930 жылдардағы оқу-ағарту істеріне лайықты баға беру қиын еді. [1]

Темірбек Жүргенов Қазақстан мектептері құрылымын реттеу және қазақ мектептерін көбейту жөнінде өз жобасын ұсынды, мұның өзі халықтың мәдениетін дамытуда тарихи рөл атқарған маңызды құжат болды [2]. Туған елінен жырақта жүріп, ел аманатын арқалаған Темірбек Қараұлы ел сенімін абыроймен орындай білген. 1927 жылы университетті бітірген Темірбекті мемлекеттік құқық пәні бойынша оқу орнына ұстаздық әрі ғалымдық қызметке қалдырады. Ол жазған диплом жұмысы «КСРО Қазақстанда әкімшілік және шаруашылық жағынан аудандарға бөлу мәселесі» туралы құнды еңбегі қазіргі уақытқа дейін Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық кітапханасының «Сирек қолжазбалар» бөлімінде сақтаулы тұр. Аталған еңбек, аса жоғары дәрежеде бағаланып, профессор Н.Н.Филатовтың алғысөзімен жеке кітап болып басылып шықты.

1929 жылы Орта Азия орталық комитеті БКП /б/ бюросының шешімімен Тәжікстан Қаржы халық коммиссары, 1931-1933 жылдары Өзбекстанның оқу-ағарту саласын басқарды. Осы жылдары Қазақстанда аштық пен қуаншылық әсерінен қазақ ұлты 40%-на

жуық адамынан айрылды деген дерек бар. Қанша адам босқын болғанын ешкім дәл айта алмайды, біздің бұл жерде айтайын деп отырғанымыз – Темірбек Жүргеновтің Өзбекстанға ауып келген қандастарынан көмегін аямағаны. Мұның өзі қазіргі ұрпақтың алдына осы өзекті ақтандақтардың тарихи әділ бағасын беруді талап етеді. 1933-1937 жылдары Қазақ АССР халық ағарту комиссариатын басқарды [3].

Қай жерде қызметте болмасын, өзіне тапсырылған қызметті оның адалдықпен атқарғанын көреміз. Ұзақ жылдар бойы бодандық құрсауында болған, әл-ауқаты төмен, экономика жағынан артта қалған Орта Азия мен Қазақстанның оқу-ағарту саласын басқару кімге болса да оңай шаруа емес екені белгілі. Әуелі сауатсыздықты жою, жаппай бастауыш мектептер ашу ісі қолға алына бастады. Республика аймақтарында жеделдетілген 6 айлық курстар ашылды.

Сол кездегі деректер бойынша оқу-ағарту саласында біраз ілгерілеушілік бар екенін байқаймыз. 1934 жылы 468 мың дана, ал 1935 жылы 1,5 млн дана оқулық кітаптар басылып таратылды. 1935 жылы бастауыш мектеп саны 4 кластық, орталау мектеп 7 кластық, орта мектеп 10 кластық болып белгіленді. 1937 жылы Қазақстанда оқушылар саны 1 млн-ға жақындады. Орталау мектеп 1097-ге, ал орта мектеп 315-ке жетті. Темірбек Жүргеновтің тікелей араласуымен Қазақ Академиялық балет және опера театры, Қазақ филармониясы, сурет галереясы ашылды. 1934 жылы қаңтар айында мұғалімдер съезі, мәдениет қызметкерлерінің бүкіл қазақстандық I съезі өткізілді. 1934 жылы 15 қаңтарда тұңғыш Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті ашылды. Алматыда, Оралда, Ақтөбеде, Қарағандыда, Қызылордада, Семейде және Шымкентте екі жылдық мұғалімдер дайындайтын институттар құрылып, жұмыстарын бастады. 1934 жылы Семейдегі геология барлау институты

Алматыға көшіріліп, Қазақ кен-металлургия институты құрылды. Ғылыми зерттеулер мекемелері, Кеңес Ғылым Академиясының бөлімшесі, жаңадан мұрағат, мұражайлар ұйымдастырылды. Қожа Ахмет Яссауи ескерткішінен бастап, көптеген тарихи кесенелер мемлекет қарауына алынды. Т.Ізтілеуовке жеке тапсырма беріп, Фердаусидің атақты «Шахнамасын» аударуды қолға алды. Әрине, Темірбек Қараұлының ұйымдастыруымен атқарылған игі істердің бәрін жазу бір мақаламен шектелмейтіні рас.

Оның атқарған еңбектері жазыла бастаса, том-том кітап болар еді. Біз кейбір мәселелерге ғана тоқталып отырмыз.

1934 жылы 12-18 маусым аралығында Қазақстан жазушыларының I съезі болып, онда халықтың рухани қазынасынан нәр алған қазақ әдебиетінің классиктері М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов секілді т.б. саңлақтармен бірге қазақ әдебиетінің өсіп келе жатқан мол жеткіншектер тобының бар екені көрінді. Халық өнері шеберлерінің слеті тұрақты өткізіліп, ел ішінде көміліп жатқан таланттар таныла бастады. Сол жылы М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясымен қазақ операсының сахнасы өз шымылдығын ашты [4].

Қазақстан әдебиеті мен өнерінің 1936 жылы Мәскеуде болған алғашқы онкүндігі қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің жетістіктерін бүкіл Одаққа танымал етті. Үкімет қазақ халқының әдебиет пен өнер қайраткерлерінің таланты мен шеберлігін жоғары бағалады. Қ.Байсейітова «КСРО халық әртісі» деген жоғары атақ алып, жазушылардың, әртістердің, мәдени құрылыс қайраткерлерінің үлкен бір тобы – Ж.Жабаев, С.Сейфуллин, А.Жұбанов, Т.Жүргенов және т.б. «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталды. Расында да, қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеу қаласындағы алғашқы онкүн-

дігінің іс жүзіндегі басқарушысы да, жауаптысы да Темірбек Жүргенов болатын. Қазақстанның халық әртісі Шара Жиенқұлова өз естелігінде «Темірбек Жүргенов халқымыздың нағыз бір туар азаматы еді. Оның еңбегі көпке дейін аталмай жүрді. Егер қазақ халқы 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігін мақтаныш ететін болса, алдымен Темірбектің аты аталуы керек. Мәскеу қаласында да түн ұйқысын төрт бөліп, қазақстандық өнер шеберлерінің басықасында жүруі, жанға қуатты жалынды сөзі біздерге қаншама күш-қуат берді десеңші!», - деп есіне алып, Темірбек Жүргеновтің ұйымдастырушылық қабілетіне өте жоғары баға берген болатын [5].

1937 жылдың басында музыкалық драма театры опера және балет театры болып қайта құрылды. Опера театрына жаңа ғимарат салу идеясын көтерген Т.Жүргенов Қырымға демалысқа барған сапарында Одессаның опера театрына соғып, оның ғимаратының жоспарын алып келіпті. Театрдың орнын да өзі таңдаған. Бірақ театрдың дайындаған спектакльдері мен театр ғимаратын көруді тағдыр оған жазбады. Өзі дайындатқан «Ер тарғын» операсы оның қатысуынсыз қойылды. Темірбек Жүргенов опера театрының Ленинградқа гастрольдік сапарын да сол жылға жоспарлап қойып еді, оны да көре алмады. Қазақ операсының табысына Ленинград жұртшылығы сүйсініп қол соқты. Қазақ операсы жайында атақты орыс жазушысы А.Толстой, академик Асафьев мақалалар жазды.

Қазақ білім жүйесі мен өнерінің бүгінгі табыстары Жүргенов негізін салған істердің жалғасы екені даусыз. Ол аса талантты, жігерлі, отты, уытты басшы болды. Темірбек жайлы естеліктер әлі де айтылар, мақала-зерттеулер де толыса түсер, барлығы уақыт еншісінде.

Темірбек еңбегін, ол туралы жазбаларды әрбір Отанын сүйетін, ел үшін қызмет етемін деген намысқой қазақ жастары оқуға, білуге тиісті. Лауазымды қызмет берген Өзбекстаннан кетіп, елге оралуы, әйеліне: «Дәметай, елге баратын болдық, өз республикамыздың мәдениетіне тамшыдай болса да үлес қосқанымыз дұрыс шығар?» - деген сөзі, Дәмештің «Туған жерге деген сағыныштан көңілім босап кетті» деген екі жастың отаншылдығын танытатын ұлы сезімнің көрінісі емес пе? Оның еңбектері, жазған мақалалары мен сөздері отаншылдықтың айқын мысалы бола алады. Қазақ театры мен

өнерінің ұлы қайраткерлері өздерін Жүргеновтің шәкірті санаған, Темірбек сияқты алып азаматты халық ұмытпайтыны сияқты, оның әруағы да қазақтың бүгінгі тәуелсіздігін қуаттап жатқаны – көңілге медеу.

1930 жылдардың екінші жартысындағы орын алған көптеген қиыншылықтарға қарамастан, Қазақстан мәдениеті біршама дамыды.

1937-1938 жылдар аралығындағы Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің қазақ зиялыларын қудалауы болмағанда бұл жетістіктердің бұдан да табысты болуы әбден мүмкін еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Қ.Жүргенов. «Год работы». Ташкент, 1928 г.
2. Т.Қ.Жүргенов. «Мектептердегі оқу-ағарту жұмысы жайлы». Ауыл мұғалімі. 1937 ж. №1, 2.
3. М.Мұхамедов, М.Сырымбетұлы. Қазақстан тарихы. Алматы, «Қарасай» баспасы, 2007 ж. 194-198 бб.
4. К.Рысбайұлы. Қазақстан Республикасының тарихы. Алматы, «Санат» баспасы. 210-216 бб.
5. Т.Дайрабай. «Тұғыры биік тұлға». Алматы, 79 б.

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – КАК ЭФФЕКТИВНОЕ СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГОВ В УСЛОВИЯХ МОДУЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ

К.Шарифзянова¹, Ю.Штретер²

Республика Татарстан, г. Казань, Приволжский Межрегиональный центр повышения квалификации и переподготовки работников профессионального образования К(П)ФУ, старший преподаватель отделения общей и коррекционной педагогики и психологии¹, доцент отделения управления и экономики образовательных учреждений²

Аннотация

В данной статье представлена важность развития проектировочной компетентности педагога на основе метода проектов.

Abstract

This article presents importance of development of design competence of the teacher on the basis of a method of projects.

На заседании президиума Совета при Президенте Российской Федерации, посвященном решению проблем реализации приоритетных национальных проектов и демографической политики, рассмотрен проект современной модели образования, ориентированный на решение задач инновационного развития экономики. В проекте значительное внимание отведено обновлению системы повышения квалификации педагогических кадров. Введение в образовательное пространство таких категорий как системный анализ, информационные технологии предполагают необходимость построения индивидуальной траектории повышения квалификации каждого учителя, включая его в гибкую динамическую среду, отличную по содержанию и форме от традиционных форм повышения квалификации. В ней проявляется индивидуальный тип самообразования учителя, он может соотнести свой выбор с многообразием способов образовательной и самообразовательной деятельности.

Комбинированные курсы повышения квалификации на модульно-компетентностной основе, реализуемые в Приволжском межрегиональном центре повышения квалификации и профессио-

нальной переподготовки работников образования КФУ содержат 5 модулей, одним из которых является модуль «Проектная работа». Проектной работе отводится важное место в системе самостоятельной работы слушателей, которая обеспечивает развитие проектных компетенций слушателей курсов повышения квалификации, их готовности осуществлять проектную деятельность, ориентированную на достижение качества образования. В то же время проектная работа лежит в основе формирования портфолио учителя, необходимого ему для успешного прохождения квалификационной аттестации.

Требования к учителю как автору проекта мы рассматриваем с точки зрения его профессиональной компетентности в области проектировочной деятельности, которая обуславливается:

- объективными характеристиками педагогической деятельности с ее задачами, функциями и результатами;
- собственно проектировочной деятельностью с ее моделями, технологиями и алгоритмами, а также организацией проектирования во взаимодействии с другими;
- субъективными характеристиками (знания, умения, навыки, психологи-

ческие особенности, профессиональные позиции, подготовленность к принятию педагогических решений);

- внешними условиями и факторами (внешкольная среда, социально-экономическая обстановка, общий уклад школьной жизнедеятельности).

Базовые знания и умения в области проектирования, необходимые педагогическим работникам при выполнении проектов:

- теоретические основы проектирования в образовании;

- технология проектирования: анализ проблемы, постановка цели, определение задач, оценка ресурсов, разработка системы критериев эффективности проекта и т.д.;

- алгоритм и механизмы проектирования;

- критерии оценки проекта;

- структура оформления проектной работы;

- процедура защиты проекта.

Анализ результатов деятельности слушателей курсов в рамках работы над проектами позволил выявить следующие организационно-педагогические условия эффективного проектирования:

1. Наличие актуальной проблемы для проектирования. Тема проекта должна быть сформулирована слушателями на основе анализа актуальных проблем педагогической практики, только тогда работа над проектом приобретает личностный смысл для слушателя, формируется положительная мотивация к проектировочной деятельности, снижается количество плагиата в работах. Руководитель группы, безусловно, может предложить слушателям рекомендуемый перечень тем для проектирования, но ни в коем случае нельзя ограничивать поисково-творческую активность слушателей рамками заданной тематики.

2. Профессиональная компетентность педагога в рамках проблемы проектирования. Все участники проектной группы должны обладать высоким

уровнем предметной компетентности в рамках заявленной темы проектирования, иметь определенный опыт в решении задач, аналогичных задачам, поставленным при разработке проекта. При наличии в группе слушателей с разным уровнем профессиональной компетентности лучше создавать смешанные проектные команды, что позволяет интенсифицировать процесс взаимообучения слушателей и избежать неоднородности качества полученных проектов.

3. Методические рекомендации для слушателей в области проектирования. Содержательный и небольшой по объему методический материал по технологии проектирования для слушателей (презентация, памятка, рабочая тетрадь и др.) может быть предоставлен слушателям в начале курсов или предварительно разослан по электронной почте. Такой материал поможет систематизировать теоретические знания и практические навыки проектирования, снять тревожность и неуверенность в своих знаниях, связанную с недостаточной подготовленностью слушателя к проектной деятельности, кроме того, методический материал в форме рабочей тетради помогает добиться единообразия оформления проектов, что значительно упрощает процедуру их оценивания, систематизации, дальнейшего методического сопровождения.

4. Формирование положительной мотивации к выполнению проектной работы. Очень важно с самого начала описать перспективы развития и продвижения методического продукта, который разрабатывается слушателями в рамках курсов. Сегодня в образовании очень многие конкурсные мероприятия проходят в форме защиты проектов, гранты на получение финансовых средств также часто сопряжены с разработкой и реализацией проектов. Понимание того, что проект, разработанный в рамках курсов, может лечь в основу конкурсного продукта, помогает существенно повысить мотивацию слушате-

лей. Но, безусловно, следует предупредить разработчиков, что за две-три недели практически невозможно создать проект высокого качества, то есть разработанный на курсах проект является учебным и нуждается в серьезной последующей доработке под научным руководством специалистов.

Технология проектирования, разработанная и апробированная в Приволжском межрегиональном центре повышения квалификации и профессиональной переподготовки работников образования (ПМЦПК и ППРО) КФУ, позволяет представить проективную деятельность слушателей в виде системы пошаговых действий:

Первый шаг. Выявление противоречий в практике современного образования, определение проблемы и темы проекта. Этот шаг предполагает изучение слушателями государственных, региональных, муниципальных стандартов и требований, а также научно-методической литературы по проблеме проектирования.

Второй шаг. Определение цели и задач проекта, моделирование его ожидаемых результатов и критериев эффективности, оценка возможных рисков, связанных с реализацией проекта.

Третий шаг. Анализ системы ресурсов и условий для реализации проекта. Выделение стратегических линий проектирования.

Четвертый шаг. Разработка этапов проектирования и программы мероприятий в рамках проекта.

Пятый шаг. Разработка комплекса диагностических материалов для оценки эффективности проекта.

Шестой шаг. Подготовка презентации и доклада для защиты проекта.

Седьмой шаг. Экспертная оценка и защита проекта на курсах повышения квалификации.

Восьмой шаг. Посткурсовое научно-методическое сопровождение реализации проекта.

Исследования позволили устано-

вить, что трудности педагогических работников при проектировании аккумулируются на нескольких аспектах:

- определение и формулировка темы проекта (зачастую темы проектов лишены проблемности, содержательности, адресности);

- выстраивание логики проектной деятельности (существует проблема с построением общей логики проектирования: поставленная цель часто не соответствует заявленной теме, задачи не соотносятся с ожидаемыми результатами, программа мероприятий не соотносится с решением поставленных задач и т.п.);

- структурирование проекта (выделение структурных элементов содержания проекта в условные модули (блоки, части, компоненты);

- решение организационных вопросов, связанных с взаимодействием целей, содержания, структуры и организации.

Для устранения данных затруднений необходимо включение в содержание дистанционного модуля курсов программы по теории и технологии проектирования, предоставление слушателям методических материалов для самостоятельной работы над проектом, а также систематическая методическая поддержка руководителя курсов на всем протяжении работы проектной группы в рамках дистанционного обучения.

Следовательно, для успешного самостоятельного выполнения слушателями проектной работы в рамках дистанционных курсов повышения квалификации (организации начальной стадии проектирования при прохождении дистанционного модуля курсов), необходимо включать в дистанционный модуль раздел, посвященный методике проектирования.

Знание процедуры разработки проектной работы в сочетании с освоением технологии дистанционного обучения будет способствовать тому, что проектный метод и дистанционные

формы обучения будут активно использоваться педагогами современных школ

в соответствии с требование реализации ФГОС ОО.

Список использованной литературы:

1. Н.В.Бордовская. Педагогика: учебник для вузов /Н.В.Бордовская, А.А.Реан. – СПб.: Питер, 2000 г. - 304 с.
2. Г.Я.Буш. Методы технического творчества: [пер.] /Г.Я.Буш. – Рига: Лиесма, 1972 г.- 94 с.
3. А.В.Хуторской Эвристический тип образования: результаты науч.-практ.исслед. /А.В.Хуторской// Эйдос: интернет-журнал.- 1998 г.
URL.:<http://www.eidos.ru/journal/199998/0707.htm> (дата обращения: 23.04.2009).

ОТ МОНИТОРИНОВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ДО ИССЛЕДОВАНИЯ В ДЕЙСТВИИ

Г.Жаксылыкова

*к.п.н., руководитель центра уровневых программ
филиала АО НЦПК «Орлеу» ИПК ПР по Кызылординской области*

Работая руководителем центра уровневых программ, мне представилась большая возможность получить ответы на многие, давно волнующие меня вопросы, особенно в стратегических методах управления и в вопросах ресертификации сертифицированных учителей. Для полнокровного владения обстановкой и изыскания путей решения данной ситуации был сделан полный анализ текущей ситуации работы школ (совместно с отделом мониторинга), для того, чтобы определить приоритетные направления исследования и пути их реализации. Целью данного исследования было практическое апробирование теоретических идей конструктивистской теории обучения, изменение и совершенствование практики преподавания в школе, мой личный профессиональный рост и профессиональное развитие практики.

Отправной точкой моего исследования явились формы анкетирования, основной целью которого было выявление сильных и слабых сторон деятель-

ности школ области и деятельности сертифицированных учителей на данный момент. Тем самым нам удастся выявить положительные и отрицательные факторы, влияющие на процесс обучения, развития и воспитания, на качество образования обучающихся и предпринять новые шаги для разработки системы мер, направленных на улучшение качества школьной жизни и отслеживания деятельности учителей. Каждая школа уникальна, как уникальны люди там работающие. Меня интересовали вопросы качества знаний учащихся, культура школы, возможности для учеников, профессиональный рост кадров. Интересовал также вопрос волновавший меня как руководителя: «Как ведется контроль и как оценивается эффективность работы учителей?» и как все это переплетается с миссией школы.

Для качественного проведения этой работы на местах в районных и городских отделах образования была создана рабочая группа из числа заместителей директоров, руководителей ме-

тодических объединений, классных руководителей 6-11 классов, школьного психолога. Между членами группы были распределены обязанности, определены ответственные по сбору и анализу статистических и анкетных данных, а также установлены сроки исполнения.

Собранная информация по школам состояла из статистических данных по количеству учащихся, класс-комплектов, качественному составу учителей, ответов на вопросы анкетирования родителей и учащихся, а также мнений сотрудников школы об организации работы школы. Ведь согласно иерархии Пажареса, школам надо было определиться с ценностями, установками в соответствии с своей миссией. Нужно было выяснить внешние условия, то есть степень реакции коллектива на изменения. Для определения цели изменений, стратегии и способов действия нужны были измерители или так называемые индикаторы, по которым впоследствии можно было сделать критический анализ. Это была большая трудность для многих руководителей школ и для меня как руководителя ЦУП и для ее преодоления я полностью обратилась к анкетированию.

Итак, результаты исследования показали в целом удовлетворенность учащихся образовательным процессом и комфортность обучения в школе. Все учащиеся выразили доверие преподавательскому составу, следовательно, 100% учащихся в трудную минуту могут обратиться к школьному учителю за советом. Более 80% школьников могут свободно высказать свое мнение на уроке. Да, большинство учащихся испытывают уважительное отношение к учителям, то есть 85% учащихся не имеют конфликтов с учителями, а к 91% учащихся учителя обращаются по имени. От 84% до 93% учащихся считают школу безопасным местом, где можно себя чувствовать комфортно. От 80% до 100%, в зависимости от возраста и класса, любят свою школу и гордятся тем,

что учатся в ней. И все же анализ результатов анкетирования среди учащихся позволяет сделать вывод: понижена на уроке самооценка учащихся, уровень логического мышления, остаются без внимания внутренние желание и потребность учащихся, слабая обратная связь между учителем и учеником, нет разнообразия видов работ на уроке по мотивации учащихся. Отсюда вытекает проблема, учет зоны ближайшего развития ученика с учетом его учебных потребностей. Пути решения данной проблемы – это повышение профессионального мастерства учителей, разнообразие форм и стратегий на уроке, включение каждого ученика в работу в качестве активного участника и организатора образовательного процесса и соответствующая обратная связь с учащимися.

Итак, растет потребность в индивидуализации и персонализации и это предлагает нам более гибкие возможности получения знаний в инклюзивном порядке. И здесь роль лидера или директоров очевидна. Им необходимо усвоить эти новые педагогические формы, чтобы осуществлять мониторинг и эвалюацию деятельности учителей. Поэтому вытекает проблема – это обучение руководящих работников необходима.

Школа не может добиться изменений самостоятельно, нужна помощь со стороны родителей, поэтому с целью определения путей наблюдения для обширного вовлечения семьи в этот процесс было проведено анкетирование. В анкетировании приняли участие 1274 родителя 6-11 классов, что составляет 30% от всего количества.

Тщательно проанализировав всю цифровую информацию, мы опередили позиции, которые требуют коррекции. В первую очередь нужно наладить работу с родителями. Около 35-40% считают, что школа не отвечает должным образом на вопросы и проблемы и не предоставляет всю необходимую информацию. Это вывод о слабой взаимосвязи между педагогами, родителями и уча-

щимися, поскольку только 20 % педагогов учитывают мнение родителей и учащихся; о необходимости поддержания сотрудничества и лидерства семей, быть видимым в сообществе, определение перспектив развития школы; администрации необходимо продумать систему непрерывного оценивания обратной связи, работать в команде с персоналом и вовлекать их в планирование перспектив школы.

Необходимо своевременно информировать родителей, устраивать собрания, где озвучиваются проблемные вопросы и выслушивается их собственные интересы, и, самое главное, чтобы на этих встречах были получены исчерпывающие ответы. Мы должны рассмотреть оптимальные варианты социального партнерства, выработать навыки формирования системы информационного обмена с родителями и социумом, навыки вовлечения всех субъектов в сценарии дальнейшего развития школы. Особое внимание нужно уделить индивидуальным особенностям и потребностям учащихся, процент недовольных также около 35-40%, также стремиться обеспечить заботой каждого ученика. При этом уровне обучения и качеством знаний родители довольны (более 60%), но они хотят, чтобы было улучшено поведение в школе (40%).

В целях выявления взаимосвязи и социального взаимодействия путем анкеты мы выявили нижеследующее: по мнению родителей дети чувствуют себя в школе комфортно и средний процент среди тех, кто поставил или полностью согласен или просто согласен около 66%. Но при этом те, кто недоволен составляет 15% и это существенно. Так как ученик только в комфортных условиях может качественно и успешно обучаться. Значит, вытекает проблема о создании такой образовательной среды, где ученику было безопасно и комфортно обучаться. Для решения этой проблемы учитель должен работать над созданием коллаборативной среды, над

культурой в классе и психологического климата. Среди мальчиков и девочек, русских и казахских классов те, кто ответил не согласен и категорически не согласен около 34%. Это выдвигает проблему инклюзивности обучения и учета возрастных особенностей учеников. Для решения данной проблемы с учителями разработать стратегический план действий с талантливыми и одаренными детьми, о внедрении в учебный процесс новых подходов обучения с учетом возрастных особенностей.

При проведении опроса учителей, надо было выявить мнение сотрудников об организации работы и взаимодействия в рамках школы. Результаты анкетирования среди преподавательского состава показали, что по всем параметрам положительно ответили на все утверждения заместители директора, сотрудники учебно-вспомогательного персонала и руководители методических объединений. Они считают, что в школе обсуждается качество преподавания, делается обзор процесса изменений, анализ. Цели, рассчитанные на длительный период, находят отражение в школьных планах. Это только 33% учителей согласны с этими утверждениями. Заместители директора и руководители МО считают, что все сотрудники полностью осведомлены о приоритетных направлениях развития школы, тогда как сотрудники учебно-вспомогательного персонала согласны с этим на 50%, а учителя на 65%.

100% педагогов учебно-вспомогательного персонала, заместителей директора и руководителей МО, 89% учителей показывают полную удовлетворенность в вопросах планирования, участия, развития персонала, координации и лидерства. 11% учителей не в полной мере удовлетворены постановкой в школе вышеназванных пунктов. Отсюда вытекает проблема: правильно нами понимается ли значимость совместной работы с родителями, персоналом и какова наша основная цель взаи-

модействия. Вообще не низок ли навык создания положительной коллегиальной рабочей среды. Значит, мы должны учесть все социальные, местные обстоятельства и думать о совершенствовании своих навыков влияния и создания нетворкингов. Данное исследование помогло увидеть и оценить позицию школ лучше, выделить зоны затруднений в учебно-воспитательном процессе школы. Итак, перечислим наши проблемы: это нежелание педагогов повышать профессиональный рост и профессиональную компетентность, недостаточно раз-

вито сотрудничество с родительской общественностью, отсутствие учебной мотивации и познавательного интереса у большинства школьников. Все эти проблемы надо решать, причем очень деликатно. Для этого надо грамотно провести исследование в действии. Да надо думать, какие же изменения могут внести в действия для получения лучших результатов, есть ли ограничивающие факторы и как результаты этого проекта повлияют на мою практику в центре уровней программ.

Список использованной литературы:

1. Руководство для учителя, ЦПМ АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Астана, 2013 г.
2. Педагогический диалог. Астана, 2014 г.

ШЫҒАРМАШЫЛ ОҚУШЫ, ШЫҒАРМАШЫЛ ҰСТАЗ, ШЫҒАРМАШЫЛ ҰЖЫМ

Р.Наурызбаева

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық қамтамасыз ету» кафедрасының доценті, п.ғ.д.

Адамның жарық дүниені көру қабілеті – дүниені, әлемді тану мүмкіндігі. Ал, сол мүмкіндіктен аз-кем шектеулі балаларды, адамдарды біз танып, білеміз бе? Білсек, біз оларға қалай қол ұшын соза аламыз. Қазіргі таңда әлемде 42 миллион соқыр, 110 миллион нашар көретін адамдар бар екен. Олардың саны жылма-жыл арта түсуде. Оның себеп-салдарын ғалымдар, арнаулы мектептер жүйесі зерттеумен айналысуда.

Шығармашылықпен емдеу (creative therapy) – дүние жүзіндегі белгілі психотерапиялық тәсіл. Тұлғаның бойындағы шығармашылық қасиетті танып-біліп, дамытуға ден қою арқылы оның қоғамдық өмірге белсенділігін, өзіне деген сенімділігін арттыруға үл-

кен мүмкіндік туады. Дүниеге келген әрбір адам, әсіресе денсаулығы туа бітті кемшін немесе келе-келе денсаулығы бұзылған жандарға шығармашылық қасиет, шығармашылық іс-әрекет үлкен күш-қуат береді. Қоғамда өзінің орны бар екенін сезіндіріп, құлшынысын арттырады.

Баланың бойындағы алуан түрлі қасиеттерді танып-білу үшін педагогтарға мол тәжірибе, асқан мейірім мен сезімталдық, ғылыми-теориялық негіздемен қатар, эмпатияны меңгеру керек. Эмпатия үдерісі өз мазмұны бойынша негізінен интеллектуалды және эмоционалды болып табылады. Эмпатия тұлғалық қасиет ретінде табиғаты бисоциальды, сонымен қатар белгілі бір

дәрежеде мақсатты түрде дамытып қалыптастыруға болады. Эмпатияны меңгеру педагогқа да, басқа адамдарға да бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынас құруда маңызы зор.

Шығармашылық терапиясының тәсілдерін атасақ, шығармашылық туындылар: өлең шығару, сурет салу, көркемсөз оқу, театрлық инсценировкалар қою, табиғатпен, әдебиетпен, өнермен, ғылыммен шығармашылық қарым-қатынасқа түсу дегеніміз міндетті түрде ақын, жазушы, ғалым жасап шығару немесе бос уақытында ермек қылу емес, шығармашылықпен айналысудың негізгі мақсаты – қоғамның бір мүшесі ретінде шығармашыл тұлға болып қалыптасу, өз мүмкіндіктерінің мол екендігіне көзін жеткізу, өзін тану мен табу, өзінің бойындағы бүркеулі қабілеттерді ашу, жетілдіру, өмір сүруге деген құлшынысын арттыру, емдік шабытын арттыру, кәсіби қабілетін арттырып, қоғамның дамуына өз үлесін қосу болып табылады. Психиатр, психолог ғалым М.Е.Бурно шығармашылықпен айналысудың емдік қасиетін мүмкіндігі шектеулі адамдарды емдеудің жиырма бес жылдық іс-тәжірибесіне сүйене отырып, теориялық тұрғыдан негіздеді.

Қазіргі заман талабы қоғамның қарқынды дамуы үшін адам факторының, рухани және мәдени құндылықтар рөлінің артуы, көркемдік-шығармашылыққа деген ынта-ықыластың артуы – бала тәрбиесімен айналысатын ата-аналар мен педагогтарға шығармашылық қабілетті жетілдіруде үлкен міндет жүктейді.

Ғалым А.Адлер: «Шығармашылық дегеніміз – адам бойындағы жетіспеушілік комплекстің орнын толтыруға ұмтылыс және оған ортаның ықпалы да әсер етеді», - деп тұжырымдайды. Ғалымдар шығармашылық үдерістің дамуы мектепке дейінгі кезең мен жас-өспірімдік кезеңде басым болады деп айқындайды және орта мәдениетінің әсерін де атайды. Бұл тұжырымдардан

шығатын қорытынды: бала тәрбиесіне жауапты педагогтардың жоғары деңгейдегі қоғамды алға апаратын, үлкен жаңалықтар ашатын шығармашыл тұлғалардың негізін қалауға мүмкіндіктердің зор екені мәлім.

Ал, шығармашыл тұлғалар қандай дегенге ой жүгіртсек: шығармашыл адамдар белсенді, өз ісіне асқан қызығушылықпен қарайды, өз іс-әрекетінің маңыздылығына сенімді, жеңіл әзілге бейім, әсемдікке ұмтылады, жаңалықпен өзгешелікке құштар, өзін еркін сезінеді, ерік-жігері мықты. Әрине, шығармашыл балалардың аса сезімтал екенін ескерсек, бала тәрбиесіне жауапты мамандардың білімді, кәсіби шебер болуы аса маңызды.

Шығармашылықтың қыр-сырын түсіну оңайға соқпайды. Оның ішінде көркемдік-шығармашылықтың алатын орны ерекше. Көркемдік-шығармашылық – автордың құпиясы, шабыт атты құбылыс, көркемдік қабылдаудың жұмбағы. Өмір заңы әрқашан да сұлулық өлшемімен үндестікте болуы шарт. Ал, көркемдік-шығармашылық – шығармашылықтың іргетасы және шыңы. Шығармашылықпен айналысу және түсіну арқылы өмірдің құпияларын ашуға, түсінуге, сезінуге болады. Сондықтан да біз, педагогтар, жас ұрпақты заманының озық азаматы етіп қалыптастыру мақсатында көркемдік-шығармашылыққа баулу жолдарын меңгерсек, ертеңімізге, еліміздің келешегіне сенімді боларымыз сөзсіз.

Шығармашыл педагог шығармашыл ортаның қалыптасуына ықпал етеді. Шығармашыл ұжымның бір мүшесі Разида Мансұрқызы Байназарованың ұстаздық жолына тоқталып өтсек. Р.Байқадамова 1983 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Ұстаздық жолын С.Сейфуллин атындағы №4 мектептен бастап, №23 мектепте жалғастырды. 2002 жылы №6 арнаулы (түзету) мектеп-интернатына ауысып, көзі нашар көретін балалар-

ға арналған бөлімнің бірінші сыныбын қабылдап, 9-сыныбына дейін жетекшілік етіп, үлкен жолға шығарып салды. Р.Мансұрқызы жетекшілік еткен оқушылар кезінде жақсы жетістіктерге жетті. Мысалы: Петрова Екатерина 3 жыл қатарынан арнаулы жарыстарға қатысып, мектеп-интернат ұжымының еңбегін биіктерден көрсетуге ықпал етті. 2006 жылы «Өнер – өмірдің қос қанаты» атты облыстық фестивалде «Классика» номинациясы бойынша алғыс хатпен марапатталды. 2007 жылы «Жұлдызай» фестивалінің «Көркем сөз» бағыты бойынша лауреаты атанды. 2008 жылы Шымкент қаласында өткен IV Республикалық конкурсында I орын алып, дипломмен марапатталды.

2004 жылы ақпан айында республикалық ғылыми-әдістемелік «Начальная школа Казахстана» журналында «Как вести себя в общественных местах», «Театр» тақырыбында мақаласы жарияланды.

2004 жылы наурыз айында республикалық ғылыми-әдістемелік «Русский язык и литература» журналында «Тестовые задания по русскому языку на тему «Местоимение» тақырыбында мақаласы жарияланды. Ғылым-білім республикалық интернет ресурсы порталында 5 сабағының талқыламасы жарияланды. Осы порталда 2014 жылдың қаңтар айында «Оқытудың жаңа үлгісі – білім сапасының кепілі» тақырыбында өткізілген Республикалық «Үздік баяндамалар» конкурсына қашықтықтан қатысып, I орынға ие болды. 2014 жылдың наурыз айында ұстаздарға арналған «Ұлағатты ұстаз» атты I Республикалық оқытушылар конкурсында «Презентациялар және олардың білім беру процесіндегі рөлі» бағытында қашықтықтан қатысып, II орынды иеленді. 31 жылдық жұмыс өтілінде өз мамандығын сүйіспеншілікпен атқарудың нәтижесінде жоғары санатты мұғалім атанып, білім кеңістігінің ең жауапты саласында еңбек етіп жүрген ұстаз

Разида Байназарова туралы аз-кем сыр шерттік.

Қазіргі таңда мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды ерекше қамқорлыққа алып, жағдайын жасау мақсатында жұмыстар атқарылып жатыр. Қаламыздағы №6 мектеп-интернатында екі бағытта құлағы нашар еститін балалар мен көзі нашар көретін балаларды бірге оқытатын. 2012 жылы №5 көру қабілеті бұзылған балалардың арнайы (түзету) мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып ашылды, мекемені Гүлшат Шакетова басқарады. Мектеп заман талабына сай жабдықталған: әр сыныпта үлкейткіш экран, электрондық лупа, компьютер, интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Мектепте 71 оқушыға 46 педагог білім беріп, тәрбие жұмысын жүргізеді. 3 медициналық қызметкер оқушылардың диагнозы бойынша ем жүргізеді. Балалар 1-сыныптан 9-сыныпқа дейін оқып, кәсіби таңдауына орай колледждерде оқуларын жалғастырады. Брайл жүйесімен жазып, оқиды. Арнаулы оқулықтардың кемшіндігіне қарамастан, шығармашыл ұжым мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оқу процесін арнайы бағдарламамен жүргізеді. Қосымша арнайы коррекциялық сабақтар ұйымдастырылып, көркемдік-шығармашылыққа баулиды. Ырғақ сабағы, емдік дене шынықтыру жаттығулары, көру қабілетін түзету, кеңістікке бағдарлау сабақтарымен қатар, көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттерге баулуға ерекше мән беріледі.

Өз ісінің шеберлері ұстаздар Б.Аденова, Г.Өтегенова, Ж.Қалдыбаева, Ғ.Жолдыбаева және тәрбиешілер А.Кетубаева, Г.Аббатова, Г.Нақыптардың жетекшілігіндегі балалар үздік оқумен қатар, қала, облыс, республика көлемінде айтулы жетістіктерге жетуде.

8-сынып оқушысы Хабибуллаева Дүрдана 2011, 2013, 2014 жылдары республикалық «Жұлдызай» балалар шығармашылық фестивалінде «Вокал» номинациясы бойынша жүлделі

орындарға ие болды. 2014 жылы Қызылорда қаласында өткен «Жүрек жылуы» атты мүмкіндігі шектеулі балалардың IV облыстық фестивалінде үздік өнер көрсетіп, марапатталды.

Балалар ақыны, ғалым ұстаз Рахат Наурызбаеваның шығармашылығына арналған «Жанарымда жыр тұнып» көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық байқауында 8 «А» сынып оқушысы Б.Дүйсенбеков (жетекшісі М.Шакенова) гран-при жүлдесін иеленді. Сонымен қатар осы кеште 2 «А» сынып оқушысы М.Гилязетдинова (жетекшісі Р.Байназарова) 3-ші орынды иеленді. Милана

Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми-көпшілік кітапханасында ұйымдас-тырылған «Ұлағатты ұстаз» атты ақын кешінде өлеңдер оқып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. №5 көру қабілеті бұзылған балалардың арнайы (түзету) мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әрбір мүшесі өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайды. Соның нәтижесінде ұжым үлкен беделге ие болуда. 9-сынып оқушысы Ешниязова Динараның өлеңдерінен оқушылар шығармашылығының бір көрінісін көруге болады.

ӨЗІҢ АНА



*Ешниязова Динара
9-сынып оқушысы*

Өзің ана, нұрымсың, шынарымсың,
Қадірлеп, қастер тұтар тұмарымсың.
Ұмтылып, үлкен жолға аттанғанда,
Жолымда жанып тұрған шырағымсың.

Өзің ана бөленген жан шуағым,
Сен арқылы өмірге құлшынамын.
Өзің берген мейірім қуатымен,
Жүректен мөлдіретіп жыр шығардым.

Өзің ана, биігім, асқағым да,
Сенсің ана – көз жетпес аспаным да.
Ақтауға үмітіңді ұмтыламын,
Қиындық атаулыны жасқадым да.

Ән әлемі

Ән әуені тербетеді жанымды,
Жігерлі ән қандай әсем, жалынды.
Талай әннің бағы ашылып әншімен,
Ел, халыққа әніменен танылды.

Өнерлілер өрге жүзер ұмтылып,
Жүрегінде мөлдіреген сыр тұнып.
Ән әлемнің құдіретін сезініп,
Жұдырықтай жүрегім тұр бұлқынып.

Зина апайға

Зина апай, сіз кереметсіз, кереметсіз,
Біз сізді жақсы жырға бөлемекпіз.
Балалық бал қызықтың базарымен,
Сіздегі қасиеттерді елемепіз.

Мейірім, нұр төгілді көзіңізден,
Қамқорлық, көмек көрдік өзіңізден.
Баптаған көгершіндей балапанын,
Жүрекке нұр құйдыңыз сөзіңізбен.

Өмір шындығы

Алла берген өмірге налымайын,
Талап бер деп Аллаға жалынайын.
Еңбек пенен терең ой адамзатқа,
Жеткізетін тағдырдың бағы дайын.

Он екіде бір гүлім ашылады,
Инжу-маржан жолыма шашылады.
Өмірден өз орнымды табу үшін деп,
Лүп-лүп етіп жүрегім асығады.

Жырға өріп сезімді сергітейін,
Өнерімді мәпелеп өрбітейін.
Қуанышқа кенелтіп айналамды,
Көңіл мұзын әніммен ерітейін.

Мүмкіндік бер кешірім сұрағанға,
Қол ұшын бер қамығып жылағанға.
Бақыт құсың қолыңа қонсын десен,
Демеуші бол сүрініп құлағанға.

ТАБИҒАТ ТЫНЫСЫ



Дурдана Хабибуллаева
8-сынып оқушысы

Мен бақыттымын! Себебі, Мен – адаммын. Менің табиғатпен тілдесуге мүмкіндігім бар. Көзім көрмесе де, көкірегім ояу. Әрбір дыбыс – сезім сергектігіне шабыт береді. Өмірдің тәттілігін, ғажаптығын жаныммен сеземін. Мен ешкімнің де аяушылық танытқанын қаламаймын. Айналам толы жақсы адамдар: аяулы анам, мейірімді әжем, жанашыр ұстаздарым. Әрине, табиғаттың да көңілсіз кезеңдері болатыны сияқты менде де құлазудың нышандары қылаң беріп қалады. Ондай сәттерде бойымды тез жинап алып, шүкіршілік қыламын. Алла маған өмір берді, сондықтан да тағдырыма налымай, бойымдағы қабілет, қасиеттерімді дамытып, мазмұнды

өмір сүруге міндеттімін деп есептеймін. Және оған сенімім мол. Себебі, өз мүмкіндігімді пайымдаймын, айналамда тілектестерім бар, менің тұлға болып қалыптасуыма мүдделі мемлекетім бар. Табиғаттың құдіреті шексіз деп ойлаймын. Ауамен тыныстаймын, сумен шөлдімді қандырамын, гүлдің жұпар иісінен жанымды жадыратамын, жан-жануарлармен үнсіз тілдесемін. Мүмкіндігінше ешкімге ренжімеуге тырысамын. Айналам ғажап дыбыстарға толы. Өмірде өз үнімді қалыптастырып, менің де айналама керек болып тұруыма ұмтыламын. Және солай бола алатыныма сенемін. Себебі, менің де міндет-борышым бар.

Рахат апайдың Дүйсенбеков Бекзатханмен сұхбаты

Рахат апай: Бекзатхан, Асқар Тоқмағанбетов атындағы Мәдениет сарайында 2014 жылы 29 наурызда облыстық Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен өткен менің шығармашылығым арналған байқауда «Абай – менің ұлы атам» атты шығарманы таңдапсың және мәнерлеп оқудан Бас жүлде алдың. Осы оқиға жөніндегі пікіріңді айтшы.

Бекзатхан: Абай атаға арналған өлеңді таңдауымның себебі, «Болмасаң да ұқсап бақ», - дегендей, маған үлкен жауапкершілік жүктеді және оны абыроймен атқарып шыққаныма қуаныштымын.

Рахат апай: Бекзатхан, есіміңнің өзі сенің болмысыңды байқатып тұр.

Байыпты, өмір сүруге құштар жігіт болып өсіп келе жатыр екенсің. Келбетіңнен сары уайымға салынбай, алға қойған үлкен мақсаттарыңды жүзеге асыра алатыныға нық сенімің байқалып тұр. Өзің не дейсің?

Бекзатхан: Иә, менің идеяларым, алға қойған мақсаттарым көп. Соның бірін айтсам: Брайл әліппесінің қазақша баламасын жасап шығарғым келеді. Осы ойымды әкеммен бөліскенде, әкем құптады. Мәскеуге дәрігерге көрінуге барғанда керек-жарақтарды ала келмекшіміз.

Рахат апай: Жас болсаң да, байқауда сыныптасың Дурдана сахнаға шыққанда қобалжып, сәл жаңылысып қалғанда сен жанашырлық білдіріп, кө-

ңілін аулауға тырысып, жақсы сөздер айтқаныңның куәсі болып, риза болдым. Еліміздің белді бір азаматы болып өсетінің сенімдімін. Талабың оң болсын.

Біз сені қолдаймыз!
Тек алға, Бекзатхан! Бекзатханмен сұхбат жүргізген балалар ақыны Рахат Наурызбаева.



«Кісінің бойындағы үйрену құмарлығын оятқан адам – ең жақсы мұғалім»

А.Фердинанд



РОЛЬ ИННОВАЦИОННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ МОДЕЛИ, ИНТЕГРИРУЮЩЕЙ ЛУЧШИЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ

Г.Жаксылыкова

*к.п.н., руководитель центра уровневых программ
филиала АО НЦПК «Орлеу» ИПК ПР по Кызылординской области*

Хотим мы этого или нет, но в любой жизненной ситуации мы общаемся с людьми: в общественном транспорте, на работе, в магазине, в школе и т.д. Человек по своей природе социален и развивается в условиях общения с другими людьми, пополняет свой жизненный опыт, учась у других.

Только через общение с людьми происходит становление и развитие личности. В связи с этим для совершенствования профессионального мастерства тренеров в вопросах обучения слушателей курсов современным методикам обучения через опыт Интеллектуальных школ, на базе НИШ города Кызылорда проведена 2-х дневная стажировка.

Нас волновали многие аспекты нашего профессионального мастерства, особенно, такие вопросы:

1. В чем отличие Интегрированной образовательной программы от программы общеобразовательной школы?

2. Как учителя составляют критерии успеха по предметам гуманитарного и естественно-математического направления?

3. Как проводится формативное оценивание?

4. Каков механизм проведения исследования в действии, как выбирается тема и эффективные методы исследования?

5. Как проводится процесс «Lesson Study» в Интеллектуальной школе, а именно:

- Как планируется урок в сотрудничестве?

- Как ведется наблюдение конкретного ученика?

- Какие методы конструктивного обсуждения используются и как они способствуют улучшению практики?

6. В чем заключается суть командного преподавания?

В первый же день руководство школы ознакомило нас с насыщенной программой стажировки.





Во время стажировки, ознакомившись со спецификой содержания образовательного процесса Интеллектуальных школ, выяснили, что Интегриро-

ванная образовательная программа дает возможность для самореализации, самовыражения, раскрытию способностей, творчества учителя. На наш взгляд,

преимущества этой программы заключаются в том, что она способствует повышению мотивации учения, развитию трехязычия, формированию познавательного интереса учащихся, целостной научной картины мира, углубляя представление о предмете, расширяя кругозор, что способствует формированию разносторонне интеллектуально развитой личности. В перспективе хотелось бы адаптировать Интегрированную образовательную программу для общеобразовательных школ.

Благодаря проекту «Инновационная библиотека» в школе работает автоматизированная библиотека с 5 зонами, в которой созданы все условия для ин-

формационного обеспечения. В библиотеке наше внимание привлекли дерево отзывов о книгах и буктрейлеры, созданные учащимися для пропаганды книг в виде коротких видеорассказов. Это натолкнула нас на мысль о создании информационного банка на базе филиала, т.е. базу всех ресурсов из образовательной платформы, ресурсов для дополнительного усвоения уровневой программы (на трех языках), лучших работ (ментальные, концептуальные карты, новые приемы и методы обучения) педагогов области, при этом соблюдая, этические требования доступа к материалам.



Во время стажировки посетили показательные уроки. На уроке химии, тема которого «Влияние различных факторов на скорость химической реакции», ученики получили обширное и яркое представление о факторах, влияющих на скорость химической реакции через химические опыты, т.е. было обучение через эксперимент. Основной акцент был сделан на усвоение определенных знаний и на развитие критического мышления. На уроке ученики познали химический мир в его многообразии, проявляя высокую мотивацию, экспериментируя и находя причинно-следственные связи. На уроке использовались эвристические задания. Знание и навыки учащихся, продемонстрированные на уроке, является доказательством мастерства учителя, составившего практические задания, которые найдут применение в жизни.

На всех показательных уроках использовались различные эффективные виды работ, повышающие познавательный интерес, служащие развитию у школьников воображения, внимания, мышления, речи и памяти. Следовательно, будем обращать внимание слушателей уровневых курсов на эффективное использование усложненных заданий, направленных:

- 1) на формирование знания и понимания;
- 2) на формирование навыков использования знаний;
- 3) на критическое мышление с помощью концептуальных вопросов.

Проанализировав все методические аспекты, тренера пришли к выводу что планирование – это грамотно-организованный логический процесс, где критерии успеха должны соответствовать целям обучения. Главное – это

знать, что конкретно будут делать ученики и какой результат могут получить от проделанной работы. Сам результат – это не абстракция, а реальный шаг вперед, еще одна ступенька вверх и она должна быть четкой.

Методика CLIL, т.е. методика предметно-языкового интегрированного обучения вызвала особый резонанс среди тренеров тренерского корпуса.

Несмотря на язык обучения, учащиеся НИШ в старших классах защищают проект на казахском и английском языках. Хотелось бы, чтобы данная тенденция была приемлема для учащихся общеобразовательных школ. Благодаря иностранным специалистам, работающим в данной школе, создается искусственная образовательная среда, дающая ученикам возможность общения с носителями языка. Учащимся интересно беседовать с людьми другой национальности. Мы считаем, что эта методика очень эффективна, актуальна и требует реализации.

Ознакомились с особенностями критериальной системы оценивания учебных достижений учащихся, критериями успеха. В НИШ критериальная система оценивания основана на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее известными всем участникам процесса критериями, соответствующими целям и содержанию образования.

Основными правилами оценивания в этой школе являются:

- введение новых критериев успеха оценивания работ;
- обязательное выделение умений, за которые можно похвалить ученика;
- оценивание только работы ученика, а не его личных качеств;
- обсуждение результатов обучения школьника с родителями во время индивидуальной беседы, а не на родительском собрании;
- критерии успеха оценивания для предметов гуманитарного направления

составляются по 4 навыкам: говорение, слушание, чтение и письмо;

- критерии успеха оценивания для предметов естественно-математического направления составляются по уровню мышления таксономии Блума.

Учитывая важность достижения учащимися учебных целей учителя должны совершенствовать использование формативного оценивания. В своей тренерской деятельности при подаче материала по оцениванию мы сделаем упор на эти аспекты.

Еще одна интересующая тема – это исследование в действии. Говорили о способах определения проблем в УВП, выбора темы для исследования в действии, сбора материалов и о рефлексии.

Учителя, проводящие «Action Research», поделились опытом определения темы исследования, алгоритмом его проведения.

Сравнительно объяснив различие систем образования Казахстана и Японии, открытого урока и «Lesson Study», учителя на практике доказали его эффективность. Мы со своей стороны, будем содействовать внедрению метода «Lesson Study», пропагандируя опыт учителей НИШ, при этом совершенствуя положительные аспекты данного метода.

Интересным был блок знакомства с различными интерактивными методами обучения и воспитания, особенно значение слова «Тарсия». Показав на практике как можно использовать этот метод, учителя школы дали ответы на наши вопросы. Познакомились с разновидностями ментальной карты и работами учеников.

Документальная презентация понравилась тем что, дает существенную возможность в формировании умения выводить суждения на основании цифровых данных. Важными были материалы на темы «Активные методы обучения», «Какие стратегии дифференциации эффективны в повышении активности учащихся», так же тренинги, ос-

нованные на эти идеи послужили мотиваторами внедрения их в нашу практику.

Считаем, что установление партнерских отношений между Центрами уровневых программ и Интеллектуальной школой будет содействовать трансляции опыта НИШ, являющейся актуальной деятельностью в преподавании и обучении современной образовательной системы страны.

Во время стажировки была возможность обменяться опытом и проанализировать свою работу, а также работу коллег. Обмен опыта с коллегами был

плодотворным, так как удачно подобранные информационные, методические и дидактические материалы, творчески работающие коллеги, вдохновляющая обстановка дали заряд энергии и желание совершенствовать свою тренерскую работу.

Много нового, интересного, познавательного можно почеркнуть из работ учителей: новые идеи, педагогические находки, нестандартный взгляд на ход урока и способы подачи материала и т.д. Мы, все участники, совместно создали хорошую копилку идей и методических материалов.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ЕНДІРУДІҢ МАҢЫЗЫ

С.Күсейнов

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, «Инновациялық дамуды әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімінің басшысы

Бүкіл дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

ҚР «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, ...оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Сондықтан да қазіргі қоғамымызда әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді, әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар, мектептегі оқу-тәрбие жүйесі, мұғалім – оқушы арасындағы қарым-қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

Бүгінгі таңда П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М.Хошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал.

Қазақстанда Ш.М.Қаланова, Ж.А.Қараев, М.М.Жанпейісова, Ш.Т.Таубаева, Қ.Қ.Қабдықайыров, С.Н.Лактионова, Ә.Жүнісбек және Қ.М.Нағымжанова т.б. ғалымдардың оқытудың жаңа технологиялары белсенді түрде қолданылуда.

Инновациялық үрдісті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші бір жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үрдісіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Лоренсов, М.М.Поташник, П.И.Пидкасистый, Л.И.Романова, В.И.Загвязинский, А.Я.Найн, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Бірақ бұл еңбектерде мектеп мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың және оқу-тәрбие үр-

дісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдаланудың педагогикалық шарттары ғылыми тұрғыда қарастырылып, жеке мәселе ретінде зерттелмеген. Осы мәселе білім беру жүйесін және оның құрамының өзгеруін қажет ететін «ескі» мен «жаңаның» арасындағы әлеуметтік-педагогикалық қайшылықтарды және педагогикалық қауымның оқу-тәрбие барысында жаңаны игерудегі мүмкіндіктері мен шынайы жағдайының арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтау, инновациялық іс-әрекеттің педагогикалық негіздерінің мәнін теориялық тұрғыдан ойластырып, мектеп мұғалімдерінің бұл үрдіске дайын болу шарттарын анықтауды қажет етеді. Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілді пайдаланудың педагогикалық шарттарының түбегейлі түрде қарастырылмағаны және көтеріліп отырған мәселенің көкейкестілігі, оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттарын ғылыми негізде анықтауға негіз болды.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларының тиімді жақтарын таңдап алуымыз қажет және оқу-тәрбие үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізуіміз керек.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы мәселе – әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық

жұмыста қалыптасқан ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде, өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагогикалық зерттеуші болу, ал зерттеуші педагог өз кезегінде ізденуші шәкіртті тәрбиелеуге талап етеді.

XX ғасырда педагогика саласында көптеген инновациялық педагогикалық технологиялар ашылғанымен, қазіргі уақытта оларды жалпы білім беретін мектептерде гуманитарлық пәндерді оқыту барысында қолданудың жолдары сараланып көрсетілмеген. Сондықтан көптеген мектептер гуманитарлық пәндерді оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын меңгергенімен, оны тәжірибеде қолдануда қиындықтарға тап болады. Себебі, оқу-тәрбие үрдісінде гуманитарлық пәндерді оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда қойылатын талаптар мен шарттар әлі күнге дейін зерттелмеген.

Сол себепті, жалпы орта білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалануды теориялық жағынан негіздеу және оның педагогикалық эксперименттік жұмыста тиімділігін зерттеу арқылы әдістемесін жасау, мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсіл мақсаты қойылып отыр.

Әрбір оқушының жеке даму ерекшеліктері мен қабілеттері ескеріліп, оқытудың саралап оқыту әдісі мен жеке танымдық әрекетіне тән дағдыларын қалыптастыру үшін дамыта оқытуды жүзеге асыру, әрбір оқушының білімінің берік, тиянақты, сапалы болуы үшін модульдік оқыту жүйесін жүзеге асыру, әрбір оқушының пәнге деген қызығушылығы мен білімге деген сенімін арттыру үшін деңгейлеп оқытуды жүзеге асырса мектепте оқыту тиімді болады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біз-

дің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ержетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да, жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар балаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, абат, жылдам өркендету үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады», - деп көрсетілгендей, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш пен білімге тән. Жас мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Сондықтан да, оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелеуде.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көрсететін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық деп атайды.

«Инновация» ұғымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасалмаған. Ал, біз өз зерттеу жұмысымызда Ш.Таубаева және Қ.Құдайбергенова берген анықтамаға сүйенгенді жөн көрдік, яғни «Инновация» – бұл нақты қойылған мақсатқа ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсат дегеніміз не?

Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады. Н.Апатов, М.Поташник, В.Я.Ляудис т.б. ғалымдар мұғалімнің жаңалыққа қабілеттілігіне ерекше көңіл бөлді. Авторлардың көбі педагогикалық инновацияның негізгі міндеті енгізіліп отырған жаңалықтарды топтау, жіктеу деп санайды. Ол үшін ең бастысы – мектеп жұмысын дамытудың аймағын қарастыру керек.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Қазіргі кезеңдегі педагогикалық инновация білім беру жүйесіндегі жаңалықтарды топтастырады.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдас-тықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикасы күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше, қазіргі заманның ақпараттық және телекоммуникациялық технологиясын игеру – міндетіміз.

Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық

ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді,

өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа технологияның мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.Кукушкин. Введение в педагогическую деятельность. Москва, Ростов - на-Дону. 2005 г. 148-151 с.
2. Т.Галкина. Новая настольная книга директора. Ростов-на-Дону. 2007 г. 66-67 с.
3. В.Котельникова. Инновационные школы конкурсный отбор. Ростов-на-Дону. 2006 г.
4. Ж.Әбиев. Педагогика тарихы. Алматы. 2006 ж. 270-273 бб.

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ: МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

У.Есмаганбетова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренери

Қазақстан Республикасының жаһандану саясатына орай әлемдік білім беру үдерістеріне кірігуі, дамыған елдердің білім стандарттарының талаптарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігінен туындауда. Қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар жан-жақты жетілуді, жаңаруды, ақылды да парасатты өзгерістердің енгізілуін көздейді. Мектептегі оқу мен оқыту үдерісінің ұйымдастыру және басқару тәсілдерін өзгерту нәтижеге бағытталған білім беру үлгісіне көшірумен жүзеге асырылуда. Білім саласында орын алып жатқан мәселелер өзектілігі өте жоғары және ол педагог қызметкерлердің кәсіби білімдерін тереңдетіп құрылуы мен педагогикалық амалдарды қолдану әлеуетін дамытуды талап ететіндігі рас. Осындай жоғары нәтижелерге жету мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекет қызметі жаңа мазмұнды меңгерудің түрлі формаларын талап етеді.

Еліміздің білім беру жүйесінде соңғы онжылдықтың ішінде көптеген өзгерістерді енгізу жан-жақты қолға алынуда. Білім беруді дамытудың мақсаты – қай кезде де болмасын қоғам мен мемлекет сұраныстарын табысты қанағаттандыра алатын өз-өзіне сенімді, парасатты тұлға қалыптастыра алатындай оқыту жүйесін жасау. Осы мақсатқа жетудің бірден-бір жолы білім беру ұйымдарының сапалы қызметін ұйымдастыра білуі, яғни оқу мен оқыту үдерісінде әрбір бала өзіндік іс-әрекеттері мен ізденуін белсендіріп, шығармашыл қабілетін дамыта алатындай орта қалыптастыра білу.

Бүгінгі жаһандану заманында білім әлеміндегі жаңа технологияларды

пайдалану – жаңарудың бастамасы десек, мектептерде эксперименттер жүргізу – оның бір маңызды тұтқасы. Мектепте оқытудың тиімді үлгілерін жасаудың жолдары мен әдіс-тәсілдерін меңгеру жаңа білім беру жүйесін қалыптастыруға, икемді де ашық тұлғаға бағытталған жасампаз үздіксіз білім алудың жүйесін құруға көмектеседі.

Сындарлы оқыту теориясымен білім берудің жаңа жүйесі оқу мен оқыту үдерісінде басқару мен көшбасшылықтың жүйелілік принципін жүзеге асыру, білім сапасын арттыруды оқушылардың өздерін өздері реттеуі арқылы, дамуға деген шынайы ниетті қалыптастыру қабілеттерін дамытуға келіп саяды. Оқытудың белсенді және интербелсенді әдістері арқылы сынып және сыныптан тыс жағдайда оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқу және оқыту үдерісін ұйымдастыру жүргізіледі. Нәтижесінде теориялық білімді бекіту, жаңа тәсілдер мен әдістерді ендіру, практикалық дағдыларды сіңіру, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, өзін-өзі дамыта білуін және өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз етуге үйретеді. Оқу материалының меңгерілу жағдайына бақылау жүргізу, басқарушылық функцияларды жүзеге асыру (ұйымдастыру, жоспарлау, рефлексивтік есеп беру, бақылау, талдау, үйлестіру, реттеу) және т.б. машықтарды меңгеруге және іс-тәжірибеде қолдануға жетелейді.

Жағдайды талдау, проблемаларды анықтау, міндет қою, проблемаларды шешу жолдарын анықтау және т.б. іс-әрекеттегі зерттеу функцияларды қалай жасау керектігін жобалауға негіз бола

алады. Оқушылардың қалай оқу керектігін үйренуін басқару үшін ұстаздардың кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптар да аз емес. Қызықты сабақтар, тартымды ұсыныстар, сыни тұрғысынан ойлауға бағытталған ашық сұрақтар оқушылардың логикалық және аналитикалық ойлау жүйесін дамытуға ықпал етеді.

Сондай-ақ, осы жүйедегі тапсырмаларды ұсыну мұғалімдердің де тәжірибесіне елеулі өзгерістер енгізуге ықпал етеді. Оқу мен оқыту үдерісіне түрленген тапсырмаларды енгізу арқылы сабақтың әдіс-тәсілдерін түрлендіру арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік кеңейеді. Оқушылардың танымдық, эмоциялық сезімдеріне әсер ету, балалармен ынтымақтастықта болу сабақтың өмірмен байланысын нығайтуға көмектеседі. Оқыту мен оқу жағдайында мұғалімдермен қоса оқушылар да сабақ барысында жаңашылдық, шығармашылық әрекеттерді жүзеге асыруға дағдыланады. Мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, өз оқушыларын психологиялық және әлеуметтік тұрғыда қолдауды, әрбір баланың ынта-ықыласының, дайындық барысында жұмсаған ерік-жігерінің де мөлшерін өлшеуге үйренетіндігі жақсы әсер қалдыруда.

Адамның болашағы оның қазіргі алған білімнің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе екендігі жаңалық емес. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ескі жүйені бұзып, оқытуды жаңаша ұйымдастыру қазіргі кезеңде әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Білімнің әлеуметтік рөлі мен маңыздылығын арттыру үшін жасалып жатқан бағдарламалар барысында біршама

міндеттер қамтылуда. Оқушылар оқу үрдісін басқаруға қатысуда, ұжымдық іс-әрекетте ортақ қарым-қатынас орнығуда, оқуға ғана емес, бірін-бірі оқытуға және бағалауға қатысуда. Бірақ бағалау тек формативті тұрғыда ғана жүргізіледі, жиынтық бағалауға балалар қатыспайды, оның үстіне мұғалім жиынтық бағалау қорытындысын бұрынғыдай жариялауға да міндетті емес. Тағы бір айта кететін мәселе, деңгейлеп оқыту деп балаларды қабілетіне қарай бөлуге болмайтындығының ескерілуі.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «Сындарлы оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған әлеуметтік-мәдени теориялармен жақын арадағы даму аймағында оқыту басымдылығы жоғары. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту үлгілерінің көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылдырады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар амалдар мен құндылықтар жиынтығын қалыптастыра алады.

Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сыныптық сабақ жүйесі екені бәрімізге мәлім. Осыған орай, мұғалімдердің тәжірибесінде көбінесе оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылған сабақтар көрініс табуда. Орта мерзімдік жоспарлау негізінде әрбір тарау бойынша оқушылардың меңгеруге тиісті негізгі идеяларын анықтауда стандарттық талаптардың өлшемдерін ескеру, үнемі қойылған міндеттерді SMART критерийлеріне сәйкестендіру талап етілуде. Сабақтардың жүйелі байланысын қамтамасыз ету үшін әдіс-тәсілдерді таңдауға, мақсат пен күтілетін нәтижелердің өзара әрекеттесуін болжауға, бағалау өлшемдерін құрастыруға машықтану кәсіби өсу мен әдістемелік әлеуеттің арттырудың көрсеткіші бола алады. Әрбір сабақтың

оқу-танымдық мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру – бүгінде оқыту жұмысын осылай ұйымдастыру мен әдістің жаңалығы басқа ұстаздардың жаңа жағдайға байланысты оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен пайдаланудың негізгі өлшеміне айналуға.

Дәстүрлі оқу мен оқыту жағдайында оқушылар белсенділігі төмен болатындығын білеміз, өйткені бірсарынды сабақтар оқушыларды жалықтырады, себебі жеке әрекет жасауға мүмкіндігі болмай, бірлескен жұмыстарға рұқсат берілмейтіндігін айтпауға болмайды. Оқушылардың әлеуметтік қарым-қатынас жасауына, пәндік проблемаларды шешу барысында ынтымақтасуға, ойлауға, бірінен бірі кеңес алуына, бірлесе жоспарлауына мүмкіндік берілмейтіндігін жоққа шығара алмаймыз.

Сабақтың сапалылығы белгілі нәтижелерге жеткізілуінде сабақ процесін ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалана білудің маңыздылығын айтпасақ болмайды. Мысалы, монологтік әдістерді пайдаланған кезеңде оқушылар рөлі тек тындаумен, ақпараттарды есте сақтаумен және берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындаумен ғана шектеліп қалатыны белгілі. Диалогтік әдістерді қолдану барысында оқу материалдарын ақпараттарды жеткізу қалпында жүргізуге болады. Проблемалық ситуация проблемалық сұрақтар негізінде анықталады және фактілер мен құбылыстардың қайшылықтары көрсетіледі, негіздемесін шығарудағы болжамдар анықталады. Эвристикалық әдістер ақпарат түрінде жай ғана жеткізу емес, материалдарды бірнеше проблемаларға бөліп, ізденіс әрекеттерінің іске қосылуымен ерекшеленеді. Проблемалық сұрақтардың жауаптарын болжау, жобалау мүмкіндіктерін дамытуымен көрініс алады. Нәтижесінде пікірталастардың жүруімен, танымдық белсенділіктің арттырылуымен де көрінеді.

Әсіресе, осы жағдайлар оқу үдерісін метатанымдық және құзыреттілік қатынастарға көшіруде жақсы көрініс тапқан.

Бағдарламаның жеті модулінің әрқайсысының оқу мен оқыту үдерісінде атқаратын өзіндік орындары мен қызметтері бар. Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер арқылы оқушылар сабақ үстінде оқиғалардың кезеңдері, орын алуға себеп-салдарлары жайлы ой бөлісуге, негізгі идеясын анықтауға, әлеуметтік диалогтік қарым-қатынас жасауға үйренсе, сыни тұрғысынан ойлау сұрақтары негізінде кез келген мәселені сыңаржақты қарамауға, ұтқыр жауапты табуға ұмтылу, жүйелі тәртіппен ойлау, баяндау машықтары дамиды. Тарих пәнін оқытуда семантикалық кесте толтыру әдісі ақпараттарды талдау мен жинақтау машықтарын дамытуға көмектеседі. Бағдарлама стратегиялары және ізгілендіруді көздейтін оқытудың жаңа кадамдарын енгізе отырып, пәнді оқытудың сапасын жетілдіруге бағыт бере алады.

«Сарқылмайтын, терең бойлаған сайын еселеп арта беретін бір байлық бар, ол – білім, ал білім негізі – мектепте», - деп Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай, ел ертеңі үшін қазіргі кезеңде жас ұрпаққа білім берудің ең асыл жолдарын таңдап, әр баланың болашағының жарқын, келешегінің кемел болуына негіз болу бүгінгі мектептен басталады. Әлем дамуы білім саласының дамуына тәуелді екендігін бүкіл әлем бір ғасыр бұрын мойындаған. Сондықтан да барша ұстаздар мен әріптестеріме білім беру қызметін жоғары деңгейлерге көтеруде ынтымақтастық пен нәтижелі шығармашылық әрекеттестік тілеймін. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ біліктілігін арттыру институты ұжымы курстар, конференция, семинар, коучингтер секілді игі бастамаларға жетелеп, барша педагогтардың кәсіби құзырлығын дамытуға қолдау жасауда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Қабдешова. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Алматы, 2006 ж.
2. Б.А.Тұрғынбаева. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. Алматы, 1999 ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым, 2012 ж. www.cpm.kz.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ – ҚҰЗЫРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ

О.Маханбетов

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренери

Қазіргі таңда еліміздің ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру бағытында елеулі өзгерістер жүріп жатыр. Осыған орай, қоғамның сұраныстарымен заман талабын қанағаттандыруда оқушыларға жекелеген пәндер бойынша білім, білік және дағдыны ғана игерту жеткіліксіз болып табылады. Аталған талаптарға сәйкес оқытудың «Құзырлылық» ұстанымы туралы педагогикалық зерттеулер жүргізіліп, мектеп тәжірибесіне енгізу нәтижелері мен мүмкіндіктері қарастырылуда. Білім беруді дамытудағы қазіргі талап оқытуда құзырлылық тәсілдерді пайдалана отырып, оқушының құзыреттілігін қалыптастыру және жан-жақты дамыту болып табылады.

Оқушының құзыреттілігі – меңгерген білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Оқушының құзыреттілігі ең әуелі мектепте, оқу үрдісі кезінде қалыптасады. Оқытудағы құзырлылық тәсіл нәтижесі болып білім сапасының көрсеткіші бағаланады. Өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру – құзыреттілік пен әрекеттілік

тұрғыда жасалған іс-әрекет нәтижесінде жүзеге асады. Сонымен, оқу үрдісіндегі құзырлылық дегеніміз – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін қолдана алу мүмкіндігі болып табылады. Құзырлылық тәсіл идеясы – жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады. Оқушының құзырлылығын қалыптастыру бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсілді, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсілмен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарысты жағдайдан шығарудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне, алған білімнің көптігімен емес, сол білімді қолдана білуімен маңызды.

Оқытуда құзырлылық тәсілді пайдалана отырып, оқушының құзырлылығын қалай қалыптастыруға болады? Құзырлы оқытуды тиімді ұйымдастыру, оқушы құзырлылығын қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі құзырлылық деңгейлерін жетік меңгеруі, құзырлы оқытудың тәсілдерін білуі және оқыту үдерісінде пайдалана білуі тиіс. Құзырлылық өздігінен меңгеріліп немесе өзінен-өзі қалыптаспайды. Ол

мұғалімнің үздіксіз ізденуі, кәсіби дамуы нәтижесінде қалыптасады.

Кәсіби құзырлылық – мұғалімнің біліктілігін арттыру, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну, жоғарғы деңгейге үнемі ұмтылу мен үнемі ізденіс, жаңашылдығы мен жаңалықты қабылдай білуі мен қолдана білу, адами құндылықтарға сай бола отырып, сол құндылықтарды балаға сіңіре білу. Ал, бұл құзыреттіліктер (мұғалім мен оқушының құзыреттілігі) өз бетімен жұмысты ұйымдастыруда анық байқалады. Құзыреттілік – оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу – сол арқылы білім, білік, дағдының жоғары деңгейіне шығу. Демек, құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагогтің өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқыту үдерісін құзырлылық тұрғысынан ұйымдастыру білім беру мен біліктілігін арттыру жұмысына айтарлықтай өзгеріс ендіріп, мұғалімге өз тәжірибесін жетілдіруге шығармашылық бағыт береді.

Педагог-психологтардың анықтамасы бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – бұл баланың өз бетімен тани білу, өз бетімен жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті. Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру – психологиялық тұрғыдан жаңа материалдық-рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісінен қанағат табу сезімі болуы қажет.

Оқыту үдерісіндегі қазіргі талап «Баланы қалай оқыту керек?», «Өз

бетінше оқуға қалай үйрету керек?», «Сыни тұрғыдан ойлауға қалай үйрету керек?» деген өзекті мәселелерге бағыттталып отыр. Аталған ауқымды міндеттерді шешу мен жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының Бағдарламасы маңызды рөл атқарады. Бағдарлама оқушылардың қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірлерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған оқушылардың қалыптасуына ықпал етеді.

Бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтиды. Сындарлы оқыту теориясы оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дереккөздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Сыни тұрғыдан ойлау Бағдарламаның өн бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Бағдарлама өзара байланысты бұл үдерістердің екеуін де дамытуды қарастырады. Оқушыларға қатысты сыни тұрғыдан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қамтиды. Сондықтан құзырлы мұғалімде Бағдарламада берілген Шульманның «Үш көмекші» деп аталатын қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту жақсы болып саналады.

Оқытудың сапалы және табысты болуы белгілі бір деңгейде мұғалімнің қалыптасып отырған жағдайларға бейімделе алуына тығыз байланысты болады.

Сындарлы оқытудың мақсаты оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерлерге, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім берудегі мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Мұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістете алатындай етіп орайластырып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Егер де дайын білімді беретін «Дәстүрлі» стильмен оқытатын мұғалімдер сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғылары келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашулары керек.

Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай оты-

рып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады.

Осы Бағдарлама құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сондықтан, мұғалім сабақта оқушылардың өз беттерінше оқуға білім алатындай тиімді орта қалыптастыруы қажет.

Құзырлы оқытуды ұйымдастыруда Бағдарламада қарастырылатын оқушының өзін-өзі реттеу, өздігінен реттелетін оқуды ұйымдастыру тәсілдері, Перри ұсынған «Өздігінен реттелетін оқудың үш элементі» аса маңызды болып табылады:

- тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы;
- оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы;
- проблеманы шешу мен мақсатқа жету үшін әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы.

Таңдалып алынған тапсырмалар өзін-өзі реттеу тәсілдерін жүзеге асыруға ықпал етуі қажет. Өздігінен реттелу тапсырмаға қызығушылықтың неғұрлым жоғары деңгейіне өтуге ықпал етеді». Осы орайда, мұғалімнің негізгі қызметі оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын құзырлылық тапсырмаларды саралап, дайындай білуі және оларды орындау бағытында бағдар, кеңес беріп отыруы болып табылады.

Бағдарлама бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтыратын жеті модульді қамтиды. «Оқыту

мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулінде оқушылар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. Бұл модуль «Диалог негізінде оқыту» және «Қалай оқу керектігін үйрену» сияқты тәсілдер арқылы мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының арасындағы өзіндік ойлар мен пікірлерін дамытуға, оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге көмектеседі. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы, мұғалім мен мұғалім арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектеседі. Топтасып, жұптасып жұмыс жасау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау барысында оқушылар бір-бірімен ой бөліседі, әрқайсысы өз үлестерін қосады, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, жүйелі талқылауға қатысады, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, қорытынды тұжырым шығарады. Сонымен қатар, оқытуда диалогтік оқыту тәсілін пайдаланудың тиімділігі ұсынылған. Мерсер мен Литлтон 2007 жылы «Диалог сабақта – оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейлерінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетсе, ал Александер 2004 жылы «Оқытудағы әңгімелесу – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше идеялар екіжақты бағытта жүреді оның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды», - деп тұжырым жасады. Джин Раддок «оқушы үніне» баса назар аударады керек. Яғни, «дәстүрлі стильде мұғалім басты рөлде тұрса, енді оқушыны сөйлетуге, өз ойын еркін жеткізе білуге, өзіндік пікірін қалыптастыра білуге үйретуіміз керек екенін ұсынды.

«Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулінің басты мақсаты – оқушының да, мұғалімнің де саналы сыни ойлауын

көздейді. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сын тұрғыдан қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және оқушы мұғалімнің бағыттауымен білімді игеруге, бір-бірімен ынтымақтастық қатынас құра отырып, бірін-бірі оқытуға, бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға дағдыланады. Ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын, белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді, әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар әр уақытта белсенді болады, сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды.

Құзырлы мұғалімдердің қасиеттері, икемділіктері және олардың жұмыс тәртібі туралы зерттеулерден білуге болады. Кәсіби біліктілік пен білім жай қабылданбайды, мұғалімдер оны өз қолымен жасайды. Адамгершілік мақсатты көздейтін мұғалімдер өздерінің әріптестері мен айналасындағыларға әсер ету үшін, көшбасшылық қасиеттерді көрсетеді. Олардың көңілінде үнемі көңілге сай оқыту тұрады (Фрост, 2011). Деңгейлік бағдарламалар құзырлы мұғалімдердің қасиеттерін, икемділіктері мен жұмыс тәртібін дамытуға бағытталған. Әріптестеріне ықпал ету үшін, сондай-ақ оқыту мен оқудың дамуына қолдау көрсету үшін құзырлы мұғалімдер коучинг пен тәлімгерлікке жүгініп, басқа мұғалімдердің идеяларын жүзеге асыруға қолдау көрсетіп, өз тәжірибелерін зерделеумен айналысады.

Қазіргі ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасу жағдайындағы мектеп мұғаліміне кәсіби қызметінің сапалық мазмұнына қойылатын талаптармен танысып, мұғалімінің үздіксіз кәсіби даму үдерісіндегі әлеуметтік-мәдени ортаны бағдарлай білетін, баланың жеке

тұлғалық дамуына бағытталған білім беруді жүзеге асыра алатын, оқытудың мазмұны мен әдістерін, технологияларын, құралдары мен формаларын өз бетінше ізденіспен саралап, шығармашылықпен пайдалана алатын педагог болуды талап етеді.

«Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деп Қытайдың дана ойшылы Конфуций айтқандай, қазіргі мұғалім өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көруге ұмтылатын, жаңалықтардан хабардар,

өз ісінің шебері болуы тиіс. Жалпы, кәсіби тұрғыдан тұрақты дамуға ұмтылған мұғалім әдіснамалық, зерттеушілік, коммуникативтілік, ақпараттық, әлеуметтік, тұлғалық құзыреттіліктердің жоғары деңгейін меңгеріп, рефлексияға қабілетті, рухани белсенді, сауатты, шығармашыл, құзырлы тұлға ретінде қалыптасады. Өз қызметін кәсіби тұрғыдан дамытып отыратын құзырлы мұғалім қоғам мен мемлекеттің қазіргі сұранысына сай және елімізді өркендететін білімді де білікті азаматтарды, құзырлы тұлғаларды дайындай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.
2. Қ.С.Құдайбергенова. «Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізінде», Монографиялық еңбек, Алматы, 2008 ж.
3. А.К.Маркова. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі. 2009 ж.
4. И.А.Зимняя. Педагогикалық психология: 2-басылым. Орыс тілінен аударған М.А.Құсаинова. М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005 ж.

РАЗВИТИЕ ДИАЛОГИЧЕСКОГО ПОДХОДА В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

М.Аскарова

тренер филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК по Кызылординской области

Результаты научных исследований показывают, что диалог занимает центральное место на уроке. Мерсер и Литлтон (2007) в своей работе показали, что диалог в классе может способствовать интеллектуальному развитию учеников и их результативности в обучении. В исследовании подчеркивается, что интерактивное общение как со взрослыми, так и совместная работа со сверстниками способствуют обучению детей и их когнитивному развитию. Л.Выготский утверждает, что когнитивное развитие становится более эффек-

тивным в период, когда ученики работают в своей «Зоне ближайшего развития» (ЗБР). ЗБР определяет навыки и способности, которые развивает ученик, диапазон заданий, которые он пока не может выполнить самостоятельно. Для выполнения таких заданий ученикам нужна помощь взрослых или более компетентных лиц, которые могли бы поддержать их в обучении новому. Данная поддержка включает общение, и Л.Выготский считает в этом случае речь главным инструментом обучения.

На сегодняшний день существует достаточно доказательств, которые указывают на то, что совместная беседа учеников в классе приносит большую пользу, так как:

- позволяет ученикам выразить свое понимание темы;
- помогает им осознавать, что у людей могут быть разные идеи;
- содействует аргументированию учениками своих идей;
- помогает учителям понять, на какой стадии находятся их ученики в процессе своего обучения.

Значение вопросов в диалогическом подходе для развития обучения определяется в:

- стимулировании учеников к конструктивным и предметным суждениям и высказываниям;
- развитию у учеников неподдельного интереса и положительных эмоций к обучению; любознательности и стимула к исследованиям;
- содействию формированию и вербализации знаний;
- поддержке креативного мышления;
- развитию критического мышления;
- развитию умения учиться друг у друга, уважать и ценить идеи других учеников;
- углублении и концентрации мышления и действий посредством разговора и размышлений;
- выявлении особых сложностей или недопонимания, которые могут затруднять обучение.

Основной и ведущей целью в преподавании иностранных языков в общеобразовательной школе является коммуникативная цель, которая и определяет весь учебный процесс.

Одной из основных форм речевого общения является диалогическая речь.

Несмотря на то, что диалогическая речь сложнее монологической и с точки зрения напряженности внимания, и с точки зрения разнообразия и количества

используемых речевых образцов, и по ряду других причин, тем не менее, с точки зрения последовательности в обучении устной речи все же предпочтение следует отдать диалогической речи. Ведь именно через диалог отрабатываются и запоминаются отдельные речевые образцы, целые структуры, которые затем используются в монологической речи.

При обучении диалогической речи решаются следующие основные задачи:

Во-первых, дать понятие диалога во всем его многообразии, в его естественной форме, чтобы ребята убедились, что форма вопрос-ответ – лишь частный и самый распространенный вид диалогического общения. На различных примерах следует показать ученикам, что речь лишь тогда будет живой, естественной и по-настоящему диалогической, если в содержание реплик будут включаться приветствия, сообщения, приглашения, выражение различного рода чувств (удивления, благодарности, уверенности, сомнения), оценка фактов и т.д.

Во-вторых, обучить нужным репликам, отработать их до уровня автоматизма при употреблении в конкретной ситуации.

В-третьих, научить обмениваться этими фразами в соответствующих ситуациях, т.е. вести диалог.

Диалогу предшествует система подготовительных упражнений, которые делятся на два типа. Речевые, которые непосредственно развивают умения и навыки самостоятельного высказывания на иностранном языке. Тренировочные упражнения, которые помогают учащимся усвоить тот или иной аспект языка (произношение, лексику, грамматику) применительно к конкретной теме. Эти оба типа упражнений взаимосвязаны. Именно речевые упражнения готовят в будущем к коммуникации.

Речевая реакция – это тот, частью ожидаемый учителем речевой «про-

дукт», который должны выдать, реагируя на описание ситуации и следуя заданию. Речевая реакция во многом определяется описанием ситуации, которое должно: вызывать интерес, учитывать их жизненный опыт; примеры ролевых ситуаций:

You are a new pupil; you talk with your classmates about the timetable.

You were absent from school yesterday. Talk with your friends about what they did yesterday. Start the conversation.

You invited your friends to the birthday party. Start the conversation at birthday dinner.

You have just returned from a trip to Moscow. Start the conversation with your parents.

You are the shop assistant suggesting Christmas gifts to a group of schoolchildren.

You are a police officer in the street. Three members of a school group from the U.S.A. have become separated from their group. Help them to find the way to the hotel.

You are at your grandparent's house watching television. You don't like the programme. Try to convince your grandmother and grandfather to change to another one.

You are a librarian. Try to convince the boys who are not very much interested in reading to choose some interesting books for their English class.

You are customers talking with a waiter at a cafe.

You are two passengers talking with a stewardess on a plane.

Разные темы проигрываются в различных видах диалога: обмена впечатлениями, мнениями; дискуссия (обсуждение); расспрос о произошедших событиях.

Управление речевым общением возможно осуществить с помощью соответствующей речевой ситуации и речевым поступком собеседника «сигналов-индикаторов управления» устно-

речевой коммуникации. Коммуникативно-лингвистическое содержание этих сигналов и индикаторов представлено различными коммуникативными типами вопросов: наводящими; выясняющими, уточняющими; встречными, прерывающими, опережающими, провокационными; переспросами; приказаниями; требованиями; просьбами и другие.

Поскольку результатом обучения является формирование навыков и умений пользоваться языком как средством общения, то ведущим является принцип коммуникативной направленности. Принцип осознанного владения иностранным языком предполагает осознание языковых средств в их системе и коммуникативных функций.

Для того, чтобы достичь более высоких результатов в осознанном понимании и умении пользоваться языком как средством общения, необходимо пользоваться различными способами обучения диалогической речи: использование диалога-образца; основа пошагового составления диалога; ведение диалога посредством искусственного создания ситуаций общения.

Для придания интонационной и эмоциональной окраски диалогу и разнообразия реплик необходимо включать в работу «реплики-клише» содержание такого списка зависит от речевой культуры, языковых привычек и пристрастий говорящего на родном языке. На уроках иностранного языка содержание набора клише такого рода определяется выбором педагога. Владение достаточным набором клише служит для выполнения функции заполнения пробелы в речи, придать плавность и непрерывность. Для более плотного освоения и отработки диалогов можно предложить различные задания: прочитайте отдельные реплики для отработки правильного произношения; восстановите диалог с пропусками, опираясь на слова на родном языке; переведите диалог на русский (иностраный), язык; дополните начало

и концовку диалога по смыслу; закончите диалог на свое усмотрение.

Хотелось бы обратить внимание на то, что важно не только стилистически правильно оформленное предложение, но и красивое произношение (четкость в произнесении звуков, выдержанная интонация, правильно расставленное ударение в словах). Для этого необходимо проводить фонетические зарядки-разминки на отчитывание смысловых групп, рифмовок, скороговорок. Для легкости запоминания диалогов можно использовать тренировку на запоминание слов, выражений, пословиц, скороговорок, стихов.

Диалогическая речь имеет свои особенности в отношении подбора, оформления и функциональной направленности использования языкового материала. Так, для нее, характерно употребление вводных слов, междометий, штампов, выражений оценочного характера, отражающих реакцию, говорящего на полученную информацию, отрицающих или подтверждающих высказанную мысль, выражающих сомнение, удивление, пожелание и т.п. Для диалога характерно широкое использование экстралингвистических средств выражения мысли: жестов, мимики, указаний на окружающие предметы. Соотнесенность в речи языковых и неязыковых знаков определяется как ситуативность. Ситуация – совокупность обстоятельств, условий, создающих те или иные отношения, обстановку или положение – облегчает общение, способствует экономии языковых средств. При обучении школьников диалогической речи решаются следующие основные задачи: Во-первых, дать понятие диалога во всем его многообразии, в его естественной форме, чтобы ребята убедились, что вопрос-ответная форма – лишь частный, хотя и самый распространенный случай диалогического общения. На различных примерах следует показать, что речь лишь тогда будет живой, естественной и

по-настоящему диалогической, если в содержание реплик будут включаться приветствия, сообщения, приглашения, выражение различного рода чувств (удивления, благодарности, уверенности, сомнения), оценка фактов и т.д. Во-вторых, обучить нужным репликам, натренировать их до уровня автоматизма при употреблении в конкретной ситуации. В третьих, научить обмениваться этими репликами в соответствующих ситуациях, т.е. научить их вести собственно диалог. Осуществлению этих задач, помимо чисто методических приемов, помогает непосредственно языковой материал учебников с системой лексических подборок, специальных упражнений и текстов.

Как показал опыт работы, одним из эффективных средств создания мотива к иноязычному общению являются нетрадиционные методы обучения.

Обязательным элементом игры является разрешение проблемной ситуации. Ролевая игра, основанная на решении той или иной проблемы, обеспечивает максимальную активизацию коммуникативной деятельности учащихся. Поиск решения поставленной задачи обуславливает естественность общения. Постановка проблемы и необходимость ее решения служат также развитию критического мышления. И, наконец, необходимость тщательного продумывания ситуации, поиска правильного решения развивает логическое мышление, умение аргументировать и контраргументировать, убеждать собеседника.

Нетрадиционные методы обучения диалогической речи дают сильный мотив к изучению языка, они помогают создать языковую среду, приближенную к естественной. Появляется возможность активизировать на этой основе практически весь программный лексико-грамматический материал начального и последующего этапов обучения. Быстро овладевают речевыми конструк-

циями и формулами (в рамках определенных ситуаций), потом автоматически оперируют ими при выполнении коммуникативных заданий другого рода. Намного быстрее приобретают чувство языка. Такие занятия дают дополнительную возможность для развития навыков аудирования: Воспринимают на слух речь других, позволяют знакомиться с литературой страны изучаемого языка; способствуют эстетическому воспитанию, приобщению их к культуре страны изучаемого языка. Е.Н.Соловова предлагает следующую систему по преодолению трудностей при подготовке и проведению уроков по формированию диалогических умений: Боязнь совершить ошибку, стеснительность, чрезмерная критика. Для того чтобы минимизировать данное отрицательное явление, достаточно создавать атмосферу доброжелательности и доверия. Мне очень понравилось: «Mistakes are OK, everybody makes them». («Ошибки это нормально, мы все их совершаем»).

Составлены верные, ложные и спорные утверждения на основе прочитанного текста. Задания на обсуждение в парах и группах. Выберите самые интересные утверждения и комментарии к ним. Составление викторин, проведение интервью, социологических опросов, диспутов, круглых столов, различных игр с использованием вопросов и ответов.

Вспомните различные способы выражения согласия, несогласия и т.д. Составьте диалог с их использованием. Разыграйте их. Подводя итоги работы, хотелось бы сделать следующие выводы. Рассматривая в настоящее время процесс обучения ИЯ с точки зрения его коммуникативной направленности, и выделяя приоритетные принципы коммуникативного подхода при отборе содержания, форм и методов при обучении ИЯ, мы тем самым определяем процесс обучения ИЯ как

процесс обучения, в первую очередь, речевому иноязычному общению. Поскольку основной единицей речевого общения в процессе обучения ИЯ является на сегодняшний день диалогический дискурс, то, рассматривая язык как средство живого общения, следует обращать максимальное внимание на развитие не подготовленной диалогической речи. Так как диалогическая речь как основная форма речевого взаимодействия обладает рядом индивидуальных особенностей и характеристик, то при отборе языкового и речевого материала, равно, как и системы упражнений, направленных на поэтапное формирование умений и навыков диалогической речи, следует учитывать эти особенности и характеристики.

Диалогическая речь как системное явление требует соответствующего подхода к ее формированию, которое таким образом должно осуществляться посредством поэтапного выполнения определенной системы упражнений, что позволило бы сохранить преемственность в развитии умений и навыков диалогической речи и соответственно обеспечить эффективность их формирования. Более того, необходимо отметить важность использования коммуникативных ситуаций, которые помогают «окунуться» в живой процесс общения.

Кроме того, систематическое и целенаправленное использование коммуникативных ситуаций, позволяет привить умения и навыки условно-неподготовленной беседы на английском языке; позволяет дать возможность постоянно ощущать и видеть результаты их учебного труда, осознать практический смысл приобретенных ими речевых иноязычных умений и навыков. Применение диалога помогает, в свою очередь, организовать учебный процесс таким образом, чтобы характер деятельности не ограничивал их инициативу, а наоборот, предоставлял бы им широкий простор для творческой деятельности.

Список использованной литературы:

1. R.Alexander. (2004) Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk [Преподавание диалогической речи: переосмысление бесед в классе]. Cambridge: Dialogos UK.
2. D.Barnes. (1971) Language and Learning in the Classroom [Язык и обучение в классе]. Journal of Curriculum Studies, 3 (1), 27-38 с.
3. D.Barnes. (1976) From communication to curriculum [От общения до образовательной программы]. Harmondsworth: Penguin.
4. M.Galton, & L.Hargreaves. (2002) Transfer from the Primary School: 20 Years On. [Переход из начальной школы: 20 лет спустя]. London: Routledge.
5. N.Mercer. (1995). The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners [Получение знаний под руководством: беседы между учителями и учениками]. Clevedon: Multilingual Matters.
6. N.Mercer, (2000) Words and Minds: how we use language to think together [Слова и сознание: как мы используем язык для того, чтобы думать совместно]. London: Routledge.
7. N.Mercer, and S.Hodgkinson. (2008) Exploring talk in school: inspired by the work of Douglas Barnes [Исследовательская беседа в школе, инициированная Дугласом Барнсом]. London: Sage.
8. N.Mercer, and K.Littleton. (2007) Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach [Диалог и развитие мышления. Социокультурный подход]. NY: Routledge.
9. E.C.Wragg, and G.Brown. (2001) Questioning in the Primary School [Опрос в начальной школе]. Routledge Falmer.
10. Л.Ф.Брагина. О системе упражнений в процессе обучения диалогической речи на средней ступени обучения / Л.Ф. Брагина // ИЯШ. 1974. № 3. с.43-48.
11. М.Л.Вайсбруд. Обучение диалогической речи / М.Л. Вайсбруд //ИЯШ. 1965 г. № 4. 11-17 с.
12. Н.Д.Гальскова. Обучение иностранным языкам: поиск новых путей / Н.Д.Гальскова.

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ТҮЙІНДІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ж.Жубауова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренери

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты мақсаты мен міндеттері, мазмұны өзгерді. Бұл өзгерістер жаңа әдіснамалық жүйені жасауда дәстүрлі оқыту үдерісіне жаңашылдық сипатта қайта қарап, оқытудың жаңа технологияларының табиғатын түсіне отырып, оқушылар-

дың жобалық зерттеушілік іс-әрекеттерін белсендірудің қажеттігін негіздейді. Айтылған мәселенің басты ерекшелігі оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың білім алуы барысында іздену-зерттеу және өз бетімен білім алу жүйесін, алған білімін өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білу арқылы танылады. Әсіресе, оқушылардың жоба-

лық зерттеушілік іс-әрекетін белсендіру проблемасы қазіргі уақытта мектептер үшін өзекті мәселе күйінде қалып отыр.

Оқушының түйінді құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқытудың түрін дұрыс таңдау қажет, яғни оқушы өз бетінше жұмыс жасауды, іс-әрекетін жоспарлауды, өз жұмысын бағалау мен бақылауды үйренеді. Сондықтан, қазіргі жағдайда оқушылардың жобалық зерттеушілік іс-әрекетін белсендіру – маңызды міндет, ғылыми проблема.

Оқушылардың зерттеушілік еңбегінің көп таралған түрі жобалау әдісі болып табылады. ЖОО студенттер ғылыми жұмыстармен айналысады, бірақ олардың көпшілігіне ғылыми деректерді қолдану және оны таба білу қиындық туғызады. Сондықтан баланы ғылыми зерттеушілік жұмысқа баулу мектеп қабырғасында бастаған жөн.

Зерттеушілік іс-әрекет – тұлғаның шығармашылық әлеуетін белсендірудің амалы. Педагогикада оқушының шығармашылық зерттеушілік іс-әрекеті сол тұлғаның қоғамдық субъект ретінде қалыптасуына, жаңа білімді өз бетінше меңгеруіне сапалы жаңа құндылықтарды құрастыруға бағытталған субъект болып қарастырылады.

Химия пәнін оқытуда негізгі міндеттер:

- таным процесін белсендіру;
- сұрақ қоя білу және оған жауап таба білу қабілеттерін дамыту;
- жұмыс нәтижелерін өңдеуді үйрету;
- қорытынды жасауды дамыту.

Химия сабағында зерттеушілік жұмыстың дағдылары лабораториялық практикумда эксперименттік есептерді орындау, теорияның ғылыми гипотезасы мен қорытындысын шығару арқылы қалыптасады. Эксперименттік жұмыста қалыптасқан дағдылар мен зерттеушілік іс-әрекеттердің ұстанымдары химия саласында жобаны дайындауда жетіледі әрі дамиды. Оқушыларды жинақтау, талдау және әдіснамалық теорияның негіздерімен таныстыру:

- проблеманы айқындау;
- зерттеудің ғылыми жорамалы;
- проблема бойынша теориялық материал дайындау;
- эксперимент жүргізу, алынған нәтижелерді талдау;
- эксперимент және әдістемеге түзету енгізу ;
- қосымша мәліметтер жинақтау.

Зерттеушілік сабақтарда екі мақсатты жүзеге асыруға болады: пәнді оқыту (дидактикалық) және зерттеушілік қызметке баулу (педагогикалық).

Міндеттер	Икем, дағды	Қалыптасатын құзыреттіліктер
Оқушылардың жалпы оқу икемділіктерін менгеруі.	Оқулықпен жұмыс, кесте құрастыру, бақылау жүргізу, ойын тұжырымдау, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, өзіндік талдау жасау.	Өзін-өзі дамыту, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік.
Оқушылардың арнайы оқу икемділіктерін менгеруі.	Пән бойынша нақты материалды игеру.	Пәндік құзыреттілік.
Оқушылардың интеллектуалды икемділіктерін менгеруі.	Талдау, салыстыру, жалпылау.	Өзін-өзі дамыту, проблеманы шешу.
Оқушылардың зерттеушілік икемділік пен білімді менгеруі.	Проблеманы айқындау, тұжырымдама жасау, экспериментті жоспарлау, мәліметтер мен деректерді интеграциялау, қорытынды жасау.	Өзін-өзі дамыту, проблеманы шешу.

Зерттеушілік сабақтарда оқушылар ғылыми зерттеудің әдістемесін үйренеді, ғылыми танымның кезеңдерімен танысады. Сабақта зерттеушілік қызмет барысында оқушылардың өз

бетінше жұмыс жасау деңгейлері бойынша сәйкес келеді: 1-деңгей – алғашқы, 2-деңгей – ілгері жылжытылған, 3-деңгей – жоғарғы.

Сабақтың кезеңі, зерттеудің түрі, сыныптар	Мұғалімнің қызметі	Оқушының қызметі
1-деңгей – алғашқы (8-9 сынып) Зерттеуге баулу.	Зерттеу қызметінің негізгі сатылары тақтада жазылады. Проблеманы тұжырымдайды, тақырып пен зерттеу мақсатын айтады. Зерттеу жұмысының алгоритмін ұсынады. Оқу үрдісін терминдер («проблема», «тұжырымдама», «қорытынды») қолдану арқылы жүргізеді. Төмендегі сұрақтар қолданылады: - Проблема неде? - Зерттеу кезеңдері қандай? - Тұжырымдама дегеніміз не? - Қандай болжамдар жасауға болады?	Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді, жұмыстың алгоритмі бойынша жүреді, зерттеу үлгісімен өз қорытындыларын салыстыру.
2-деңгей – ілгері жылжытылған (9-10 сынып) Оқыту зерттеуі.	Тақтаға зерттеу жұмысының сатыларының атауы жазылады. Проблема тұжырымдалады. Оқушыларды тақырып пен мақсатты түсінуге шақырады. Терминдердің көмегінсіз оқушыларды зерттеу жұмысына бағыттау. Қажеттілігіне қарай оқушылардың зерттеу жұмысының сызбасына назарын аудару. Төмендегі сұрақтар қолданылады: - Зерттеуді неден бастаған жөн? - Нені айқындау қажет? - Оны қалай жүргізуге болады? - Осы кезеңде зерттеуші қандай шешім қабылдайды? - Таңдауды дұрыс жасадыңдар ма?	Өз бетінше жоспарлайды және зерттеу жұмысын орындайды. Қажет жағдайда мұғалімнен кеңес алу. Жұмыстың әр кезеңі бойынша бағаланады.
3-деңгей – жоғары (10-11 сынып) Шығармашылық зерттеу.	Проблеманы тұжырымдайды. Оқушыларды өз бетінше зерттеудің тақырыбы мен мақсатын айқындауға шақырады. Зерттеу қызметіне жағдай жасайды: оқу үрдісін дидактикалық материалмен қамтамасыз етеді, жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастырады. Төмендегі сұрақтар қолданылады: - Жұмыстың мақсаты түсінікті ме? - Берілген материалдарда барлығы түсінікті ме? - Жұмыстың қай кезеңіндесіңдер? - Берілген уақытқа сай жұмыс жүргізе аласыңдар ма? - Жұмыс қорытындысы қандай? Сабақ соңында жұмыс қорытындысын бағалайды.	Мұғалімнің көмегінсіз өз бетінше зерттеу жұмысын жоспарлайды және жүргізеді.

Зерттеушілік білім мен икемді оқушылар кезең-кезеңімен меңгереді және олардың өз бетінше жұмыс жасау дәрежелерінің өсуімен жүзеге асырылады. Сабақ барысында түрлі оқыту формаларын қолдануға болады: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық. Соның

ішінде топтық және ұжымдық формалары оқушының түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға тиімді болып табылады. Сабақтың әр типіне сәйкес әдісі мен сабақ түрін қолдану арқылы да оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға болады.

Кіріспе қайталау	Перцептивті	Әңгіме-сабақ
Жаңа тақырыпты түсіндіру.	Гностикалық.	Лекция-сабақ, зерттеу-сабақ, конференция-сабақ.
Дамытушылық бекіту.	Гностикалық. Оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру әдіс-тәсілдері.	Зерттеу-сабағы, семинар-сабақ, іскерлік ойын сабағы, интеграциялық сабақ, практикалық жұмыс, есептер шығару.
Қорытынды – қайталау.	Гностикалық. Оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру әдіс-тәсілдері.	Конференция-сабақ, семинар-сабақ, кеңес беру сабағы, ойын сабақ, зерттеу практикумы.
Бақылау.	Жазбаша бақылау әдістері.	Бақылау жұмысы; Деңгейлік тест; Компьютерлік тест; Жоба қорғау.
Түзету.	Перцептивті.	Әңгіме-сабақ, кеңес беру сабағы.

Педагог оқушыны саналы түрде өз бетінше зерттеушілік іс-әрекетпен айналысуы жеке шығармашылық әлеуетін өсуі, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру жолы деп тәрбиелегені жөн. Жоба – («проект» – латын тілінен аударғанда алға тасталған, лақтырылған деген мағына береді).

- ой, жоспар;
- белгілі бір құжаттың алдын ала жасалған мәтіні;
- техникалық құжат, жасалған есеп, құрылыс немесе құрылғы нобайы;
- орталықтандырылған, бір міндетке байланысты іс-шаралар болып табылады.

Жобалар қалай және қанша түрге бөлінеді?

- іс-әрекет сипатына қарай ғылыми, техникалық, әдеби және әлеуметтік;
- іс-әрекеттің басым бағытына қарай зерттеушілік, рөлдік-ойындық,

шығармашылық, ақпараттық және қолданбалы;

- пәндік-мазмұндық жағынан бір пәндік немесе пәнаралық;
- байланыс деңгейіне қарай: мекемеішілік, аймақтық және халықаралық;
- қатысушылар санына қарай: жеке, жұптық және топтық;
- жүзеге асыру мерзіміне қарай: қысқа мерзімді, орташа және ұзақ мерзімді.

Жобаның маңызды қырлары:

1. Жобаның атауы.
2. Кіріспе (жағдайға талдау).
3. Міндеттер қою (проблеманы анықтау мен шешу жолдарын белгілеу).
4. Жобаның мақсаттары мен міндеттері.
5. Жұмыс жоспары.
6. Бақылау, жоба нәтижелерін бағалау.
7. Болашағы, өміршеңдігі.
8. Бюджет.

Оқушы көзқарас тұрғысынан алғанда жоба дегеніміз? Өз мүмкіндіктерін пайдалану арқылы өз бетінше зерттеу жұмысын іске асыру немесе нәтижеге қол жеткізуде бар күш-жігерін, білімін пайдаланудағы қызмет.

Жобаның түрлері:

- өнімділігіне қарай (оқу, зерттеушілік);
- ұзақтылығына қарай (бір сабақ көлемінде, бір жылдық);
- қорғаушы құрамына қарай (жеке, топтық).

Зерттеушілік ізденіс білім беру процесінде оқушының толық функциясын түбегейлі өзгертеді. Бұл жағдай оқушыны объект ретінде емес, оқыту үрдісінің субъекті деп қарастырады. Себебі, міндеттерді шешу үшін белгілі бір үлгі бойынша жұмыс жасау жеткіліксіз, жаңа білімді меңгеруге және қолдануға ізденіс қажет. Зерттеушілік қызмет – бұл топта немесе жеке өздігінен қызықты нәрселерді жасау, өзінің мүмкіндіктеріңді аша білу, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу. Жобаны дайындаудағы ұйымдастыру жұмыстарында оқушының түйінді құзыреттіліктері қалыптасады және бағытталған іс-әрекеттердің түрлері қолданылады. Мысалы, танымдық, құндылыққа бағыттылық, эстетикалық, коммуникативтілік және т.б. Мұғалім шығармашылық зерттеу жұмысына жетекшілікті жүзеге асыруда топшілік немесе топаралық субъективтілік қарым-қатынасты орнатуды ұйымдастырады, оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға жағдай жасайды. Жұмыс бары-

сында оқушының танымдық қызығушылығы артады, өз білімін жүйелеуді үйренеді, сыни көзқарасы қалыптасады.

Алдымен оқушылар белгілі бір құбылыс туралы ақпарат жинайды. Олардың іс-әрекеті жан-жақтан жиналған ақпаратты өңдейді, қорытындылайды. Сабақ барысында топтық жұмыста өтілетін тақырып бойынша жоба ұйымдастыруға болады. Әдетте, сабақта жаңа тақырып бойынша проблемалық мәселелер туындайды және ол оқушының пәнге деген қызығушылығын оятады. Міне, осы проблемаларды шешуде оқушылардың зерттеушілік ізденістері артады. Мектеп практикасында «Қардың құрамында металл иондарын зерттеу», «Біз және сағыз», «Ауыз суының сапасы», «Йодтың жетіспеушілігі – салауатты ұлттың проблемасы» сияқты тақырыптарда жобаларды дайындауды ұйымдастыруға болады.

Жобаны қорғау түрлі бағыттағы ғылыми-практикалық конференцияларда жүзеге асырылады. АКТ-ны қолдану оқушыларға мазмұнды презентацияарды дайындауға мүмкіндік береді. Оқушылардың ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

- ғылыми көзқарасы, ойлауы қалыптасады;
- танымдық белсенділігі дамиды;
- өз жұмысына сыни көзқарасы қалыптасады;
- рефлексия жасауды үйренеді;
- өмірлік мақсаттарын жүзеге асыруға көмектеседі;
- бәсекелестік қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.В.Хуторский. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования. Народное образование. №2. 2003 г.
2. В.В.Гузев. Поколения образовательных технологий. Химия в школе. №2. 2004 г.
3. А.В.Бычков. Метод проектов в современной школе. М., 2000 г.
4. Н.В.Белобородов. Социальные творческие проекты в школе. М.:Аркти, 2006 г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ДЕҢГЕЙЛІК КУРСТАРЫНДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Ә.Қожантова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренери

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың 3 (негізгі) деңгейлік бағдарламасы сапалы, табысты оқуға бағытталған, мұғалімнің ақпараттық мәдениеті курс аясында өзекті мәселенің бірі болып табылады. Қазіргі таңда әлемнің ақпараттық кеңістігінің дамуына ілесе алатын, оның өзгеруіне ықпал ететін мұғалім жоқтың қасы. Әрине, мектеп мұғалімі қоғамда, ақпараттық әлемде болып жатқан өзгерістің бастамасында болуы қажет. Себебі, мектеп оқушысы әлемнің жиі өзгеріске ұшырайтын ақпараттық кеңістігінің талабын мұғалімнің алдына қояды. Сондықтанда болар, деңгейлік бағдарлама курсына келген мектеп мұғалімдерінің, ақпараттық мәдениетін дамыту, табысты оқуға бағыттау әр тренердің алдына қойған өзекті міндеттерінің бірі.

2012 жылдан бері алты деңгейлік курс өткізу барысында осы бағыттағы іс-әрекеттегі зерттеу тренердің көмекші құрал ретінде пайдаланып жүрген «Тренерге арналған нұсқаулықтар» мен «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықтардағы» ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Осы құралдарда ғалымдардың еңбектерінің астарында мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы жатыр, ол бірнеше зерттеу жүргізілгеннен соң байқалды.

Зерттеу барысында топ ішіндегі мұғалімдердің курсқа қатысар алдындағы ақпараттық мәдениетінің қандай деңгейде екенін және де олардың курс барысында ақпараттық мәдениетіне ықпал ететін факторларды анықтауға болады. Карл Роджерстың «Мен» тұжырымдамасына сүйенсек, әр

мұғалімнің ақпараттық мәдениетін үш аспектісінің тұрғысынан қарауға болады. Когнитивті аспектілері – мұғалімнің табиғатпен берілген есте сақтау, зейін, ой-өрісі қандай екенін, мұғалімнің танымы оның ақпаратты іздеу, оны өңдеу қабілеті қандай деңгейде екенін білеміз. Әлеуметтік әрекеттестікте өзінің, ортада ақпаратты қалай тарата алатындығы, әріптестерден гөрі ақпараттың тиімділігін анықтай алатын дағдылары қаншалықты қалыптасқаны, эмоционалдық тұрғыдан мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің дамуына қаншалықты ынтасының барын зерттеуге болады.

Мұғалімнің бойында мәдени біліктілікті, кәсіби-педагогикалық, тәжірибелік шеберлікті, зерттеу жүргізу дағдыларын, рефлексивті, креативті, сыни тұрғыдан ойлануды дамыту ақпараттық мәдениетінің қалыптасуының негізінде. Әрине мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің деңгейін анықтау, ол курсты жүргізгендегі мұғалімдердің Теориялық (сыни) пен Тәжірибелік (құзырлылығы) білімдерін зерттеу нәтижесі болса, оны дамыту жолдары Технологиялық, Педагогикалық, Мазмұндық салаларының біртұтастығын ескеру арқылы қарастыратындығы туралы айтылады. Пәндік оқытуда әр мұғалім өзінің ақпараттық ортасын сауатты түрде құруға дағдылануы қажет, оған «Оқу мен оқытудың түйінді тоғыз қағидасын» басшылыққа алғанымыз абзал.

«Білімдердің педагогикалық аспектісінде» мұғалімнің ақпараттық мәдениетін дамыту үшін әлемдегі ғалымдардың еңбектерін зерттеу

дағдылары жатады. Білім берудегі мұғалімнің «Суреттеу, мысалдар, түсіндіру және көрсету әдістерін» жоспарлауда қосымша әдебиеттерді, энциклопедияларды, анықтамаларды, баспа көздерін қолдануды, оқушылардың танымын арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді зерттеп пайдалануды айтуға болады. Осы жерде мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің жоғарғы деңгейге қалыптасқаны қажет, әйтпесе оқушыға күрделі мәселелерді өзі шешетіндей жолын табу барлық мұғалімдердің қолынан келмейді. Демек, мұғалімнің неғұрлым шеберлігі жоғарыласа солғұрлым мұғалімнің ақпараттық мәдениеті дамиды.

«Технологиялық білімдер» мұғалімнің ақпараттық мәдениетін дамытуға үлкен үлесін қосады. Ақпарат қазіргі таңда өте көп, оларды сараптау, оқушының табысты оқуына бағыттау үшін мұғалімге көмекші құралдар керек, ол әрине ақпараттық технологиялардың бірнеше түрі. Осы бөлімде біз мұғалімнің бойындағы технологиялық білімдерін оқушының ақпараттық технологиялармен жұмыс жасау арқылы екі жақтың да ақпараттық мәдениетін дамыту жолдарын қарастырамыз. Технология дамыған заманда, кейбір жағдайларда ақпараттық технологияны оқушылар мұғалімдерден артық білуі мүмкін, сол техниканы меңгерген оқушының өздігінен білімін арттыруға бағыттау үшін мұғалімнің ақпараттық кеңістікте өзі сапалы жұмыс жасауы керек.

«Білімдердің технологиялық аспектісі» бұл жерде мұғалімнің өз пәнінде қалай ақпараттық технологияларды қолдануға болатындығы қарастырылады. Пәнінің сапалы оқытуын қамтамасыз етуі, мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің дамуына апарды.

2006 жылы Мишра мен Келердың Технологиялық, Педагогикалық, Мазмұндық салаларды біртұтас ретінде қарастырғаны, төмендегі зерттеу нәтижесіне әкеледі «егер жаңа технология

оқуды жақсарту жағына өзгертуге қабілетті болуға тиіс болса, онда жоспарлау үдерісі пәннің ерекше білімдерін оқушылар қалай түсінетінін біле отырып, осы білімдердің ықпалдасуын қамтуы керек. Оның үстіне, Мишра мен Келердің пайымдауынша, барлық үш білім саласы арасында өзара байланысты іске асыруға қабілетті мұғалім жоғары деңгейдегі кәсіпқой болып табылады. Сонымен қатар, зерттеушілердің айтуынша, осындай мұғалімдер зертханада жұмыс істейтін ғалымдармен немесе жаңа технологияларды пайдалану жөнінде білімдері жеткіліксіз бағдарламашылар мен тәжірибелі мұғалімдер сияқты технологиялық сарапшылармен салыстырғанда ауқымды кәсіби білімге ие болады». (МАН, 65 б.).

Сонымен, табысты оқудағы мұғалімнің ақпараттық мәдениеті дегеніміз не? Ол мұғалімнің ақпаратпен сапалы оқуға бағытталған жұмысын жоспарлай, оны нәтижелі іске асыра алатын, мұғалімнің бойындағы мәдениетін айтамыз. Мұндай мәдениет мұғалімнің бойында болуы үшін, мұғалім ақпаратты алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну, қолдану және ол ақпаратты Интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін жібере білу дағдылары қалыптасқан кезде ғана болады. Әрине, мұғалімнің ақпараттық мәдениетін дамыту үшін, оның бойындағы қасиеттерін ескеру абзал. Біріншіден, іскерлігі, ізденімпаздығы – ақпаратты іздеу, сақтау дағдылары дамиды, ал шеберлігі, шығармашылығы – ақпаратты тарату сапалы білім ортасын құруға әкеледі.

Іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің үш мәселесін қарастырады. Бірінші, Тренер Кембридж тәсілінің негізінде деңгейлік бағдарламалар курсына қатысушы мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің деңгейі қандай? Екінші, табысты оқуға бағытталған мұғалімнің ақпараттық мәдениеті қандай болмақ? Үшінші, мұғалімнің ақпараттық мәдениетін дамыту үшін қандай жолдар тиімді?

Мақсаты: Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру деңгейлік курс мұғалімдерінің ақпараттық мәдениетін дамыту сапалы, тиімді, табысты оқуға бағыттау.

Міндеттері: Мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің қандай деңгейде екенін анықтауға бағытталған іс-әрекеттер:

- тренингтер өткізу барысында мұғалімдердің постер қорғаудағы, өз жұмыстарын бағалаудағы, бір-бірімен әрекеттестік жұмыстардағы мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің қандай деңгейде екенін бақылау;

- рефлексивті күнделіктерін толықтыруда, сауалнамалар, тренингтен тыс уақытта үй жұмысын орындауда мұғалімнің қосымша ақпаратпен жұмыс жасауы барысында бақылау;

- курсқа дейінгі мұғалімнің танымы, есте сақтау, ойлау, қиял қабілеті, ой-өрісі қандай екенін анықтау;

- әлеуметтік әрекеттестіктегі мұғалімнің орнын белгілеу;

- курсқа келгендегі өзгеріске ынтасының деңгейі.

Табысты оқуға бағытталған мұғалімнің ақпараттық мәдениеті:

- мұғалімнің ақпараттық мәдениетіне курс аясында қарастырған ғалымдардың зерттеулері әсер ететіндігіне көзін жеткізу;

- мұғалімнің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға технологиялық, педагогикалық, мазмұндық салаларындағы мәселелер табысты оқуға бағытталғанын түсіну үшін жұмыс жасау;

- сапалы, тиімді, табысты оқуды ұйымдастыру үшін мұғалімнің ақпарат-

тық мәдениетінің жоғарғы деңгейде болуы керек екенін мойындату.

Мұғалімнің ақпараттық мәдениетін дамыту жолдары:

- күн сайын өткізілген сессиялардағы тренер талабының нәтижесі мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің өзгеруіне бағытталған. постер қорғаудағы, топаралық, жұпта, жеке жұмыстарда мұғалімнің сөйлеу шеберлігін, сыни тұрғыдан ойлануын, ой-өрісі, есте сақтау қабілетін дамыту, ақпаратты сауатты түрде таратуды үйрету;

- үй тапсырмасын бергенде мұғалімдерге ізденімпаздығын, жаңашылдыққа, өз жұмысын тиімді білім ортасын құруға бағытталатын жолдарды үйрету;

- құзырлы, кеңейтілген, күрделі тапсырмаларды құрастыруда мұғалімдердің зерттеушілігін арттыру;

- қосымша ақпараттарды іздеу: ғалымдардың өзі туралы, олардың еңбектері, зерттеулері туралы толығырақ, жаңа әдіс-тәсілдерді ұйымдастыру үшін олар туралы зерттеу жүргізу, жалпы сессия сайын жаңа негізгі ұғымдармен жұмыс жасауды үйрету;

- оқушыға жұмыс дәптер, жаңа көрнекіліктер, түрлі оқу үдерісінде дидактикалық ойындардың түрлерін жоспарлауда мұғалімнің іскерлігін арттыру;

- мұғалімнің бағалау портфолиосын жасақтау барысында: рефлексивті есеп пен таныстырылымды даярлауда мұғалімнің ақпараттық мәдениетін өзгерту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бағдарлама», «Назарбаев Зияткерлік мектебі», ДББҰ, 2012 ж.
2. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық», «Назарбаев Зияткерлік мектебі», ДББҰ, 2012 ж.
3. «Тренерге арналған нұсқаулық», «Назарбаев Зияткерлік мектебі», ДББҰ, 2012 ж.
4. А. Әлімов, «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері», 2013 ж.
5. Ғаламтордан: <http://www.docme.ru/doc/114794/golossarij-kaz>. <http://lib2.skachate.com/docs/index-826294.html>. <http://www.pedsovet.kz/>.

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Р.Қасымханова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, «Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық қамтамасыз ету» кафедрасының аға оқытушысы

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауында білім саласына айрықша басымдық берді. Дуальдық жүйе – маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді.

Қазіргі кезде, әлемде оқытудың дуальды жүйесі кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді.

Шаруашылықтың қай саласын да өздері таңдаған мамандықтарын кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп, озық технология мен заманауи техника тілін меңгергендер ғана дамыта алады. Сондықтан, еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Бұл үйлесімділік дуальды білім беру жүйесінде жан-жақты өрістей алады.

Дуальды жүйемен оқытудың жетістігі көп.

Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.

Екіншіден, жақсы білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық

жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.

Үшіншіден, «Тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы қиындық келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді.

Төртіншіден, жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.

Бесінші, оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.

Алтыншы, бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы оны күнделікті көріп, игереді.

Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуальды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қол жеткізетін нәтижелер.

Бүгінде отандық білім беру мен бизнес саласы арасындағы әріптестік байланыс күшейіп келеді. Оған ел экономикасының дамуына қажетті мамандықтар даярлаудың себепкер екенін ескерсек, бұл арнадағы жұмыстар өз ретімен орындалуда. Бұл бағыттағы жүйелі жасалған жұмыстар екінші жағынан аймақтық бәсекені арттырары сөзсіз. Дей тұрғанмен, жасыратыны

жоқ, елімізде кәсіптік білім беруді көздейтін стандарттарға енді ғана көңіл бөлініп келеді. Осы ретте ірі кәсіпорындар кәсіптік білім беру жүйесіне қыруар қаржы салып, жас мамандарды даярлау ісіне белсене қатысуда.

Осылайша аймақ экономикасына қажетті техникалық және кәсіптік білімді мамандарды даярлау мәселесі қолға алынды. Нәтижесінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде түбегейлі реформалар басталды. Кәсіптік-техникалық оқу орындары индустриялық-инновациялық сала үшін кадрлар даярлауға баса назар аударуда.

Білім беру жүйесін дамыту үшін елімізде аталмыш сала құрылымдық, мазмұндық бағытта жаңаруда. Озық әлемдік технологиялар енгізіліп, ауқымды жұмыстар жасалып жатыр. Білімнің жоғары деңгейге көтерілген заманында адамның білімі мен кәсіби біліктілігі экономика дамуының басты тетігіне айналып, мұның өзі заманауи техниканы жан-жақты меңгерген кәсіби білікті мамандардың қажеттілігін туғызуда. Осы мақсатта қабылданған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аталған мәселелерді шешуге арналған ұлттық мамандар даярлаудағы негізгі қарқынды жоба болып табылады.

Техникалық және кәсіптік білім беруде оқу орындары мен әлеуметтік серіктестіктердің байланысының жақсарғандығын осы секілді игі бастамалардан аңғару қиын емес. Техникалық және кәсіптік білім беруге қазіргі уақытта ел көлемінде айрықша мән беріліп отыр. Кәсіптік-техникалық білімнің бәсекеге лайық ілгерілеп дамуы мемлекет, бизнес құрылымдарының және азаматтардың әлеуметтік жағдайына орасан серпін берері сөзсіз. Елдің экономикалық қуаты да осы аталып отырған сала мамандарына тәуелді екені ақиқат. Жалпы бұл сала мамандарына біздің өңірімізде де сұраныс жоғары. Үкіметтің арнайы

қаулысымен бекітілген тұжырымдамасында жастардың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін отандық кәсіптік білім алуына жағдай жасау, жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру деңгейін арттыру мәселелері жіті қарастырылған. Ал, оны іске асыру ортақ мүдде болғандықтан сала мамандарының әріптестік жұмысы игі нәтижелерге бастайтыны хақ. Кәсіптік білім жастарымыздың мамандық таңдауы үшін қажетті өрісті қамтамасыз етуге, ал ересек тұрғындар үшін олардың жаңа жоспарлы іспен айналысуына, кәсіби шеберлігін жетілдіруіне бейімделген. Қазіргі жастардың кәсіптік білімге деген қызығушылықтарының арта бастағанын байқаймыз.

Теориялық білім тәжірибемен ұштасқанда ғана маман кәсібіне төселіп, көш ілгері жұмыс атқаруға қабілеті артады. Осыған байланысты, өндірістік тәжірибеге тарту жұмысына да елеулі көңіл бөлініп отырғаны айтылды. Қазіргі таңда жұмыс берушілер кадрларды мақсатты даярлауға көптеген қаражат бөліп отыр.

Білім жүйесін жаңғырту аясында дуальды кәсіби білім беруді дамыту, жұмысшы кадрларының зәрулігін еңсеру үшін қолданбалы мамандықтардың заманауи орталықтарын құру міндеттері қойылды. Дуальды жүйенің негізі оқу орны мен өндірісте қатар оқыту болып табылады. Бұл кәсіптік-техникалық білім берудегі басты проблема – оқу орнындағы теория мен заманауи өндіріс практикасы арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Дуальды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады да жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады. Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар

тапшылығы орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру, яғни, жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасында алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі.

Қазақстанның әлеуметті-экономикалық даму мақсатын жүзеге асыруда кәсіптік білім беретін оқу орындарында бәсекелестікке қабілеті бар болашақ мамандарға әртүрлі өндірістік салаларға даярлау деңгейі білім беру жағдайларымен анықталады. Қазіргі таңда жан-жақты маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өздік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді. Себебі, әлеуметтік сала экономикасын дамыту осы болашақ мамандардан төмендегідей шарттардың орындалуын талап етеді.

- жүйелі ойлауды;
- құқықтық ақпараттық мәдениетті;
- кәсіпкерлік мәдениетті;
- өзін-өзі тануды;
- басқаларға ұсынуды;
- өз қызметін білімді талдауды;
- жаңа білімді;
- жаңа технологияларды меңгеруді;
- кейбір өндірістік жағдайларда өз бетімен дұрыс шешім қабылдауды;
- бәсекелестікті және өмір талаптарына сай қызмет етуді;
- әр іске жауапкершілікпен қарауды;

- нәтижеге бағытталған істерді жасауды.

Білім ордасында білім алушылар арнайы пәннің өздеріне керек және маңызды екенін сезінуі керек. Мамандықтар бойынша арнайы пәндер арқылы білім беру мемлекеттік білім стандарттары негізінде құрылған типтік жұмыстар бағдарламалары, оның негізінде дайындалған оқу, жұмыс бағдарламалары, тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар, оқу-әдістемелік кешендер, электрондық оқулықтар, жаңа ақпараттық-технологиялар, тірек-сызба, сын тұрғысынан ойлау, рефлексия әдістері қолданылып келеді. Мұның барлығы маман моделінің нарықтық экономикада қажеттілігін тұрғызуға бағытталуы негізделеді. Себебі, соңғы кезде білім саласында біліктілік моделінің құзыреттілік моделіне ауытқуы көп қарастырылып келеді, яғни жұмыс берушіні көбіне біліктілік емес, құқық, ақпарат, әлеуметтік сала жағынан құзыретті мамандар қызықтырады. Бірақ, біліктілікке қосымша құзыреттілік бірге жүрген жағдайда маман моделі жүйелі әрі сапалы болады.

Қорыта айтқанда, кәсіби даярлықта әрбір кәсіптік оқу пәнінің білім мазмұны мен әдістемелік жүйесі негізінде жеке тұлғаға қойылатын кәсіби деңгейін, нәтижеге бағытталған сауаттылық шешімін табу керек. Өйткені, кәсіби даярлықта педагогке қажетті кәсіби құзыреттіліктерді толыққанды меңгерген оқытушы, жас маманды оқытуда, білім алу нәтижесіндегі құзыреттіліктерді сапалы меңгерте алатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.С.Макаренко. Психология труда учителя. М., «Просвещение», 1993 г.
2. Қ.Шағыр. Әрбір ұстазға берері мол //Тәрбие құралы. 2005 ж. -№5 55-56 бб.
3. Б.А.Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005 ж.
4. Қ.Ж.Бұзаубақова. «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру». Алматы. «Жазушы» баспасы, 2006 ж.

РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК БІЛІМ БЕРУДЕ АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Ж.Ахметова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, «Инновациялық технологиялар және ғылыми-жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы

Абай Құнанбаевтың гуманистік көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Ол – ұлы ақынның философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, олар – әр алуан.

Шығармадағы гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды.

Абайдың қара сөздері жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Ол орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.

Жүрегі халыққа деген сүйіспеншілікке толы ақын өмір бойы оның жүрегіне жол іздеді. Ру-ру болып қырқысудан бас тартуды, басқа халықтарды бауырындай көруге, олардан пайдалыны және жақсыны үйренуге шақырды.

Қазіргі кезде төніп тұрған қауіптің бәрі – бұл салдар ғана, ал оның себептерін Абай өз еңбегінде жазған болатын. Ол адамдардың қорқақтығы мен жігерсіздігін, жалқаулығы мен ысырапшылдығын, өтірікке бой алдыруы мен әдепсіздігін ашына, жаны ышқынып зерттейді. Осындай жаман қылықтардың бекіп, өсіп-өнуі қайғы-қасірет пен бүліншілік әкелетінін ескертеді.

Өзінің «Төртінші сөзінде» уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмау керектігін айтады. «Адамның жаман қылығына рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күл-

сең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп, күл», - деп жақсылардың жақсылығын үйренуге, жаманнан жиренуге шақырады.

Абай адамның биік мұратына, оның әлемнің заңдылықтарын танып-білу мүмкіндігіне сенеді.

Ұлы тұлғаның «Жетінші сөзінде» ұшырасатын «жанның тамағы» деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де, Абай: «... құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», - деп түсінік беріп отыр.

Ұстаз ақынның бұл «Жетінші сөзінде» көздеген мақсаты адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы «тамағын» сіндіру еді.

Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы пікір оның «Он тоғызыншы сөзінде» де қайталанатын. Абайдың дүниетанымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Сондықтан да «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса,

сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», - деп ойын одан ары дамытатынын көруге болады.

Сондай-ақ, қулық қылмай, тіленбей, өз қайратыңа сүйеніп, еңбек етсең, қара жердің де беретінін, құр тастамайтынын айтып, адал еңбекке шақырады.

Он төртінші сөзінде: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?», - дей келе, рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын «өз бауырым» деп сезіне ойлағандай, оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі екеніне тоқталады. Осылайша, руханилықтың жайын айта келе, адам болмысының мәнін ашады. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды, Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады - деп, жүректің дегенімен жүруді қолдайды. Осы сөзінде «...құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?» деп сын айтады. Яғни, адам ар-ұятына қайшы келетін істерден аулақ болып, жаманшылық жасау мен мақтаншылыққа салынбай, әрдайым өзін бақылауда ұстау керектігін меңзейді.

Он бесінші сөзінде, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең бол-

маса айында бір, өзіннен өзің есеп алу керектігін айтады. Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақыретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткіздің бе, әлде қалай өткізгеніңді өзің де білмей қалдың ба – соны саралап тұруға шақырады.

Қырық бесінші сөзінде: «Адамшылықтың алды – махаббат сезімі» делінген. Және «махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым» деп, жүрегінде махаббат сезімі көп адамды жоғары бағалайды. Әрине, махаббат біздің болмысымыз, табиғатымыз емес пе? «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп», - деп, өзінің идеалистік көзқарасын білдіреді.

Абай қара сөздерінде заманның ащы шындығын айқындай отырып, оның болашақта қайда апарып соқтыратынын ескерткендей және ол тығырықтан шығудың жолы қоғамдағы қарым-қатынастарды ізгілендіруде, рухани-адамгершілік білім беру арқылы адамдар бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуда екендігін меңзегендей.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Қара сөз. Алматы, 2009 ж.
2. Р.А.Мукажанова, Г.А.Омарова. Методика преподавания дисциплины «Самопознание» в школе - Алматы, 2013 г.
3. Р.А.Мукажанова, Г.А.Омарова. «Самопознание» и другие учебные предметы: возможности интеграции содержания и методов - Алматы, 2013 г.

ТҮЛҒА ҚАСИЕТТЕРІ, ДАМУЫ ЖӘНЕ МАМАНДЫҚ

А.Нурекешова

«Өрлеу» БАҒО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, Инновациялық технологиялар және ғылыми-жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы

Жалпы білім беретін орта мектептердің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – мектеп оқушыларының білім аясын тереңдету арқылы кәсіби шеберлікке баулу болып табылады. Ал, қай дәуірде болмасын, адамзаттың басты міндеттерінің бірі – ақылды да саналы, еңбексүйгіш ұрпақ тәрбиелеу екені мәлім. Адамның жан-жақты және үйлесімді дамуында еңбек шешуші факторлардың бірі екені белгілі. Қазақ халқы ертеден еңбекті асыл-мұрат тұтып жас ұрпақты халқымыз жалпы еңбекқорлыққа тәрбиелей отырып он саусағынан өнер тамған жан-жақты кәсіп иесі болуды көздеген. Сондай-ақ, әрбір өнердің өзінің тұрмыстық шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты өсіп өркендеп отырды.

Атап айтқанда, кілем, алаша, басқұр тоқу, текемет, киіз басу, сырмақ сыру, ертұрман даярлау, күбі, келікелсап, сандық, кебеже, жүкаяқ, бесік даярлау және зергерлік бұйымдарды даярлауда қолөнер шеберлерінің өзіндік қолтаңбалары болды. Аталған кәсіпшілік түрлеріне жастарды үйретуде қолөнер шеберлері өздерінің үлгі өнегесін жалғастырып отырды. Жалпы кәсіпшілікке бейімделу мен икемделуде үй іші, отбасының қарым-қатынас әсері, ата-аналарының үлгі жолдары мол болған. Бұл айтылған мамандықтың барлығына бүгінгі таңда жеке кәсіпкерлер мен қолөнер шеберлері және мектептерде өтілетін технология пәні аясында бағыт-бағдар беріліп келеді. Бүгінгі таңда, мектеп оқушыларының кейбір кездерде мамандық таңдауда туындайтын түсінбеушіліктерінен пәнге деген көзқарастары төмен болып жататыны байқалады. Керісінше, мектептерде оқытылатын пәндер ішіндегі «Технология» пәні-

нің рөлі ерекше екенін түсіне бермейміз.

Демек, жастардың бойында еңбексүйгіштік және еңбекке икемділікке қалыптастыруда кәсіпке бейімдеу ықпалының зор екені мәлім. Осындай талаптілектердің өмірлік қажеттілігі ескеріліп, қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған мектептердің оқу пәндері аясында жастарды қолөнер шеберлігіне баулу жоспарланып, кейін келе, өндірістік білім негіздері мен байланыстырылып еңбекке баулу пәнінің оқу бағдарлама мазмұнында көрсетілді.

Ал, бүгінгі жаңарған Қазақстан өзінің экономикасының қарқынды даму сатысында әлемдік стандартқа сай өнімдер шығаруда барлық өндіріс орындары әлемдік жаңа технологиялар мен жабдықталып толықтырылуда. Аталған заманауи өндіріс орындарының білікті мамандарын даярлау ісі – әрине арнаулы кәсіптік білім алуға бағыттайтын орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарында даярланады.

«Мамандық» дегеніміз – еңбекке жарамды қоғам мүшелерінің іс-әрекеті мен кәсіби санасын біріктіретін әлеуметтік еңбегін ұйымдастырудың түрі. «Мамандық» – адамның дамуы мен өмір сүруіне керек күші мен ой еңбегін бөлудің қоғамға қажет және құнды жолы. Е.А.Климов пайымдауынша «Мамандық» тұлғаның өз мүмкіндіктерін көрсете алатын және дамуда болатын жүйе. «Мамандық» – кәсіби міндеттер мен жұмыс түрлерін, тұлғаның кәсіби ерекшеліктерін көрсететін және қажеттілігін қанағаттандыратын жүйе. Кәсіби бағытталған іс-әрекет дегеніміз – қимыл мен нақты қимыл (операция), іс-әрекет сапасы (метакәсіби

сапасы), үрдіс пен нәтижені қадағалау. Талдай отырып, жүргізуші іс-әрекеттің тиімді іс-әрекетке айналуын, метабағыттағы психологиялық ахуал мен жаңа дағдыны қалыптастыруға негізделген. Жүргізуші іс-әрекеттің негізгі ерекшелігі: негізгі психологиялық өзгерістің пайда болуымен, оның ішінде психологиялық ахуалдың пайда болуы, өзгеруі, ауысуы болуында. Белгілі жағдайда іс-әрекет негізгі ортасы болуы және мақсатты орындайтын іс-әрекет болуы. Оқу-танымдық үрдістің кәсіби үрдіске айналуында уәж бен іс-әрекет байланысты, бірі өзгерсе екіншісі де өзгереді. Үйреншікті ісі мен арнайы жасалатын әрекет жалпыланып, жинақталып жаңа құрылым – құзыреттілікке айналады. Құзыреттілік кіріктірілген құрылым бола тұра, ББД (білім, білік, дағды) мен қоса іс-әрекеттік қабілеті мен бағалы-уәждік компоненттерін жинақтап, жаңа іс-әрекетке сәйкес қызмет түрін құрайды. Жаңа кәсіби жағдайға арналған және қажеттілігі мен эмоционалды сферасын қамтиды. Танымдық іс-әрекеттің кәсіби іс-әрекетке айналуы, жаңа мақсатқа жауап беретін жаңа дағдыларды қалыптастырады. Психологтар зерттеулері бойынша кәсіби даму мен қатар регрес, дезадаптация, кризис пен бұзылулар тіпті деградациялар мүмкіндігін айтады.

Тұлға қасиетін бағалаудың негізі ретінде З.Фрейд психосексуалды дамуын, Э.Эриксон жалпы психологиялық дамуын, Д.Б.Эльконин жүргізуші іс-әрекетті, тұлғаны әлеуметтендіруді қарастырған.

Тұлға қасиеттері ретінде психологтар тұлға бойында мына қасиеттерді анықтаған:

- шыдамдылық;
- адалдық;
- өзін-өзі қадағалау;
- тақуалық;
- жігерлілік;
- білуге құмарлық;
- ішкі түйсік (интуиция);
- аналитикалық ақыл;

- кертартпалық немесе жұмысқа бейімділік;
- экономикалық тиімділікті сезіну түйсігі;
- басшылыққа ұмтылу, көшбасшылық;
- тіл табысқыштық;
- қол еңбегіне ептілік;
- өзін-өзі ұстай білу мәдениеттілігі;
- зейінділік;
- елестете білу;
- күш және төзімділік;
- шыншылдық;
- адамды жақсы көру, махаббат сезіміне сүйіспеншілік;
- денсаулыққа ұқыптылық;
- бастамашыл;
- сөз бастай білу қабілеттілігі, шешендік;
- ұқыптылық.

Шет елдегі зерттеулер бойынша кәсіпке, мамандыққа оқытуды осы қасиеттерден бастау алған. Барлық қасиет тұлға бойында болғанмен, біреуі басым жағдайда. Осы басым қасиетке бағытталаып, мамандыққа оқытылу керек деген тұжырымдама етек алуда. Осы тұста мұғалім мамандығына қандай қасиет қажет деген сұрақ туындайды. Кәсіби білім беруде, кәсіби дамуында, педагогикада синергетика түсінігі қалыптасты. Кәсіби даму жолдарын зерттеуде тұлғаның жеке өзгерістері мен өмір бойы оқуды қажет ететін кәсіби білім жүйесін бір бөлігі синергетикалық бастама болуда. Синергетикалық бағыт – адамның білім алу мүмкіндігінің бастамасыз және аяғы жоқ екендігін анықтайды. Осы құбылыс оның синергетикалық мінездемесі. Кәсіби танылу жолының траекториясы да мүмкіндігінің өлшемі. Синергетикалық бастама психологияда ашық (ақпарат пен затпен), «түзу» емес (түрлілігі мен қайталанбайтын), өзінен-өзі дамуда болатын, өзі жинақталатын жүйе ретінде қолданылады. Кәсіби даму жолдарын зерттеуде тұлғаның жеке өзгерістері мен өмір бойы оқуды қажет

ететін кәсіби білім жүйесін синергетикалық бастама болуда. Синергетикалық бағыт – адамның білім алу мүмкіндігінің бастамасыз және аяғы жоқ. Осы мүмкіндігі оның синергетикалық мінездемесі. Кәсіби танылу жолының траекториясы да мүмкіндігінің өлшемі. Кәсіби білім – білім, білік, дағдыларын және құзыреттілік пен метакәсіби қасиеттерін меңгеруге арналған кәсіби іс-әрекеттің ғылыми жүйесі.

1. Синергетика дегеніміз не?

2. Кәсіби даму факторы мен жылжытушы күші не?

3. Психологиялық кедергі дегенді қалай түсінесіз?

4. Психологиялық кедергінің дамуға себеі қандай?

- Мамандық (профессия);

- Кәсіби таным (профессиональное самоопределение);

- Кәсіби білім (профессиональное образование);

- Кәсіби даму ерекшелігі (профессиональное становление).

Кедергілер іс-әрекеттің яғни тұлғаның дамуына себепші негізгі фактор. Кедергілер тұрақтау, түзету, жинақтау, даму, тоқтау, тежелу, күйзелу функцияларын орындайды. Кедергілер рөлінде ақпараттың жетпеуі, өзін-өзі басқару, қажетті құралдардың жоқтығы болады. Кедергі – психологиялық феномен – (күйзелу, қабылдау, бейне түрінде) іс-әрекетті қолдану ерекшелігін, қажеттілігін көрсететін құбылыс. Стагнация, кедергілер, түзу бойынша даму. Синергетикалық бастама психологияда ашық (ақпарат пен затпен, энергиямен алмасу), «түзу» емес (түрлілігімен қайталанбайтын), өзінен-өзі дамуда болатын, өзі жинақталатын жүйе ретінде қолданылады. Түзу даму жүйесі оқиғалармен анықталады. Түзу даму жүйесіне ғалым Н.С.Пряжников «Өзін-өзі тану» анықтамасын дәлелдеген. «Өзін-өзі тану мен өзін-өзі пайдалану үрдісінің тығыз байланыста екенін айта отырып, орындалатын жұмыстың мағанасын саналы түрде жасау тұлғаның мамандықтар әлеміне

жеке таңдауын және нақты кәсібін анықтайды. Ғалым В.Д.Шадриков іс-әрекеттің негізгі қызметтік бөлімдерін белгіледі:

- Іс-әрекет уәжі (мотивы деятельности);

- Іс-әрекет мақсаты (цели деятельности);

- Іс-әрекет жоспары (программы деятельности);

- Іс-әрекеттің ақпараттық негізі (информационная основа деятельности);

- Шешім қабылдауы (принятие решения);

- Кәсіби қажетті жақтары (деятельностно важные качества).

Кәсіби оқу үрдісін кәсіби іс-әрекетке айналдыру үш негізден тұрады. Олар іс-әрекеттің ақпараттық негізі мен шешім қабылдауы, іс-әрекеттің қажетті қырлары.

Субъект іс-әрекетінің мән-мағыналық моделін ғалымдар мына қырларынан құраған:

- Танымдық, қарым-қатынастық, басқарушылық құрамынан тұрады. Танымдық құрамы – іс-әрекет жасай алатын білімінен, сенсомоторлық қабілетінен, академиялық және практикалық ақыл-ойынан, өзін және басқаны бағалай білуінен тұрады;

- Қарым-қатынастық құрамы – қарым-қатынас жасау қабілетін, сәйкес сезіну мүмкіндігінен, әлеуметтік-қарым-қатынастық кіріктірулерінен тұрады;

- Басқарушылық құрамы – психологиялық жағдайын, іс-әрекетін, тәртібін басқару, жеке өзіндік қарым-қатынас дағдыларын меңгеруден тұрады.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік, экономикалық талап – түлектерге сай рухани бай, білімді, шығармашыл тұлға тәрбиелеу қажеттігі ерекше туындап тұр. Өмір талабына сай тұлға тәрбиелеудің ерекшелігі оның үздіксіз жүргізілу қажеттілігінде. Тұлғаның шығармашылығын дамыту адамның кішкентай кезінен бастап есейген кезіне дейін жүреді. Үздіксіз білім беру жүйесіне рухани бай, жоғары мәдениетті және мәдени құнды-

лықтарды бағалай алатын тұлға қалыптастыру керек. Адам тұлға болып тумайды, қалыптасады. Адамның дамуы – ішкі және сыртқы жағдайлардың әсерлерімен қалыптасатын күрделі, ұзақ мерзімді, қарама-қайшылықты үрдіс. Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үш факторға: тегі, ортасы және тәрбиесіне тығыз байланысты. Өзін қоршаған ортамен қатынасы арқылы адамның табиғи мәні ашылып, жаңа қасиеттері қалыптасады. Адам әлеуметтік жүйеде тәрбиеленіп, дамиды, қоғамда болып жатқан іс-әрекеттерге көзқарасы қалыптасады, нығаяды. Педагогиканың негізгі мақсаттарының бірі – тұлғаны біртұтас жүйе ретінде тәрбиелеу. Тұлға – сана иесі. Шығармашыл адам – жасампаз тұлға. Өзін, айналасын, қоғамды жаңартып отырады. К.Платонов тұлғаның төрт құрылымын айқындайды. Әлеуметтік жағдайына сәйкес мазмұндық белгілері, тәжірибесі, болмыстың көрінісі ретінде тұлғаның психикалық үрдістерінің жеке ерекшеліктеріне байланысты болмысты бейнелеуі, өмірден үйренген қасиеттерінен гөрі туа біткен қасиеттері басым болып табылатын биопсихика-

лық құрылым. Біз тұлғаны толыққанды жүйе деп есептесек, оның психикалық қасиеттері негізгі орынды алады. Бұл жүйе табиғи қасиеттері мен қоғамдық тәжірибені меңгеру барысында дамиды. Тұлғаның тұтастығы мен бірлігі әр алуан және қарама-қайшылықтардың жиынтығы болып табылады. Тұлға жеке оқиғалар ғана емес, қоғамдық өмірдегі маңызды оқиғаларға да байланысты әсерленіп ашылады. Соған сәйкес, туындайтын көзқарас пен іс-әрекетте әр алуан болады. Тұлға іс-әрекеті, өзіне және айналасына қарым-қатынасы арқылы, шығармашылық қабілетін жүзеге асыру арқылы қалыптасады. Сондықтан, баланың табиғи бейімділігін дамытып, тұрақты, әлеуметтік құнды шығармашылық қабілетке айналдырудың, осы әрекетке педагогикалық басшылық етудің маңызы зор. Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жеке қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұштау, тұлғалыққа бағыттау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Э.Ф.Зеер. Психология профессионального развития.
2. Е.А.Климов. Психология профессионального самоопределения.
3. Н.С.Пряжников. Профессиональное и личностное самоопределение.
4. Е.А.Климов. Психология профессионала.

ОҚУШЫЛАРДЫ ДИАЛОГКЕ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫРУ ҮШІН ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қ.Есекеева

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, «Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық қамтамасыз ету» кафедрасының аға оқытушысы

Кембридж бағдарламасы бойынша мектептегі педагогикалық іс-әрекетті зерттеуді Қызылорда қаласындағы №3 лицей мектебінде өткізуге шешім қабылдадым. Мектеп басшысының қабылдауына бардым. Келу мақсатымен таныстырып, келісім сұрадым. Мектеп басшысының келісімін алған соң, іс-әрекеттегі зерттеуімді бірлесіп атқарар мұғалім қарастырдым. Мектепте 7-ші сынып бойынша 5-сынып тобы және оларға тарих пәні бойынша 3 мұғалім сабақ береді екен. Мұғалімдерге жұмыс барысын түсіндірдім. Бірлесіп жұмыс жасау үшін өз қалауларын сұрадым. 7 «Б» сыныбына тарих пәнінен сабақ беретін Е. есімді мұғалім өз келісімін берді. Мұғалімнен келісу себебін сұрағанымда, Бағдарламаны оқып келген мұғалімдерге қызығып жүргенін, үйренгісі келгенін жеткізді. Мұғалімде ішкі уәждің барлығы таңғалдырды. Бұл іс-әрекеттегі зерттеуді бастау үшін үлкен көмек еді. Себебі, Бағдарлама мазмұнын жетік білмесе де, хабары бар еді. Енді, тәжірибеге кірісу алдында атқарар зерттеу жұмысын бастау үшін жоспар жасауды қолға алдым. Жоспар бойынша алғашқы аптада Е. мұғалімнің сабақтарына қатысудан бастадым. Бір аптада 2 сабағына қатысып, мұғалімнің сабақ беру әдісін, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі мен білім деңгейін зерттедім. Сабақ барысында жеке жұмысқа басымдық беретінін аңғардым. Мұғалім мен оқушы арасында қарым-қатынас өз дәрежесінде еместігі байқалды. «Мұғалімнің қолданған әдістері оқушылардың қызығушылығын арттыра алмады» деп бағаладым. Себебі, қолданылған әдіс-тәсілдер бір жағынан

оқушылардың жас ерекшелігіне де негізделмеген болса, екіншіден оқушылардың бірлескен әрекеті болмады, яғни мұғалім оқушының қажеттілігін ескермеді. Оқушылармен пікірлескенімде жеке жұмысты орындауда көпшілігінде қорқыныш болғанын айтты және осы үрейді сейілту үшін не істеуге болады деген сұрақ туындады. Сол кезде, оқушылар досыммен, сыныптасыммен бірге орындасақ қорқынышты жоюға болатынын білдірді. Осы тұста мен тренер ретінде «Оқушы үнін» ескерудің маңыздылығын түсіндім. Яғни, сабақ барысында бірлескен әрекет, топтық талқылаулар оқушы үшін аса қажет оқыту формасы. Сондықтан да мұғалімнің тәжірибесіне енгізілетін әдіс-тәсілдерді таразылаудан бұрын, оқушылардың қалай оқитынын зерделеу маңызды деп тоқтам жасадым. Білім үдерісі нәтижелі болу үшін, оқушының білім дағдысы, көзқарасы есепке алынуы тиіс. Іс-тәжірибеде зерттеуге алынған сынып – Чиксентмихай (2008) «Өзіндік мақсат» деп атайтын және Райан мен Деки (2009) «Ішкі уәж» деп атайтын қасиеттерге ие оқушылардан тұратын еді. Мұндай қабілетті оқушылармен бірлескен жұмыс жасау қызықты, әрі нәтижелі болары анық екенін түсіндім. Ол үшін, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық орнатуға мұғалімнің білім-дағдысын дамыту қажет деп білдім.

Сабақ барысындағы әлеуметтік өзара іс-әрекеттер оқуда маңызды рөл атқарады. «Мұғалім-оқушы» және «Оқушы-оқушы» жағдайындағы қарым-қатынас түсінікті дамыту мен мағынаны ашудың елеулі бөлігін құрайды. (МАН, 376.). Мұғалім оқушыға диалогқа

қатысуға мүмкіндік бергенде ғана, олар өздерінің мүмкіндігін зерделеп, өзін-өзі реттеулеріне жол ашылады. Нәтижеге жету үшін, бірлескен оқу үдерісін ұйымдастыру қажет. Ал, оны жүзеге асыратын тәсіл топтық оқытуды қолданған дұрыс деп бағамдап, зерттеу барысында жинақтаған ақпараттарымды ескере отырып, педагогикалық іс-әрекеттегі зерттеу «Тарих сабағында оқушыларды диалогке белсенді қатыстыру үшін топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбын таңдауыма түрткі болды.

Тарих пәні дегеніміз – бұл өткен дәуірлер жайлы білімдер жинағы ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемде өз жағдайын айқын ұғынуға, өзінің азаматтық ұстанымын дұрыс анықтауға, орын алған құбылыстар мен оқиғаларға өз көзқарасын білдіруге және олардың маңызы мен бағытын терең ашуға мүмкіндік беретін тарихи ойлау болып табылады. Ең бастысы пәннің ерекшелігін ескеру керек еді. Бұл пән талдау мен зерттеу әдістерін көбірек қажет етеді. Сондықтан да, Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулінің – Диалог арқылы оқытуды таңдадым. Оқушыларды диалогке белсенді қатыстыруда топтық жұмысты ұйымдастыру көп көмек етеді.

Сонымен диалогтік оқыту деген не?

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді (МАН, 396.). Диалог арқылы оқыту – оқушылар арасында қарым-қатынастың, іс-әрекеттің және ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал жасайды. Сонымен қатар, ынтымақтастық қарым-қатынасты қалыптастыра отырып, білімді бірлесіп құру, талқылау, түсінік пен дағдыны қалыптастыруға ықпал жасайды.

Л.Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды (МАН, 396.).

Оқушылардың диалог құру барысында сыныптастарымен бірлесе жұмыс жүргізуі, бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіреді. Ол үшін топтық жұмысты қолдану нәтижеге жетуге көмек береді. Топтық жұмыс ынтымақтаса оқуды жүзеге асырады. Топ түрлі тәсілмен құрылуы және топтық бөлу жиі ауыстырылуы мүмкін, мәселе онда емес. Мәселе, оқушылардың кез-келген ортада тіл табысып, бірлесе жұмыс жасауға ынталылығы мен қатысу белсенділігінде. Жақсы ұйымдастырылған топтық жұмыста әлеуметтік өзара қарым-қатынас қалыптасып, проблеманы шешу дағдысын дамытуға жағдай туындайды. Топтық жұмыс-оқытудың ықпалды тәсілдерінің бірі екені даусыз. Топтық жұмыста оқушылар өздіктерінен тапсырмаларды талдап, қорытынды жасай алуға қалыптасады. Ең бастысы, оқушылар бір-бірімен ақпарат алмасады, бір-бірінің көзқарас, пікірлерін тыңдауға және теріске шығаруға үйренеді. Осының қорытындысында бірсарынды үдеріс емес, Джин Раддок айтқандай «Оқушы үні» басымдық алады. Ал, бұл өз кезегінде диалогтың оқытудың орнауына жол ашады. Тарих пәні үшін диалогтық оқыту маңызды. Себебі, зерттеу арқылы жүзеге асырылатын оқытуда оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі артып, бірлесе талдау арқылы жұмыс жүргізіледі. Диалогтық оқытуда пікір алмасу маңызды болып табылады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу табысты оқуды тиімді жүзеге асырады. Және оның үш түрі бар. Қолданылатын әңгімелесу түрлері:

1. Әңгіме-дебат;
2. Топтық әңгіме;
3. Зерттеушілік әңгіме.

Әңгімелесудің үш түріде тарих пәні үшін қажетті тәсілдер болып табылады. Себебі, топтық жұмыста үшеуін де қолдану табысты талқылауға жол ашады. Диалогтық оқытуды жүзеге асыруда, сұрақ қою маңызды дағды болып табылады. «Бастама-жауап-кейінгі әрекет» нысаны оқушылардың білім алуы-

на ықпал жасайтын диалогтық сұхбат құруға мүмкіндік бермейтіні анық көрінеді. Сұрақ дұрыс қойылған жағдайда ғана сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады (МАН, 41б.). Педагогика аясында сұрақ қоюдың түрлері бар, деседе, тақырыпты түсінуге жол ашатын сұрақтың екі түріне салыстырмалы қарау маңызды. «Төмен дәрежелі» сұрақтарды «Жабық сұрақтар» және «Жоғары дәрежелі» сұрақтарды «Ашық сұрақтар» деп те атайды. Төменгі дәрежелі сұрақтар «Бастама-жауапкейінгі әрекет» нысанына жатады да, нәтижелілік аясы кемшін болып табылады. Жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда оқушының білім алуын кеңейтуге мүмкіндік туады. Ашық сұрақтар оқушылардың сыни ойлауын дамытуға көмек жасайды. Сұрақтар жалпы мақсатына қарай өзгеріп отырады. Сұрақтардың түрлерін қолданарда оқушылардың білім алу қабілеті мен мүмкіндігін ескерген дұрыс. Дұрыс қойыла білген жағдайда ғана, көзделген нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Оқушының білім алуын қолдау үшін қолданылатын сұрақ техникалары бар. Олар: түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау. Сабақ барысында сұрақ қоюды оқушының жауабына сәйкес ұйымдастыру, пікір алмасудың алаңын ұйымдастыруға көп көмек жасайды.

Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
 - оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
 - білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
 - оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербаландыруға көмектеседі;
 - оқушылардың сыни тұрғыдан ойлануына ықпал етеді;
 - оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі;
 - оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
 - әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
 - оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.
- Қорыта айтқанда, диалогтық сұхбаттасу оқушылардың білім алуына үлкен көмек жасайды. Оны топтық түрде ұйымдастыру нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым, 2012 ж. www.cpm.kz.
2. Тренерге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым, 2012 ж. www.cpm.kz.
3. С.Мирсеитова. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде». 2011 ж.

СЫНЫПТАН ТЫС ШАРАЛАР АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМЫТУ

Г. Абдықалықова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, «Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық қамтамасыз ету» кафедрa аға оқытушысы

Мектеп – білім ошағы, тәрбие ортасы, тағылым табалдырығы. Осы ұлағатты ұяда жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы рухани-адамгершілік тәрбие берудің ошағы «Өзін-өзі тану» пәні десек өте орынды. Ал, өзінді алға қарай жетілдіру және бойына жақсы мінез-құлық қалыптастыру ең алдымен өзін-өзі танудан басталады. Өйткені, өзіңнің кім екенінді, қандай екенінді білмесең, жетілдіру тәрбиесінің қай бағытта жүретінін және қандай мінез-құлық қалыптастыру қажеттігін білу қиын.

Еліміздің бірінші ханымы Сара Алпысқызы бастамасымен білім үрдісіне енгізілген рухани-адамгершілік тәрбиеге күш берген «Өзін-өзі тану» бағдарламасы осы рухани-адамгершілік тәрбиеден бастау алып, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыруды қолдайды.

«Өзін-өзі тану» пәні арқылы әрбір оқушы бойында мейірім мен рақымшылдықты, адамгершілікті, әділдікті, шынайылықты дамытуға болады. Әр баланы керемет рухани күш иесі деп қарап, оның шетсіз шексіздікті үйренсем деген ұмтылысына уақытында көңіл бөліп, демеу жасасақ, қуаттандырсақ жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, жерін, тілін, отбасын сүйетін, еңбекқор, адал адам тәрбиелеп шығарымыз сөзсіз.

«Өзін-өзі тану» пәні рухани-адамгершілік білім беру мен жалпы-адамзаттық құндылықтарға тәрбиелеуге бағытталған. Осыған байланысты оқудан тыс іс-шаралардың мазмұнына жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы сыныптар арасында, сынып-

ішілік т.б. түрлі спорттық шаралар, ата-аналармен бірлескен дөңгелек үстел, сайыстар, қайырымдылық акцияларын, көрме, дискуссия, драма үйірмелерін, пікірсайыс, ақындар бұрышын, саяхаттар тағы да басқа көптеген іс-шараларды ұйымдастыруға болады.

Оқудан тыс шаралардың маңызы:

- оқушылардың бойына ізгі қасиеттерді дамытады;
- балалардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ортамен үйлесімді байланысын қалыптастырады;
- балаларды мәдениетті адамдарға тән адамгершілік нормалармен таныстырады;
- жеке тұлға ретінде әр оқушының жеке ой-пікірімен санасып, шығармашылық іс-әрекеттер арқылы өзін-өзі айқындауға басшылық жасайды;
- табиғат байлықтарына жауапкершілікпен қарайтын тұлға қалыптастырады;
- оқушылардың патриоттық қасиеттерін арттырып, отанын, отбасын, достарын, мектебін сүюге тәрбиелейді;
- оқудан тыс шаралар арқылы құндылықтарды енгізеді;
- спорт арқылы ұжымға, бірлікке, қамқорлыққа үйренеді;
- дискуссия – дұрыс шешім қабылдау, татулыққа, сыйлауға, тыңдай білуге баулиды;
- кез келген құндылықты ала отырып, драмалық үйірмелерде оқушыларға жазуға, рөлдерге бөлуде ішкі сұлулығын көрсетуге ықпал етеді;
- қайырымдылық акциясы. оны қабырға газеті, сайт арқылы жүзеге асыруда қайырымдылыққа үйретеді;

- клубтар (сурет, колөнер) ұйымдастыру. бұйымдарды сыйлық түрінде сүйіспеншілікпен сыйлауға үйретеді;

- ақындар бұрышы ұйымдастыру арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды өлеңдер, шығарма түрінде көрсетуге үйретеді.

Қайырымдылық акциясы мектеп аясында өткізіледі және ұжым мүшелерінің бір-біріне игі ықылас білдіріп, өзара рухани және материалдық көмек көрсетуіне бағытталады. Ол күнкөрісі төмен, көпбалалы және жағдайы жоқ отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тек материалдық қана емес, рухани қолдау көрсетуді көздейді. Сонымен қатар, оқушылар мен мұғалімдер ұжымының біртұтас тілектестік, сыйластық, жанашырлық, қамқорлық сезімдерін оятып, бір-біріне көмек көрсету, құрметтеу белсенділігін арттырады.

Қайырымдылық акциялары жүргізілетіндігі жөнінде ақпарат алғашқы күндері мектептің сайтында немесе стендтерде хабарланады. Сыныптарға үлестірме материалдар таратылады.

Сынып сағаттарында сыйлықтарды кім үшін жинап жатқанымыз және акция қалай өткізілетіні туралы фильмдер көрсетіледі. Балалармен қоса мұғалімдер де сыйлық және қаражат жинайды. Сонан соң, жетім балалар, қарттар үйлеріне немесе ауруханаға таратылады. Ешқандай мәжбүрлеу, ешқандай бәсекелестік болмауы керек. Акция аяқталғаннан кейін міндетті түрде акцияға қатысқан қатысушыларға ризашылық білдіріп, қайырымдылық акциясы жөнінде фильм немесе фотостенд көрсетіледі.

Онда:

Балалар да, ата-аналар да, мұғалімдер де, әкімшілік те тең дәрежеде қатысатын ортақ істің атмосферасы қалыптасады;

Біздің не істеп жатқанымыздың себебін, барлық қыр-сырын түсіндіру (не үшін, неліктен, кімге т.б.)

Қайырымдылық акциясы жөнінде фильм немесе фотостенд көрсетіп қорытындылау өте маңызды.

Біріншіден, мұндай акцияны бір рет қана жүргізудің еш маңызы жоқ. Қайырымдылықпен саналы түрде таңдау жасап, бір-ақ рет жомарт және қайырымды болу мүмкін еместігін терең түсінгенде ғана айналысуға болады.

Екішіден, әр акцияның мәресі, яғни қорытындысы болуы керек: сый тарту кезінен бейне және фото көрсетілімдер, балалар үйінен жауап хаттар және т.б. Бұның маңызы өте зор.

Спортпен айналысу командамен жұмыс істеу. Бірлік және өзара көмек сияқты қасиеттерді дәріптеу үшін жүргізіледі.

Оқушылардың ненің жақсы, ненің жаман екенін өздері шешуі үшін моральдық аспектілер қамтылатын өзекті мәселелерді пікірсайыстың тақырыбы етіп алуға болады.

Драмалық үйірмеде оқушылардың белгілі бір құндылықтар туралы көріністер жазуларын, рөлдерге бөліп, ойнап берулерін ұйымдастыруға болады.

Сабақтан тыс іс-шараларда мұғалімнің жеке басы үлгісі өте маңызды. Олар балалар үшін тәлімгер және шабыт көзіне айналуы керек, сол сияқты кез келген жағдаятты құндылықтарды енгізуге ықпал ететін құрал ретінде пайдалану үшін мейлінше шығармашыл және зерделі болуы керек.

Мұғалімнің әр сөзі ісімен дәлелденіп жатса, моральдық-адамгершілік тақырыбына айтылған кез келген әңгіме өз жалғасын тауып жатса, онда айтылған сөз балалардың жадында сақталып қалатыны ақиқат. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізіндегі сабақтан тыс іс-шаралар жобасын үлгі ретінде ұсынамын.

Жауапкершілік туралы пікірсайыс.

Мақсаты: оқушыларға адамгершілік құндылықтар негізінде жауапкершілік туралы түсініктерін дамыту.

Жауапкершілік туралы аңыз.

Шәкірті мен ұстазы жолға шығыпты. Қонуға бір ауыл шетіне келеді. Түнде түйені қарауға шәкіртіне тапсырады. Ал, шәкіртінің сәлден соң ұйқысы келеді. Ол Алладан «Біздің түйемізге көз қырыңды сала салыңыз», - деп өтінеді де, ұйқыға кетеді. Таңертең тұрса, түйесі жоқ. Ұстаз шәкіртінен «Түйе қайда?», - деп, мән-жайды сұрайды. «Мен Алладан түйені аман қалдыр», - деп тілек еттім. Өйткені, өзіңіз Аллаға сенуге үйреткен едіңіз», - деп шәкірті ұстазына жауап береді.

Топтық жұмыс.

Бұл аңызда шәкіртіне ұстаз не деп жауап береді? Сіздер, қалай ойлайсыздар?

Бұл сауалға жауап беру үшін сіздер, топтарға бөлініп өз ойларыңызды 5 минуттан кейін баяндайсыздар.

Пікір алмасу.

Аңыздың нақты жалғасы:

«Бұның дұрыс қой. Аллаға сенгеніміз жөн. Бірақ түйені қарау саған жүктелді емес пе, Аллаға сеніп жалқау болу оңай. Аллаға сенбей орындаушы болу да оңай. Ең ауыры, Аллаға сеніп орындаушы болу», - деп Ұстаз шәкіртіне жауап беріпті.

Пікірсайыс барысында қарастырылатын сұрақтар:

1. Адамның жауапкершіліксіз болу себебі неде?

2. Жауапкершіліксіздік адам арасындағы қатынастарға қалай әсер етеді?

3. Сізге біреу жауапкершіліксіздік танытса сіз қалай сезінесіз?

4. Қандай әлеуметтік орта адамды жауапкершіліксіздікке итермелейді?

5. Жауапкершілік адамның жан дүниесіне қалай әсер етеді?

6. Үнемі жауапты болу қиын ба?

7. Неге адамдардың барлығы жауапты болуы керек деп ойлайсыз?

8. Жауапкершілігі бар адам – адамгершілігі мол, рухани бай адам деп айтуға бола ма? Неге?

9. Жауапкершілік «Біреудің алдында парызым бар» не болмаса «Мен біреулерге жауапты болдым» деген мағынаны білдіре ме? Қайсысы дұрыс деп ойлайсыз.

10. Барлығына жауапты болу деген өте ауыр жүк емес пе? Қалай ойлайсыз.

Ортақ қорытынды. Жауапкершілік адам бойындағы жоғары қасиеттердің бірі. Жауапкершілік қоғамға, қоршаған адамдарға, әлемге, істеген ісіне, табиғатқа және өз-өзіне жауапты екенінді білдіреді. Мен барлығына жауапты болсам, осы жауапкершілікті менімен бөлісетін барлық адамдар екендігін білемін. Ал, бірлесе арқалаған жүк оңай екенін халқымыз бекер айтпаса керек. Сондықтан, жауапкершілік бәріміз бір тұтас екенімізді ұмытпауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.А.Мукажанова, Г.А.Омарова. Мектепте «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі. Мұғалімдерге арналаған оқу-әдістемелік құрал /қазақ тіліне аударған З.К.Шалғынбаева /- Алматы. «Бөбек» ҰҒПББСО, 2013 ж.
2. «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы». Халықаралық педагогикалық оқулар материалдары. (31 қазан - 1қараша, 2012 ж.) Алматы, 2012 ж.
3. «Өзіндік таным» журналы. «Самопознание KZ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал.
4. С.М.Муралимова. «Өзін-өзі тану» бағдарламасының рухани-адамгершілік тәрбие жүйесіндегі маңыздылығы.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Г.Прмагамбетова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ, «Инновациялық дамуды әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімінің бас маманы

Қазіргі таңда әлеуметтік және психологиялық ғылым аймақтарының негізгі зерттеу мәселелерінің бірі – тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері. Профессор Е.С.Кузминнің тұжырымдамасына сүйенсек, адамның енуі, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуындағы, дамуындағы, негізгі бастау көзі болып келеді.

Адам жаратылысы өзге жаратылыстардан ерекше, дара, жоғары дегенмен адамдар қауымдасқан ортада шоқтығы биік, тұғыры жоғары тұлғалардың, қазақы тілмен айтқанда сақаның болатыны анық. Ата-баба жүріп өткен жолымызға көз салатын болсақ та осы бір ақтаңдақ ізді көреміз. Мәселен, елді билеген көсем, сөзді билеген шешен, әділдікті шешкен би мен қазылар дегеннің барлығы біз сөз еткелі отырған тұлғалардың тұрпаты. Қазақта мұндай елге үлгі, көпке өнеге адамдарды бір ауыз сөзбен жақсылар мен жайсаңдар дейді. Бұл біз айтқалы отырған ғылыми тілдегі тұлға. Ғалымдардың пайымдауларына сүйенсек, адамдардың әлеуметтік-психологиялық мінездемелеріне байланысты тұлғаның ең негізгі құрылымдық компоненттері ретінде мыналар есептелінеді: сана, мінез, қабілет, интеллект, темперамент, тәжірибе, өзін-өзі бақылау. Бұл, тұлғаның бойынан табылатын қасиеттер. Ал, бұрын тұлғаны сөзге тұруына, мәрттігіне, тектілігіне, шешен сөйлеуіне және батырлығына қарап анықтаған. Көбіне тұлға тұқымқуалайды деп есептеген аталарымыз «тек» текке жібермейді деген ұғым айналасынан шыға алмаған. Сондықтан, дінді және ел билігін белгілі бір рулардың ұрпағына табыстап отырған. Алайда, бұл тұлғаны қолдан күштеп

жасауға көптеп саяды. Мұның дәлелін Ақ патша Үкіметі тұсында Ғ.Мұратбаев, Қ.Сәтбаев секілді тұлғалардың қарапайым отбасынан шығып, шоқжұлдыздай жарқырауымен түсіндіруге болады.

Ғылыми тұрғы да осыны дәлелдейді. Болашақ тұлғаның әлеуметтенуі әсіресе интенсивті түрде болашақ және жасөспірімділік кезеңде дамиды, ал тұлға дамуы жалпы егде жасқа дейін созылады. Қоғам дамуы тұлғаның индивидуалды дамуына жол сілтейді, ал жалпы әлеуметтенуге әр әлеуметтенуші өз үлесін қосады. Тейяр бойынша, адамзаттың болашағының тарихының маңыздылығын қазіргі қоғам дамуына тәуелді болып табылады. Тұлғаның әлеуметтенуі индивидуалды дәрежеде бірнеше үрдістен тұрады:

1. Адамдардың тұлғалықтары өзара әсерлесу арқылы қалыптасады. Бірақ олардың өзара әсерлесу мінездемесі жас, интеллектуалды дәреже, жыныс тағы сол сияқты факторларға өз әсерін тигізді.

2. Қоршаған орта да баланың тұлға болып дамуына септігін тигізеді.

3. Тұлғалық жеке бас индивидуалды тәжірибе арқылы қалыптасады.

4. Тұлғаның құрылуына әсер ететін аспект болып мәдениет саналады.

Негізгі әлеуметтену феноминдеріне мінез-құлық стереотиптерін игеру, істегі әлеуметтік нормаларды игеру, дәстүр – қызығушылықтарды, құндылықтарды, бағыттарды т.с.с. игеру жатқызылады. Ал, әлеуметтенудің негізгі институттары ретінде: жанұя, мектептік мекемелер, формалды емес ұйымдар, жоғарғы оқу орындары, еңбек ұжымдары т.с.с. есептелінеді. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуында әсер ететін қарым-қатынас,

таным, еңбек деп қарастырылатындықтан әлеуметтену тұлға дамуының үрдісі ретіндегі үш негізгі аймақтың ортақ мінездемесі болып индивидтің сыртқы ортамен әлеуметтік байланысын кеңейту болып табылады. А.Н.Леонтьевтің пайымдауынша, адам әлеуметтенудің бүкіл үрдісінде көптеген іс-әрекет түрлерімен айналысады. Мұнда үш негізгі маңызды үрдіс өтіледі. Біріншіден, бұл әр іс-әрекет түрінде болатын және оның түрлері арасындағы байланыс жүйесінде бағдар болады. Ол әр тұлға үшін маңызды іс-әрекет аспектісін анықтауы, игеруі болып табылады. Осындай бағдардың жемісі ретінде іс-әрекетті тұлғалық таңдау деп атауға болады. Оның негізінде екінші үрдіс туындайды, яғни, негізгі таңдалған іс-әрекет төңірегінде орталықтану және басқаларды оған бағынышты ету. Үшіншіден, іс-әрекетті жүзеге асыру барысында тұлға жаңа рөлдерді игеріп, олардың мәнділігін игереді. Осындай жаңартулардың қысқаша мәнін іс-әрекет жүйесіндегі дамушы индуктивті көрсетуде оның іс-әрекет субъектісі ретіндегі мүмкіндіктерінің кеңею үрдісі айқындалады. Осы мәселе тұрғысындағы зерттеулерде мақсатты білім алу үрдісін қарастыру негізгі сауалдарды құрайды. Өкінішке орай, оның әлеуметтік-психологиялық аспектісі жағынан зерттеу мәліметтері аз. Әлеуметтену контекстінде қарастырылатын екінші аумағы қарым-қатынас та оның іс-әрекетпен тығыз байланыста болғандықтан әлеуметтенуді кеңейту, ұлғайту жағынан қарастырады. Қарым-қатынасты кеңейту ретінде адамның басқалармен байланысқа түсуін ұлғайту деп түсіндіріледі, ал осы тереңдету ретінде монологтық қарым-қатынастан диалогтікке көшу, децентрация, яғни қарым-қатынас жасаушыға бағдарлана алуы, оны нақты қабылдай алу мүмкіндігі қарастырылады. Әрине, тұлғаның өмір сүру барысында қарым-қатынас ету ерекшелігі оның қоғамдағы статусын, жақындағылары арасындағы орнын белгілейді.

Біз осылай әрбір балаға тұлғаға тән қасиет ендіріп, қалыптастыруымыз керек. Себебі, қоғамда тұлғалық ұстаным қалыптаспайынша мәдени де, рухани да тіпті әлеуметтік тұрғыдан да дами алмаймыз.

Сондықтан, субъектінің іс-әрекеті – жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының факторын толық зерттеуіміз керек. «Жеке тұлғаның дамуының маңызды факторларын сөз еткенде және бұл процесте тәрбиенің орны ерекше екенін баса айтқанда, адамды ортаның әсерімен тәрбие ықпалының пассивті объектісі деп қарастыруға болмайды», - дейді ғалымдар.

Кей кездерде педагогиканың тәрбие туралы кейбір еңбектерде балаға сыртқы педагогикалық әсерлердің әр түрлі формалары мен әдістері туралы айтылып, осы әсерлердің арқасында пайда болатын баланың ішкі дүниесі ескерілмей келетіні туралы мағына жатыр. Жеке тұлға өзінің қалыптасу барысында өзіндік дамуының объектісі ғана емес, сонымен қатар субъектісі де екенін ескеру керек. Сана мен іс-әрекеттің тұтастығы материалистік диалектика мен психологияның ең маңызды заңдылығы болып есептелінеді. К.Маркс адам жағдайдың пассивті жемісі емес, ол қоршаған ортасын, жағдайларды және ізін белсенді түрде өзгерте алады деп жазған болатын. Демократиялық педагогиканың классиктері де (И.Г.Песталоцци, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, т.б.) жеке тұлғаның өзінің белсенділігіне, оның шығармашылық-қайта құру іс-әрекетіне үлкен мән берген. Белсенділік адамның табиғи қасиеттерінің бірі болып табылады. Психологияда белсенділікті іс-әрекет деп атайды. Жеке тұлғаның белсенділігі оның қажеттіліктерінен туады (материалдық және рухани, жеке немесе қоғамдық қажеттіліктер). Адамның белсенділігінің жануарлардан айырмашылығы оның қажеттіліктері сәби жасынан бастап-ақ қоғамдық қажеттіліктермен реттелінеді.

Адамның белсенділігі (немесе оның іс-әрекеті) оның себеп-салдарымен, мақсат пен міндеттерін дұрыс қоя білуімен, оларды орындау құралдарын дұрыс таңдай алуымен байланысты. Белсенділіктің өзіне және жеке тұлғаның қоршаған орта мен тәрбиелік (сыртқы) әсерлерге қатысты ішкі ұстанымдарына байланысты ол әр түрлі бағыттарда қалыптасуы мүмкін. Егер, оқушының осы әсерлерге деген көзқарасы теріс болса, ол тәрбиешісі қалағанынан қайшы бағытта дамиды. Мысалы, мұғалім оқушылардың білімін тексеру кезінде оқушының бағасын төмендетіп қойса да, оқушы оған ренжіп қалады. Мұндай жағдайда мұғалімнің үлгерімді жақсартуға шақырған әрбір сөзі оқушыда жасырын, кейде тіптен ашық қарсы әрекет тудырады. Тәрбиеші, оның педагогикалық әсері ішкі өрісте, яғни тәрбиеленушінің санасы мен сезіміне оң әсерін тигізбесе, барлық жағдайларда әрдайым осылай болып отырады. Осының нәтижесінде, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында көрініс табатын барлық әсерлер мен ықпалдар екі топқа – ішкі және сыртқы болып бөлінетін болды. Органың әсері мен тәрбие жеке тұлғаның дамуының сыртқы факторларына жатады. Табиғи әсерлер – бейімділік пен әуестік, сонымен қатар, адамның сезімдері мен күйзелістері, оның сыртқы әсерлердің ықпалымен пайда болатын сылтаулары мен қажеттіліктері – барлығы ішкі факторларға жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың өзара байланысының нәтижесі болып табылады.

Егер, тәрбие жеке тұлғаның өз өзімен жұмысы кезіндегі белсенділігіне деген іштей ықпалына әсер ететін болса, онда оның жеке тұлғаның дамуында шешуші рөл атқара алатыны түсінікті. Осы бейімділік пен өсіп келе жатқан адамның жеке тұлға ретінде жетілуіне деген өзіндік ынтасы ғана түбінде оның дамығанын анықтайды. Осылайша, бұл шын мәнісінде, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі

тәрбиелеу сипатына ие болады. Л.Н.Толстойдың адамның дамуын жемісті ағаштың өсуімен салыстыруы тегін емес. Өйткені, сөздің тура мағынасында оны ешкім өсірмейді, ол өздігінен өседі. Адам тек қана топырағын қопсытады, тыңайтқыштар себеді, артық бұтақтарын кеседі, яғни оның өзіндік дамуына мүмкіндік беретін қажетті сыртқы жағдайларын жасайды, ынталандырады. Ал, өзіндік даму өзінің ішкі заңдары бойынша жүреді. Жеке тұлғаның өзіндік дамуына қоршаған орта мен тәрбие секілді сыртқы факторлар әсер етсе де, бұл факторлар оның ішкі дүниесіне оң әсер еткенде ғана және оның өз-өзімен жұмысы кезіндегі өзіндік белсенділігін ынталандырған жағдайда ғана жеке тұлғаны дамытып, қалыптастыра алады. Осы бір аса күрделі процесс тәрбиенің персонификациясы (лат. тіл. ауд. - жеке тұлға) деген атауға ие болды. Тәрбиенің персонификациясы дегеніміз – ақпараттық мазмұндағы, адамның тұтас модусын (модус – қажеттіліктер, мақсат-мүдделер, наным-сенімдер, бағалау критерийлері, ынта-ықыластар) құрайтын саналық-психологиялық және идеологиялық процестердің, қасиеттермен қатынастардың әр алуан түрлері бар жеке тұлғалық факторлардың мінез-құлығын әлеуметтендіріп, реттейтін өзара әрекет күрделі де қарама-қайшылыққа толы болады. Персонификация әлеуметтенудің антиподы ретінде оған қарама-қайшы емес, ол әлеуметтенудің бар болуының ішкі механизмі болып табылады. Осылайша, жеке тұлғаны әлеуметтендіретін сыртқы факторлар, соның ішінде тәрбие де, жеке тұлғаның өз өзіменжұмысы кезіндегі өзіндік белсенділігінің ішкі механизмдерімен, яғни оның қажеттіліктерімен, сенімдерімен, мақсат-мүдделерімен өзара тығыз байланыста болғанда ғана оның дамуы мен қалыптасуына әсер етеді. Баланың, оқушының белсенділігі іс-әрекеттің әр алуан түрлерінде көрінетіні психологияда дәлелденген. Өмір барысында қарым-

қатынас, таным белсенділіктері, өзін-өзі жетілдіру мен қоршаған өмірді түрлендіру, өзгерту белсенділіктері дамиды. Кішкентай баланың өзі де пассивті емес түрде өмірдің жағдайларына бағынады. Ол өзінің талаптарын орындатқанда (үлкендерге) белсенді, ол қоршаған адамдарға қатысты өз түзетулерін енгізеді. Ол адамдарға деген (ұнату, ұнатпау) және заттарға деген (керек, керек емес, жақсы көретін, жақсы көрмейтін) өзіндік жеке тұлғалық қатынасын көрсетеді. Бұл қатынастар оның іс-әрекетінде жеке тұлғаның өзгешелігін жасай отырып пайда болады. Қарым-қатынас – генетикалық түрде баланың белсенділігінің ең ерте белгісі. Адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктері осы қарым-қатынаста көрінеді. Онда адамдарға деген қатынастың көптеген алуан түрлі реңктері бар: ата-анаға, мұғалімдерге, таныстарына, таныс емес адамдарға, құрдастарына, өзінен кішкентайларға, достарына. Бала өзіне дос таңдайды, ол адамдардың белгілі бір шеңберімен қарым-қатынас іздейді, ол басқаларға ықпал етеді. Ұжымда ол кейде ұйымдастырушы, кейде орындаушы болады. Қарым-қатынас белсенділігі жеке тұлғаның ең маңызды жақтарының дамуына жағдай жасайды, олар-адамгершілік, қайырымдылық, қамқорлық, өз өзі үшін, адамдар алдындағы өз істері үшін жауапкершілік. Баланың дамуы барысында жеке тұлғаның танымдық белсенділігінің өрісі кеңейіп, тереңдей түседі. Кейбір заттардың қасиеттерін тану үшін оларды қолына ұстап көргеннен кейін бала «Бұл не? Бұл кім? Қалай аталады?» деген сияқты сұрақтар сұрай бастайды. Бұл сұрақтардың жауабы балаға заттар мен құбылыстардың жалпы мәнін ашып береді. Мектептегі жүйелі оқыту баланың таным белсенділігінің қалыптасуы мен тереңдеуіне мүмкіндік жасайды, сыныптан сыныпқа көшкен сайын оқушы өз бетінше білім игеруге, оларды практикалық іс-әрекетте еркін пайдала-

ну қабілетіне ие болады. Оқыту барысында біртіндеп оқушының ойлау қызметінің әдіс-амалдары қалыптасады. Орта және жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігі зерттеу жұмыстарында, тәжірибелік ұйымдастыруларда, іскерлік қызметте көрініс табады. Адамның белсенділігі қоршаған өмірге ықпал етеді, болмысты қайта құру мен өзгертуге бағытталады. Әлеуметтік белсенділік дегеніміз осы. Жеке тұлғаның белгісіне айналып, бұл белсенділік қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ғылыми жаңалық, өнер-тапқыш, жаңашылдықтың бастауы мен қозғаушы күшіне айналады. Жеке тұлғаның белсенділігінің аталмыш бағыттары оқушының әр алуан іс-әрекеттерінде көрініс табады: оқу-танымдық, еңбек, қоғамдық-пайдалы жұмыстар, ойын, эстетикалық, спорттық-сауықтыру. Оқушының іс-әрекетін парасатты, педагогикалық дәл және дұрыс ұйымдастыру оның белсенділігінің барлық бағытта дамуының бастауы болып табылады. Әрбір баланы белсенді қайраткер орнына қойып, оны баланың барлық күшін белсенді жұмсауға, іс-әрекеттегі баланың жеке тұлғаға сай өзгешелігін зерттеуге, жеке тұлғаның потенциалды мүмкіндіктерінің ашылуына барынша көмектесуге мүмкіндік туғызатын іс-әрекетті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерімен қаруландыру – осының бәрі баланың дамуының нәтижелілігін қамтамасыз ететін тәрбиенің басты қызметі. Сондықтан, жеке тұлғаның белсенділігін жан-жақты қалыптастыра отырып, тәрбиеші сол баланы өзіне одақтас етіп алады. Оқушының қажеттіліктеріне негізделген тәрбие мен өзіндік тәрбие процестері – ең жағымсыз деген сыртқы жағдайларды жеңе алатын күш. Жеке тұлғаның дамуы үшін баланың қарқынды іс-әрекеті қажет. Алайда, кез келген іс-әрекет баланың қабілетін, дарынын, мінез-құлық белгілерін, білік пен дағдыларын дамыта алмайды. Мысалы, мыңдаған балалар күні бойы музыкалық гаммаларды ойнайды, бірақ музыкант

бола алмайды. Баланың қабілетін оята алмайтын репетиторлық жұмыстар қаншама. Немесе тағы бір мысал, төменгі сыныптарда балалардың көбісі едәуір ынталы, бірақ жоғары сыныптар да ондай балалардың саны аз. Қабілеттіліктің дамуы үшін өз барысында баланын бойында жағымды сезімдер туғызатын іс-әрекет қажет (В.Е.Чудновский, В.С.Юркевич). Ал мұндай көңіл-күйге түсу (немесе басқа да) жұмыстан пайда болған сүйсіну сезімімен сипатталатын танымдық қажеттіліктермен байланысты. Дарынды бала белгілі бір жұмыс пен міндет үшін емес, баға үшін емес, жарыста немесе олимпиадада жеңу үшін емес, сол жұмыспен айналысқысы келетін болғандықтан жетістікке ұмтылады, яғни ол балада жағымды сезімдермен байланысты қажеттілік бар. Мұндайда қазақ атамыз болар бала жасынан деп бағалап жатады. Осыған байланысты әдебиеттерде өте сирек айтылып жүрген жеке тұлғаның дамуының тағы бір бастауы өзіне көңіл аудартады. Бұл – жеке тұлғаның мәдени ұстанымдарынан бастау алатын өз-өзіне деген қалыптастырушылық, жасампаздық ықпал-әсері. М.Князеваның ойынша, адамның өзін-өзі дамыту күштері жеке тұлғаның дамуының ең маңыздысы болып табылады. Оның пікірінше өткен ұлы адамдардың өмірбаяны, күнделіктері, естелік жазулары, сырлары, хаттары өзін өзі қалыптастыру, өз өзіне талап қою жұмысында аса зор күш жұмсағандарының дәлелі бола алады, ал ол қасиеттер олардың кәсіби еңбектерінің бастауы болып, өмір жолында әрдайым серік болған»... адам тек қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамды ғана қалыптастырып, түрлендірмейді. Адамзаттың бүтін тарихы – өзін-өзі қалыптастыру мен қайта құру». Сонымен, жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі, қалыптасуының өзара байланысы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ғылымда жеке тұлғаның мәні, оның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін факторларды түсіндіретін әр түрлі көзқарастар кезде-

седі. Ғалымдардың жеке тұлғаның қалыптасуында биологиялық (тұқымқуалаушылық) және әлеуметтік факторлардың (орта, тәрбие), сонымен қатар іс-әрекет пен қарым-қатынастың орны ерекше деген қорытындысы еш дау туғызбайды. Сонымен, жеке тұлғаның дамуына және қалыптастыруына әсер ететін факторлар төмендегідей болып келеді.

Қазіргі ғылыми көзқарас бойынша баланың жеке тұлғалығы тәрбиенің объектісі ретінде де, субъектісі ретінде де қарастырылады. Оның объект болу себебі, оның қалыптасуы сыртқы ықпал-әсерлерге, әсіресе, тәрбие мақсатты әсерлерге тәуелді. Субъект болу себебі жеке тұлғаның белсенділігінсіз, сыртқы ықпал-әсерлерге деген белсенді ықпалынсыз даму ілгері жүрмейді; тағы бір себебі: адамның дамуы өзін-өзі дамыту процесінде ғана жүзеге асады, сондай-ақ жеке тұлғаның дамуында өзін-өзі тәрбиелеудің де алар орны ерекше (сол субъект қалағанындай жеке тұлғаға тән белгілі бір қасиеттерін қалыптастыру мақсатында өз бетінше жұмыс).

«Қазіргі заманғы зерттеулер дарындылық тұқымқуалау арқылы берілмейді дейді. Н.И.Дубининнің айтуы бойынша, дарындылық болу үшін «Жөнді универсалды генетикалық бағдарлама» керек: ал, оның аса мол потенциалын жүзеге асыру үшін, әсіресе жеке тұлғаның дамуының өте ерте кезеңінде, қолайлы жағдайлардың болуы маңызды. Бала өмірінің алғашқы үш-бес жылын ғалымдар «Ұлы бастаулар уақыты» деп атайды. Адам психикасының сырттай көріністерінің қасиеттері өмір барысында қалыптасады, сондықтан оларды ата-ана, педагогтар және баланың өзі қадағалап, реттей алады», - дейді мамандар. Бұл біз сеніп тапсыратын болашақтың жүрер жолы, бағыт бағдары ғана емес, бүгінде біздің мойынымызда тұрған міндет, қарыз деуге болады. Сондықтан, әрбір баладан тұлға жасау үшін күн сайын бірнеше сағат уақытымызды бөлуіміз

керек. Сонымен қатар, біз тек өз баламыздың ғана емес, қоғамның да тәрбиешісі екеніміздің ұмытпайық. Өйткені, өзгенің жат қылықты баласы сіздің балаңызға әсер етуі мүмкін. Бұл балаға берген тәлім-тәрбиеңізді желге

ұшырады деген сөз. Қазақтың «қырық үйден тыйым» деген сөзінің астарында үлкен мән-мағына бар демекпін, өсіріп отырған ұл-қыздарымызды еліміздің салиқалы, тәрбиелі, саналы азаматы етіп тәрбиелейік демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Жарықбаев. Психология. Алматы: Білім, 272 б, 1993 ж.
2. Л.С.Выготский. Психология. М: Апрель Пресс, 1008 с, 2000 г.
3. Ф.Н.Гоноболін. Психология. Алматы: Мектеп, 232 б, 1976 ж.
4. К.А.Оразбекова. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. Алматы: «Дәуір», 554 б, 2000 ж.
5. А.А.Крылова. Психология. Москва: 584 с, 2000 г.
6. А.Г.Асмолов. Психология личности: Принципы общепсихологического анализа. Учеб. для студ высш. учеб.заведений. М: Смысль, 416 с, 2001 г.
7. А.Н.Сукова, А.А.Дергеча. Социальная психология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / под. ред. М: Академия, 600 с, 2001 г.
8. В.В.Богословский. Жалпы психология. Алматы: Мектеп, 350 б, 1979 г.
9. С.Рубинштейн. Жалпы психологияның негіздері, II басылым, Мәскеу, 302 б, 1946 ж.
10. Н.Елікбаев. Ұлттық психология: көмекші оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 96 б, 1992 ж.

Аннотация

Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу факторларын қарастыру. Шығармашыл тұлғаның дамуына маңызды алғашқы эстетикалық құндылықтарға сипаттама беріледі.

Аннотация

Рассмотрение факторов, пробуждающих личность к самовоспитанию. Характеристика особенностей главенства эстетических ценностей для развития творческой личности.

Abstract

Consideration of the factors awakening the personality to self-education. The characteristic of features of domination of esthetic values for development of the creative person.

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОҚУШЫНЫҢ СУБЪЕКТИВТІ ҰСТАНЫМЫНЫҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТЫ

Н.Төлегенова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚОБ ПҚ БАИ,

«Инновациялық дамуды әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімінің жетекші маманы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан, оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игере білуі тиіс», - деп көрсетілді.

Қазіргі заманғы күрделі әлеуметтік ортаға жастардың бейімделе білуі, тұлғааралық өзара қарым-қатынастарға тез кіре алуы, өз мүддесін басқалардың мүддесімен тең жағдайда қоя білуі, қызметтестерімен жақсы өзара қарым-қатынас және ынтымақтастық жасай білуі, өз еңбегінің нәтижесі үшін батылдыққа, ойлау дербестігіне, әлеуметтік жауапкершілікке ие бола отырып ақпараттың үлкен ағынына жеңіл бейімделу мен идеяларды еркін жүзеге асыра білуі тиісті мектеп түлегіне жаңа талаптар қояды. Жоғарыда келтірілген қасиеттер өзіне тән, өздігінше дамуға қабілетті шығармашыл тұлға ғана өмір сүруге, өзін-өзі көрсетуге және ақиқатты көрсетуге қабілетті.

Жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық көзқараста тұлға, дербестік, жеке бас сияқты ұғымдар маңызды

орын алады. Субъектілікке ден қою жаңа теориялық ағыммен емес, жеке тұлға – дегеніміз субъектілік феномені екендігін түсінумен байланысты. Бұл оқушының дәстүрлі оқыту нысаны ретінде емес, білім субъектісі ретінде ұстанымын өзгертеді (Субъект бұл өзін және қоршаған орта ақиқатын тану мен түрлендіруге, саналы және шығармашылық белсенділікке, еркіндікке ие жеке бас немесе топ).

Субъектінің нысаннан айырмашылығы неде? Субъект белсенді әрекетке бейім, ал әрекет ету нысаны енжар, белсенділік танытпайды, тек жоғары жақтың бұйрығын орындайды. Субъектінің белсенділігі өзінде, яғни өздігінен орындалатын іс-қимылдарға қабілеттілікті білдіреді. Егер де, оқушыда бұл қабілеттілік дамымаған болса, онда мінез-құлық енжарлығы орын алады. Ал, оның салдары жеке адам мен қоғам үшін қандай зардаптар әкелетіні бәріне белгілі: оқуға, өмірге қызығушылықтың төмендеуі, нашақорлыққа, виртуальды компьютерлік ақпаратқа бағынушылық т.б. Мектепте енжар оқушы өзінен өзі тұйықталады, шеттетіледі, мазақ, агрессия, манипуляция нысаны болып қалады. Нысан өзінің қайталанбастығын жоғалтады және басқа нысандарға теңестіріледі.

Біздер мұғалімдер жиі барлық мектеп өмірінің оларда бағдарламаланғанын және бастамашылықты тұншықтырғанын, субъектіліктен айырғанын, конфеормизмді жақтағанын ұмытып, біздің түлектеріміздің дамымай қалғанына, дербессіздігіне, жетілмегендігіне қынжыламыз. Осылай қалыптасқан тұлғада жауапкершілік пен дербестік,

бастамшылдықты өзінің қолға алу шеберлігі, басқаның көзқарасынан социумда іс-қимыл жасау қабілеттілігі қайдан шығады?

Біздің ойымызша, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының басты міндеті – шығармашыл, өздігінен дамитын, әлеуметтік білімдар тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасау. Мұғалім ғылыми өзіндік әрекетті үйренушілермен субъект аралық қатынастар негізін құруға ұмтылуы тиіс.

Ол оқушыларға субъектілік рөлді меңгеруге және өзінің субъектілік өкілеттіліктерін пайдалана білуге көмектесуі тиіс.

Мұғалім оқыту үдерісін көкейкесті және оқушылардың субъектілік тәжірибесін байытуға негізделіп ұйымдастыруы тиіс. Оқытудағы оқушының субъектілігі деп:

- оқуда белсенді ұстанымның орын алу қабілеттілігін;

- ғылыми қызметке өзінің (позитивтік) көзқарасының қалыптасушылығы, оны жүзеге асырудың жеке стилін жасай алуын;

- ғылыми мақсаттарға қол жеткізу үшін жеке тұлғалық және еріктік күш-жігерді жұмылдыру қабілеттілігін;

- ғылыми қызметті жобалау, жоспарлау және болжам жасау қабілеттілігін;

- ішкі оң себеп-салдар негізінде өзінің танымдық белсенділігін қалыптастыру қабілеттілігін айтамыз.

Бейнелеп айтқанда, оқушы өзі үшін мұғалімге айналуы тиіс, бір мезгілде «мұғалімде», «шәкіртте» болуы тиіс. Оқытуда оқушының субъектілік ұстанымын қалыптастыру үшін оқу үдерісінде оқушы оқу қызметін мұғалім тарапынан басқарудан өзін-өзі бақылауға, сыртқы бағалаудан өзін-өзі бағалауға өтетіндей етіп құруы тиіс. Оқытуды ұйымдастырудың мұндай логикасы мұғалімнің де (ол сабақ берушіден оның тұлғалық өсуін, танымдық белсенділігі мен дербестігін ынталандыратын және жағдай жасай-

тын фасилитаторға, оқушының көмекшісіне айналады), әрі оқушының да (ол оқу үдерісінің белсенді және мүдделі қатысушысы болады) көзқарастарының өзгеруіне әкеледі.

Педагогикалық қызметте алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ізденістік, шығармашылық, жобалық жұмыстарды пайдаланып, оқытудағы мектеп оқушысының субъектілік ұстанымын жобалап қана қоймай, жаңа педагогикалық технологияларды іске асыруға мүмкіндік беретін жеке, топтық танымдық қызмет әдісін кеңінен қолдану қажет. Топтағы жұмыстар оқушыларға субъектілік өкілеттігін пайдалануға көмектеседі, ғылыми әрекетті жобалау, қолда бар мақсаттар негізінде іс-қимыл бағдарламасын құру, міндеттер қалыптастыру және оларды шешудің нақты құралдарын табу қабілеттілігін дамыту үшін жағдай жасайды. Топтарда өзіне және өз жолдастарына талап қоюшылық, ұжымдастық, жауапкершілік сезімі, өзара көмек және басқаларды ұятқа қалдырмауға ұмтылыс айқын көрінеді. Олар мұндай сабақтарда өздері жайлы және өте сенімді сезінеді. Оқушылар топта өте жақсы жұмыс істей алатын болғанда, олармен сабақ-семинар, практикалық сабақтар, конференция, рөлдік ойын жүргізу өте жеңіл, әрі ыңғайлы.

Семинар-сабақтарда («Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары», «Химиялық байланыс түрлері», «Көмірсутектердің табиғи көздері», «Биологиялық белсенді қосылыстар», «Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесі және периодтық заңы» және т.б.) міндетті түрде әрқайсысының сұрақ қоюға, жауап беруге, өз пікірі болуына және оны айтуға қорықпауға, ал егер қаласа оны өзгертуге құқы бар еркін талқылау, сұхбат жүреді. Сабақты өткізудің мұндай формасы оқушының субъектілік көзқарасын қолдайды. Бостандық жоқ, таңдау жоқ немесе оқушы оларды қолдана білмейтін кезде – ол басқаларға тәуелді болады. Алдымен

қарапайым іс-қимылдарда сұрақ беру, өз пікірін білдіру, еркін болуды үйрене келе оқушы біртіндеп күрделі істерде (практикалық, танымдық, зерттеушілік қызметте) өз мақсаттары мен құралдарын анықтауда еркіндікке үйренеді.

Сабақтан тыс уақытта оқушыларға шығармашылық жұмыстар (рефераттар, хабарламалар, бақылаулар, зерттеулер, тәжірибелер) ұсыну. 8 сыныпта «Химия кабинетіндегі техникалық қауіпсіздігі» тақырыбына шығармашылық жұмыстар (ертегілер, суреттер, сөзжұмбақтар, өлеңдер, байқаулар) жүргізіледі, 9 сыныпта оқушылардың өздері заттардың электрөткізгіштігін өлшеуге арналған аспаптарды құрып, дайындайды. 11 сыныпта «Адам және қоғам өміріндегі жоғарғы молекулалық қосылыстар» тақырыбы бойынша топтық жобаларды қорғайды.

11 сынып оқушылары сыныптағы түрлі қызметтерін болжайтын, балаларды өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық дағдыларына, қарым-қатынас амалдарына үйренетін курстың зерттелетін

тақырыптары бойынша мультимедиялық презентациялар әзірлейді. Шығармашылық жұмыстарды орындау оқып-үйренушілерге өзін танытуға көмектеседі, жағдайды талдауға, өз іс-қимылдары үшін мақсатты нұсқауларды таңдауға, шешім қабылдауға, өз еңбегінің нәтижесі үшін жауапкершілікті мойына алуға көмектеседі.

Осылайша, біздің пайымдауымызша, оқытудағы мектеп оқушысының субъектілік көзқарасын жоспарлау жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады. Өз әрекетін және мінез-құлқын жобалау мен болжау, шешім қабылдауда белсенді болу қабілеттілігін, жауапкершілігін және жеке мүдделер теңгерімін сақтауға өмірлік мәселелерді шешу кезінде жолығады. Сонда, біздің түлектер ересектер әлеміне аяқ баса отырып өмірлік мәселелерде дәрменсіз, енжар, жігерсіз болмай, әлеуметтік өмірде өз орнын табуда сенімділік орнайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж, 17 қаңтар. «www.bnews.kz».
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 26.12.2003 ж. - 332-333 бб.
3. К.Жолдыбекова. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту /К.Жолдыбекова // Қазақ тілі мен әдебиеті. - №11. - 2003 ж. 99-102 бб.
4. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. Астана: ЕҰУ, 1998 ж, 378 б.
5. Шығармашылық дербестікті қалыптастыру. Қазақстан мектебі, №10, 2007 ж, - 31 б.
6. Г.К.Селевко. Современные образовательные технологии. М., Народное образование, 1999 ж, 58 б.

Аннотация

Мақалада қазіргі таңда мектептеріндегі химия пәні аясында оқушының әлеуметтік құзырлылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Оқушының субъективті ұстанымын жүзеге асыруда – оқу үдерісінде оқушылар мұғалім басшылығынан өздігінен басқарушылыққа, сыртқы бақылаудан өзіндік бақылауға, сыртқы бағалаудан өзіндік бағалауға көшуі қажет.

Аннотация

В статье рассматривается проблема формирования социальной компетентности выпускника современной школы в процессе изучения курса химии. Автор отмечает, что для формирования субъектной позиции ученика в обучении учебный процесс должен быть построен таким образом, чтобы ученик переходил от управления со стороны учителя учебной деятельностью к самоуправлению, от внешнего контроля к самоконтролю, от внешней оценки к самооценке.

Abstract

In article the problem of formation of social competence of the graduate of modern school in the course of studying of a course of chemistry is considered. The author notes that for formation of a subject position of the pupil in training educational process has to be constructed so that the pupil passed from management from the teacher with educational activity to self-government, from external control to self-checking, from an external assessment to a self-assessment.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ЖҮРГІЗУДЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Е.Атабаев

Қармақшы ауданындағы №30 О.Шораяқ атындағы мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәрбиеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да, әр мұғалім өз әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Қазақстанның тәуелсіз

мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен тауып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп отыр. Ал, жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады.

- I кезең – оқып үйрену;
- II кезең – меңгеру;
- III кезең – өмірге ендіру;
- IV кезең – дамыту.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту;
- барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
- оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Жас ұрпаққа білім-тәрбие беретін бала жанының бағбаны – мұғалімдер қандай болуы керек және олардың еңбегі қалай өлшенуі керек дегенді ой елегінен өткізіп көрелік.

Біріншіден, мұғалімнің ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуы ләзім.

Екіншіден, мұғалімнің ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын оқушы, шәкірттеріне анық, тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі шарт.

Үшіншіден, мұғалім өз оқушыларына беделді, ұжым арасында сыйлы болуы тиіс. Әрдайым, оқушылармен әдептілік қарым-қатынаста болғаны жөн.

Төртіншіден, мұғалім теорияны өмірмен байланыстырып, ғылым мен тәжірибені әрдайым өзі беретін күнделікті сабағына кеңінен пайдалану қажет.

Бесіншіден, мұғалім үнемі өз бетімен оқып, педагогика, әдістеме жаңалықтарымен танысып, өзінің ой-өрісін кеңейтіп, білімін толықтырып отыруы керек. Осы қағидаларды әрбір мұғалім тұрақты ұсынып отырса, мұғалімнің күш-қуаты, көңіл-күйі әрдайым жоғары болады да сабақ беру сапасы арта түседі, еңбегі жанады. Ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да

жауапты, шығармашылық еңбек екендігін еске алсақ, олардың жемісті, әсерлі жұмыс істеуі үшін үкімет тарапынан үнемі оқулықтармен, көрнекті дидактикалық, техникалық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Педагогикалық технологияны қолдану білімді сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларға ірге болуға нақты негіз болып, әрбір мектепке өзіндік тұлғасын табуға, әрбір мұғалімге өзіндік әдістемелік жүйесін құруға себептілігін тигізеді.

«Инновация» ұғымына жалпы энциклопедияның жаңа басылымында «Инновация» жаңалық, жаңару – техникалық және технологиялық жетістіктер мен ашылымдардың немесе жаңалықтардың іс жүзіндегі қолданысы» деген анықтама беріледі. Ал, сөздікте «Новация» – бар нәрсенің ішінара жаңаруы, яғни қандай да бір бөлігінің, қасиетінің, байланысының өзгеруі» делінсе, «Инновация» – мүлдем жаңа нәрсе, жаңалық» ретінде пайымдалады. «Инновация» сөзі латын тіліндегі *in* (ішінде) *novus* (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде қолданып жүрген инновациялық технологияның негізіне жататындар: әрбір білім алушының жеке және дара ерекшеліктерін ескерту; оқушылардың қабілеттері мен шығармашылығын арттыру, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру. Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу

арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Жинақтай айтсақ, ол – оқыту методикасына әдісіне жаңа элементтер ендіру, оның нәтижелігі арқасында уақытты тиімді пайдаланып, сапалық биікке көтеру. Мұғалім-оқушы арасындағы жаңа, өзіндік педагогикалық ынтымақтастық жолдарын табу, дарынды, уақытша үлгерімі төмен оқушылармен жеке, топтық жұмыс жүргізудің жаңа әдістерін өндіру. Мұғалімнің пәндер, ғылымдар арасындағы байланысты жетілдірудегі өзіндік үлесі, оқушыларға білім стандарттарын оқыту мазмұнын игеруіне тиімді өзіндік бақылауы, талдауы. Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге байланысты, мұғалім ізденісіне байланысты. Қазіргі жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған негізгі проблемалар бар:

- баланы оқи білуге үйрету;
- баланы ойлауға үйрету;
- баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Осыған сай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер болып жатыр. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында тізесін тең ететін білім. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесі қойылып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа

идеялармен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз. Егемен Қазақстан жағдайында халқымызды дене тәрбиесі оның ішінде ұлттық спорт пен ойындар арқылы салауаттық өмірге баулу, денсаулығын жақсарту, бұқаралық спортты дамыту, салт-дәстүрді сақтау, елін-жерін сүйеге тәрбиелеу жолдарын ғылыми негіздеу осы жұмыстың өзекті бағыты болып табылады.

Қазақтың ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан, оны пайдалану тек қозғалмалы біліктілік, дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларынан қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады. Мұндай жағдай Қазақстан Республикасының оқушыларының көпшілігінде ұлттық спортпен, ұлттық ойындармен, дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға деген мұқтаждықтың, осы саладағы өз бетінше жүргізілетін сабақтардың ғылыми негізделген әдістемесінің жоқтығын, сонымен қатар көптеген жалпыға міндетті білім беру мекемелерінде, мектептерінде (әсіресе, ауыл мектептерінде) оқудың материалдық базасының нашарлығынан, оқушылардың оқитын орындары да қашықта болғандықтан, мектептен тыс сабақтар мүлдем жүргізілмейді. Осы жоғарыда айтқан мәселелердің бәрі аталған тақырыптың әлі де болса жан-жақты толық зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып,

төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөлуге болады. Қажетті ойындарды өтілетін сабақ не жаттығудың алдында тұрған педагогикалық міндеттеріне байланысты таңдап алу қажет. Дене тәрбиесі сабағында және жаттықтыру кезінде қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық ойындарын қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Ұлттық және эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыра отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, батылдыққа және салауатты өмірге тәрбиелеу. Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол. Ұлттық ойындар жаттығулар көмегімен оқушыларды жаттығуға керек психикалық күйге түсіреді. Көңіл-күйді көтеру, көңілдену, тактикалық ойлауды дамыту, сыртқы қоршаған ортаны тез сезіну, келешек істелетін жұмыстарға дайындалу, жинақталу қасиетін қамтамасыз етеді.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңартады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз куу», «Тоғызқұмалақ», «Соқыр теке», «Асық ойыны», «Теңге алу» т.б. балалардың енбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның

үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары жеткіншек ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі дене шынықтыру практикасында ғасырлар бойы сомдалған және сыннан өткен халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін пайдалану қажет. Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарын пайдалануда мен күнбе-күнгі сабаққа әзірлену кезінде белгілеп, сабақ жоспарында көрсетіледі. Ойындарды негізінен сабақтың басында да, ортасында да, соңында да пайдалануға болады. Осыған орай, оқушылардың дене шынықтыруы мен ынта жігерлерін арттырудың тамаша құралдарының бірі өз ұғымдарына түсінікті қимыл ойындары болып келеді. Алғашқы бірнеше сабақ бойы ойыннан негізгі материалға, одан қайта ойынға, одан қайта негізгі материалға ауысып отыру керек. Мысалы: қолдың, аяқтың, кеуденің негізгі қалыптары мен қозғалыстар сабақтарында байланысты жаттығулар өткен кезде «Хан талапай» ойынын пайдалануға болады. Бұл ойын балалардың тыныс мүшелері мен бұлшықеттерінің жетілуіне, жүгіруге үйретеді. Олардың жеңіске деген ерік, қайраттарын шыңдауға, батылдыққа, тапқырлыққа баулиды. «Жүгіру және жүру» сабақтарында өткенде «Хан мен уәзір» ойынын ойнатамыз.

Алғашқы сабақтар бағдарламаға сай өткізіліп, оқушылар бағдарламаны дағдылы меңгергеннен кейін оны қалыптастыру, бекіту мақсатында «Теңге алу» ойынын ойнатуға болады. Ойын жүйріктікке, тапқырлыққа негізделген. «Сапқа тұру және қайта

өзгерту» сабағында «Қасқыр қақпан» ойынын ойнатамын. Бұл ойынды сабақтың бірінші жартысында пайдалануға болады. Осы ойын оқушыларға сап құрып тұруды үйретеді, математикада үйренген сандарын тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады. Шапшаң жүгіру, икемділікпен, айлакерлікке, шешімділікке, мөлшерлей білуге үйретеді. Бұл ойындардың мақсаты оқушылардың барлық денелерін қозғалысқа келтіруді қамтамасыз етеді. Ал, ұзындыққа, биікке секіру сабағында халқымыздың ежелгі ойындарының бірі – «Қарғымақ» ойналады, аталған тақырыптың алғашқы сабақтарында оқушылар секіру жаттығуларын меңгеріп біраз тәжірибе жинағаннан кейін ойналады, ойын көбінесе сабақтың екінші жартысында пайдаланылады. Осы сияқты гимнастика сабақтарында «Үлпек» пен «Тайлақ» ойынын ойнатамын. Бұл ойын байырғы халықтың ойыны, ойын өте қарапайым, мұнда оқушылардың гимнастикалық жаттығуларға лайық барлық түрі бар. Ойындарды әр сыныптардың жас ерекшеліктеріне, күш қозғалыс дамуына байланысты өзгерістер енгізіп, ойын күрделене түседі. Әдетте, арнайы берілген жаттығулар оқушыларға қиын соғады, олар оны орындай алмайды, ал ойын түрінде өтсе олар қиындықты тез меңгереді. Егерде, оқушылар өздерін еркін ұстап, сабаққа белсене қатысса, онда бұл сәтсіздікті тез жеңуге болады. Ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабағында пайдалану 5-7 сыныбындағы дене шынықтыру сабағындағы оқушылардың бастауыш сыныптарда алған білімінің негізінде өрістетіледі. Олай болса, бұл сыныптардағы дене шынықтыру сабағында қолданылатын ойындарды бастауыш сыныптарда пайдаланған ұлттық ойындарды күрделендіру арқылы жүргізіледі. Сабақ кезінде оқушылардың ішкі позициялық көзқарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда, сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір

мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;
- Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар.

Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен, оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан, оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сондықтан, мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі басты назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерлерге дейін еңбек етуін ойластыру. Мысалы: мектептегі 8-сыныпқа жүргізілген іс-тәжірибеде мына нәрселер айқындалды. Сабақ барысында сынып оқушыларын 2-топқа бөліп, сабаққа өте белсенді және орташа белсенділеріне әртүрлі тапсырмалар берілді. 1-топтағы оқушыларды баскетбол ойынында шабуылшы болуға, 2-топтағылар қорғаушы болуға дайындалды. Нәтижесінде: өте белсенді және орташа белсенді оқушылар тапсырманы орындап шықты. Соған байланысты әр топтағы оқушылар деңгейіне, шамасына қарай бағаланды. Оқушылардың біліктілік деңгейіндегі кемшіліктер бірте-бірте

деңгейлік тапсырмалар беру арқылы жетілдірілді. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Осылай, ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «Даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсақ, «Кім шапшаң?», «Мен жеңімпаз!», сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолдандудың орны орасан болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады. Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда

сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен, «Дене шынықтыру пәні не берді?», - деген сұраққа: «Қимыл-қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді», - дер едім. Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану. Осы технологиялардың шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады. Дене шынықтыру сабағында сабақты ойын түрінде ұйымдастыру керек. Осы арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады. Күтілетін нәтиже – дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтары артады. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, эстетикалық талғамы артады. Дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарға сергіту сәтін алуға болады. Тәжірибе де 6-сыныптарға өткізілген «Тәуекел» атты ұлттық ойынымен байланыстырып өткен сайыс сабағында, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталуды, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарлайды. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісіне болатына көз жеткізеді. Сабақты қызықты өткізу үшін интерактивті тақта арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағаланады. Кейін сабақ барысын: «Бәйге» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келулері керек. Оқушылардың бұл бөлімінде сабаққа деген қызығушылығының

артуымен бірге, қимылға машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлуметтік маңызы зор. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие аңғарылады. Қазақтың ұлттық ойындары болып саналатын «Тоғызқұмалақ», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Хан дойбысы» сынды түрлерін де түрлі дәрежедегі спорттық сайыстарға қысылмай қоссақ, ештеңеден ұтылмаймыз. Жастардың ұлттық сана-сезімінің дамуында ұлттық ойындарының орны айрықша. Ол үшін дене тәрбиесі пәнін өз мәнісінде жоспарлап өткізу өте қажет. Келер ұрпаққа тәуелсіз рухына сайысы пәндерге өзгерістер енгізсек нұр үстіне нұр болар еді. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Қазіргі сабаққа ұлттық ойындарды кіргізсек, оқушылар өз халқының ойындарымен танысып, оны өздері ойнап білген болар еді. Сонымен, түйіндеп айтарым, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы – оның шығу тарихы, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі

бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде. Зерттеу жұмысында жаңа идеяларды қолдана отырып, орындалатынына жұмыс бағытын қамтиды:

1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру;
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту;
3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмыспен сабақтастыру;
4. Оқушының ұлттық рухын қалыптастыру;
5. Оқушының санасын, сенімін, өмірге көзқарасын, білімін арттыру;
6. Оқушының пайым-парасатын, ойлау қабілетін қалыптастыра отырып жалпы және дене мәдениетін қалыптастыру.

Жұмыстың нәтижесі:

1. Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады;
2. Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді;
3. Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті және намысқойлығы артады;
4. Жан-жақты дамуға қол жеткізеді;
5. Салт-дәстүрді құрметтейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жалпы білім беретін мектептің 1-11 сыныптарына арналған дене тәрбиесінің бағдарламасы. Алматы. Рауан, 1993 ж. 99 б.
2. Т.С.Сабыров. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: п.ғ.д....дисс. 13.00.01. - Алматы, 278 б, 1996 ж.
3. К.Ж.Бұзаубақова. Мұғалімнің инновациялық технологиялар. Алматы, 2002 ж.
4. Т.Мейірманқұлова. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы, 2000 ж.
5. К.С.Құдайбергенова. Құрлықлық табиғаты – тұлғаның өзіндік дамуында. Алматы, 2006 ж.
6. Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. Алматы, 1992 ж.
7. С.К.Құрманбаева. Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі. Алматы, 2004 ж.
8. А.С.Атабаев. Ұлттық ойындар. Ж.Егізбаев. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор. Кітап, 2006 ж.

**АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА
ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ****Г.Прмаганбетова***Қызылорда қаласындағы Болашақ Университетінің «Шетел тілдер» кафедрасының оқытушысы*

XXI ғасырда оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеріп білу – қазіргі заман талабы. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», - деген болатын. Осыған орай сабақ барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқушылардың білім деңгейін арттыру, шығармашылықпен жұмыс істей отырып заман талабына сай терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары шәкірттерді тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнін біліп қана қоймай, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауатты болуы қажет. Ол мұғалім білім беруде заман талабына сай жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстазға айналады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған». [1]

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық

технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар, олар (электрондық оқулықтар, интерактивті тақталар, аудио және видеокұралдар, компьютерлер, кейс технологиясы, слайд лекция, тесттік бағдарлама, интернет бағдарламасы және телекоммуникациялық желілер).

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Білім – болашақ бағдары, кез келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгеру құзыреттілігін қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютер-

лік оқыту бағдарламаларына негізделді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынас жасауына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданысқа енуі мен қалыптасуы жақсы әсерлерін береді. Ақпараттық технологияның негізгі талабының бірі – оқушыларға ақпараттық білім беру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын заман ағымына сай бейімдеп тәрбиелеу, қалыптастыру. Ақпараттық-коммуникативтік технологияда оқыту үрдісінің функциялары оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологияларының негізгі бағыттары:

- электронды оқулықтар;
- телекоммуникациялық технологиялар;
- мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;
- қашықтықтан оқыту және басқару.

Ақпараттық технологияларды пайдалану белгілі тақырып мазмұнын ашуда және білімін жетілдіруде мәліметтер көлемін ұлғайтады:

1 Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

2. Әр түрлі оқу орнында отырып бір-бірімен байланыса отырып, білім ала алады. ҰБТ тапсырмалары мен емтихандар сұрақтарын пайдаланады

3. Оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

Ақпараттық технологияларды пайдалану дидактикалық пән бойынша базалық білімді меңгеруді, алған білімді жүйелеуді, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыруды, жалпы оқуға деген

ынтасын арттыруды, оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру мәселелерін шеше алады. Ақпараттық технологиялар мен инновациялық педагогикалық әдістерді біріктіру білім берудің сапасы мен тиімділігін арттырады, білім беру жүйесінің білім алушылардың деңгейі мен даму ерекшеліктеріне сәйкестігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру үшін сабақ барысында мынадай үдерістерді қолдану тиімді:

- оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекетін компьютерлік ойындар және т.б.) сабақта жиі қолдану;

- проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедия-технология, интерактивті құрылғылар) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

«XXI ғасыр – ақпарат ғасыры» болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда мектеп пәндерін компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу ең басты орын алады. Бұның себебі, оқыту процесінде туындайтын компьютерлік сауаттылықтың педагогикалық-психологиялық жаңа проблемалары әлі толық шешілмегендігінде. Ақпараттық-коммуникациялық техно-

логияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды.

Компьютер және интерактивті құралдар арқылы өткізіліп жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға үйретіп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби өсуіне, қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі ақпараттық қоғамдағы, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады.

Қазіргі заманда ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген мұғалім өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасай алатын болуы тиіс.

Жалпы ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқыта отырып, оқушыны кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілеттілігін қалыптастыруға, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, бүгінгі заманға лайықты болуға қалыптастыру. Ал, оны қалыптастыру мұғалімдерге, яғни біздерге байланысты.

Оқушының бәсекеге қабілетті болуы тікелей білімге де байланысты.

Интерактивті құралдар оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Біз жаңа технологияға өркенді елдердің көптен бері пайдаланып келе жатқан интерактивті құралдарды қолданып отырмыз. Бұл – Қазақстанның алға қарай дамуының белгісі.

Мұғалімнің оқу процесінде, яғни практикалық сабақтарда интерактивті құралдарды қолдану оның жеке тәжірибесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Қорытындылай келе, ақпараттық-коммуникациялық технологияны орынды пайдалану оқыту сапасын дамытып жетілдіруге көмектеседі.

Мұғалімнің белгілі бір нәтижеге жетуі шәкіртінің білімімен анықталады, яғни оқушы алған білімін әрі қарай жетілдіріп, қажетіне қолдана алуы болып табылады. Заман талабына сай жаңа инновациялық технология әдістерін үйретіп, бағыт-бағдар беруші – ол әрине мұғалім. Оқушылар жаңа үрдістерге, жаңа оқуға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Мұғалімге жүктелер міндет өте ауыр, тек өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкірттерінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (Ел Президентінің халыққа Жолдауы), Астана, 2007 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
3. С.Т.Мұхамбетжанова, М.Т.Мелдебекова. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы, ЖШС Дайыр «баспасы», 2010 ж.
4. Б.Б.Жолдасова. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. «Білім» баспасы, №5.
5. Ж.Садыбекова. «Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі», «Информатика негіздері» журналы. 4-5 бб, №4, 2008 ж.

XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ РЕТІНДЕ ТАНЫЛҒАН SMART ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ш.Қ.Қожахат¹, Б.А.Досжанов²

Қорқыт Ата атындағы Мемлекеттік университеті, Инф-14-1м(п) магистранты¹

Қорқыт Ата атындағы Мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.²

Технологияның қарқынды дамуы біздің сөздік қорымызға жаңа ұғымдарды енгізді. Солардың қатарында үлкен де, кіші де жиі қолданатын Смартфон, Смарт теледидар, Смарт мектеп, т.б. атауға болады. Біз бұл құрылғылардың басқаларынан қандай айырмашылығын аса тереңдеп біле қоймасак та бірақ соларды алуға тырысамыз. Сонымен Smart дегеніміз не? Smart ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Ал технологиялық сипатта да осы мағынада жұмсалады. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атаймыз. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады. Smart оқыту – оқытудың жаңа түрі, қарқынды дамып келе жатқан бірегей үдеріс. Бұл әлеуметтік желілер арқылы білім алу, алмасу, жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту қызметі, оқушыға бағытталған, бағдарланған, орталықтандырылған оқыту ортасы, ең соңында Smart құрылғыларды пайдалана отырып оқыту деген тұжырымдарды қамтиды. Алдымен Smart, технология ретінде танылып дамыды. Біз ең бірінші, мобильді құрылғы мен Smart технологияның ара жігін ашып алайық. Mobile – ағылшын сөзі, қозғалмалы, икемді деген мағынан береді. Мәселен, бұл сөз автомобиль, аэромобиль, мобильді телефон деген сөздерде жиі кездеседі. Сонымен мобиль – адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік

беретін құрылғы. Қазір біз өмірімізді осы мобильдік құрылғыларсыз мүлдем елестете алмаймыз. Ақпараттың мобильдік құрылғылар арқылы дамуы ақпараттық ортаның қарқынды дамуына, сол арқылы мобильдік құрылғыны пайдаланушылар санының бірнеше есе артуына алып келді. Соған байланысты интернет дамыды, сымсыз интернет пайда болды, осыған орай мобильдік құрылғының қосымшаларын үлкен қарқынмен дамытып отырған әлемдік нарық қалыптасты. Smart оқыту ортасын қалыптастыруда назар аударатын бірқатар ұғымдар бар. Ең алдымен, Smart learning – ақылды оқыту, Кибер білім алу – онлайн тәртібінде білім алу түрі, танымал құрылғы – ультрабук, яғни ноутбуктің жетілген түрі, салмағы 900 грамм, контент – ақпараттық ресурсты немесе веб-сайтты кез келген маңызды мазмұнмен толықтыру. Контент мәтін, мультимедия, графика болуы мүмкін, клауд компьютерінг – қолданушыларға интернет сервисі ретінде ұсынылатын мәліметтерді өңдеу технологиясы, Smart жұмыс – АКТ көмегімен уақытқа, кеңістікке шектелмей, ыңғайлы жұмыс істеу. Біліктілік арттыру – «өмір бойы білім алу» идеясының негізгі тетігі, тиімді жүйесі. Адамның өмір бойы білім алуы міндетті түрде жоғарғы оқу орнын тамамдап, диплом алу емес, өмір бойында біліктілік арттыру арқылы өзін-өзі жетілдіріп отыруы, тұлғалық қажеттіліктеріне сәйкес білім алуы. Бүгінгі күні біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан біліктілік арттыру аса өзекті. Себебі бұл маманның негізгі жұмысынан қол үзбей-ақ білімін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды кеңінен

алып қарастыратын болсақ, оның негізінде XXI ғасырдың жаңа парадигмасы, басымдығы ретінде танылған Smart education жатыр. Сол себепті де біздің бүгінгі әңгіме өзегі – Smart education. Smart технологиясын біліктілік арттыру жүйесінде қолданудың қандай мүмкіндіктері бар деп ойлайсыздар? Біздіңше, біліктілік арттыру жүйесінде Smart технологиясын қолданудың алғашқы қадамдары жасалған. Қазіргі уақытта біліктілік арттыруда күндізгі оқытумен қатар қашықтықтан оқыту түрі тиімді қолданылып жүр. Бұл дегеніңіз педагог маманның оқу-тәрбие үдерісінен, отбасынан қол үзбей, білімін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Мектептердің шағын жинақты екенін, ондағы мамандардың санаулы ғана әрі педагог мамандардың басым көпшілігі әйел қауымынан екендігін ескерсек, оқытудың бұл түрінің мейлінше тиімділігіне көз жеткізе түсеміз. Осы қашықтықтан оқытуда берілетін дәрістерге байланысты бірқатар ұсыныстар енгізуге болады. Курс төрт модульден тұрса, соның ішінде нормативтік, психологиялық-педагогикалық, технологиялық модульдердегі берілетін дәрістердің бірнеше альтернативтерін ұсыну жүйесін жасауға болады, мұғалім дәрістердің ішінен өзіне ыңғайлысын, ұнағанын таңдап алып орындайды. Бұл әрі оқытушылардың арасында бәсеке-лестікті қалыптастырады, әрі оқу сапасының артуына әкеледі. Сол арқылы оқытушылардың рейтингісін қалыптастыруға болады. Тағы да бір ұсыныс ретінде Smart технологиясы арқылы мектеп кітапханашыларының аудандық желілік байланысын құруға болады. Сол арқылы оқырмандар конференциясын, басылымдардағы соңғы жаңалықтарды, оқырмандардың талап-тілектері мен пікірлерін жинақтауға мүмкіндік зор. Мұғалімнің құзыретін кеңейту мақсатында білім жүйесіндегі өзгерістерді қамтитын курстардың базасы болу керек. Мұғалім жылына бір рет міндетті түрде сол курстардан өтіп,

біліктілігін арттырып, сертификат алса, бұл сертификаттардың мұғалімнің осы оқу жылында жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін құзыреті болады. Бұл – заңнамалық жағынан қолдауды қажет ететін маңызды мәселе. Әр оқу жылы басталған сайын мұғалімнің дайындығын осылайша анықтауға мүмкіндік. Жалпы Smart оқыту білім жүйесіндегі соңғы технология болғандықтан, оның мүмкіндіктерін әлі де тереңдеп зерттеуді қажет етеді. Smart құрылғыларды өздігінен қалайша басқарып үйренуге болады? Қандай тиімді жолдарын ұсынар едіңіздер? Smart құрылғыларды өздігінен басқарып үйрену өте жеңіл. Ең алдымен қолданушыларға айтар кеңесім еш қорқынышсыз қандай да бір кедергілерге қарамастан, техникалық құрылғыларды пайдалана беру керек. Себебі қазіргі техникалық құрылғылар адамның тәжірибесінің болу-болмауына қарамастан, сезім деңгейінде пайдаланып, керегіңізді ала білуіңізге мүмкіндік береді. Бұл құрылғыларды құрастырушылар адамның пайдалануын мейлінше жеңілдетуді қарастырған. Құрылғы пайдалануға ыңғайлы әрі жеңіл болған сайын оны пайдаланушылардың да саны арта түседі. Қазіргі уақытта өзіміз күнделікті қолданып жүрген смартфон, планшетті компьютерлер, нетбуктер, электронды кітаптар, смартбуктер және тағы да басқа құрылғыларға арналған операциялық жүйенің негізгі әзірлеушілері Android System-ді Google, iOS-ті Apple және Windows Mobile операциялық жүйесіндегі Microsoft болып табылады. Бұл операциялық жүйелердің барлығының да өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Осылардың ішінде ең танымалы Android болып табылады. Android платформасы түрлі өндірушілердің көптеген құрылымдарына орнатылған. Android-тің операциялық жүйесін Samsung, LG, Lenovo, Acer өнімдерінің барлығынан да байқауға болады, ал iOS тек қана Apple компанияларының өнімдерінде ғана кездеседі. Сондықтан

да өте аз таралған Windows Mobile тек Nokia смартфондарында ғана болады. Қандай құрылғыны алсаңыз да, желілік технологиялар әлемінде интернетсіз, желілерсіз Сіздің құрылғыңыз көңіліңізден шығатынына күмәнім бар. Сіздің смартфоныңыз, планшетіңіз ең алдымен, шапшаң ақпарат жеткізу, алу, тарату көзі. Сондықтан да сіз оның барлық мүмкіндіктерін тек интернетке қосылу арқылы ғана бағалап, пайдалылығына көз жеткізе аласыз. Бұл құрылғылардың артықшылығы сонда – Сіздің кез келген жерде жүріп-ақ ақпарат алуға мүмкіндігіңіз бар. Сізде мен бұл ақпараттарды компьютердің көмегімен де ала аламын деген ой болуы мүмкін, бірақ сіз кез келген жерде, кез келген ортада, автобуста, жүріп бара жатып, ас ішіп отырып, серуендеп жүріп компьютерді пайдалана аласыз ба? Компьютер бұл жағдайда қолайсыздау. Смартфондарды мінсіз құрылғы деп атауға да болмайды, олардың да өзіне тән кемшіліктері бар. Мәселен, Смартфон оқуға өте ыңғайлы, бірақ мәтінді жөндеуге, түзетуге келгенде қолайсыздық тудырады, дегенмен жұмыс істеуге болады [1].

Smart education – бұл ортақ стандарт, келісім мен технология негізінде Интернет желісіндегі бірлескен білім берушілік әрекетті жүзеге асыру мақсатында құрылған оқу мекемелері мен профессорлық-оқытушылық құрамының бірлестігі. Яғни бұл контентті бірлесіп құру және пайдалану, бірлесіп оқыту деген сөз. Сондай-ақ, Smart education, немесе «жетелі оқыту», - бұл барлық әлемнің контентінің көмегімен еркін кіруге болатын интерактивті білім ортасындағы икемді оқыту. Smart education ұғымының мәні – білімнің кең көлемді қолжетімділігі. Өз кезегінде, «жетелі оқытудың» мақсаты –білім беру процесін электронды ортаға көшіру арқылы оқыту процесін тиімді ету. Мұндай тұрғы оқытушының білімін көшіріп алып, әрбір адамға қол жетімді етеді. Оқыту әр жерде және үнемі қол

жетімді болады. Кітаптық контенттен белсенді контентке көшу «жетелі электронды оқытуға» көшудің тағы бір жағдайы болып табылады. Білімді электронды түрде берудің нәтижелілігі артады. Ғылым мен техниканың жылдан жылға кең өріс алып, жедел қарқынмен дамуы, білім мен дамудың негізгі көрсеткіші болып табылатын адами капиталымызды артуына алып келуі тиіс. Осы орайда ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданысын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып, аталмыш оқыту жүйесіне жаппай көшу арқылы білім беруді жетілдіру керек. Себебі 2014 жылғы 17 қаңтардағы ҚР Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында басты басымдылық ретінде ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту, оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп белгілеген болатын [2].

Барлық операциялық жүйелердің өзіндік серверлері бар, онда ақылы және тегін қосымшалар орналасқан. Бұл қосымшалардың саны өте көп, ойын қосымшаларынан бастап, ғылыми кітаптар мен әдебиеттерге дейін онлайн/офлайн қосымшаларды қамтиды. Бүгінгі қолданушылардың басым көпшілігі өздерінің гаджеттерінің мүмкіндіктерін толық пайдалана ала алмай отыр. Мәселен, бұл құрылғылар адамның барлық қажеттіліктерін өтеуге бағытталған. Сондықтан да сіздің денсаулығыңыздан бастап диетаңызға дейінгі аралықты бақылап отыратын мүмкіндіктері бар. Біз құрылғымыздың сервистерін пайдалану үшін алдымен құрылғыдағы өндірушінің серверінде тіркелуіміз

керек. Қосымшаларды пайдалану үшін сізге өндіруші серверінің операциялық жүйесінде жеке тіркеуден өту қажет. Мәселен, Android жүйесін қолдану үшін сізге Google компаниясының Gmail пошталық серверінде тіркеуден өту керек, себебі Android Google компаниясының жеке меншігі болып саналады. Сондықтан да Google сіздің жеке бас мәліметтеріңізді сақтауға жауапкершілікті алады. Бірақ бұл өзіңізге қатысты барлық деректерді толығымен енгізу деген сөз емес, себебі бұл жағдайдың сіз үшін тиімді әрі қауіпті тұсы болуы мүмкін. Сонымен құрылғыны жедел басқарып, мүмкіндіктерін толық пайдалана алатын іскер қолданушы болуы үшін Youtube-тен өз құрылғыңыздың операциялық жүйесінің нұсқаулығымен танысып шығуға болады. Интернетте көбірек жұмыс істеп, өзіңізге ыңғайлы браузерді (интернетте жұмыс істеуге арналған бағдарлама) пайдалануға болады. Ал, педагог мамандарға күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде мультимедияны пайдалану тиімді. Мультимедиа – ақпараттың сақталатын құралы. Сандық құралдың әрекеті, мысалға латын тілінде мәтін, жазу-сызу, аудио, анимация және видео деген ұғымды білдіреді.

XXI ғасыр – технологиялар ғасыры болып отыр. Мобильдік құрылғылар, Интернет желілері өмір сүрудің қарапайым күнделікті дағдысына айналып, ақпараттық технология адам өмірінің маңызды бөлшегі болып кірігіп кетті. Сандық қоғам, сандық орта қалыптасты. Дамыған мемлекеттер технологияларды адам игілігіне пайдалану мүмкіндіктерін мейлінше арттырып жатыр. Интер-

нет желілері адамның әр түрлі бағытта дамуына мол мүмкіндік береді. Адам үйде отырып-ақ, кәсіпкерлікпен де, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де, шығармашылықпен де айналыса алады. Әлеуметтік желілер арқылы адамның өзінің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жол ашылды. Ақпараттық қоғамда адамның өзіндік ойлауы, әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарап, ыңғайлы жол таба білуі маңызды болып табылады. Соның нәтижесінде интеллектуалды экономика қалыптасып, технологияның қарқынды дамуына мүмкіндік туып отыр. Бұл өзгерістер алдымен, білім саласына тікелей байланысты. Соған орай білім берудің жаңа философиясы қалыптасып, модернизация қарқынды жүріп келеді. Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту smart оқытуға ауысты. Орта білім беруде оқушылардың өздігінен дербес білім алуына басымдық берілсе, біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан оқыту, корпоративті оқыту кеңінен қанат жайды. Ендігі міндет – сол алған білімнің адамға қызмет етуіне мүмкіндік беретін smart оқыту ортасын дамыту.

Адамның жақсы білім алуын, табысты оқуын, ақыл-ойының дамуын жоғары дәрежеде ұйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен қортындылағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Orleu.pvl.kz.
2. В.А.Даулетова. «Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі». Орал қаласы.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
4. «Информатика негіздері» журналы №1, 2007 ж.

ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ПРЕПОДАВАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ В ШКОЛЕ-ЛИЦЕЕ №5

А.Избасова

г. Кызылорда, Директор школы-лицея №5 им И.В.Панфилова

Принципиальные изменения, произошедшие в мире за последнее время, затронули и казахстанскую систему образования. Система образования требовала изменений и реформ. Реформы в системе образования направлены на модернизацию общества в соответствие современным требованиям. Новые требования современного общества, глобализация мировых процессов способствуют изменению отношения к процессу обучения и преподавания. И сегодня одна из главных задач школы – обеспечение современного качественного образования на основе сохранения его фундаментальности и соответствия актуальным перспективным потребностям личности, общества и государства. Меняется мир, и вместе с ним меняются и дети, поэтому время предъявляет к педагогу новые требования. Программа Кембриджского Университета способствует достижению современного образования профессионального подъема и интеграции для того, чтобы наши ученики обладали навыками учеников XXI века и стали воздействующими учениками, адаптированными к реалиям современного общества. Принимая во внимание быстрые изменения в мире и системе образования, я считаю, что не только молодым учителям, но и опытным педагогам нужно совершенствовать свои знания и навыки, а для этого необходимо создавать условия для профессионального развития учителя. Ведь не секрет, что повышение качества работы учителя, его профессиональное развитие и компетентность является одним из наиболее эффектив-

ных способов по улучшению результатов обучения учащихся.

В прошлом 2013-2014 учебном году я прошла обучение на курсах повышения квалификации руководителей общеобразовательных организаций Республики Казахстан, организованный Центром педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». С самого начала работы: внедрения основных идей программы в школе, я столкнулась с рядом проблем. Это:

1. Необходимость развития навыков исследовательской деятельности педагогов и внедрение их результатов в образовательный процесс.

2. Низкая мотивация педагогов к прохождению повышения квалификации и проблемных курсов по актуальным вопросам обучения и преподавания.

3. Высокая потребность педагогов по изучению материалов по обучению учащихся со специальными потребностями.

4. Изучение и внедрение новых методик оценивания учеников /оценивание для обучения, критериальное оценивание, ОДО.../.

5. Развитие навыков в области ИКТ для преподавания.

6. Усиление активизации участия учителей в сетевом сообществе, программах квалификации, в программах для профессионального и карьерного роста педагогов....

7. Развитие доверительных взаимоотношений с учениками, коллегами, родителями, получение обратной связи.

Конечно, для того, чтобы проблемы нашли свое решение, изменения

вступили в силу, исходя из вышесказанного, должны работать три мощных механизма: методическая поддержка; административная поддержка и целенаправленная организация изменений в педагогической деятельности; организация принципиально другого способа подготовки учителей.

Работу в школе я начала с создания команды развития. По словам Генри Форда: «Работа в команде состоит в способности совместно работать над общим видением, в способности направлять индивидуальные достижения на цели организации. Это стимулятор, позволяющий обычным людям достичь необычных результатов».

Для этого в начале организовала встречу с заместителями директора по учебно-воспитательной работе, руководителями методических объединений и учителями 1, 3 уровня. Я была уверена, что именно эти коллеги, творчески работающие учителя, в команде с директором школы, смогут внедрить изменения в обучение и преподавание. По результатам данных анкет и определенных проблем команда развития выделила приоритетные направления работы, разработала план развития школы 1, в котором мы указали слабые места в работе школы, и начали план действия по его реализации. Это план Коучинг-сессий, план наставничества, план работы с родителями. Учителя 1 уровня стали наставниками учителей, прошедших 3 уровень курсов повышения квалификации, и так как учителя 3 уровня не знакомы с методикой «Lesson Study», наставники провели ряд Коучинг-сессий на эту тему, очень помогли в этом ресурсы, которые я получила и изучила на курсах. И что радует, учителя сразу увидели преимущества этой методики. В реализации программы по 7 модулям большую помощь оказали учителя 1 уровня. Наряду с этим были проведены коучинги по ознакомлению учителей с подходом «Lesson Study», были

определены объекты исследования, созданы малые группы учителей для проведения серии последовательных уроков по исследованию в действии.

Составленный план развития школы отражал идеи курса Кембриджского университета по внедрению новых подходов в процесс преподавания и обучения. Приоритетными направлениями плана развития школы были:

1. Необходимость профессионального развития учителей.
2. Недостаточный уровень учебных достижений.
3. Слабое вовлечение родителей в образование своих детей.

Я, как руководитель школы, координировала работу команды развития и процесс внедрения новых подходов в преподавание и обучение, способствовала овладению учителями знаний, а также применение на уроках 7 модулей Программы, методики «Lesson Study», ИКТ. Результатом работы по внедрению плана развития школы были мониторинги, исследования, анкетирование и т.д. В целом внедрение ключевых идей программы Кембриджского университета в практику школы способствовало эффективному развитию моей школы. В процессе внедрения изменений в школе-лицее №5 была организована групповая работа на разных этапах уроках. Учителя сотрудничали как со всеми учениками, так и внутри малых групп. Педагоги школы проводили комбинирование самостоятельной и групповой работы во время выполнения практических заданий. В ходе реализации подхода «Lesson Study» происходило привлечение более сильных учащихся к обучению сверстников. Широкое распространение получило интерактивное обучение. Высокую оценку учителей и учащихся получило формативное оценивание. Внедрение взаимооценки, самооценки учащихся, оценки работы в группе повысило успеваемость учащихся и вызвало неподдельный интерес к учебе.

Анализируя полученные данные, я пришла к заключению, что в результате внедрения изменений в практику преподавания и обучения учащимся комфортно работать в группах, они с интересом выполняют свои роли в группе. За короткий промежуток времени (то есть 45 минут) охватывается гораздо больший объем учебного материала за урок. В процессе групповой работы и применения различных методов формативного оценивания наблюдается рост самооценки учащихся. Работа в сотрудничестве способствует улучшению морально-психологического климата в классе и налаживает более тесные, доверительные взаимоотношения между учениками и учителями.

Любой новый процесс встречает на своем пути трудности и ограничивающие факторы. В первое время одной из трудностей была нехватка времени. Проведение уроков в новом формате требует тщательной и кропотливой подготовки, знание ИКТ, подбор большого количества раздаточного материала, правильное преподнесение ключевых идей программы 7 модулей Кембриджского университета.

Многие учителя не понимали значение групповой работы, не понимали эффективности работы в сотрудничестве. Ученики также иногда отказывались от работы в группе, хотя другие были готовы к такой форме работы. Некоторых учителей пугала сложность разработки критериев оценки работы в группе.

Совершенно новой формой оценивания работы учителей и совместного планирования урока стал проект «Голос ученика». Внедряя в практику школы данный проект, мы преследовали следующие цели:

- осмыслить мнение учеников о преподавании и обучении;
- определить проблемы и возможности создания в школах культуры открытого и безопасного диалога;

- изменить систему поощрения и наказания учащихся;

- выявить ситуацию в классе, способствующую или препятствующую процессу преподавания и обучения. В процессе общения с учениками были услышаны не только активные и «любимые» ученики, но и «молчаливые и обособленные» дети.

По окончании проекта «Голос ученика» среди учителей, принявших в нем участие, провели опрос, результаты которого подтвердили, что общение с учениками способствует:

- развитию высокой самооценки учеников;
 - позитивному отношению к школе и обучению;
 - созданию культурной среды и положительного отношения к учителям.
- Ученики школы проявили проницательность, ответственность и конструктивность в оценке работы учителей, отметив, что в результате:
- осознали, что их уважают, прислушиваются к ним и воспринимают всерьез;
 - убедились, что их мнение учитывается при решении вопросов;
 - почувствовали обретение контроля над собственным обучением;
 - выделили спектр вопросов, касающихся их собственного обучения;
 - укрепили уверенность в том, как улучшить обучение;
 - сформировали положительное отношение к обучению и школе.

Я убедилась, что общение с учениками по вопросам преподавания и обучения способствует развитию в учениках саморегуляции.

Перспективу развития моей школы в дальнейшем я вижу в работе профессионального сетевого сообщества.

Современная педагогическая практика показывает, что профессиональные сетевые сообщества являются популярным, потенциально мощным и весьма распространенным инструментом для

улучшения качества преподавания и обучения в школах. Профессиональные сетевые сообщества дают возможность педагогам обсуждать проблемы, при решении которых нельзя прийти к согласованному решению, высказывать идеи, которые стимулируют работу учителей, формируют разнообразные структуры сотрудничества, возможность работать за пределами школы и района.

В нашей школе есть творчески работающие учителя, достигшие высоких результатов в своей работе. Они являются авторами методических пособий, создателями авторских программ, кураторами учеников, победивших в олимпиадах и научных проектах. Однако опыт работы таких учителей не выходит за рамки одной школы. Их передовой опыт распространяется только внутри методического объединения. Но и методические объединения зачастую работают изолированно, не принимая опыт коллег из других методических объединений. Таким образом, учителя не имеют возможности для взаимообучения и разработки инновационных подходов. Создание профессионального сетевого сообщества предоставит нам возможность для обучения учителей, что в конечном итоге может привести к успешному обучению учеников. Функционирование сетевого сообщества будет строиться на основе доверия и активизирует деятельность всех его участников.



Защита постеров

Работа в профессиональном сетевом сообществе поможет учителям повысить свою компетентность и расширить свои педагогические знания. Учителя будут работать в сотрудничестве и оказывать друг другу поддержку. Учителя будут иметь возможность для поиска информации и обмена опытом по решению задач в выбранном направлении, осваивать новые навыки и учиться работать с новыми способами обучения. Члены профессионального сетевого сообщества будут проводить Коучинги и индивидуальное наставничество для тех, кому трудно даётся освоение новых подходов, будут обмениваться мнениями о своих попытках улучшить практику, и о том, чему научились.

Планы на будущее следующие: продолжать работу по внедрению новых подходов в процесс преподавания и обучения, продолжить исследование в действии по своей теме, оказывать поддержку коллегам и команде развития проведением Коучингов и менторинга.

Итак, подводя итоги всего сказанного, я прихожу к убеждению, что процесс внедрения новых подходов в процесс преподавания и обучения в моей школе прошел успешно. Как руководитель школы я буду развивать свои потенциальные и профессиональные способности к сотрудничеству с коллегами и участию в разработке, управлении и планировании учебной среды.



Работа в команде



Наблюдение за работой детей в группе



Педагоги на тренинге

МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

К.Тіленов

Арал ауданындағы №61 орта мектептің директоры

Қоғам дамуы мен әлемдік педагогикадағы өзгерістер мектеп өміріне де елеулі әсер етуде. Өйткені, мектеп қоғам өмірінің айнасы бола отырып, қоғамдағы құбылыстарға тікелей араласады және олардың маңыздыларын өз өміріне қабылдайды. Соның дәлелі ретінде қазіргі мектептегі инновациялық үрдістерді айтуға болады. Шығармашылықпен жұмыс істейтін ізденімпаз мұғалімдер өз практикасына білім берудің жаңа технологияларын батыл ендіруде, кейбір жекелеген ұстаздар мен шығармашылық топтар өз бағдарламаларын дайындап, отандық және халықаралық гранттарға қатысуда, көптеген педагогикалық ұжымдар тәжірибесынақ жұмыстарын жүйелі жүргізіп жатыр және бұлардың көпшілігі нәтижесіз емес те. Өкінішке орай, осы құнды бастамалардың көпшілігі мектептің жылдық және перспективалық жоспарларында көрініс таппаған, тапса да нақтылық жетіспейді. Демек, мұның бәрі сыртқы ортада болып жатқан өзгерістердің жаңғырықтары болып табылады. Бірақ, бұл мектеп өміріндегі өзгерістер тек сыртқы әсерге ғана

тәуелді, оған ішкі ықпал болмайды деген сөз емес. Сол инновацияларды жоспарлы түрде жүргізу кездейсоқ қателіктерден туындайды.

Арнайы әдебиеттерде «Менеджмент немесе басқару қызметі негізгі төрт функцияны қамтиды, олар: жоспарлау, ұйымдастыру, диагностикалау және бақылау» деп жазылған. Осы басқару функцияларының ең біріншісі жоспарлау болып табылады. Бұл – кез келген іс-әрекетті жүзеге асыру жоспарлаудан басталады деген сөз. Дегенмен, жүргізілген зерттеулер мен өткізілген өзара пікірлесулер мектеп басшыларының көпшілігі жоспарлаудың басты ұстанымдары мен негізгі қағидаларын, оңтайлы формалары мен тиімді әдістерін, маңызды бағыттары мен мәнді ерекшеліктерін білмейтінін, нәтижесінде жылдық жоспардағы көптеген міндеттер мен іс-шаралардың орындалмайтынын, орындалса да сапасы төмен болатынын көрсетіп беріп отыр.

Дұрыс жоспарлаудың маңызы туралы көптеген ғалымдар өз еңбектерінде айтып жүр. Солардың бірі, мынадай мысал келтіреді: Банкротқа ұшыра-

ған 100 фирманы зерттеу барысында барлығына ортақ бір кемшілік оларда стратегиялық жоспарлаудың жоқтығы немесе нашарлығы екендігін байқаған. Әрине, бұған кейбір директорлар «Білім беру өнім өндіретін, сапасы санымен өлшенетін сала емес» деген уәж айтуы мүмкін. Алайда, өркениеттің көш басындағы елдердің бірі Жапонияда барлық салада негізінен 1-2 жылға емес, тіпті он, жиырма да емес, 50 немесе 100 жылға жоспар жасайтынын ұмытпауымыз керек.

Сол жағдайды ескере отырып мұғалім білім беру жағдайында оқу үрдісін диагностикалау арқылы білім сапасын қамтамасыз етуге қол жеткізуі тиіс.

Жыл қорытындысын талдау – мұғалімнің күнделікті жұмысындағы көптеген жалпы ақиқаттан жеке фактілерге ауысу логикасын көрсету өзегі.

Сауатты, терең жасалған диагностикалық талдау әр мұғалімнің өз сабағының сапасымен және оқушылардың білім сапасы арасындағы байланысты көруге және өз еңбегіне сырт көзбен баға беруге мүмкіндік береді, мұғалімнің жіберген қателіктерін қайталамау жолдарын көрсетеді.

Мұндай сауатты, терең талдау болмаса, мектеп басшылары да, педагогикалық ұжым және жеке мұғалім дененің дұрыс, ненің бұрыс екенін, кемшіліктердің себептерін, ұжымның жеке жалпы істерінің нәтижелерін және келешекте кеткен кемшіліктерді болдырмау жолдарын білмейді. Бұл ұжымды ең қатерлі жағдай – жайбарақаттылыққа әкеліп соғады. Оқу жылына қорытынды жасаудың жинақталған, жүйеге келтірілген, классификацияланған мәлімет базасынсыз іске асыру мүмкін емес.

Педагогикалық талдаулар ішіндегі мұғалім үшін ең күрделі оқу жылына талдау жасау, яғни педагогтың тек әдістемелік дайындық қана емес, сонымен бірге талдау объектісін жан-жақты білуді талап етеді. Әрине, барлық

оқу-тәрбие үрдісінде барлық жұмыстардың нәтижесі мен дамуын талдау мүмкін емес. Сондықтан, талдау объектілерін негізгі бөліктерін ғана анықтау керек. Осы объектілерді блоктарға топтау қажет. Блок дегеніміз – белгілі бір мақсаттарға бағытталған жүйе. Осындай блоктардың бірі: Педагогикалық қызмет жүйесін диагностикалау.

Мұғалімнің педагогикалық іс-тәжірибесін диагностикалық тұрғыдан зерттеу төмендегі бағыттарды қамтиды:

- мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы;
- таным заңдылықтарын терең түсінуі;
- психопедагогикалық біліктілігі мен әдістемелік шеберлігін тұрақты жетілдіріп отыруы;
- өзінің педагогикалық қабілеттерін дамытуы;
- педагогикалық техникасын арттыру бағытындағы жүйелі жұмысы;
- жанашыл педагогтардың іс-тәжірибесі мен білім берудің жаңа технологияларынан хабардар болуы;
- жеке оқушылар мен сынып ұжымдарын жүйелі зерттеп отыруы;
- жаңа буын оқулықтары мен мемлекеттік бағдарламаларды оқып-үйренуі.

Осы педагогикалық қызмет жүйесін диагностикалау арқылы мұғалімнің педагогикалық іс-тәжірибесін диагностикалық тұрғыдан бағыттарын айқындауға болады. Білім беру саласындағы әртүрлі іс-әрекеттерді жүйелі түрде қолдана отырып, білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге қол жеткіземіз.

Сонымен қатар, білім сапасын арттыруда мұғалімдермен диагностикалық зерттеулерді жүргізу арқылы төмендегі сұрақтар қою арқылы анықтауға болады:

1. Мұғалімдермен диагностикалық зерттеулер жүргізуге арналған сұрақтар.

2. Түрлі жүйедегі қазіргі сабақтың әдістемесін игеру:

- жинақталған сабақ;
- лекция-сабақ;
- семинар;
- конференция;
- консультация – сабақ;
- қоғамдық білім байқауы;
- конкурс-сабақ;
- диспут-сабақ.

3. Үй жұмысын тексеру:

а) оқушылардың білімін тереңдету мен кеңейту;

ә) білімді активтендіру.

4. Алған білімді бекіту – білік-дағды қалыптастыру, байланыс орнату жолы.

5. Сабақ үстінде өз бетімен істелетін жұмысты ұйымдастыру – білім деңгейін көтерудің алғышарты. Оқушылардың өз бетінше шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру.

6. Оқу-тәрбие процесінің тиімділігін көтеру мақсатымен сабақтағы жұмысты біркелкі топтарға бөлу.

7. Әр сабақта жұмысты тиімді әдіс-тәсілдері негізінде оқушылардың білім дағдысын қалыптастыру.

8. Оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді алдын-ала ескеріп, оны жоюға жағдай жасау.

9. Күнделікті білімді қадағалау және тақырыптық білімді тіркеу.

10. Қорытынды білімді есепке алу.

11. Жалпы білім алуды, білік-дағды мен іскерлікті қалыптастыру.

12. Оқулықпен және де басқа қосымша әдебиетпен жұмысты ұйымдастыру.

13. Тіл мәдениетін дамыту:

- а) ауызша;
- ә) жазбаша.

14. Оқытудың тиімді, белсенді жолдарын қолдану.

15. Оқыту процесінің политехникалық және тәжірибелік бағытын күшейту.

16. Сабақтың тәрбиелік мүмкіндігін тиімді пайдалану.

Қазіргі уақытта қоғам, мәдениет және білімнің дамуында педагогикалық қызметтің диагностикалық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлардан көрініп отыр.

Біріншіден, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер әр түрлі оқу орындарында білім жүйесінің, оқу-тәрбие процесінің методологиясы мен технологиясын, ұйымдастыруды түбегейлі жаңартуды қажет етті. Мұғалімдер мен тәрбиешілер қызметінің диагностикалық бағыттылығы, өзіне педагогикалық жаңалықтарды жасауды, игеруді және пайдалануды қамти отырып, білім беру саясатын жаңару құралы болып табылады.

Екіншіден, білім беру мазмұнын гуманизациялаудың күшеюі оқу пәндері көлемінің, құрамының үздіксіз өзгертуін, жаңа оқу пәндерін енгізуді, үнемі жаңа ұйымдастыру түрлерін, оқыту технологияларын ұдайы іздестіруді талап етеді. Осы жағдайда мұғалімдер ортасында педагогикалық білімнің беделі мен едәуір өседі.

Үшіншіден, мұғалімдердің фактісіне және педагогикалық жаңалықта игеру және қолдану фактісіне көзқарасы өзгереді. Оқу-тәрбие процесі мазмұнының қатаң шектеулі жағдайында мұғалім тек жаңа бағдарламаларды, оқулықтарды өзіндік таңдауда ғана емес, сонымен бірге жаңа тәсілдер мен әдістерді педагогикалық қызметте қолдануға да шектеулі болады. Егер, бұрын инновациялық қызметке негізінен жоғарыдан ұсынылған жаңалықтарды қолдану ғана саналса, ал қазір ол терең зерттеушілік сипатқа ие болып отыр. Сондықтан, мектеп басшыларының, білім беру басқармасы органдары жұмысының ең басты бағыты мұғалімдердің енгізген педагогикалық диагностикалық талдау мен бағалау, оларды ойдағыдай әзірлеу мен қолдануға жағдай жасау болып табылады.

Төртіншіден, білім беру оқу орындарының нарықтық қатынасқа кіруі жаңа үлгідегі оқу орындарын,

соның ішінде мемлекеттік емес те, құру, бәсекелестікке жету мақсатында олардың дамуы мен жетілуіне нақты жағдай жасайды.

Қорыта келе, педагог тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына диагностикалық қызмет жүйесінің ерекше ықпал ететіні сөзсіз және әрбір әдіс-тәсілдің ұстаздар үшін маңызы зор. Оқушыларға сапалы білім берумен қатар ұлттық құндылықтарды ұштастыра тәрбие беру – әрбір мұғалімнің

міндеті. Мұғалім өз тәжірибесінде педагогикалық технологияның жаңа әдістемелерін пайдаланып, жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеуде педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып отыруы керек. Қайсыбір жаңа қызмет түрінің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.А.Әлмұханбетов, Я.С.Бенцион. Педагогикалық кадрлармен әдістемелік жұмыс: келелі мәселелер, тәсілдер, шешімін іздеу. Алматы, 2002 ж.
2. А.Жайтапова. Научно-методическое обеспечение профессионального роста учителей на этапе перехода к модели образования, ориентированного на результат. Алматы, 2004 г.
3. Т.Н.Макарова. Планирование и организация методической работы в школе. М.: Центр «Педагогический поиск», 2001 г.
4. Т.С.Полякова. Анализ затруднений в педагогической деятельности начинающих учителей. М.: Педагогика, 1983 г.
5. И.П.Подласый. Педагогика. Новый курс: учебник для студ. пед. вузов: в 2 кн. – М.: Гуманит. Изд. центр ВЛАДОС, 1999 г. Кн.1: Общие основы. Процесс обучения.
6. Ш.Таубаева. Формирование исследовательской культуры учителя. Алматы, 1996 г.

ЖАҢАША ОҚЫТУДАҒЫ КЕМБРИДЖ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.Әбдіхалықова

Қазалы ауданындағы №96 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бүгінгі заман талабының басты ұстанымдарының бірі – білім беруде жаңа технологияларға сүйене отырып, оқытудың ақыл-ой тәрбиесіне негізделген жаңаша әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану. Оқытудың әлеуметтік өзгерістеріне бейімделе отырып, әлемдік өркениетке қол жеткізу арқылы оқушының біліктілігін қалыптастыру. Қоғамның қазіргі дамуындағы басты үрдістерінің бірі – өз мақсатын іске асыру

кезінде заман талабын орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге қол жеткізе алатын, жас буынның жеке қабілетін дамыту және өз бетімен білім алуына қолайлы жағдай жасайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Қазіргі таңда осы айтылған мәселелер аясында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында әлемдік

тәжірибелердің талаптары ескеріле отырып, педагог мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған оқу курстары өткізіліп келеді. Соған байланысты Кембридж университеті (Ұлыбритания) мен Назарбаев зияткерлік мектептері арасындағы жасасқан бағдарламалары аясында мектептерде тәжірибе кезеңі жүргізілуде. Жүріп жатқан іргелі өзгерістердің бірі жеті модуль тұрғысында оқып үйрену.

Білім берудегі жаңа педагогикалық технологиялар. Әрбір технология өзіндік жаңаша әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Біз оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер мен әдістердің бірі ретінде «Диалог» арқылы оқыту мен «Қалай оқу керектігін үйрену» амалдарын қарастырамыз. Атақты ғалым В.М.Шепель: «Технология», бұл – өнер, шеберлік, іскерлік, әдістер мен жағдайдың өзгеруі» деген болжамдар келтірген екен. Менің түсінуімше, ұстаз үшін бұл бұрынғы тәжірибеде білетіндері жаңа әдісте жемісін бергенмен ең бастысы – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Оқушының қабілетін дамыту үшін теориялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерге сүйеніп білім-біліктілігін жетілдіру. Ендеше, оқытуда жаңа технологияны пайдалана отырып білім беру жүйесін қалыптастыру іскерліктің жаңа бір түрі болып саналады.

Сыни ойлау жүйесі. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету мен мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауы негізіне олардың оқуына байланысты таңдау жасауы мен идеялардың маңыздылығы жөнінде ойлана білу қабілеті қарастырылады. Оқушылар арасындағы сұхбаттасу және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың шәкірттердің өзіндік ой пікірін жүйелеуі мен дамуына, білім жинау жауапкершілігін түсінуіне көмектеседі. Сыни тұрғыдан ойлауды оқытудың оқушылардың бойына тұлғалық тұрғыдан асыл қасиеттерді қалыптастыруда атқаратын рөлі зор. Ой қозғау, ояту, ой жинақтау жүзеге асады. Мұғалімнің теориялық

оқыту шеберлігі өзі білген білімінің бәрін балаға тез үйретуде емес, еппен үйрете білуінде. Оның кәсіби біліктілік дәрежесі оқушының бойына жаңалыққа құштарлық сезімін ұялатып, білген үстіне біле түсуге, білімін тереңдете түсуге жетелейді. Сабақта игерілуге тиісті материалдарды өту кезінде әр оқушының жеке қабілетіне сүйенеді, ойын тұжырымдауға ерік береді, сол күнгі сабақ үстіндегі жағдайды ескеріп жедел қайта қалыптастыра біледі. Сабаққа барлық оқушыларды қатыстыра отырып, диалог, әңгімелесу негізінде құрады.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемдері. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау жетістіктері оқушының алға қадам басуына және оған қолдау көрсету үшін керек. Егер мұғалім өз пәнін жақсы білсе, онда оны оқушының бойына сіңірудің дұрыс әдіс-тәсілдерін табатыны анық. Сондықтан, мұғалімнің біліктілігі мен білімділігі, оның өз кәсібін меңгеру деңгейі жоғары болуы керек. Осы қағидалар негізінде дайындығына аса жауапкершілікпен қараған мұғалімнің жүргізген сабағы күтілген нәтижеге қол жеткізеді. Сондықтан бағдарламада сыни бағалау тәсілдері қарастырылған.

Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. Бұл бағдарламада мұғалімдер интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін ақпарат алмасу тәсілдерін желіде орындайды. Ақпараттық дегеніміз – ақпарат, жаңалық, ал коммуникациялық дегеніміз – байланыс, қатынасты білдірсе, технология – іскерлік, шеберлік ұғымдарын білдіреді екен. Мүмкін, оқулық көлемінде ғана шектелген білім, оқушының теориялық білімін күнделікті өмірімен, тәжірибемен ұштастыру, өз бетімен ойлану, өздігінен іздену кезінде мүмкіндігін тежейтін шығар. Себебі, қазіргі заманғы білім үрдісі күнделікті өмірде болып жатқан сан алуан жаңалықтармен, өзгерістермен, адамзат баласының

ақыл-ой жетістіктерімен толықтырылып жүзеге асырылуда. Қазіргі уақыт қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Бұл өзгеріс ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ескере отырып ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелерін пайдалануды мақсат етіп қояды. Осы орайда, білім саласына ғаламтор желісі, интерактивті құралдарды қолдану, электронды оқулықтар қолданысқа келді. ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры. Оқушылардың осы ақпарат жетістіктерін жан-жақты пайдалануды игеріп кетуі қоғамдағы өзгерістер мен процестерді меңгеруді жеделдетеді және жеңілдетеді. Ал, бүгінгі жас буын қоғамда жүріп жатқан ақпаратты техникалық құралдардың көмегімен тез қабылдайды. Ендеше, бұл өзгеріс біздің оқыту жүйемізге тың серпін мен жаңа екпін береді.

Дарынды балалармен жұмыс істеудің қазіргі заманғы технологиялары. Талантты және дарынды балаларды оқыту барысында олардың қабілеті мен талантын ашу өте маңызды. Бұл орайда олардың қажеттіліктерін түсінуге қатысты ой-пікірлерін және оқыту мен оқудың сараланған стратегияларын таңдау жөніндегі идеялар қамтылады. Оқушылар жүргізілген сабақтар арқылы сенімділікпен жұмыс атқарады, бір-бірлерінің пікірлерін бағалайды, мұғалімді құрметтеуге, өз мүмкіндіктерімен тұжырым жасауға, ойларын еркін айтуға, бір сөзбен айтқанда, бар ынтасымен оқуға беріледі. Нәтижесінде сабақ барысында бір-бірінің жақсы қасиеттерін үйренеді. Дарынды және талантты оқушы сабақты өзі талдайды, мұғалім тек бағыттаушы қызметінде көрінеді.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. Аталған модульді оқытуда түрлі жастағы балалардың жас шамасына қарай бейімделген сындарлы диалог жүргізу қарастырылған. Оқыту мен оқу олардың мүмкіндігіне сай өткізілетін болады. Әр

оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, ойлау қабілеті, отбасындағы даму ерекшеліктері әр түрлі. Сондықтан, оқушыларға әр түрлі талап қоюға тура келеді. Олардың өлеңдерін, эсселерін, шығармаларын оқу кезінде, оқырманға ой-пікірін ашық, ішкі дүниесін анық, еркін жеткізетінін байқайсын. Бұл ерекшелік оқытудағы қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде қол жеткізген мүмкіндік.

Оқытуды басқару және көшбасшылық. Бұл модульде мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктері, олардың өз тәжірибелері туралы ой-тұжырымдарына сүйене отырып, зерттеу, бағалау, дамыту тұрғысынан өзгерістердің іске асырылатындығына негізделген. Көшбасшылық мұғалім енгізетін өзгерістер тарапынан қарастырылады. Қоғам жедел даму үстінде. Оқыту жүйесі өзгеруде. Қазіргі заманғы білім беруге қойылатын басты талап – сапалық. Сондықтан, мұғалім көшбасшылығы оның сыни тұрғыдан ойлана білу қабілетін әр қырынан көрсетіп, деңгейін танытады.

Біз алдағы уақытта оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер стратегиясын сабақтарға кіріктіретін боламыз. «Сын түзелмей, мін түзелмейді», - деп түсіндірген ата-бабаларымыз. Ал, сыни ойлаудың соңғы кезде жиі келтірілетін маңызды тәсілдерінің бірі – азаматтардың өз бойындағы қабілеттерін өзіндік ізденіс арқылы дамыту. Бұл қағидаға өткен бабаларымыз: «Өмірдің мәні – араласу, диалог, жүздесу, түсінісу, өзінді тану», - деп жауап беріп кеткен. Бұл терең мағыналы идеяның астары «Әр ісіңе сыни тұрғыдан ойланып яғни сын көзбен қарап мініңді түзеп, түбегейлі өзгеріс жаса», - дегенді меңзейді. Бүгінгі күнгі мұғалімнің мақсаты жас ұрпақтың бойындағы шығармашылық қиял, дарын, қабілетін одан әрі диалогтік әңгімені өрбіте отырып рухани құндылығымызды қатар сіңіру арқылы дамыту. Ойшылдардың зерттеулеріне қарағанда сыни ойлау өз табиғатыңды сүю, өз ата-анаңды сүю,

бірге туған бауырынды сүю, туған жеріңді сүю, ұлтыңды, мектебіңді, сыныбыңды сүю. Меніңше, сыни тұрғыдан ойлауды оқыту арқылы адамдарды өзінің адами қасиетімен таныстыру, халық даналығы мен өсиеттерінен нәр алғызу, білімге деген ынтасын ояту, рухани жан байлығын игеру, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, жан сұлулығына, тіл сұлулығына тәрбиелеу деп түсінемін. Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ. Туған жердің тұғыры биік, босағасы берік болсын деген әрбір саналы азамат, бүгінгі жас ұрпақтың бойынан ел мен жерге, ұлт пен тілге деген сүйіспеншілікті байқаса, бәсекелестікке төтеп бере алатын азамат болып қалыптасқанына көз жеткізгені болар еді. Мен бұл жерде алысты болжаған абызымыз, данышпан Абайдың қара сөздері мен өлеңдері нағыз сыни ойлаудың мәйегі дер едім.

Әлемдік дамушы күш біздің қоғамда бәсекелестікке негізделген. «Біз дамыған елдердің қатарына қосылу үшін жаңа серпілістер жасауымыз керек. Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан, оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды», - деп тапсырма берді. Елбасымыз биылғы Жолдауында. Елбасымыздың бұл тапсырмасы Жолдаудағы басым бағыттардың бірі. Жолдаудағы мәңгілік ел идеясы осы мақсатты істерді іске асыру барысында мұғалімдерге жаңа жауапкершілік артады. Білімі мен ғылымы дамыған ел ғана өркениетті ел болуға сенімділік таныта алады. Ал мәңгілік ел идеясы ертеңге сенімділік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. /Егемен Қазақстан. 2014 ж.
2. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл». //Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, 2013 ж. №1.
3. «Педагог». //Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, 2014 ж. №3.
4. Мұғалімдерге арналған Нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2012 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ АРҚЫЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

М.Ибадуллаева

Қызылорда қаласындағы №12 І.Қабылов атындағы қазақ орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог

қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда» және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға

арналған ұлттық іс-қимыл» жоспарының мақсатын жүзеге асыруға да бағытталады. Ол мақсат оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімінің ерекшелігіне байланысты ол бастауышта оқытылатын барлық пәннің теориялық мазмұнын жетік біліп, оны оқушыларға жеткізе алатын кәсіби құзыреттілігі болмаса, ондай мұғалімнің еңбегі нәтижелі бола алмайды.

Ұлы педагогтер А.Дистерверг, А.Макаренко, В.Сухомлинский, К.Ушинский т.б. мұғалімдік еңбекті – адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік – кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың төмендегідей критерийлерін анықтаған. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қоғамның және мұғалімнің жеке ынтасы мен қызығушылығының үйлесімі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың төмендегідей мақсаттары мен міндеттерін айқындайтынын байқауға болады:

1. Кәсіби құзыретті мұғалімді дамытуда жоғары пәндік, педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік деңгейге жетудің критерийлері:

- бастауышта оқылатын пәндерге байланысты базалық білім деңгейінің болуы (кәсіби деңгей);

- мамандыққа байланысты арнайы пәндерден академиялық білім деңгейінің болуы (іргелі білім деңгейі);

- бастауышта оқылатын әр пәнді оқытуға қызығушылығының болуы (танымдық қызығушылық);

- әдістемелік және технологиялық біліктерінің базалық деңгейі.

2. Шығармашылық белсенділігін қалыптастыру:

- мәселені шешуде қалыптан тыс тәсілдерді қолдана білуі;

- мәліметтер жинау (портфолио), ілгері жылжу және болжамды тексеру, нәтиже (рефлексия);

- ғылыми ойлау амалдарын қалыптастыратын оқу және зерттеушілік сипаттағы міндеттер тізбегі (анализ, синтез, модельдеу, фондық көрнекілік т.б.).

3. Кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту:

- педагогикалық шеберлік;

- математикалық ойлау;

- қабылдау, ойлау, ес, сөйлеу, өзінің іс-әрекетіне өзі талдау жасау сияқты психиканың функционалдық тетіктері;

- ерік, жігер, темперамент, мінез, қабілет.

Қазақстанның әлемдік үрдістерге кірігуі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай, қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институтының қалыптасуына немесе өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттардағы өрлеуіндегі осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашылық тұлғаның мәртебесін көтеріп, мерейін үстем етуде.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестің тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Осыған орай адамның өзін танымның биік баспалдақтарына қарай жетектеп отыратын «Өмір бойы» алатын білімге бағытталу жүзеге асырылуда. Қазақстандық қоғамдағы түбірлі өзгерістерге сай үздіксіз білім берудің бастауыш білім беру жүйелерінде елеулі жаңарулар туындауда. Білім

беруді ізгілендіру жеке тұлғаның дамуына және оқытуды саралауға мүмкіндіктер туғызуға бағытталған.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осы орайда, егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекетін дамытуына жол ашуы қажет.

Таным – қоғамдық тәжірибенің дамуы мен тәуелді адам ойлауында шындықтың бейнелену және қайта жаңғыру барысы, нәтижесі әлем жайлы жаңа білімдер болып табылады. Таным теориясы – шындықты танудың мүмкіндігі, мақсаттары, жолдары және құралдары жөніндегі философиялық ілім.

Оқушының оқу-таным әрекетін арттырудың тиімді құралдарының бірі – оқушының өзіндік жұмысы мен өздігінен білім алу әрекеті. Өзіндік жұмыс істеу іскерліктері мен дағдылары, сөзсіз ой еңбегінің мәдениетімен байланысты. Білімді игеру барысында оқушы кездесетін қиыншылықтарды жеңу, табандылық, есте сақтау, кітаппен жұмыс істеу, байқау және жазба жұмысын жүргізе білу, ой-әрекеттерінің бірқатар тиімді тәсілдерін игеру, өзін бақылай білуі керек.

Жүйелі, дұрыс ұйымдастырылған танымдық әрекет түрлері нәтижесінде шәкірттің білімі, біліктілігі кеңейіп, танымдық ізденімпаздығы қалыптасады. Оқушылардың танымдық тапсырмаларды орындауы шығармашылықты, ізденімпаздықты талап етеді. Сондықтан, мұндай тапсырмаларды орындау кезеңдермен жүзеге асады:

- өзекті мәселені табу;
- мақсаты мен міндеттерін айқындау;

- зерттеу әдіс-амалдарын белгілеу.

Л.С.Рубенштейн көрсеткендей «Танымдық әрекет процесінде ойлаудан өзгеше адамның қоршаған дүниеге қатынасы білінеді». Танымдық әрекеттің негізгі формасы, тәсілі және психикалық механизмі – ойлау. Ол үшін оқытушы шәкірттерінің табысын үздіксіз қадағалап, оларға оқу пәнінің логикасымен үйлесімді, ақыл-ойдың дамуына көмектесетін тапсырмалар беріп отыруы керек. Мұндай тапсырмалар оқушыларды жаңа білімді меңгеруге құлшынысын арттырады, белгісіз нәрселерді тануға үйретеді, игерілген білімдерін іс жүзінде қолдана білуге баулиды. Әр сабақта оқушылардың ойлау және танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында төмендегідей тапсырмалар беріп отыруға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін арттырудың бірден-бір жолы екені анық. Ақпараттық құзыреттілік арқылы білім алушылар:

- сыни тұрғыдан ұғынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;

- өз бетінше мақсат қойып, мақсатқа жету үшін танып-білу әрекеттерін жүзеге асыруға;

- ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, жүйелендіруге, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;

- логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеп, ақпараттарды өңдеуге;

- өзінің оқу қызметін жоспарлауға және қолдануға мүмкіндік алады.

Оқушы қызығушылығын оятып, қабілетін арттыруда, ойын сараптап, нақты дәл жауап алуда танымдық тапсырмаларды пайдаланудың маңызы зор. Қызығу – танымдық іс-әрекеттің

қозғаушы күші. Оқушыдағы танымдық қызығуды қалыптастырудың үш жағдайы бар:

- оқытудың мазмұны, оқушыларды қызықтыратын жаңалық, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, бұрыннан білетін мағлұматының жаңа қырынан ашылуы;

- оқушының таным әрекетін ұйымдастыру формаларын, құралдарын және әдістерін жетілдіру;

- оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын, өздігінен білім алуын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық

және зерттеу жұмыстарына белсенділік қалыптастыру.

- мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасы сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету.

Н.В.Савиннің тұжырымдауы бойынша, «Мұғалім – оқушының танымдық іс-әрекетін жақсы ұйымдастырушы, балаларды табысына қатты ынта қоятын, олардың рухани өсуіне мүдделі, қамқор адам». Әрбір баланың танымдық қабілетін дамыту әрбір ұстаз міндеті дей отырып, өз оқушыларымды тек биіктерден көруді қалаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, - Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы, 2010 ж.
2. А.Дистерверг. «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» еңбегі.
3. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары, - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 2012 ж.
4. И.А.Зимняя. Педагогикалық психология. Алматы · «TST-companу» 2005 ж.

МУҒАЛІМНІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНДЕГІ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

А.Байымбетова

Қызылорда қаласындағы №171 F.Мұратбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі

Қай салада болмасын жаңашылдық шеберлікті арттырары сөзсіз. Білім берудің жаңа құрылымы және оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуын, шығармашылық ізденісінің шыңдалуын қажет етіп отыр. Сондықтан, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім десек, ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.

Ұстаз – өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы кәсіби педагог маман – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға.

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың дамыған заманында білім беру үрдісінде көптеген модулдер қолданылып жүр. Мен өзімнің тәжірибемде «Сыни тұрғыдан ойлау» модулін басшылыққа ала отырып жұмыс жасап

келемін. Себебі, сын тұрғысынан ойлау ой жүгірту, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады әрі Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік (МАН, 3 деңгей, 176.).

Бұл модульдің мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп, өз бетінше білім алып, дәлелдер келтіре білуі. Ол бұрын тындаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлау модулінің тиімділігі – оқушылар өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлеседі, талдау жасап отырады, яғни оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу, басқа оқушылардың пікірін тындау, сол пікірлермен келісу немесе өзіндік пікірін білдіру, салыстыру. Бұл модульдің негізгі ұстанымдары: үздіксіз қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, тірек сөздерді пайдалану, әркімнің өз пікірін дәлелдеу, оқушының жетістіктерін жариялау, қателерді түзеуге мүмкіншілік беру, барлық балалардың жұмыс істеуін бақылау, өз мүмкіндігін көрсетуіне жағдай жасау, оқу мен тәрбиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту күрделі процесс болып келеді. Сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни ойлау кез келген жас аралықтарына тән. Сыни ойлау күрделі үрдіс болғандықтан, оқушыға сыни ойлау ортасын жасау қажет. Мұнда әр оқушының ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Егер, «Театр киім ілгіштен басталады...» десек, мен өз сабағымды ең алдымен оқушылардың қызығушы-

лығын арттырудан бастаймын. Мәселен, сыныпқа келген бетте оқушылармен амандасып болған соң «Мен – ұстазбын, сен – Адинасың. Көргеніме қуаныштымын», – деп бастауға да болады, сол уақытта оқушылар мен мұғалімнің арасында тығыз қарым-қатынас пайда болуымен қатар, оқушылардың бойында «Әрі қарай не болар екен? Мұғалім тағы да қандай қызықты жұмыс түрлерін жүргізеді екен?» деген сұрақ төңірегінде ойлануы артып, өзіндік рефлексиясы қалыптаса бастайды. Қызығушылықты ояту кезеңінде «Тізбекті жалғастыр» ойынын қолдану да өте тиімді бұл әдісті қолдану оқушылардың тек сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймайды, өткен материалдарды қайталауға да септігін тигізеді. Яғни, өтілген тақырыпқа байланысты өз атына сын есімді немесе сан есімді, не етістікті қосып айту тапсырылады. Мысалы: Айша – әншімін, Орал – күйшімін, Таңат отырды. Осылайша, оқушылар кезекпен аттарына зат есімдерді (сан есім, сын есім, етістікті) тіркеп айтып шығады. Бұл ойынның тиімділігі: біріншіден, ойын түрінде өткені балалардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Екіншіден, баланың қабілеті тексеріледі, көпшіліктің алдында тез жауап беруі бақыланады. Үшіншіден, әр оқушыға жеке-жеке көңіл аударылады. Төртіншіден алдыңғы сабақтарда алған білімдері қайталанып, еске түсіріледі, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, зат есім, етістік, сан есім ережелері қайталанып өтіледі. Қызығушылықты ояту кезеңінде «Өрмек» ойынын қолдану да өте тиімді. Бұл ойынды қолдану барысында оқушылар бір-біріне сәттілік пен жақсы тілектер тілейді. Ойынның шарты бойынша жіптің бір ұшын өзім ұстап тұрамын да алдыңғы қатарда отырған оқушыға келесі ұшын ұсынып «Бүгінгі сабақта мен саған сәттілік тілеймін!» деймін, ол келесі оқушыға ұсынып өз тілегін айтады, сөйтіп ортада үлкен өрмек пайда болады (Әрі қарай сабақ

барысында өрмекті бір көрінетін жерге орналастырып, сабақтың әр кезеңінде оқушылар жауап берген сайын тарқатып отырған да пайдалы). Оқушылардың көңіл-күйі көтеріліп, жақсы сөздер айтуға, бір-бірін қолдауға, достық қолын созуға, бірлесе жұмыс жасауға деген сенімдері артады әрі сыныпта ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды.

Бұл модульде бұрынғы білім мен жана ұғым ұштастырылады. Жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе жұмыс жасауға болады. Мысалы: 5-сыныпта «Ұлы Отан соғысы» тақырыбында өткен сабағымда «Қызығушылықты ояту» кезеңінде оқушылардың өздері білетін бұрынғы білімдерін еске түсіріп «Жеңіс» сөзіне ассоциация құрастыруын өтіндім, «Мағынаны тану» кезеңінде ассоциациялары бойынша білгендерін жинақтап кластер құрастырды.

Сабақтың қай құрылымында болмасын осындай әдістерді қолданғанда «Оқушыға қалай әсер етеді, шығатын қорытынды қандай?» және «Маған несімен тиімді?» деген сұрақтарды үнемі естен шығармау керек. «Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап оны «Кубизм» стратегиясы арқылы да жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді және ол сұрақтар оқушының нақты да анық жауап беруін көздейтін ашық сұрақтар болуы керек. Осы кезеңде «Инсерт», «Жұппен оқу, жұппен мазмұндау», «Жигсо-1», «Жигсо-2», «Өзара оқыту» әдістерін қолдану арқылы оқушылардың өздеріне қажетті білімді өзі алуына бағыт бере отырып, оны керекті жерде қолдана білуге, сыныпта үлгерімі төмен оқушылардың болмауына, барлық оқушының бірлесе жұмыс жасауына, өзіндік ізденісін, көзқарасын қалыптастыруға, ой-пікірлерін білуге болады.

Оқу – адамның саналы өміріндегі басты әрекет. Оқу әрекеті мұғалімнің басшылығы арқылы оқушының сана-сезімін дамытуға бағытталады. «Әрбір бала – болашақ данышпан» деген ойлы қағидаға мән берсек, табиғи таланттарды ашу, жас талапкерлердің жарқырап көрінуі үшін мұғалімге жүктелер міндет аз емес. Ол міндет – оқушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін, ой-өрісін дамыту үшін аянбай еңбек ету, оқушының жеке шығармашылық қабілетін дамыту болса, бұл жұмыстар «Ой толғаныс» кезеңінде жүзеге асырылады. Оқушының жеке шығармашылық қабілетін дамытуда «Эссе», «5 жолды өлең», «Болжам жасап оқыту», «РАФТ», «Баяндама» әдістерін қолдану өте тиімді. Мұнда оқушыға ойланып, толғануға уақыт берілуі керек. Бұл кезеңде көбінесе Венн диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығымен мен айырмашылығын көрсетуге болады. Осы кезеңде пікірталас және «5 минуттық немесе он минуттық эссе» де жаздыруға болады. Эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың 5-6 сөйлемнен тұратын не үйренгені, әңгімедегі сұрақ тудыратын мәселелерді тауып жазуы ғана талап етілсе, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгенімізді көрсетеді. Ал, дарынды деген оқушылардың әңгіменің мазмұнына тоқталмай, сол туралы өз ойын, пікірін білдіруіне басты назар аудару керек.

Менің пәнім үшін ойлау, талдау, тұжырым жасау, бағалаудың маңызы зор болғандықтан, оқушылардың жұмыстары мен мазмұнға көп мән беремін. Біз сөздік жұмысын жүргіземіз, сөз тіркестері мен сөйлемдер құраймыз, оларды қысқаша тұжырымдап дәптерге жазамыз. Бұл жұмыс балалардың өз ойлары сауатты жазып жеткізе білуіне, оқу құралдарымен жұмыс істеуіне, оқулық пен сөздіктерді тиімді пайдалануға септігін тигізеді, өзіне қажеттісін таңдап алуға көмектеседі.

Сын тұрғысында ойлау модулі мұғалім қызметін ұйымдастыра отырып, оқушылардың жеке, топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл модуль оқушылардың жекелеген мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Оқушылардың ауызша, жазбаша тілін, ойлау есте сақтау қабілеттерін, әрбір ақпаратты сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сынай қарауы мен шығармашылық қабілетін дамытады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы:

- әр оқушы сабаққа толық қатыстырылады;
- өзінің білім деңгейін анықтай алады;
- жеке тұлғаның танымдық белсенділігі артады;
- қызығушылығы оянады;
- сұрақ қойып, өз ойын еркін айта алады;
- тақырыптың мазмұнын толық түсінеді.

Бүгінгі уақытта әр сабақтарымда осы сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту модулі бойынша жұмыс жасап, тиімді қолданамын. Нәтижесінде оқушылар нақты мақсат қоюға дағдыланды, өзіне деген сенімі артты, оқу процесіне белсенді қатысатын, жолдастарының пікірін сыйлайтын болды. Өзін толған-

дыратын, проблемалық сұрақтарды еркін қоя біледі. Кей жағдайда зерттеген материалдардың өз көзқарастарын өзгертіп жататындықтарын түсінді, бір сұраққа бірнеше жауап болатындығына көздерін жеткізді, бір оқиғаның түрліше шешім табатындықтарын анықтай алды және әркімнің көзқарасының әртүрлі болатындығын анық білді. Олар әр сабақ сайын өз пікірлерін «Менің ойымша...» деп бастауға үйренді.

Кері байланыс парақтарына оқушылардың «Маған сабақта өз ойымды айтқан ұнайды» (Мөлдір), «Өз пікіріңді және басқаның пікірін білу де өте қызықты» (Жансая), «Біз өз ойымызды айта білуді үйрендік және мені сынайды, мұғалім дұрыс емес деп қала ма? деген үрейден құтылдым» (Айғаным) осылайша өз ойларын ашық жазуы көңілге қуаныш оятады.

Сыни ойлауға алғашқы қадам жасалды. Оқу үрдісінде өмір шындығымен байланыс нығайды, басқаларды тыңдай және олармен айтыса отырып, біздер өз позициямызды қатайтамыз және тереңдетеміз. Сөйтіп, еліміздің дамыған елдер қатарына қосылуы үшін өз көзқарасын дәлелді түсіндіре алатын, пікірін қорғай білетін, білімді ұрпақ тәрбиелейміз деп сенемін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым, 2012 ж. www.cpm.kz.
2. Тренерге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым, 2012 ж. www.cpm.kz.
3. С.Мирсеитова. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде». 2011 ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Ж.Күзембаева

Қызылорда қаласындағы №222 Т.Рысқұлов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарына қосылып, әлем құрылымының белсенді мүшесі болуы, бірінші кезекте ғылым мен білімнің дамуында екендігі баршаға аян. Еліміздің ертеңі мен болашақтың бүгінгі жас ұрпақтың өсіп-жетілуіне, білімі мен мәдениетіне тығыз байланысты. Ал, ұрпақ білімінің мазмұнын жаңарту, оны заман талабына сай меңгерту, оларды Отансүйгіштікке, парасаттылыққа, зиялылыққа ұмтылдыру, тұлғалық рухын жетілдіру – білім саласын реформалаудың басты міндеттері.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Білім және ғылым қызметкерлері ІІ съезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалауда стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін жеке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеу екендігіне баса назар аударып, жалпы білім беретін орта мектепте білім берумен қатар адалдық, адамдық, Отан сүйе білу сияқты гумандық сезімдерге тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселе болып отырғандығын ерекше атап өтті. Оқушының шығармашық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы жаңаша білім беру міндеттерін негізі үш мақсат қана шеше алады. Олар – дүниетанымдылық, шығармашылық және терең білімділік.

Ұстаздар қауымының алдында тұрған міндет – шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын, танымдық мәдениеті биік, ұлттық құндылықтарымызды жете меңгерген, интеллектуалдық өресі жоғары, өзін-өзі үнемі дамыта алатын қабілетті жастарды тәрбиелеу. Оқыту эталондарының жүйесіндегі дайын

күйіндегі ұсынылатын бірсарындылықтан сақтанып баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту бағытындағы іс-әрекетке көшу – заман талабы.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген ұғымды білдіреді. Демек бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Шығармашылық әрекет өте күрделі процесс және ол адамға ғана тән.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену, өмірден дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену қажет. Сондықтан, шығармашылық тұлға негізі – бастауыш сыныптан қалануы тиіс.

Шығармашылықпен жұмыс жасау жолына түскен мұғалім төмендегідей жағдайларды есте ұстаған жөн:

- мұғалім ең алдымен сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру, баланың назарын бір нәрсеге бағыттауы керек. яғни, мұғалім шығармашылық тапсырманы ұсынудың жолын, әдіс-тәсілін білуі керек;

- шығармашылық жаттығулардың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне үйлесуі керек;

- оқушылардың шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде қолайлы жағдай туғызу керек;

- шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру керек;

- мұғалім көркем шығармашылық түрлеріне үйретіп, баулу үшін көркемдік өлшемдермен өзі де қарулануы керек;

- мұғалім оқушы үшін қарапайым жан, сондықтан шығармашылық үшін психологиялық қауіпсіздік, еркіндікті, бостандықты қамтамасыз етуі керек.

Шығармашылықты тежейтін 3 нәрсе бар:

- «Сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді» деген қорқынышты сезім;

- Өзіне-өзі риза болмаушылық сезімі;

- Жалқаулық.

Ұстаздың міндеті – оқушыға осы үш жағдайда дер кезінде көмек беру. Шығармашылық бағытта баланы жүйелі түрде қалыптастыру.

Психологиялық сөздікте «Шығармашылық» ұғымы – жаңа рухани және материалдық құндылықтарды жасау жолындағы адам әрекетінің нәтижесі», - делінген. Көрнекті психологтар Л.Выготский, А.Петровскийлер «Шығармашылық» деп нәтижесінде жаңа құндылықтар пайда болатын, жаңалық ашатын әрекетті атаған. Шығармашылықты «даму» ұғымымен де қатар қоюға болады. Өйткені, әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың ойлауын жаңа деңгейге көтереді.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын анықтау ғылымда өте ертеден зерттелген. Шығармашылық – әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болған. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталды», - дей келе, «Шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы,

құзыреттілігі арқылы айқындалса, сол құзыреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық-психологиялық көріністі талап етеді. Осы мәселе соңғы жылдар ішінде ғалымдардың зерттеу нысаналарына алынумен қатар, мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінде мектеп оқушыларын тұлға етіп дамытуда олардың шығармашылық қабілетін дамыту басты нысанға айналған.

Ғалымдардың пікірінше, адамның шығармашылық қабілеттері оның жалпы және арнайы қабілеттеріне тәуелсіз болып өмір сүре береді. Осыған сүйене отырып, оқыту процесін ұйымдастыру арқылы оқушылардың шығармашылығын дамытудың сан түрлі қыры мен жолын тануға болады. Өйткені, оқушылардың шығармашылығын дамыту барлық педагогикалық технологиялардың көздеген мақсаттарының ең биік шыңы. Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөзінде бала өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды, шыңдауды қажет ететінін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған. Ал, назардан тыс қалған қабілеттер бара-бара жойылып, жоқ болатынын айтқан. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығында баланың дамуының мәселелерін көтереді. Ол үшін оның танымын, ақылын, еркін қалыптастыру керек екенін жазады. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді. Жүсіпбек Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал, баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие.

«Неғұрлым баланың шығармашылық қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны

толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін», - дейді.

Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеруі керек деп ойлаймын:

- шығармашылық тапсырманың мазмұн түрін ойлап табу;
- шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;
- көркемдік шешім табу, оқиға құру, образ жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу;
- шығармашылық процесті фактілер мен мәліметтерге педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық, практикалық тұжырымдар жасау.

Психологтар бала қабілетінің 2 түрлі деңгейі болатындығын дәлелдейді:

- Репродуктивті іс-әрекетті, не білімді берілген үні бойынша қабылдау, меңгере алу деңгейі;
- Шығармашылық – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Шығармашылықты дамыту жолындағы негізгі кедергілер. Қазіргі уақытта көптеген психологтар мен педагогтар өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту қажеттігін мойындап отыр. Дегенмен, шығармашылық тұлғаны дамыту жолында кедергілер жетерлік. Оқушылардың шығармашылық ақыл-ойын дамытуға тежеу жасайтын басты фактор көптеген мұғалімдердің шығармашылықтың мәні мен пайда болуын түсінбеуі болып табылады. Бұл балалардың танымдық белсенділігін басып тастаудан-ақ көрінеді. Ол оқушылардың шығармашылық ақыл-ойының дамуына тоқырау жасап қана қоймайды, сонымен бірге іс-әрекеті мен мінез-құлқында шығармашылық нышаны бар оқушылардың құқықтарын шектеу болады.

Кедергілер:

- мұғалімнің оқушыны сынауы;
- баланың еркін шектеу;
- шығармашылықты көтермелемеу.

Дарынды адамдардың қабілетін жас кезінде оқытушылары сезіп білмегені тарихтан белгілі. Мысалы, атақты Эйнштейн мінез-құлқы, тәртібі нашар, әдепсіз деп танылған.

Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Ол үшін төмендегі шарттар орындалуы тиіс:

- баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан қолға алу;
- баланың жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық жағдайында болуы;
- шығармашылық жұмыстар баланың ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі керек. Күн асқан сайын ол деңгей биіктей беруі қажет;
- ең негізгі шарт баланың әрекеттің түрін таңдауына деген еркіндігінің болуы.

Баланы жастайынан шығармашылық өнеріне қалай баулу керек? Оның жолдары, әдіс-тәсілдері, мазмұны қандай?

Қазіргі әдебиеттік оқу пәні әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі – осы. Оқушыларды сөз өнеріне баулу, үйрету ісін қолға алу үшін баланың қай жаста шығармашылық қабілетінің ашылу мүмкіндігі мол – соны таныстыралық. Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен.

Сонымен, оқушыларды сөз өнеріне баулып, үйрету үшін қажетті жағдайлардың мазмұнына тоқталсақ:

- мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назарын бір нәрсеге бағыттауы керек. яғни, оқушылардың назарын

шығармашылық арнаға бұру үшін үнемі (елеусіз болса да) шығармашылық тапсырма-міндеттер, жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн;

- әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың жолын, әдіс-тәсілін білу керек;

- шығармашылық жаттығу ойын-тапсырмалардың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек;

- тапсырма міндетпен танысқаннан кейін бала жұмысқа кіріседі.

Мұғалімнің ең үлкен міндеті:

- бала белгілі бір көркемдік шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмау, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыруы;

- шығармашылықпен жеке-дара оқушы емес, сыныптың, мектептің бүкіл балалары ойласу үшін жағдай, мүмкіндік туғызу;

- Сыныпта, ұжымда өзара шығармашылық ахуал орнату.

Мұғалім оқиға, сюжет құруға, образ жасауда жазушылық шеберлік танытса, оқушылардың қызығушылығы оянады. Өздерінің күшіне деген сенім қалыптасады. Сондықтан, мұғалімнің шығармашылықпен айналысуы және өзінің жазған дүниелері жөнінде балалармен пікір алмасуы заңды.

Көркем шығарманың, әдеби процестің механизмін түсінбейтін мұғалім оқушыны әдеби шығармашылыққа үйретіп баулымақ түгілі, оқушы жасаған дүниеге нақты, әділ бағасын беріп, көркемдік дәрежесін тани да алмайды.

Шығармашылық ізденістер жасап, өмір талабына сай еңбектеніп жүрген ұстаздар оқушының қабілет ерекшеліктерін тез анықтайды. Оқушылардың бірден көзге түсетін ерекшеліктерін былай топтастыруға болады:

- өте белсенді;

- танып-білуге деген құштарлығы жоғары;

- есте сақтау қабілеті жоғары;

- сөздік қоры мол;

- қиындықты жеңе біледі;

- шыншыл, турашыл;

- өздігінен ізденіс жасай алады;

- олимпиадаларға қатысады;

- эссе, әңгіме, мақала жаза алады;

- конференцияларға қатысады,

- танымы кең, білімі терең;

- оқулықтан материалды сұрыптап ала алады.

Заман жаңарған сайын оқыту мен тәрбие жүйесі де, әдіс-тәсілдері де жаңарып, түрленіп отыруға тиіс. Себебі, алдымызда отырған жас ұрпақ дамыған Қазақстанның іргетасын қалайтын, тәуелсіз тудың тұтқасын ұстайтын азаматтар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Ахметов. Бастауыш сыныпта білім берудің тиімділігін арттырудың жолдары. Алматы, «Рауан» баспасы, 1994 ж.
2. А.Бидайбекова. Бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар. Алматы, 2010 ж.
3. Т.С.Сабыров. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздер. Алматы, 1996 ж.
4. Т.Мейірманқұлова. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы, 2000 ж.
5. Қ.Тасболатов. «Оқушылардың таным белсенділіктерін арттыру».
6. Б.Тұрғанбаева. «Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту».
7. М.Жұмабаев «Педагогика» Алматы, 1989 ж.
8. «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту» Әдістемелік нұсқау «Дарын» орталығы Астана, 2002 ж.
9. Ю.Гатанов «Шығармашылық ойлау қабілетін дамыту курсы» Санкт-Петербург, 1998 ж.

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Сарсенбаева

*Қызылорда қаласындағы №5 көру қабілеті бұзылған балалардың арнаулы (түзету)
мектеп-интернатының тәрбиешісі*

Қазіргі таңда ең өзекті мәселенің бірі – мектеп жасындағы көру қабілеті бұзылған балалардың қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерін анықтау болып отыр, сонымен қатар, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеп, өзімен қатарлы қалыпты балалардың құқығымен тең қылып, қалыпты азамат етіп тәрбиелеу.

Толассыз ақпаратты адам көз арқылы қабылдайды. Көру қабілеті бұзылған балалардың даму мүмкіндігі шектеулі. Көру қабілеті бұзылған және нашар көретін балалардың психикалық дамуындағы заңдылықтарды қарастыратын ғылымдардың саласы – тифлопсихология деп аталады.

Тифлопедагогика – педагогика ғылымының көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі саласы. Ғылым саласы ретінде XIX ғасырдың басында дами бастады. Кеңес Одағы кезінде әр түрлі ауытқуы бар балаларға арналған оқыту-тәрбиелеу мекемелері ашылып, олар жалпы білім беру жүйесіне кірді. Көру қабілеті бұзылған балалар арнаулы (түзету) мекемесінде білім алып, жоғары оқу орындарына түсуге жағдай жасалды. Олардың арасында академик Л.С.Понтрягин және А.Г.Витушкин, профессор В.И.Зубов, жазушылар Н.Островский, Э.Асадов, Н.Силков, А.Притчина, сазгерлер В.Никитин, Н.Поликарпов секілді көрнекті тұлғалар да бар.

Тифлопедагогика саласында мол еңбек қалдырған Б.И.Коваленко мен В.С.Сверлов болды. О.Скороходованың еңбектері дефектология ғылымында ерекше орын алады. Оның «Мен қалай қоршаған ортаны қабылдаймын және

түсінемін» атты еңбегінің дефектология үшін маңызы зор.

Бүгінде тифлопедагогикада көру кемістіктерін алдын алу, түзету жолдары, механизмдер мен кемшілігі бар функциялардың орнын толтыру жағдайы, саралап оқыту түрлері, мазмұны мен әдістері ашып көрсетіледі. Балаларды мектепке дайындыққа, мектеп көлемінде жалпы және орта кәсіптік білім алуға, рухани өсуге, эстетикалық, тәрбиеге, дене тәрбиесіне әлеуметтік-психологиялық және еңбекке қалыптастырады. Көру кемістігі бар ересектерді оқытудағы мақсат – өмірлік тәжірибесі мен жалпы біліктілігін, білімін және әлеуметтік дәрежесін көтеру.

Алғашқы көру бұзылысы кезінде психикалық әрекетіне материалистік мінездеме берген француз ағартушысы Д.Дидроның «Көретіндерге көруі бұзылғанлар жайлы насихат хат» атты оқулығында, ал одан кейінгі әйгілі «Энциклопедиясында» қарастырды. Д.Дидроның еңбектері қоғамның көруі бұзылғанларға деген көзқарасын өзгертіп, олардың міндетті түрде арнайы білім алу керектігіне қол жеткізді. Көруі бұзылған адам қараңғылықты сезбейді және қараңғы түнекте өмір сүремін деп ойламайды. Психологиялық жағынан алғанда көруі бұзылғандық шынында бақытсыздық емес, ол әлеуметтік жайт. Оған А.В.Бирилев өз еңбегінде мынадай салыстырмалы мысал келтіреді: «Көруі бұзылған адамның жарықты сезуі мен көзін байлаған адамның жарық көруінде айырмашылық бар», - дейді.

Белгілі қоғам қайраткері Е.Келлер былай деп жазды: «Көруі бұзылғандардың сипап сезімі арқылы дүниенің қызығын нәзік түсіне алуын көзі көре-

тіндердің бәрі біле бермейді. Өйткені, оларда мұндай сезімдік танымдар көруі бұзылғандардыкіндей жетіле қоймаған. Тәрбие гигиенасына сәйкес көру қабілеті бұзылған баламен жасалатын қарым-қатынас дені сау баламен бірдей болуы керек. Ондай балаға жастайынан жүруді де, өзін-өзі күтуді де, көзі көретін балалармен ойнауға да дағдыланып, оған сондай талап қойып отыру керек. Ондай балаға көру қабілеті бұзылған екен деп аяныш білдірудің қажеті жоқ. Сонда ғана, Щербина айтқандай көруі бұзылған бала өзінің кемдігін онша сезіне қоймайды».

Көру қабілеті бұзылған адамдардың арасында керемет композиторлар мен музыканттар бар. Париждегі К.Монтель атты көру қабілеті бұзылған балаларға арналған Ұлттық институттың оқытушысы, алты жасар кезінде соқырланып қалса да, пианино мен рояльдың құлағында ойнайтын.

Нашар көретін балалардың қабылдауы тежелумен, бейненің тарлығымен, нақтылықтың төмендеуімен ерекшеленеді. Қалыпты көретін балаға қарағанда олардың көру арқылы елестетуі анық емес. Сол себепті, нашар көретін балаларға кеңістікте бағдарлану қиынға соғады. мұндай балалар көру арқылы жұмыс істегенде тез жалығады, ал бұл өз кезегінде көрудің одан әрі нашарлауына алып келеді.

Көздің талуы ой және физикалық жұмыс қабілетінің төмендеуіне әкеліп соқтырады. Бірақ та нашар көретін баладағы әлсіз көру қалыпты баладағыдай жетекші анализатор болып қалады. Нашар көретін балалар көру қабілетін қабылдаудың негізгі құралы ретінде қолданады. Нашар көретін балаларда көруі бұзылғандарда болатындай сезім түйсігі көру функциясының орнын ауыстырмайды. Балаларда кездесетін көру кемістігі күшейе түсетін және бір қалыпты болып бөлінеді. Күшейе түсетін көру бұзылысына глаукоманың бастапқы және қосалқы жағдайлары, көру жүйкесінің атрофиясы, жақыннан

көргіштіктің қатерлі түрлері және т.б. жатады. Бір қалыптыға – даму кемістігі: микрофтальм, катаракта, операциядан кейінгі афакия жатады. Нашар көретіндерде көру анализаторы қалыпты балалар тәрізді оқыту процесінде қолданылады. Нашар көретіндер құбылыстармен, заттармен танысуда, сонымен қатар кеңістікте бағдарлануда өздерінде сақталған көру қабілетін қолданады. Бірақ та олардың көру арқылы қабылдауы бөлшектеп толық емес күйде сақталған. Қоршаған ортаны көруі баяуланған және анық емес. Сондықтан, олардың айналаны қабылдауы шектеулі. Нашар көретіндердің арасында түсті ажырату қызметі бұзылған адамдар да бар.

Нашар көретін балалар қалыпты көретін балалар менгеретін барлық ойын түрлеріне қатыса алады. Бірақ, жақыннан көргіштіктің жоғары деңгейімен сонымен қатар көз ауруларымен зардап шегетін балаға жылдам, әрі тез қимылды қажет ететін ойындарға қатысуға және физикалық ауыртпашылық түсіруге болмайды.

Егер, дәрігер-офтальмолог балаға көзілдірік киюді нұсқаса, онда баланың ата-анасы көзілдірікті дұрыс тағуды, үнемі оны қолдануды сонымен қатар дәрігердің нұсқауымен бұлжытпай орындауды қадағалап отыруы керек. Нашар көретін балалар кейбір тітіркендіргіштікпен, тұйықтықпен сипатталатын мінез-құлқындағы ерекшеліктермен ерекшеленеді. Бұл жөтіспеушілік көру кемістігі салдарынан ойында, оқуда, құрдастарымен қарым-қатынаста болатын қиындықтармен түсіндіріледі. Сондықтан, нашар көретін балалар оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайын талап етеді. Егер, нашар көретін бала жалпы білім беретін мектепте оқи бастаса, оның жұмыс қабілеті басқа оқушыларға қарағанда тез артта қала бастайды. Егер, оның үлгерімі оның мүмкіндіктерінен төмен болса, онда бұл үлгере алмаушылыққа алып келеді.

Нашар көретін балаларды оқыту жағдайы әлсіз көру қабілетін сақтай

алатын, оның көру арқылы қабылдауын жақсартатын, ауыртпалық түсірмейтін жағдайда болуы керек. Оған көруді түзететін офтальмолог ұсынған құралдарды қолдану жатады: кәдімгі және арнайы көзілдіріктер, жұмыс істейтін жердегі жарық беретін құралдар, арнайы оқулықтар, көру жұмысының күнтізбесін сақтау жатады.

Нашар көретін балалар арнайы мектеп-интернатта, арнайы сыныптарда оқиды. Нашар көретіндермен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының әдісі қалыпты жағдайдағы балалармен жүргізілетін әдістен ерекшеленбейді. Нашар көретін балалармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының негізгі міндеті – әлсіз көру жүйесін сақтау және оны әрі қарай дамыту.

Көру қабілеті бұзылған балалардың оқитын оқу бөлмелері жарықпен қамтамасыз етілген. Оқу бөлмесінің терезелерінде ашық түсті перделер ілінген. Оқу бөлмесінің қабырғалары жасыл, көк түс беретін сырлармен боялған. Арнайы нашар көретін балаларға арналған бір ондықты парталар оқу, жазу, сурет салу барысында олардың дұрыс отыруына жағдай жасайды және кітап пен дәптерді көзбен керекті арақашықтыққа қоюға мүмкіндік береді. Нашар көретін балаға үлкен шрифпен жазылған кітаптар қолданылады. Жазуға үйрету жолдары арнайы сызықтармен бөлінген дәптерлер қолданылады.

Нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаты, мектеп аймағында өткізілетін саяхаттарға, саябаққа қыдыруға көп көңіл бөлінуі керек. Нашар көретіндерге арналған мектепте елестету мен қабылдау қорын кеңейтетін жүйелік жұмыстар жүргізіледі. Көру қабілетінің қатысуын керек ететін оқыту жұмыстары, ауызша сабақтар мен ауысып отырады. Нашар көретіндердің көру жүйесін сақтауда 10-15 минут сайын үзіліс жасау керек.

Нашар көретін балаларды оқыту-тәрбиелеу жұмысының басты міндеті – еңбек тәрбиесіне үйрету болып табыла-

ды. Көру кемістігі белгілі бір мөлшерде балалардың еңбекке деген мүмкіншілігін және еңбек қабілеттілігін төмендетеді. Нашар көретін балаға өзін-өзі күту дағдысына байланысты тәжірибелік іс-әрекеттің әр түрлі түрлері тән. Еңбекке оқыту жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуының ең басты құралы болып саналады. Еңбек нашар көретін балаға жауапкершілікті, өмірге дайындықты тәрбиелеу құралы ретінде үлкен рөл атқарады. Көру қабілеті бұзылған балаларды тәрбиелеу өзінің міндеттері мен мақсаттары бойынша педагогиканың жалпы принциптерімен сәйкес келеді. Тәрбиелеудің жалпы міндеті баланың дамуында бірінші және екінші ауытқуларды толықтыру мен түзетудегі арнайы міндеттермен сәйкестендіріледі.

Тәрбие жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал. Тәрбие процесінде жеке тұлғаның сана-сезімі мен ақыл-ойына жүйелі түрде әсер етіп, оның дүниетанымын қалыптастырады, ерік-жігері мен моральдық бейнесінің қалыптасуына оң ықпал етеді.

Тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру кезінде баланың дамуы дұрыс қалыптасады. Балаға педагогикалық әсер етудің мақсаты таным мүмкіндіктерінің дамуына қабілетті өмір талабымен тығыз байланысты. Іс-әрекеттің әр түрімен қамтамасыз ету, білімді меңгерумен қамтамасыз ету, дағдымен біліктілікті қалыптастыру, оларды еңбек және оқу әрекетінің әлеуметтік мағынасын түсіну деңгейіне дейін көтеру. Бұлардың бәрі көру қабілеті бұзылған балалардың мүгедектік жағдайын толықтырады. көру қабілеті бұзылған балаларды адамгершілік, эстетикалық физикалық, еңбектік тәрбиелеуге болады.

Тәрбиенің міндеті – жас ұрпақты өмірдің барлық саласындағы адамның өмірімен, тұрмыстағы, еңбектегі, көркемөнердегі, табиғаттағы сұлулық пен әсемдікті көре білетін, ұға білетін және оларды өзі де жасай алатын азамат етіп

тәрбиелеу. Көру қабілеті бұзылған және нашар көретін балаларды оқыту мен тәрбиелеуде танымдық және тәрбиелік жағы және сезімдік-эмоционалды, эстетикалық жағы аз көрсетілген. Соңғы уақытқа дейін оқу, еңбек, ойын әрекетінің эстетикалық мазмұны сипап сезу арқылы беріледі деп санаған. Көру қабілеті бұзылған және нашар көретіндер үшін эстетикалық қабылдаудың көрнекі құралы жөнінде меңгерілмеген. Біздің байқауымыз және зерттеуіміз баланың ақпаратты жеткізудің әртүрлі тәсілдеріне, түсіне, қарым-қатынасы іс-әрекеттің мағыналық жағына үлкен әсер етеді деп көрсетті. Көру қабілеті бұзылған және нашар көретіндер қоршаған ортаның әртүрлі тәсілмен қабылдағанына қарай ойын, еңбек, оқу әрекетінде эстетикалық баға беруге қабілетті.

Нашар көретіндер мен көруі бұзылғандарда таным процесінің бұзылғаны қоршаған ортаны спецификалық, эстетикалық тұрғыда меңгеруге әкеледі. Оқуда, ойында, еңбекте сезімсіз қабылдау деген болмайды. Себебі, көруі бұзылғандар мен нашар көретіндер көзбен көре алмағандықтан, оны ұстап, көру арқылы оны көз алдында, ойына елестете отырып, оған өзінше баға береді.

Эмоционалды-эстетикалық тәрбиенің қатарына эстетикалық қажеттіліктің дамуы үлкен орынды алады. Олар екі түрде болады: жеке қажеттілік және көркемдік ғылыми жасағыш. Бірінші жағдай сияқты, екінші жағдайда да эстетикалық қажеттілік эмоционалды қажеттілік үшін қызметі дайын. Бірінші жағдайдағы қажеттілік қорша-

ған ортадағы эстетикалық қарым-қатынастың жоғарлауында. Екінші жағдайдағы қажеттілік – өнердегі бағыт мақсатқа жетелейді. Балада көркем суретке, мүсінге, өнерге қызығушылығы эстетикалық қажеттіліктің көтерілуі. Бұл процесс неғұрлым ерте басталса, сол ғұрлым оқу процесінде эстетикалық қажеттілігінің дамуының үлкен нәтижесіне жетуге болады.

Қорыта келе айтарым, көру қабілеті бұзылғандық пен нашар көрушілік бала үшін әлеуметтік зардап болып есептеледі. Көзі нашар бала өсіруші жанұяда айналамен қарым-қатынасы және баланың өзімен араласу басқаша сипат алады. Үлкендер, жанұя мүшелері, туыстары өздерінің аяушылықтарын естірте айтып аяйды, бала аяушылық назарында, қамқорлық орталығында болады. Көруі бұзылған және нашар көретін балалардың мүмкіндігіне сәйкес жағдай жасаған маңызды. Артық аяушылық тәртібі немесе қисынсыз бағып-қағу баланың жеке тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Көруі бұзылған және нашар көретін баланың ата-анасы, тифлопедагог, психолог, офтальмолог мамандарынан кеңес алып тұруы қажет.

Көру қабілеті бұзылған балаларға психолог-педагогтың көмегі негізінде кеңес беріп отыру қажет. Балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне ата-ананың рөлінің басымдылығын ескере отырып, ата-ананың да психологиялық-педагогикалық білімін арттыру, қарым-қатынас ерекшелігін меңгерту маңызды демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ю.В.Микадзе, В.М.Астапов. Обучение и воспитание детей группы риска: Хрестоматия / Сост.. М: 1996 г.
2. Е.Н.Винарская Раннее речевое развитие ребенка и проблемы дефектологии. М: 1987 г.
3. А.П.Воронова. Нарушение зрительного гнозиса у дошкольников с речевой патологией /Дефектология. 1993 г. № 1.
4. Л.С.Выготский. Проблемы дефектологии. М: 1995 г.

5. Л.П.Григорьева, С.В.Сташевский. Основные методы развития зрительного восприятия у детей с нарушением зрения. М: 1990 г.
6. В. И.Лубовский. « Специальная психология » М., 2005 г.
7. В.П.Ермаков, Г.А.Якунин. « Основы тифлопедагогика » М.
8. Р.Сулейменова «Выготский және дефектология мәселелері» Алматы, 1993 ж.
9. А. И.Дьячков. « Дефектологический словарь »М., 1970 г.
10. С.Д.Забрамная, О.В.Боровик. «Практический материал для проведения психолого-педагогического обследования детей» Москва., 2003 г.

ТӘРБИЕ ӨНЕРІ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ

Г.Бермаганбетқызы

*Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің
технология пәні оқытушысы*

Тәжірибеде теория технология көмегімен іске асады. «Технология» сөзі «техно» - өнер, шеберлік және «логос» - ғылым деген сөздерден құралған. Технологияның өндірістік процестегі мәні – бұл қолдану кезінде алдын ала белгіленген нәтижеге жеткізетін, берілген саны мен сапасы арқылы тауар алуға керек болар ғылыми-өндірістік әдістер, құралдар мен алгоритмдер жүйесі. Қазіргі өндірістер осы технологияға негізделеді. Технология – бұл өндірістің қол жеткізер деңгейінің шоғырлы көрініс белгісі, ғылыми жетістіктерді енгізудің тәсілі мен нәтижесі. Кез келген іс-әрекет негізінде технология немесе өнерлік сипат бар. Өнер интуицияға негізделеді, ал технология ғылымды арқау етеді.

Технология әзірге жасалынбаса, онда жеке шеберлік үстем алады. Бірақ, ерте ме, кеш пе «Ұжымдық шеберліктің» жинақты көрінісі технологияға айналады.

Соңғы кезге дейін «Ой шығармашылығы», оның ішінде адам тәрбиесі де технология түсінігінен тыс болатын. Қазіргі педагогикалық теория технологияның мақсаттылығын рационалды, яғни ұтымды екендігін мойындайды, бірақ мектеп өндірісіндегі технология-

ның механикалық түрде өтуімен ешбір келіспейді.

Мектеп тәрбиесі мен өндіріс түсініктері бір-бірінен алыс емес. Өндіріс сияқты мектепке де қоғам өзінің әлеуметтік тапсырысын жасайды, өндірістегі сияқты мектептің де алдына қойылған міндеттеріне сәйкес белгілі материалдық базасының болуы көзделеді. Осы міндеттерді шешуге өндірістегідей тәрбие процесіне бағытталады. Бұл процестің негізі – жоспарланған нәтижеге жету тәсілдерімен, сол тәсілдердің модельденуімен, адамдар іс-әрекет және қылығын басқарумен байланысты педагогтардың тәрбиелік іс-әрекеті. Мұндағы педагогтардың басқару іс-әрекеті өндірістегідей жүйенің жағдайы және оның жүргізілу пәрменділігін сипаттайтын ақпараттар негізінде іске асырылады.

Мектептегі тәрбие жүйесі сонымен бірге өндіріс секілді қоғамдық мақсаттар жолында материалдық базаны іске қосып, оқу-тәрбиелік міндеттерді шешуге, педагогтар ұжымына арналған процестер бағдарын түзеді, яғни әртүрлі іс-әрекеттерін басқару ұйымдастырып, сонымен бірге оларды орындаушыларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін коммуникативті желіні іске қосады.

Бірақ адам тәрбиелеу технологиясының өзіндік ерекшеліктері болатынын ескеру қажет. Өндірістегі қарапайым да анық жұмыс барысына қарағанда мектептегі технологияның күтілмеген күрделі жәйттері мен белгілері санқилы, олар:

Тәрбие процесінің өндірістік процестен айырмашылығы оның біртұтас болуында. Тәрбие процесін жеке операцияға бөліп-жаруға, жеке қасиеттер қалыптастырып, педагогикалық ықпалдарды кішігірім қадамдар ретінде іске асыру қиынға соғады. Тәрбиелік ықпал бірізді – параллель схемада емес, комплексті түрде орындалады.

Сапаларды қалыптастыру әдістемесін, яғни «Техникалық операцияларды» игеруші тұлғаларды тәрбиеге тарту мәселесін өте байыппен, салмақты шешу керек. Тәрбиеші алдында технологиялық процесті басынан аяғына дейін жүргізу қажеттілігі тұрады, яғни тәрбие жалпы технологияға негізделген жеке шеберлікпен ұштасады.

Тәрбие технологиясы барлық тәрбиешілерге ортақ, ол тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, оны дамыту жолындағы жан-жақты қалыптастыру, оны дамыту жолындағы барша кезеңдермен толық қолдануы тиіс. Оларды анықтап, нәтижеге бағыт-бағдарын көрсету педагогика ғылымының міндеті. Тәрбие мәселелерін технологиялық шешуде әрбір тәрбиеші мақсатқа қол жеткізудің мехнатты жолын алдын-ала белгіленген «Өзекті нүктелердің» арасында әрбір тәрбиеші өз мүмкіншілігіне және нақты жағдайларға байланысты шеберлік әрекетін жасай алады.

Қазіргі тәжірибесіз өзінің өтпелі кезеңінде тұр. Тәрбиешілердің көбі ғылыми технология бойынша жұмыс істеуді әлі де мойынсынбайды, бірақ тәрбие міндеттерін шешудің жекелей интуитивті жолынан жалпы бұрылыс көрініс бере бастады. Пайдасы көп, сарапталған технологиялық жаңалықтарды енгізуге педагогтар қауымы ыңғай танытуда.

Қазіргі тәрбие технологиясы комплексті бағыт мәселесін шеше отырып мынандай талаптарды орындайды:

Тәрбиеленушілерге үш бағытта, яғни санасына, сезіміне және қылықтарына әсер ету.

Тәрбие және өзіндік тәрбие бірігуі арқылы дұрыс нәтижеге қол жеткізу.

Тәрбиеге қатысты барлық факторлардың бірлігі мен реттелуі – тәрбиеге комплексті түрде қараудың кезек күттірмес шарты.

Тұлғада берілген қасиеттер тәрбие істерінің жүйесі арқылы қалыптасады. Бұл істер бір арнаға бағытталып, процестегі ой, дене, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбие міндеттерінің бір мезетте орындалуын талап ететін нақты комплексті сипатта болуы қажет.

Тәрбиеге комплексті қарау тәрбие процесінің және оны басқарудың жүйелігін талап етеді. Тәрбиедегі сыртқы және ішкі факторлар мен олардың өзара байланысын ескермей тұрып, басқару табысты болмайды. Ол үшін бұл факторлар мен олардың әсер ету сипаты туралы педагогтың айқын түсінігі болуы шарт.

Жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мұрасының сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу және әрбір шәкіртті тұлға деп санап, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау болып табылады.

Оқушыларға әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеті бар. Сол сияқты қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің, тәжірибесі, білім, көркемдік пен сұлулыққа көзқарасы, рухани өмір байлығы жаратылысынан өнерге өте бай, әрі оған бейім болғандығынан толық мағлұматтар беру.

Қазақ халқының киім киісінде, жүріс-тұрысында, қонақ күтісінде, сыйсияпатында толып жатқан эстетика элементтері өз ұрпағын педагогика ғылымынсыз-ақ әдемілік пен әсем-

ділікке баулуда тәрбие берудің тиісті құралына арналған. Сондықтан да, қазақ халқында «Өнер көзі – халықта», «Шебердің қолы ортақ» деген нақыл сөзі жоғарыда айтқандарымызға дәлел болмақ.

Білім саласындағы кез келген пән қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы бар, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық. Технология пәнінің басты мақсаты – оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заманның мәдениетіне, бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп, өндіруге бейімдеу болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында өскелең ұрпақты мәдениет пен өнерге баулу мәселесіне үлкен назар аударылуда. Оқытушының оқытатын пәні негізгі қаруы болғандықтан бізде қолөнердің қыздар мен ұлдарға тән бөлігін негізгі қаруымыз ете отырып, оқушыларға эстетикалық тәрбие беріп, ұлттық дәстүрге баулу. Технология сабағында іс жүзінде нақты жұмыс жүргізілетіндіктен, оны меңгерту үшін ерінбей еңбек ететіндей төзімді және жинақы болу керек. Сондықтан, оқушының қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін шындай түсу керек.

Бала біздің болашағымыз, бала бүгінгі оқушы, ертеңгі білімді маман. Сондықтан жастарға тиянақты білім беру пән мұғалімдеріне жүктелері сөзсіз. Біз технология пәні арқылы оқушыларды жан-жақты толыққанды жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін еңбек етудеміз. Оқушы тек қана теориялық білім алып қоймай, практикалық, өндірістік міндеттерді, жобалай білуді, шешім қабылдауды, жеке шығармашылық жұмыстарды орындай білуі шарт. Оқушылар сонымен бір мезгілде түрлі материалдарды өңдеу технологиясын және өңдеу әдістерін игереді. Осы қабілеттер мен біліктер баланың жас кезінен қалыптасып, оқу және еңбек

әрекеттерін орындау кездерінде әрі қарай дамуы керек.

«Өнер жақсыға сүйіндіреді, жаманнан безіндіреді», - дегендей, технология пәні мұғалімдері өз сабақтарында халық қолөнері негіздерін енгізу – қазіргі күн талабы.

Технология саласы оқушыларды халық дәстүрімен, әдет-ғұрыптарының түрлерімен таныстыра отырып, ұлттық этика, эстетикалық қабілеттерін және әділеттік, инабаттылық әдет-дағдыларын қалыптастырады.

Өзге халықтар сияқты қазақтың да балаларға қолөнер шеберлігін үйретуде ерте заманнан бері жиып-терген мол тәжірибелері бар. Өз ұрпағының «Халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ», - дегендей өнегелі болып өсудің мақсат еткен ата-бабамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлдеқашан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насихаттап, үйретіп келеді. Ендігі міндет – ұлттық дүниетаным, ерекшеліктерін танытатын осы өнер саласын заман талабына сай жетілдіріп, көркем рухани қазына ретінде пайдалана білу.

Халқымыздың тәрбиелік мәні бар асыл мұралары аз емес. Ұлттық мәдениетімізді меңгермей, мәдениетті азамат тәрбиелеу және ұлттық сананы қалыптастыру мүмкін емес. Қай кезеңде болмасын адамзат алдында тұрған мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды қабілетті азамат етіп өсірудегі халық қолөнерінің тәлім-тәрбиелік, білім танымдық рөлі орасан зор.

«Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деген, келер ұрпақты қолөнерден сырт қалмай теориялық білім мен сарамандық жұмысты қатар жүргізе отырып бір өнерді үйретуде ұстаз оқушы бойында мынадай қасиеттерді қалыптастырады:

Біріншіден, халық ісмерлерінің, өнер шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі бұйымдардың бұрынғысы мен бүгінгісін салыстыру;

Екіншіден, ұлттық өнерді құрметтей отырып, туған жерге, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Үшіншіден «Ою ойғанның ойы ұшқыр», «Көз қорқақ қол батыр» демекші, оюды ою, тігу арқылы шеберлікті, түс үйлесімділігін, композициялық шешімдерді үйрену;

Төртіншіден, оқушының ерте жастан ғылыми ізденіс жұмыстарға қызығушылығын және бейімділігін ояту, жоғары деңгейдегі сапалы білім мен іскерлігін көтеруге мүмкіндік жасау.

Сонымен, бүгінгі мақсат – өздерінен бұрынғы өмір сүрген аға буынның тәрбие мәселесіндегі жинақталған ұрпақ бай тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты өнерге баулу, өмірге, белгілі бір кәсіпке бейімдеу.

Қазіргі кезде өз өнерін баласына үйретіп, кілем тоқып, алаша иірумен айналысып отырған апалар, әжелер

азайған тәрізді. Сондықтан, баланы қолөнерге баулу және оған қызықтыру үшін ең алдымен оған үлгі алатын жағдай туғызып, халық қолөнерінің әсемдік құпиясын ашып, көрсету қазіргі таңдағы маңызды істердің бірі.

«Өнер – жастан» деген, осы өнердің қыр-сырын жас ұрпаққа мектеп қабырғасынан үйрету.

Мұндай игі істің жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде, халық өнерін, салт-дәстүрін терең меңгеруде атқаратын қызметі білімдік тұрғыдан да, тәрбиелік тұрғыдан да маңызды болмақ.

Ең алдымен, мұғалімге керегі өз пәнін жете меңгеру. Ол үшін үздіксіз қызмет ету, оқушыларды мүмкіндіктеріне қарай озық тәжірибиелерді іскерлікпен пайдалана білу керек. Осы міндетті өз жұмысында басшылыққа алып, шәкірттерінің жан-жақты дамуына оның бойында жасырынып жатқан шығармашылық қабілетті ашу мен белсенді әрекетке келтіру жолында қызмет ету.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова. «Педагогика» Алматы, «Дарын» баспасы, 2004 ж.
2. «Қазақ өнері». Энциклопедия. Алматы. 38 б, 2002 ж.
3. «Мектептегі технология» № 2, 2010 ж.

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ – СЫНАЛҒАН ОЙЛАУ ЕМЕС, ШЫҢДАЛҒАН ОЙЛАУ

Д.Абдрахманова

*Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

«Оқуды үйретудің» қозғаушы күші «Метатану» болып табылады. Басқаша айтқанда, оқу бар, бірақ сонымен бірге оқуды үйрету де бар. «Метатану» деп индивид қалай ойлайтынын, оқиты-

нын қадағалау, бағалау, бақылау, кейінгі оқу үдерісінде мұндай ойлаудың нәтижелерін саналы қолдану үдерісі ретінде сипаттауға болады. (МАН, 32б.).

Осы ойды негізге ала отырып, мен

сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулі оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейтініне көз жеткіздім.

Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді деген ой бар, мен ол ойды қысқаша былай дер едім: Сыни ойлау – критерийлерге негізделген пікір айту.

Сыни тұрғыдан ойлау Бағдарламаның өн бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Бұл ой маған Шонның «Рефлексивті практик: кәсіби іс-әрекетте қалайша ойланады» (1983) деген кітабын оқығаннан кейін келді. Бұл біздің тәжірибемізге, біздің сезімдерімізге байланысты және пайдаланудағы біздің теориямызға көңіл бөлуді қамтиды; ахуал өзгерген жағдайда біздің іс-әрекеттеріміз өзгеруі үшін жаңа ұғымды түзуге әкеледі.

Екінші ойым, тек сыни тұрғыда ойланатын ұстаз сыни тұрғыда ойланатын шәкірт тәрбиелейді ғой пайымды дәлелдеу үшін осы модульді таңдадым. Алғашқы кезде мен ойлайтынмын, мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлауды жоғарғы сыныптармен байланыстырады, алайда сыни тұрғыдан ойлаудың негіздерін ерте кезеңнен дамытуға болады және керек де.

Бұл модульдің түйінді тұстары мынада деп есептеймін, менің пайымдауымша:

- Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады;

- Сыни тұрғыдан ойлаудың негізгі дағдылары: бақылау, талдау, қорытынды, интерпретация;

- балалардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінен табуды қажет ететін негізгі ерекшеліктер: ұтқырлық – ең ұтымды түсініктемені табуға ұмтылу; сынаржақтылықтың болмауы – барлық қорытындыларды бағалау. Пайым – дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау. Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу. Өзіндік сана-сезім: сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну. (МАН, 53-54 бб.)

Менің байқағаным, тақырыпты ашуда, зерттеуде, қорытынды жасауда сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады. Бұл модульді таңдағандағы мақсатым: оқушы бойындағы сенімсіздікті жеңіп, жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болуын басшылыққа алдым.

Енді осы модульді қалай және неге кіріктіргеніме тоқтала кетейін:

Сынып деңгейі қалыпты болған соң және де жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабағымда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін білу мақсатында ұтқырлық пен сынаржақтылықтың болмауын негізге алуды жоспарлап, жұмыс жүргіздім. Ол үшін маған жүйеленген мақсат қажет еді. Тақырып бойынша ойлауын, зерделенуін, пайымдауын құра біліп өзара бірлесіп жұмыс жасауға ықпалдастыруды ұйғардым. Ұйымдастыру кезеңінде топты бөліп, сыныпта жағымды ахуал қалыптасқан соң жоспарлаған нәтижеге жету үшін мазмұндағы тапсырмалар арқылы жұмыс жасадым.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады, олар ауызша, жазбаша көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, дәлелмен қорғайды.

Өз тәжірибемде сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулі бойынша таңда-

ған стратегиялар барысында, оқушылар өздерін еркін сезінді және тапсырмаларды талдады, жинақтады, ой қорытты.

Кедергілер, әрине орын алды: оқушылардың сөздік қоры мен ұсыныс айтуда жинақтай алмауы, уақыттың жетіспеуі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым, 2012 ж. www.cpm.kz.

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАСЫМЫЗҒА ҚОНҒАН ҚҰС

А.Оналбаева

Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Адамзаттың, мемлекеттердің тұтастай даму тарихына үнілер болсақ, азаттық үшін, бостандық үшін, тәуелсіздік үшін күрестің толассыз жүргізілетінін байқаймыз. Тіпті, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де оны сақтап қалу, баянды ету, ұрпаққа аманаттау – ұлы борыш. Міне, біздің Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына жиырма жылдан асты. Бұл бір қарағанда тым азғантай мерзім. Алайда, осы жылдарда Қазақстан аяғынан қаз тұрып қана қоймай, әлемдік өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасты. Экономикасы дамыды, әлеуметтік жағдайы нығайып, елдің еңсесі көтерілді.

Біз, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін көзімізбен көрген жоқпыз, оқулықтардан ғана оқыдық. Ал, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін көзбен көріп қана қоймай, оның бел ортасында жүрдік. Тәуелсіздік жолындағы ата-бабамыз бастан кешкен қиындықтардың болмысын біз де сезіндік. Қызыл империяның үстемдік саясаты шектен шығып бара жатқан еді. Қазақтың жері талауға түсті, ядролық сынақтар алаңына айналды, ділі мен діні қолдаусыз, қамқорлықсыз қалды, ұлттық кадрларға кемсітушілік көзқарас белең алды...

Мемлекеттік тәуелсіздік – бұл тарихтың сыйы емес және қазіргі ұрпақтың бір өзінің ғана меншігі емес. Бұл – өткеннің алдындағы парыз бен болашақтың алдындағы жауапкершілік.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақтың нағыз батыр халық екенін мойындайсың, жүгі нарда, қазаны теңде болып, көшіп-қонып өмір сүрген ата-бабаларымыз үш нәрсені бойтұмардай сақтап, қадірлеген. Олар үшеуінсіз егемен ел екенін дәлелдей алмайды.

Ал, енді біз 1986 жылдың желтоқсанда тәуелсіздік үшін күрескен тұлғаларға тоқталайық. Өз елінің тәуелсіздігін талап етіп, шеруге шыққан жастарға «Бұзақылар, ұлтшылдар» деген кінә тағылады. Осындай кезде еліміздің жас қайратты жастары ұрандап алаңға шықты, теңдікті талап етті, әділетті іздеді, бірақ, олардың маңдайлары тасқа соғылды, қуғын-сүргінге ұшырады. Сонда да, ұлттық рухымыз жасыған жоқ, қайта қайрала түсті. Біз сол бір ызғарлы желтоқсандағы қаралы күндердің жанымызға салып кеткен жарасын әлі күнге ұмыта алмаймыз. Біз тәуелсіздіктің төбеден түспегенін, әлдекім сыйға тартпағанын, тарих көшіндегі ата-бабамыздың арман-аңсарының толық жүзеге асқанын түсінетін ұрпақ-

пыз. Желтоқсандықтардың бейбіт шеруге «Менің Қазақстаным» әнін айтып шыққанын, сол әнді айтып жүріп қанға бөккенін келер ұрпақ жадында ұстауға тиіс. Сол әннің қазіргі әнұранымызға айналып, Қазақ елінің барлық жеңістерінің байрағы болып тұрғаны қандай ғанибет.

Көптеген студент жастар оқу орнынан шығарылды, тәуелсіздік жолында Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхамеджанова т.б. қазақ жастары желтоқсан оқиғасы кезінде қайсарлықпен ерлік көрсетіп, құрбан болды. Өмір – өзен толқындары бізді әйгілі 16 желтоқсан оқиғасынан уақыт өткен сайын алыстатып әкетіп бара жатса да, жүректерде мәңгілік ұмытылмайтын бір нәрсе бар.

Ол – дүниені дүр сілкіндірген сол күнге куә қазақ жастарының рухына, ерлігіне деген тағзым мен құрмет.

Желтоқсанда алаңға шыққан жастардың «Қазақ елін қазақ басқарсын!» деген басты талаптарына тоталитарлық жүйе құлақ аспады. Бұл ұлттық намысымызды аяққа таптаумен бірдей еді. Енді, бүгін өткенге ой көзімен қарасақ, тәуелсіздігіміз жарияланардан төрт күн бұрын, 1991 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығы шыққан болатын. Бұл Жарлықтың тек Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар үшін ғана емес, жалпы ұлттық рухты сақтау жолындағы маңызы ерекше. 2006 жылы 18 қыркүйекте Алматы қаласында желтоқсандықтарға, демократиялық жаңару жолындағы күрескер жастарға арналған «Тәуелсіздік таңы» атты ескерткішті ашу кезінде сөйлеген сөзінде Президент біздің жастарымыздың сол қаһарлы желтоқсанда тоталитарлық жүйеден тайсалмай өз наразылықтарын білдіргені, «Ерліктің ғана емес, елдіктің де

нышаны», деп бұған үлкен саяси баға берген еді. Бұл тарихи сәт елдіктің, бірліктің белгісі болды.

Кез келген адамның туған күні бар сол сияқты біздің мемлекетіміздің де туған күні ол-16-17 желтоқсан. Тәуелсіздік алғаннан бері өз мәселесін саяси, әскери, экономикалық, әлеуметтік, мәдени бағыттағы қиын сұрақтарын шешуде. Қазақстан аумағына бір мезетте Ұлыбритания, Франция, Германия, Австрия, Голландия және Дания елдер сияды. Тәуелсіз Қазақстан өз дара жолымен, өз бағыт-бағдарымен жарқын болашаққа айқындап келе жатыр. 1991 жылы желтоқсан айында ең алғаш рет өз тәуелсіздігін жария еткен күн. Осы бүгінгі күнге дейін жиырма жылдан астам уақыт өтсе де, Қазақстан әлі де қиындықтарды бастан кешуде. Өйткені, тәуелсіздік туын желбірету қиынның қиыны.

Бұл күнде егемен ел болдық, тәуелсіздік алып демократия негізінде халқымыз алғаш рет Елбасын сайладық. Жаңа Конституция – Ата заңымыз қабылданды. Қазақстан елін жүзден астам мемлекеттер мойындады. Қазақстан халықаралық ұйымдарға мүше болды, сондай-ақ БҰҰ-ның мүшесі.

Еліміздің символикасы мемлекеттік рәміздер қабылданды: гимн, елтаңба және ту. Мемлекеттік рәміздерінің бірі жоқ болған мемлекет тәуелсіз мемлекет болып саналмайды. Ел таңбамыз бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан отбасының және мемлекеттің бейбіт өмір сүруін, аспандағы жұлдыз сілтеуіш біздің елге көрсетіп аңсаған армандарының орындалуына, биік белестерді бағындыруда қол жеткізетін, ал қанатты тұлпар шығармашылық ұшқыр ойдың фантазияның жемісі.

Біздің гимн – қазақ халқының басынан кешкен қиындықтарын, қара бұлт төнген күндерін жалпы өмірін суреттейді. Тәуелсіздік туын желбірету үшін қан мен тер арқылы күресіп қол жеткізген туралы шырқалады. Еліміздің

өркендеуіне, жарқын болашағына үлкен сенім ұялатады.

Біздің ту – ашық аспан астында барлық халықтар арасындағы татулықтың бейнесі. Еркін дала халқы құшағын айқара ашатын, еркіндікті сүйетін, кең пейіл, ақ көңіл, адал халықтың мемлекеті ретінде бейнеленген.

Қазақ халқының өткені мен бүгіннің таразыға сала отырып, келешегіне отаншылдық туын арқау еткен оқушыларға ұлттық рәміздерді түсіндіру, болашаққа бағыт сілтеу әрбір ұстаздың міндеті. Ендеше, оқушыларды отансүйгіштік сезімге тәрбиелеуде оның мән-мағынасын түсіндіруіміз қажет. Ондағы мақсатымыз – әрбір баланың бойындағы өзінің Отанына деген, өз елінің рәміздеріне деген құрмет сезімін ояту. Иә, Отанның өзі осы желбіреген көк тудан, елтаңбадан, әнұраннан басталады екен. Бір мезетте бүкіл еліміздің жастары орындаған әнұран біздің мектептерде де шырқалады. Біздің бүгінгі елтаңбамыз ұлттық рухымызды асқақтатып, шаңырағымыздың беріктігін паш етіп, еліміздің қанатты тұлпардай ұшқырлығын дәлелдеп келеді. Мемлекеттік рәміздер – біздің мақтанышымыз. Отанға, туған ел, қасиетті жерге деген сүйіспеншілік, намыс пен жігер, сезімнің қалыптасуына да дәл осы ұлттық рәміздердің әсері мол екендігіне сенімдімін. Ту, елтаңба, әнұран әлемдегі әрбір мемлекеттің рәміздері болып табылады. Олар өзіндік түстері мен мазмұны жағынан ерекшелініп отырады.

Еліміз егемендікке, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жиырма жыл еліміздің жас қайратының талабының оң болғанын дәлелдеп тұрғандай. Осы жиырма жылда Отанымыздың қиын өткел, тар асулардан қалай аман өткеніне қазақстандықтар куә, әлем жұртшылығы куә. Қазіргі Қазақстанда тұратын жүзден астам этностың тағдырын қазақ тағдырынан бөле-жара қарамай, барлығын бір ананың баласындай бауырға тарту нәтижесінде еліміз

ішкі-сыртқы саясатта үлкен беделге ие болды. Жас мемлекетімізде саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім қалыптасып, Қазақ халқының береке, бірлігі артты. Ана тілімізге деген құрмет Ата Заңымыздан бастау алды.

Алаш ардақтысы А.Байтұрсыновтың: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», деген ұстанымы бүгінде біздің жолбасшымызға айналып отыр. Сонау тоқсаныншы жылдардағы күйреп қалған шаруашылықтар, босап қалған дүкен сөрелері, елді жайлаған жоқшылық пен қымбатшылық аз уақытта еңсеріліп, халықтың тұрмысы оңалды, экономикадағы өрлеу елдің әл-ауқатын арттырды. Бұл тұрғыдан алғанда мемлекеттік меншікте, мемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекеттік шаруашылықтарда ғана жұмыс істеп үйренген халық жаңа жұмысқа баулынды, кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасалды, «Жеке-меншік» деген ұғым қалыптастырылды, адамдардың жаңадан өмір сүруіне қолдау көрсетілді. Сол жылдардағы ел басына түскен қиындықтарды, кедергілерді, тапшылықтарды санап тауыса алмайсыз. Мәселен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «рубль аймағындағы» елдердің қиын құрсауда қалған тұсында, инфляцияның күн санап шарықтап өсуі кезінде Қазақстан көрегендікпен жол тапты. Сол тұста, Ресей Қазақстан өз ақшасын шығара қояды деп әсте күтпеген болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, дәлірек айтқанда, 1993 жылдың 12 қарашасында төл теңгеміздің дүниеге келуінің өзі бізді болашаққа бастайтын батыл қадам еді. Сондай-ақ, мемлекеттік рәміздеріміздің бекітілуі, шекарамыздың айқындалуы – осының бәрі тәуелсіз мемлекет үшін аса қажет құндылықтар болатын.

«Тәуелсіздік бізге не берді?» - деген кезде, жер көлемі жағынан әлемде

9-шы орын алатын Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтан өз орнын ойып тұрып алғанын айтар едім. Жаңадан салынған елордамыз – Астанамыз бар. Астана қаласының салынуы республикамыздың әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуына, ұлттық қауіпсіздігіміздің нығаюына үлкен үлесін қосты. Есілдің жағасындағы ару қала тарихи маңызды оқиғалардың ордасына айналды. Астанада ХХІ ғасырдағы ЕҚЫҰ-ның тұңғыш Саммиті өтті. Қысқы «Азиада – 2011» спорт сайыстарының салтанаты да Астананың мәртебесін, қазақстандықтардың рухын көтерді.

Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанда қазақтардың саны 40 пайыз ғана болды. Яғни, біз өз мемлекетімізде тұрып, өсім жағынан азшылық жағдайда қалып келдік. Оның әртүрлі себептері болғанын білеміз. Дегенмен, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін ондағы негізгі ұлт, мемлекет құраушы ұлт сан жағынан басым болуға тиісті еді. Бұл бағытта да жүргізілген оңтайлы көші-қон, демографиялық саясат тәуелсіздік жылдары қазақтардың санын 6,5 миллионнан 10,3 миллионға жеткізді. 2010 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, Қазақстандағы қазақтардың саны 63,6 пайыз болды, яғни 20 жылға жуық уақыт ішінде қазақ халқының саны 3,8 млн. адамға көбейді.

Еліміз жастардың білім алуына да аса үлкен көңіл бөліп келеді. 1993 жылдан бері «Болашақ» халықаралық стипендиясы беріле бастады. 1994-2010 жылдар аралығында бұл стипендияға ие болып, алыс және жақын шетелдерде білім алған жастардың саны 7600-ге жетті. Тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміз өзінің болашақ мамандарын даярлауда осындай белестерді бағындыра алды. Қазақ мектептерінің саны көбеюде. Мемлекеттік грант есебінен жылына 33 мыңнан аса жас білім алуда. Ал, «Назарбаев университетінің» есігін айқара ашуы –

еліміздегі жастардың әлемдік деңгейге сай білім алуына жасалған мемлекеттік қамқорлық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елімізде жұмыссыздықпен күреске елеулі мән берілді. Соның арқасында қазақстандықтар тұрмыс-тіршілігі үшін жұмыс іздеп шекара асып кеткен жоқ. Олардың жұмыс істеуіне өзімізде жағдай жасалды. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты биылғы Жолдауда Үкіметке 2020 жылға дейін халықты жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасын жасау тапсырылды. Міне, бұл бағдарлама да жақында қабылданып, оған бюджеттен қомақты қаржы бөлінді. Енді, өз-өзімен шұғылданатын, жұмыссыз жүрген, тұрмысы төмен халықты қайта оқытуға, жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге, ауылдағы кәсіпкерлікті қолдауға, экономикалық әлеуеті төмен аймақтардан экономикасы дамыған аймақтарға көшуге жағдай жасау үшін мемлекет тағы да қаржы бөліп отыр.

Тәуелсіздікке жету жолы қаншалықты ауыр болса, тәуелсіздікпен тыныстаудың баяндылығы да соншалықты жауапты екені анық. Жас ұрпақ тәуелсіздіктің тағылымдарын танып, қастерлеп, құрметтеп отыруы керек. Тәуелсіздік бізге бәрінен де қымбат. Сондықтан да бәріміз еліміз үшін еңбектенуіміз, халқымыз үшін қызмет істеуіміз керек.

Жоғарыда айтқандай өрендерді тәрбиелеу үшін өзіміз бірінші кезекте туған елімізді, тілімізді, ұлтымызды сүйе білуіміз керек. Сол білгенімізді ерінбей-жалықпай өскелең ұрпаққа үйрете, жеткізе білуіміз керек. Сонда ғана біздің сүйікті Қазақстанымыз, туған Отанымыз биіктен самғап, шарықтай бермек.

Батырлардың қаныменен алған жер,
Тау-тасына елтаңбасын салған жер.
Бейбіт өмір кешесін сен біз барда
Бабалардан аманатқа қалған жер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Тәбеев. Қазақтың желтоқсаны. Алматы, 2006 ж.
2. Е.Е.Төлеубек, Т.Қ.Қасенов. Желтоқсандықтар үн қатты. «Егемен Қазақстан» газеті, 2006 ж.
3. М.Садықұлы. Намыс оты лапылдап. «Жұлдыз» журналы, 1996 ж.

ОҚУШЫНЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**Г.Әуезова***Қызылорда қаласындағы №222 Т.Рысқұлов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

Тәуелсіздік Қазақстан Республикасы үшін елдің ертеңі жарқын, болашағымыз кемелді, ұрпағымыз сауатты болуы үшін әрине еліміздің дамуының басқа бағыттарымен қатар білім саласы да ерекше маңыздылыққа ие болуы қажет. Білім берудің бүгінгі күнгі талабы – оқушының жан-жақты іс-әрекеттік қабілетінің дамуы.

Мемлекеттің негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді азаматтар. Сондықтан, қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше күрделі іс.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникация желілерге шығу деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде

тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда, білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге

асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Бүгінгі күн талабына сай, білім беру мазмұны қайта қаралып, жаңару үстінде. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елге қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып қазіргі кезде жас ұрпаққа ғылыми негізде білім беру қабілеттерін ашу міндеті туындайды. Яғни, білім мазмұнын жаңарту – қазіргі заман талабы.

Бастауыш мектеп – оқушыны тұлға ретінде қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Болашақ ұрпақтың білімділігі мен оның рухани байлығы – әлемдік өркениетке жетер бағыттағы Қазақстан Республикасының гүлденуіне кепілдік болар бірден-бір жол.

Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Қазақстан Республикасының Білім беру Заңына сәйкес мектепте білім алу үш сатыда жүзеге асырылуда. Тілді меңгертудің алғашқы сатысы бастауыш сыныпта жүзеге асырылады. Бастауыш сыныпта оқушыларымыздың алған білімі мемлекеттік стандарттан төмен болмауы керек. Ана тілі – балаларымыздың өмірлік қажетін өтейтін қатынас құралы. Сондықтан, мектепте ана тілін негізгі пән ретінде оқытуға ерекше мән беріледі. Тіл оймен тікелей байланысты және адамдардың ғасырлар бойы қалыптасқан ой

жұмыстарының көрінісі болғандықтан, оның әр алуан тармақтарын тез игеру оңай емес. Өз тәжірибемде бастауыш сыныпта балаға өздері сөйлеп жүрген ана тілін оқыту қиындық тудыратынын байқадым.

Мектеп жасындағы балалардың негізгі әрекеті – оқу. Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана оқушы ой және дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді. Оларды жан-жақты білуге мүмкіндік алады. Білім меңгеру – ұзақ уақытты керек ететін күрделі процесс. Бастауыш сыныптарда оқушылар оқу сабақтарында өздерінің білім мен тәрбие алуына қажетті әр түрлі оқу дағдыларын қалыптастырады. Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру жалпы тіл дамуымен, оның ішінде әдеби жазба тілімен де тікелей ұштасып жатады. Оқу барысында көру, есту, сөйлеу мүшелерінің қызметі қатар жүргізіліп, ол түсіну әрекетімен тығыз байланыста болады.

Көрнекті психологтар өздерінің арнайы жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде оқу дағдысын қалыптастырудың психологиялық жақтарын ашып көрсетті. Сонымен қатар, олар оқу дағдысын қалыптастырудың сатылы кезеңдерін анықтады:

Бастапқы кезең – аналитикалық, яғни талдау кезеңі. Бұл кезеңде әріп танып, оқу техникасын меңгерту, тіліміздің жеке дыбыстардан тұратыны, әріптердің осы дыбыстардың шартты белгісі екендігін түсіндіру;

Синтетикалық кезең – яғни жинақтау кезеңі. Әр сөзге дыбыстық талдау жасау. Мұны кейде оқу әрекетінің тұтастық құрамға айналу кезеңі деп те атайды;

Оқудың автоматтандырылған кезеңі – бастауыш мектептегі жүргізілген оқу сабағының тәрбиелік мәні атақты педагог К.Д.Ушинский дәуірінен бастап-ақ анықталған. Ал, қазіргі жағдайда оқу сабағының тәрбиелік

мәнін арттыру талабы бастауыш мектептегі оқудың сапасын көтеруде, әсіресе оқу дағдысын жетілдіруді ерекше қажет етеді. Төменгі сыныпта оқудың түрлері екіге бөлінеді:

- дауыстап оқу;
- іштей оқу.

Дауыстап оқу көбінесе 1-2 сыныптарға тән болады. Бірақ 1 сыныпта іштен оқуға болмайды деген ұғым болмауы керек. Іштен оқу алғашқы сыныптарда-ақ басталады. Оқудың бұл көрсетілген екі түрі бір-бірімен ұштастыра жүргізіледі. Дегенмен, оқушыны оқуға дағдыландыру, жаттықтыру негізінен дауыстап оқу арқылы жүзеге асады. Дауыстап оқудың пайдасы мол:

- оқушы әр сөйлемді, әр сөзді өз сазына келтіріп оқуға жаттығады;
- оқығанын көру және есту сезімі арқылы қабылдайды;
- мұғалімнің оқушының қалай оқитынын бақылауға мүмкіндік алады.

Дауыстап оқу қаншалықты пайдалы болғанымен, оның да кемшілік жақтары болады: біріншіден, дауыстап оқыған адам тез шаршайды; екіншіден, дауыстап оқыған бала іштен оқығанын жете түсіне алмайды. Дауыстап оқуға әбден төселіп алған адамдар қоғамдық орындарда жұмыс істеуі қиындайды. Сондықтан, сынып жоғарылаған сайын оқушыны іштей оқуға дағдыландырған дұрыс. Іштен оқу арқылы да түсінуге болады. Оқудың бұл түрі оқушыға үлкен жеңілдік әкеледі. Мысалы, кейбір оқушыға күніне бірнеше бетті оқуға тура келеді. Ал, дауыстап оқығанда сонша бетті оқу қиындық тудырады. Іштен оқудың тағы бір пайдалы жағы – оқушы қалаған жерінде, қалаған орында ешкімге кедергі келтірмей оқи алады. Ал, оның бір кемшілігі мұғалім оқушының қалай оқитынын дер кезінде аңғармай қалады. Міне, осыдан оқудың бұл екі түрін де балаға кіші жастан үйрету қажет болады. Оқудың бұл түрлерінің екеуіне де дұрыс оқу, шапшаң оқу, түсініп оқу және мәнерлеп оқу талабы қойылады. Бұл талаптар бір-

бірімен тығыз байланыста іске асады. Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу сабақтарында жіберетін қателіктеріне тоқталатын болсам:

- әріп, буын немесе сөз қалдырып кетіп оқу;
- кейбір буындарды, сөздерді екі рет қайталап, ежіктеп оқу;
- тілі келмегендіктен немесе әдеттеніп кеткендіктен бір әріпті екінші әріппен алмастырып оқу.

Мен бұндай кемшіліктерді болдырмау және алдын ала дағдыландыру үшін өз тәжірибемде мынадай жұмыс түрлерін ұйымдастырамын:

- оқушыны бірнеше қайталап кітап оқуға жаттықтырып, дағдыландырамын;
- оқыту жұмыстарына ата-аналарына тапсырма беремін;
- қате оқыған сөздерді қайталап оқытамын;
- мәтіннен қате оқылған сөздерді сыныпта тыңдап отырған оқушыларға түзеттіремін;
- ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс жүргізіп, оқу дағдысын бақылап, тексеріп отыруын қадағалауды тапсырамын.

Оқуы талаптан төмен оқушыға дұрыс, саналы және шапшаң оқу дағдысын дамытуға уақытында көмектесу үшін, оны жүйелі түрде есепке аламын. Оқушылармен жоспарлы түрде жүргізілген жұмыстың нәтижесін бірнеше аптадан соң көруге болады. Өз еңбегінің аз да болса нәтижесін көрген оқушының оқуға деген қызығушылығы артады. Оқушының күн сайынғы, апта сайынғы шапшаң оқу қабілетін анықтап отырудың тиімділігін өз тәжірибемде байқап, нәтижесін көріп келемін.

Оқу дағдысының біз қолданып отырған дұрыс оқу, сапалы түрде түсініп және мәнерлеп оқу дейтіндердің үшеуі де бір-бірімен өте тығыз байланысты компоненттер. Сондықтан, бұл үшеуіне оқушыны жаттықтыру әр сабақта қатар іске асырылып отыруы тиіс. Сабақ сайын бұл бағытта үнемі

үзбей жүйелі жүргізетін жұмыс тұтас келіп, оқушылардың оқу дағдысын қалыптастырады. Бастауыш мектептегі оқу сабағының сапасы әр сабақтың қаншалықты дәрежеде ойланып құрылғанына, қолданылатын әдіс-тәсілдеріне және ұйымдастыруға тікелей байланысты. Оқу сабағын жүргізуде және оған қажетті әдіс-тәсілдерді іздестіру үстінде мыналарды ескеру қажет:

1. Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын жетілдірудің бір шарты – оқушының дұрыс және мүдірмей оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда оқушының мәтінді толық түсінуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сабақта қолданған әдіс-тәсіл оқудың техникасын жетілдірумен бірге, баланың кітапқа деген оқу ынтасын арттыратындай, ал көптеген жағдайда бір мәтінді жалықпай әлденеше рет оқуға дағдыландыратындай болуы керек.

2. Оқу сабағында оқушының ойлау қабілетін, қызығушылығын, бір затты екіншісімен салыстырып, бірін екіншісіне қарама-қарсы қойып байқағыштығын тағы басқа қасиеттерін дамыту керек.

3. Оқушының шығармашылық қиялына әсер ете білу керек. Дұрыс оқу талабына келетін болсақ оқушы мәтінді дұрыс оқуға дағдыланбайынша, білімді жете меңгере де алмайды. Сондықтан, мәтінді оқытқанда оқушының әрбір сөзді дұрыс айтуы мен оқуын мұғалім

қадағалап отыруы керек. Ал, дұрыс оқу дегеніміздің өзіне келер болсақ, ол:

- оқушының оқып тұрғанда сөз ішінен әріпті, жеке буынды, сөздерді қалдырып кетпей оқуы;

- кейбір сөздерді қайталап оқи бермеу;

- мәтіндегі сөздердің мағынасына қарай лайықты дауыс ырғағын сақтап оқу.

Мәтінді оқуда бұл талаптар орындалмаса, онда оқушы мәтіннің сөзін дұрыс ұға алмайды. Оқудың қандай түрі болса да балаларды мадақтап, марапаттап қолдау көрсетіп отырамын.

Қорыта келгенде, оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болған жағдайда ғана жетістікке жететінімізді білдім. Оқушы тілін, сөздік қорын дамыту тек оқулықпен шектелмеу қажет. Сондықтан да оқушылардың ата-анасымен тығыз байланыста болып, кітапханамен байланысып, баспасөз басылымдарына жазылу арқылы білім мен біліктілікті арттыруға болады.

Әр ұстаз оқу – тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, озық ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеп, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз. Осындай қажырлы еңбектің арқасында ғана еліміздің жеткіншектерін тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жетеріміз даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Сапарғалиев. Оқушыларға праволық тәрбие беру туралы. - А., 1988 ж.
2. М.Смайылова. Тәрбие жұмысын жоспарлау туралы. //Қазақстан мектебі, №10, 1988 ж. 29-30 бб.
3. Ж.Ә.Әбиев, С.Б.Бабаев, А.М.Құдиярова. Педагогика: Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А.М. - Алматы: Дарын, -2004 ж. - 448 б.
4. Н.Степаненков. О планировании работы классного руководителя. - Минск, 1978 г.
5. Т.Сабыров. Оқыту теориясының негіздері. - Алматы, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі баспаханасы, 1992 ж.
6. М.Шешенханова. Мектеп басқарудың демократиялық алғышарттары //Қазақстан мектебі журналы, 1993 ж.
7. Ұстаздың шеберлікке жету жолдары. /Құрастырған Ж.Нұржанова. - Алматы, 1991 ж.

8. «Бастауыш сынып әдістемесі» журналы. №4, 2013 ж.
9. «Бастауыш сынып әдістемесі» журналы. №5, 2012 ж.
10. «Бастауыш мектепте оқыту» журналы. №5, 2010 ж.

В МАСТЕРСТВЕ УЧИТЕЛЯ – УСПЕХ УЧЕНИКА

Л.Кунарова

учитель русского языка и литературы средней школы №41 им. М.Шокая Шиелийского района

На земле нет ни одного человека, у которого не было бы учителя. «Учитель, перед именем твоим, позволь смиренно преклонить колени...», но так обратиться может не каждый из учеников к своему учителю. Выбирая профессию учителя, я опиралась на эти слова. Хочется, чтобы каждый твой ученик с гордостью обращался к тебе, начиная свою речь такими словами.

Поэтому, когда мне предложили поехать на курсы повышения квалификации, познакомив со всеми условиями трех уровней (что я должна уметь делать и что от меня требуется), я выбрала 2 основной уровень. Мы были первыми «ласточками» филиала Центра педагогического мастерства в городе Кызылорда. Три месяца пролетели быстро. Закончив курсы повышения квалификации Программы второго основного уровня, я чувствую себя на голову выше остальных коллег в школе, не прошедших и не желающих проходить эти курсы.. Они совсем незнакомы с новыми подходами в преподавании и обучении, с семью модулями Программы, и не побоюсь сказать, что они отстали от жизни. Ведь мы живем в XXI веке! Идет только 14-й год XXI века! Что будет дальше? Что нас ждет впереди? Мы, прошедшие эти курсы, знакомы с новшествами, готовимся встретить будущее достойно, а они? О чем они думают? Коллеги, проснитесь! Нельзя так жить!

Теоретические основы Кембриджского подхода к преподаванию – это один из этапов модернизации образования РК. Главная особенность этой программы – самостоятельная работа учащихся, осмысление ими и обработка информации. Учитель не объясняет, как раньше, а дает инструкции. Надо овладеть широким спектром знаний, адекватных современным представлениям об успешности преподавания и обучения. Нельзя работать по старинке! Сидеть за столом все 45 минут, смотреть на детей, которые тихо сидят по двое за партами, использовать на уроке старые бумажные портреты и таблицы. Ещё раз повторюсь: мы живем в XXI веке! И перед нами стоят 2 ключевых вопроса: «Что подлежит изучению учащимися в XXI веке?» и «Каким образом учителя подготовят учащихся к XXI веку?» Ведь в мастерстве учителя – успех ученика. Мы должны обучать учеников тому, как учиться и сформировать их как независимых, самомотивированных, увлеченных, уверенных личностей с развитым критическим мышлением, умеющих свободно общаться на русском, казахском и английском языках, проявляющих компетентность в цифровых технологиях.

Если учитель – стержневая фигура в школе и его личность обеспечивает успешность обучения учеников, то каким он должен быть?! Подумайте об этом, коллеги! Даже если вы желаете

оказать помощь ученикам в их становлении личностями с развитым критическим мышлением, но до сих пор преподаете традиционными методами, то вам самому необходимо обладать развитым критическим мышлением и быть открытым для новых идей. Самому перестроиться и помочь своим коллегам это сделать. Что с нами и произошло, когда закончили трехмесячные курсы повышения квалификации. На своих уроках провожу групповую форму работы, потому что она очень эффективна; оценивание работы учащихся формативное – чаще всего критериальное, потому что такое оценивание выполняет функцию обратной связи, когда ученик получает информацию о своих успехах и неудачах. При этом даже самые неудовлетворительные результаты промежуточной работы воспринимаются учеником лишь как рекомендации для улучшения собственных результатов. При критериальном оценивании нет условий для сравнения себя с другими. Ты успешен по одному критерию, а я –

по другому. У учащихся появляются дополнительные возможности оценивать и наращивать свои достижения по тому или иному критерию. В конце каждого урока получаю обратную связь, свидетельствующую о достижениях (для учеников, учителей и родителей). Ведь главной целью является постоянное уведомление учеников и учителей о достижениях и развитии, знаний, понимания, применения, навыков и т.д.

Претворяя идеи Программы, успешно проведя Коучинг-занятия в школе, причем эти занятия я провожу и на русском языке (как учитель русского языка и литературы, для тех, кто владеет русским языком), но так как работаю в казахской школе, провожу Коучинги на казахском языке для других учителей; процесс Менторинга с одним из коллег; мне кажется, что я готова узнавать новое, совершенствовать свои знания, не останавливаться на достигнутом. И надеюсь, что благодаря накопленному на курсах мастерству, я обеспечу успех своим ученикам!

Список использованной литературы:

1. Руководство для учителя /материалы на сайте: www.cpm.kz.
2. В.В.Котов. Организация на уроках коллективной деятельности. - Рязань, 1977 г.
3. А.Кочетова. Подготовка к коллективной деятельности. //Высшее образование в России. 2005 г. №8. 151-154 с.
4. В.К.Дьяченко. Сотрудничество в обучении. О коллективном способе учебной работы. - М.: Наука, 1991 г. 24-57 с.
5. Джон Уитмор (2012) статья «Коучинг высокой эффективности».

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ МОДУЛЯ «НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ПРЕПОДАВАНИИ ОБУЧЕНИИ»

С.Шумекеева

г. Кызылорда, учитель русского языка и литературы школы-лицея №264

Современной школе нужен современный учитель, владеющий новыми подходами в преподавании и обучении, и для того чтобы внедрить новые подходы в обучение, хотелось бы прежде всего отметить то, что, всем педагогам приходится иметь дело с детьми, которые в силу своих личностных особенностей, таких как, застенчивость, замкнутость, нерешительность, робость, испытывают сложности при общении со сверстниками и взрослыми. Эти качества свойственны многим детям и взрослым. Наверное, их можно назвать наиболее распространенной причиной, осложняющей общение.

По окончании уровневых курсов повышения квалификации педагогических работников мною изменила свой подход к педагогической деятельности. Я стала по-другому смотреть на своих детей. Не только на детей, но, и вообще, в корне на свой урок. Это теперь не просто урок, а целый сценарий новых знаний. Учащиеся средних классов, которые я преподаю стали самомотивированными, увлеченными, уверенными и ответственными. У детей немотивированных на учебу появилось желание работать на уроке, выступать в роли докладчика (чего раньше не было), а также повысилось качество обучения. Теоретические основы Кембриджского подхода к преподаванию сыграли важную роль для меня как учителя русского языка и литературы. Конструктивистские представления о преподавании требуют, чтобы учитель, сосредоточенный на ученике, организовывал занятия в соответствии с задачами, способствующими развитию знаний, идей, навыков у учеников.

Умениями современного школьника являются в числе других умение создавать письменные работы разного вида и стиля, отвечать на вопросы, не испытывая затруднений в построении фраз, оформлять разнообразные деловые бумаги. Не менее важно умение находить и отбирать необходимую информацию из книг, справочников, энциклопедий и других печатных текстов, а также интернет-ресурсов; умение составлять и читать схемы, использовать информацию СМИ и других источников. Формирование коммуникативной грамотности включает в себя умение работать в группе, команде; умение расположить к себе других людей; приспосабливаться к новым, непривычным требованиям и условиям; организовывать работу группы.

Теоретическая основа 7-модульной Кембриджской Программы строится на конструктивистской теории обучения, которая базируется на утверждении о том, что развитие мышления у учащихся происходит в условиях взаимодействия имеющихся знаний с новыми, либо со знаниями, полученными в классе из различных источников: от учителя, сверстников, из учебников. [1]

Вся наша педагогическая работа основана на диалоговом обучении. Диалоговое обучение предполагает сообучение, когда ученики и учитель являются субъектами учебного процесса. Учитель часто выступает лишь в роли организатора процесса обучения, лидера группы. Кроме того, диалоговое обучение основано на прямом взаимодействии учеников с

опытом своих друзей, большинство упражненных обращается к опыту самого ученика. Диалог занимает центральное место в преподавании многих дисциплин. Мерсер и Литлтон (2007) в своей работе показали, что диалог в классе способствует интеллектуальному развитию учеников и их результативности в обучении. В исследовании подчеркивается, что интерактивное общение как со взрослыми, так и совместная работа со сверстниками способствуют обучению детей и их когнитивному развитию [1].

Я думаю, если правильно выстраивать стратегию общения на своем уроке, то это поможет развивать способность личности эффективно взаимодействовать с окружающими людьми, поможет решать проблемы межличностного общения, вырабатывать жизненно важные навыки. В своей работе я внедряю идеи модуля «Новые подходы в преподавании и обучении», а именно «Важность диалога в классе». Так как я являюсь учителем русского языка, то главной задачей ставлю перед собой не только научить детей читать, писать, применять грамматические правила, а научить детей говорить, развивать их коммуникативные навыки.

По мнению Л.Выготского, знания приобретаются в результате вовлечения ученика в диалог, в совместную беседу. Совместная беседа учеников в классе приносит большую пользу, так как позволяет ученикам выразить свое понимание темы, помогает им осознавать, что у людей могут быть разные идеи, содействует аргументированию учениками своих идей, способствует когнитивному развитию детей, помогает учителю понять, на какой стадии находятся ученики в процессе своего обучения. [1]

Для внедрения идей Программы в своей преподавательской деятельности я часто использую парную и групповую формы работы. Использование на уроках тактики «ученик-ученик» позво-

ляет в более точном оценивании понимания учащихся, потому что, имеется возможность слушать обсуждение учеников, вступать в разговор со всеми учащимися, а не только с теми, кто поднимал руку. Учащиеся получают возможность поговорить друг с другом, обсудить заданный вопрос, обменяться мнениями, выразить свое согласие или несогласие. В процессе общения у детей появляется возможность обосновывать свое мнение. На своих уроках включаю такие задания, где бы учащиеся не могли обойтись без взаимодействия, диалога, так как диалог способствует развитию у детей умение обсуждать, договариваться, аргументировать, доказывать, соглашаться или не соглашаться. Например, на уроке «В гостях» учащимся дается задание посредством ролевой игры показать, инсценировать понятие «гостеприимный». Выполняя задание, ребята выдвигают свои идеи, обсуждают, спорят, находят альтернативные решения, используют все доступные средства. В итоге каждая группа представляют инсценировку, где дети применяют всю освоенную лексику за урок.

По утверждению Александера, беседа не является односторонним процессом общения, а, наоборот, - взаимным процессом, в котором общение проходит в двух направлениях и на этой основе продвигает обучение ученика вперед. В диалоге ученики, а также учителя являются равноправными партнерами, прилагающими все усилия для получения согласованного результата. [1] В беседах с учениками для активизации мыслительной деятельности и развития мышления необходимо выстраивать логические цепочки что помогает большему усвоению устного материала и развивает разговорную речь. Например: на одном из уроков по теме «Наш дом» перед началом работы с текстом задается вопрос: «Знаете ли вы, как строят дом?». Ученики строят словесную логическую цепочку:

сначала выкладывают фундамент, затем воздвигают стены, потом крышу и т.д. Затем следует вопрос: «Как устанавливают юрту?». Ученики выдвигают различные идеи, выстраивают стратегию установки юрты. Когда верный алгоритм найден, учащиеся без особого труда выполняют задание на построение текста целиком. Все ученики тесно взаимодействуют между собой в группе, общаются, ищут общие пути решения. Таким образом, задавая наводящие вопросы, удается добиться от учащихся успешного выполнения задания. Учитель помогает ученикам понять ценность совместной работы.

Успех диалогической беседы заключается в правильной постановке вопросов. Вопросы должны не только показывать уровень усвоения материала, но развивать мышление каждого ученика в отдельности. На своих уроках, используя таксономию Блума, составляю такие вопросы, которые не только раскрывают и поясняют основную тему урока, но и развивают мышление каждого ученика. Например, вопросы на знания: «назови национальные блюда», на понимание - «опиши юрту», «сравни юрту и дом», на применение: «объясни, как обустроивается юрта?» и т. д. На каждом этапе урока опрос имеет разные цели. Цель опроса на начальном этапе урока заключается в установлении межличностного контакта, определении уровня знаний, краткое повторение предыдущего урока, выявление проблем, обозначающих тему урока. Опрос в основной части урока имеет цель фокусировать и пояснять, подводить детей к проведению наблюдений и составлению выводов, выявить трудности и непонимание. А в заключительной части урока цель опроса является выявление главных моментов урока, оценить выводы и степень понимания и усвоения.

При применении «закрытых» вопросов учащиеся пассивны, дают односложные ответы. При постановке

учителем таких вопросов как: «Какие ассоциации возникают при слове «Богатый»? Что означает это слово? Сколько значений у этого слова? Является ли оно омонимом? Почему? Как вы это определили? Приведите примеры с использованием разных значений этого слова?», ученики начинают размышлять, выдвигать различные версии, пусть даже неправильные, делать выводы. На заключительном этапе урока, проводя рефлекссию, задаю несколько вопросов для выявления главных моментов урока, степени понимания и усвоения. Отходя от традиционных методов, проведение опроса можно возложить и на самих учеников. Например, каждой группе раздаются листы с вопросами, и ученики должны задать их вслух и получить на них ответ. Вопросы были как «закрытые», т.е. подразумевающие однозначный ответ, так и «открытые», подразумевающие множество возможных ответов, требующие от ученика умения применять, оценивать и анализировать информацию. Это позволяет учащимся выразить свое понимание темы. Получается взаимодействие «ученик-ученик», «ученик-группа», «ученик-класс».

Одна из форм развития коммуникативных навыков это – ролевая игра. Данная форма работы очень нравится детям, потому что ситуации, разыгрываемые по разным темам так или иначе связаны с их реальной жизнью, здесь они могут показать примеры из собственной жизни. В процессе обучения происходит межличностное познавательное общение и взаимодействие всех его субъектов. Развитие индивидуальности каждого учащегося и воспитание его личности происходит в ситуациях общения и взаимодействия друг с другом. Учащиеся учатся критически мыслить, решать сложные проблемы на основе анализа обстоятельств и соответствующ-

шей информации, принимать продуманные решения.

Таким образом, хотелось бы отметить, что эффективными методами в развитии диалогового обучения является групповая работа, работа в парах, ролевая игра. Чтобы добиться результативности работы, детям надо активно обсуждать, анализировать, делать выводы, и всю эту работу провести в определенное время. При работе в группах, если хотя бы один ученик останется в стороне, группа не сможет добиться желаемого результата. А при работе в парах – такое отстранение от работы одного из участников вообще не приведет к положительному результату. То есть, активное взаимодействие через диалог помогает детям усвоить тему более простыми методами.

Из всего вышесказанного можно сделать вывод, что диалог на уроке это – особая коммуникативная атмосфера, которая помогает ученику развивать свои интеллектуальные и эмоциональные свойства личности, это способ отношений, это форма взаимодействия, позволяющая искать истину вместе. В диалоге проявляются важнейшие формы человеческих отношений, такие как взаимоуважение, взаимообогащение, сопереживание, сотворчество. В дружественной, принимающей атмосфере учащиеся обогащают друг друга новыми мыслями, раскрывают свой творческий потенциал. Использование на уроках диалогового обучения способствует формированию умения определять и отстаивать свою позицию, развивает умения ораторского мастерства и лидерские качества. [2].

Список использованной литературы:

1. «Руководство для учителя», ЦПМ АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012 г.
2. Материалы с сайта <http://www.psy-files.ru>.

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ – БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ДАМУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ОРТАСЫ

Ж.Ақбергенова

Қызылорда қаласындағы №5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейдің мұғалімі

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын, ойшылдары мен зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсіргені күмән туғызбайды. Шығыстың ғұлама ғалымы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін», - десе, Болашақ ұрпақ жайында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында: «Қазіргі заманда кез келген мемлекеттің тыныс тіршілігін

қалыпты ұстап тұрудың аса маңызды шарты – адамдардың өздері, олардың ерік-жігері, қажыры, білімі болып табылады. Ата-аналар өз балаларын өмірге даярлауға ерекше көңіл бөлуі тиіс. Олар қазіргі балалар елдің болашағын анықтайтын ХХІ ғасырдың ересек адамдары екенін түсінуі қажет», - деп көрсетті.

Тәрбиенің алғашқы бастамасын бала жанұяда алады. Бала жанұя аясын-

да түлеп өседі, оң-солын таниды. Ол алғашқы адамгершілік қасиеттерді де, еңбек әліппесінің алғашқы беттерін де өз үйінде ашады. Ұлттық педагогикада «Тәрбие отбасынан басталады» деп тегін айтылмаған. Баланың тәлім-тәрбиесіне ерекше мән берген халқымыз «Баланы жастан» деп мәтелдеген. Өмірдің базарын бала деп білген халқымыз «Жаста берген тәрбие жас қайынды игендей», - демей ме? Иә, қазақ халқында сонау ежелгі заманнан бері өзіндік тәрбие мектебі, қалыптасқан дәстүрі болған. Ал, сол дәстүр отбасында басталып, мектепте берілетін тәрбиемен қалай қабысады. Енді соған келейік.

Алтын бесік – отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені, отбасы адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп ақылы мен білімі толысқан, жан-жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Бұл екі ортаның да мақсат-мүддесі ортақ, міндеті – біреу. Демек, қасиетті жерде жұмыс істеудің өзі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Педагогикалық іс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден өте сезімталдықты, балаға деген шексіз сүйіспеншілікті талап етеді. Тұңғыш ағартушы педагог Ыбырай Алтынсарин «Күнәнің ең үлкені – бала жанының нәзік пернелерін дұрыс сезе алмайтындарда» деп бала тәрбиесіндегі басты тұлға ұстаздарды өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырған. Балаға тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы – жылулық, сүйіспеншілік сондай қажет. Ал, оның қажетін қанағаттандырмай түпкі мақсат ешқашан орындалмайды.

Әр кәсіптің өз жемісі бар. Біздің жемісіміз – алдымыздағы шәкірттер. Олар – біздің бүкіл ұстаздық өміріміздің гүлі, мәні мен сәні десек артық айтпағандық болар. Қазақта «Ана мейірі мен ұстаз мейірі егіз» деген тамаша мәтел бар. Мейірімін ана мейірімен

теңестірген ұстаздың бойында қандай қасиеттері болуы керек.

Өзара іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттерін мектеп жалғыз өзі, тиісті мәселеге тек өзінің ұстанымына сүйенген түрде анықтаса, ал ата-аналар оларды іске асыру сатысында ғана қамтылса, нәтиже төмен болады. Мектеп ата-аналар қауымы үшін әрқашан ашық болып, өзара ынтымастық пен серіктестік жүйесін жетілдіруге бағытталып, олардың кез келген бастамасын көтермелеп отыруы қажет.

Ата-аналармен ынтымақтастыққа бағытталған әкімшілік-ұйымдастыру жұмыстары – мектептің және топтың ата-аналар комитеттерінің іс-әрекетін ұйымдастыруға тарту.

Ата-аналар жиналысының өзіне лайық жүргізу әдебі бар. Ең алдымен, бұл – ата-аналармен сөйлесуде әдейі жасалатын, келіспеушілікті көтермейтін үйретушілік мәнер, ата-аналарды ашық түрде есеп беруге тарту және жалғыз көреген тәрбиеші ұстанымынан бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді ғана көрсету. Ата-аналарға бұндай ұстаным іш жиғызарды; мектепке келуге әуестігін жояды. Ата-аналар өздерін белгілі бір нәрсені дұрыс істей алмаған балалар ретінде сезінеді. Тағы да бір көп тараған қателік – мектеп пен отбасының өзара қарым-қатынасының көп түрлілігін ескермей, мұғалімнің оқушылар тәртібі мен үлгісі туралы ақпарат беруші қызметін орындаумен ғана шектеп қою.

Үшінші қателік – ата-аналармен байланыс көп жағдайда көмек сұрау өтініштермен ғана шектеледі. Бұл тәсілдердің барлығы табиғатқа сәйкестік ұстанымына негізделмей, баланың және оның отбасының психологиясын ескермей іске асырылады, сондықтан да олар, әдетте, нәтижесіз болады.

Ата-аналар жиналысы – мектеп пен отбасының біріккен іс-қимылындағы ең қажетті буын. Біз, мұғалімдер, ата-аналарды мектеп және топтың ата-аналар жиналыстарына түгел қатыстыру үшін жиі күресеміз. Білім беру мен

білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқушылармен жұмыс жасалып жатқан уақытта, ата-аналармен де осы мақсатта

жұмыс жасауды жөн көрдім. Ол үшін жаңа бағытта ата-аналар жиналысын жасауды дұрыс деп шештім.

Төмендегі көрсетілген №2 ата-аналар жиналысының үлгісі

Қаралатын мәселе	1. Оқыту мен тәрбиелеудегі жаңа тәсілдердің нәтижесі туралы ой бөлісу. 2. III оқу тоқсанының қорытындысы. 3. Ағымдағы мәселелер.
Мақсаты	1. Ата-аналарға сындарлы оқытудың нәтижесінде болып жатқан оқушылардағы өзгерістермен ой бөлісу; 2. Пікірлерін тыңдау.
Күтілетін нәтиже	1. Ата-аналарға сындарлы оқытудың нәтижесінде болып жатқан оқушылардағы өзгерістермен ой бөлісе алады. 2. Пікірлерін білдіре алады.
Негізгі идеялар	1. Ата-аналар тәрбие беру саласында өз білімін жетілдіріп отыру негізі міндет болып табылады. 2. Ата-ананың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы; ата-аналардың, аға-апаларының оқушыларға ықпалы.
Уақыты	Сынып жетекшінің іс-әрекеті.
45 минут	1. Сындарлы оқыту нәтижесінде болып жатқан өзгерістермен оқушы жетістіктерімен ата-аналармен ой бөлісу. 2. Топтық жұмыс. Бейнефильм тамашалау. Ата-аналарға арналған тапсырмалар. 3. Стикерлер түсі арқылы топқа орналастыру. 4. Қызыл түс – «XXI ғасырдың ата-аналары қандай болуы керек?». 5. Жасыл түс – «XXI ғасыр мұғалімдері қандай болуы керек?». 6. Сары түс – «XXI ғасыр оқушылары қандай болу керек?». 7. Топтар ішінде талқыланып, ортада өз пікірлерін білдіру. 8. Сергіту сәті. 9. Сауалнама алу. 10. III оқу тоқсанының қорытындысы. 11. Жиналыс соңында ата-аналар рефлексиясы: - Не ұнады? - Не ұнамады? - Алдағы ата-аналар жиналысынан қай мәселе төңірегінде әңгіме жүргізгенді қалар едіңіз?





Ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесі.

Қатысқаны: 22

6 «Б»сынып ата-аналары.

Менің балам бұл мектепте өзін жайлы сезінеді, өз пікірін білдіріп, өз бетінше шешім қабылдай алады.

Мектеп менің сұрақтарым мен проблемаларыма тиісті түрде жауап бере алады.



Ата-аналар пікірін ескере отырып, сынып жетекшісі алдағы өзекті мәселеге мән бере отырып, сол бағытта жұмыс жасауы қажет.

Ата-аналардың жастығы мен бала тәрбиесіндегі тәжірибенің жоқтығы, болмаса тәрбие жұмыстарында тек қана өз ойлары мен көзқарастарына ғана жүгінуі немесе қажетті педагогикалық білімдерінің жетіспеушілігі салдарынан тәрбие процестері көптеген қателіктерге ұшырап отырады.

Қазақ мектебінің болашағы туралы Мағжан Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі – мектебіне байланысты...» деуі, Ұлы жазушы, әрі ғұлама Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деген нақылы еліміздің ертеңі – жас ұрпағыңды жақсылап өсір деген сөз. Жас ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, ел ертеңі. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болады», - деп, Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мемлекетіміз де ұрпақ тәрбиесіне барынша назар аударып келеді. Себебі, бала – еліміздің ертеңі, тірегі мен тілегі. Еліміздің – ажары мен базары.

Біздің жастар елімізді, жерімізді, тілімізді бүкіл әлемге паш етсін десек, жаңа заманға лайық етіп тәрбиелейік. Шәкірттеріміз көзге ғана емес, көңілге де қуаныш сыйлап, өміріміздің гүліне, мәні мен сәніне айналсын. Біз тәрбиелеген ұрпақ тәрбиелі де тәртіпті, ақылды да өнегелі, рухани адамгершілігі мол Қазақстанның беделді азаматы болады деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі (Оқу құралы) - Алматы: «Санат» баспасы, 302 бб, 1995 ж.
2. К.Ж.Қожахметова. Сынып жетекші. «Әлем» баспасы, 2000 ж.
3. Сыныптан тыс жұмыстар. №3, 2013 ж.

ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ САБАҚТАРЫНДА КӘСІПТІК ДЕРБЕСТІК ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**Б.Ибраев***Қызылорда қаласындағы №6 құрылыс және бизнес колледжінің аға шебері*

ҚР президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында мемлекеттің күш-қуаты ең алдымен кез келген азаматтың өз ісіне шығармашылықпен қарайтын, ғылым мен техниканың, өнердің, мемлекеттік және жекеменшік тұрғыдағы өндірістің ойдағыдай дамуына өзінің жекелей еңбегімен ықпал етуге қабілетті адамдардың іс-әрекеті мен байланысты деп атап көрсеткен.

2014 жылғы маусым айында Қызылорда облысының кәсіптік оқыту шеберлері Беларусьқа біліктілік арттыру, тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған курсқа барып қайтты. Курс барысында білікті оқытушылардың дәрісі тәжірибе көрсетіліп, жеткен жетістіктерімен таныстық.

3-8 маусым аралығында 24-ші Халықаралық арнайы «Белагро-2014» көрмесі өтті. Агроөндірістік рыноктың басты компаниялары өз жетістіктерін көрсетуге экологиялық қауіпсіз және қалдықсыз технологияларын, ең үздік алаңдарды таңдап алады. Көрме елдің агроөндірістік комплексінің даму өрісін, ауыл тұрғындарының жетістігін, автокөлікті құрастыру және жасаудағы жаңалықтарымен таныстырды. Онсыз алға жылжуды елестете алмайды. Көрмеге қатысушылардың 80 пайызы Беларусь аграрлы және машина жасау мекемелері. Беларусь технологиясына, жетістіктеріне, машиналарына қызығушылық артуда. Жыл сайын осы аграрлық форумға сәйкес халықаралық ғылыми-практикалық конференция, семинар, тәжірибелі техника шығарушылардың кездесуін өткізіп келеді. Көрмеге 18 елден 400 компаниялар қатысты. (Австрия, Ұлыбритания, Германия, Италия, Қытай, Литва, т.б.)

Ауылшаруашылық басшылары техника мамандарынан қажетті мәліметтер, өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауаптар ала алды.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе.

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі екі құрамдас бөліктен тұрады:

- біріншіден, оқушылар дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады;

- екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы арқылы қарастырылады.

Оқу шеберханаларында кәсіби іс-тәжірибе ең алдымен кәсіби дағды мен машыққа ие болу үшін жүргізіледі. Кәсіби шеберлікке жету үшін, өндірістік оқыту шеберлері сабағын жүргізгенде әр түрлі әдістерін қолданады. Көптеген өндірістік оқыту шеберлері мультимедиялық жабдықтарды қолдана отырып, «Шебер сынып», семинар, қосымша сабақтар өткізеді, электрондық оқулықтарды оқыту үрдісіне ендіреді. екінші курста өндірістік іс-тәжірибе кезінде оқушылар өндірістік оқыту сабақтарында игерген машықтарын жұмыста қолданады. Нақты өндірістік қызмет дағдыларын алу мақсатында мамандық профилі бойынша технологиялық іс-тәжірибе жүргізіледі.

Кәсіптік оқыту кезеңіндегі білім алушылардың шығармашылық ойлауын

дамыту әдісі. (Шебер сынып өткізу жобасы).

Әдіс атауы	Әдістің көрсетілімі
<p>1. «Миға шабуыл» (брейнсторминг)</p>	<p>«Миға шабуыл» (брейнсторминг) – топтық- шығармашылық ойлау кезеңі, нақтырақ – бірнеше адамды топ мүшелерінің аз уақыт ішінде өзекті ойларды ашу жолы.</p> <p>Әдісті қолдану үшін түрлі жолдар қарастырады.</p> <p>1. Дайындық. Мәселені таңдау және реактивті тәсіл жолымен жұмыс жасау. Мәселе «қалай...?»;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұсынылған сұрақтардың көмегі арқылы жұмыс жасау мәселесі; - ұсынылған мәселені шешудің басты жолын таңдау; - барлығын тестен өткізу. <p>Мұндай дайындық жұмысы шеберге мәселенің неде екенін бағалауға және топтық жұмыстың басты бағыты жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>2. Шығармашылық топты құру.</p> <p>«Миға шабуылда» басты жеңіс келесі талаптарды орындағанда ғана жүзеге асады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - топ кем дегенде 6 адамнан тұруы тиіс; - қатысушылардың білім деңгейі тең дәрежеде болуы тиіс; - топтағы қатысушыларға өз ойын кең көлемде айту еркіндігін беру керек; - мәселені талқылау кезінде жағдай жасалып, қысым болмауы керек. <p>3. Миға шабуыл кезеңі. Мұнда екі кезең ерекшеленеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Алғы сөз. 15 мин созылады. Шебер әдіс туралы түсінік беріп, қатысушыларды ережемен таныстырады. Мәселені жариялайды, мысалы: «Қалай...?». Мәселелер тақтаға жазылады. Шебер тандап алған тақырыптарының себебін түсіндіріп, кейін қатысушылардың өз нұсқаларын ұсынуын және тақтаға жазуын сұрайды. - Ой шыңы. Пікірталасқа қатысушылар еркін түрде өз ойларын айтып, тақтаға тақырыптарын жазады. Бұған арнайы адамдар қамтылады. Шебер сұрақтар жазылған арнайы қағаздар таратады. Жауаптары арқылы жаңа ойлар алға тартылады. <p>4. Қорытынды. Қорытынды ойларға бағаны брейнстормингке қатысушылар береді. Мұнда түрлі мысалдар пайдаланылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әр ойдың мазмұнына қарай анықталып, ұсынылған ойлар топталады. - Ерекше келешегі бар ойлар тобы анықталады. - «Жүзеге асыру барысында қай ой іске аспайды?» деген тұжырымды тест арқылы анықтайды. - Өзгертуге келетін аса «жабайы» ойларды анықтайды. - Әр қатысушы ұсынған ойлар негізінде өзіне жаңаша «миға шабуыл» ойларын анықтайды, қорытындылайды. - Топтағылар бағалы ойларды тандап, мүмкіндік деңгейіне қарай топтайды және тәжірибеге енгізуді ұсынады.
<p>2. Ассоциациялар</p>	<p>1. Шебер әдістің мазмұнын түсіндіреді: әр қатысушы ұсынылған ойлар бойынша 2-3 сөз тандап алуға тиісті, бұл</p>

	<p>ұсынылған ойлар анықтаушы сөздер. Таңдап алынған сөздердің ішінен талқыланып отырған ойларды ашатын сөздер ғана анықтап алынады.</p> <p>2. Талқылауға арналған ой ұсынылады. (осы қолданылған әдіс сабақ тақырыбымен байланысты болып, сәйкес келуі керек)</p> <p>3. Тақтаға талқыланылатын ой жазылып қойылады.</p> <p>4. Қатысушыларға талқыланылатын ойға сәйкес ассоциация жасайтын сөздер ойлап, 2-3 сөзді таңдап алып, дәптерге жазу тапсырылады.</p> <p>5. Осыдан соң шебер қатысушыларға өз сөздерін айтуды ұсынады және тақтада қайталанбаған сөздерді белгілеп шығады. Қатысушылар дәптерге осы сөздерді жазып алады.</p> <p>6. Бәрі ойларын айтып болған соң шебер ұсынылған ой бойынша өзінің дайындап келген 2-3 сөз ассоциациясын айтады.</p> <p>7. Ассоциациядағы сөздің мағыналық қатары құрылған соң шебер оны оқып, қатысушылардың көмегі арқылы ұсынылған ойды нақты ашатын 2-3 сөзді атап өтеді.</p> <p>8. Осыдан кейін қатысушыларға алынған қорытындыны сарапқа салу ұсынылады. Таңдап алынған сөздердің нақты әрі толық екендігі туралы сөз етіледі.</p> <p>9. Шебер қорытынды сөз бойынша өз ойын айтады, таңдап алынған сөздер мазмұнын ашып, талқылайды.</p>
<p>3. Сөйлеу кезеңі</p>	<p>1. Шебер бұл әдісті және оны жүзеге асыру ретін, тәртібін түсіндіреді. Білім алушыларға ұсынылған сөздер бойынша 1 мин ішінде мәтін құру ұсынылады.</p> <p>2. Шебер бір оқушыға сабақтың тақырыбына қатысты термин сөзді айтып, 1 мин ішінде (уақытты есептейді) берілген тақырыпты талқылауын ұсынады. (1 мин соң оқушыны тоқтатады).</p> <p>3. Осы тапсырма әр қатысушыға ұсынылады. Әр қатысушыға тақырыпқа орай жаңа сөз беріледі.</p> <p>4. Өзара пайда болған қарым-қатынастың нәтижесі анықталады.</p>
<p>4. Бумеранг</p>	<p>1. Шебер әр топқа арнап ақ қағаз дайындайды. талқылауға арналған сұрақты жазып, оқушыларды топтау әдісін ойластырады. Әр топқа сабақ тақырыбына сәйкес 1 сұрақ дайындайды.</p> <p>2. Сабақтың басында тақырыбы мен мақсаты айтылып өтеді. Әдістің ерекшелігі, қызметі түсіндіріледі. Оқушылар отырған орындарына қарай топқа бөлінеді. Әр топқа дайындалған сұрақтары бар қағаздар таратылып, тапсырмалар беріледі. Оқушылардың тапсырманы орындауға берілген уақытқа үлгеруі керектігін ескертеді.</p> <p>3. Қатысушылар ұсынылған сұрақтарды талқылайды. Өз ойларын, жауабын алдындағы үлкен қағазға жазады. Уақыт аяқталған соң шебер топтарға өзара қағаздарымен алмасуды ұсынады. (сағат бағытымен алмастырады)</p> <p>4. Бұл кезде әр топ жаңа тапсырма, яғни жаңа сұрақ және келесі топтың сол сұраққа жауабымен қосып алады. Мұғалім оқушыларға көрші топтың жазған жауабын оқып, талқылауларын ұсынады. Оған өз ойларын қосып, сол қағазға толықтыруға болатынын айтады.</p>

	<p>5. Ұсыныс. Немесе оқып, талқылап болып, талқылау барысында туындаған сұрақтарын жазуына болатынын айтады.</p> <p>6. Бұл жұмысты болған соң топтар қағазды келесі топқа береді. Бұл әрекетті әр топ өз қағазын қайтып алғанша жалғастыруға да болады. Кішігірім топтар өз сұрақтарын талқылап болған соң, ұстаз әр топқа өз қағазына жазылған мәтінмен танысып шығуды ұсынады. Оны іштей талқылап, келісетінін не келіспейтінін айтуды, мәтіннен өздеріне берілген сұрақтарға жауап табуды ұсынады. Кейін әр топ кезекпен өз жұмыстарының қорытындысын таныстырады. Қысқаша мәлімет береді, сұрақтарға жауап береді.</p>
5. 1x2x4 әдісі	<p>1. Шебер әдісті айтып, мазмұнын түсіндіреді: бұл әдісте мәселенің шешімін әрқайсысы жеке, кейін жұппен, кейін топпен шешеді.</p> <p>2. Шебер мәселені ұсынады (сұрақты) және оқушыларға 3-6 мин ішінде жеке мәселені шешуді (сұраққа жауап беруді) ұсынады.</p> <p>3. 6-7 оқушы өз шешімдерін таныстырып өтеді.</p> <p>4. Енді оқушылар екеуден топталады.</p> <p>5. 3-5 мин ішінде мәселенің шешімі бойынша құрылған мәтіндерді салыстырып, мазмұнды, терең ойлы, кең көлемдегі бір мәтін құрастыруды ұсынады.</p> <p>6. 3-5 жұп бала жұмысын оқиды.</p> <p>7. Кейін әр 2 топ 4 адамнан шығармашылық топ болып бірігеді.</p> <p>8. Шығармашылық топтарға 7-10 мин ішінде мәтіндер нұсқасын салыстырып, құрлымын тереңдетіп, кеңейтіп мәтін жазу ұсынылады.</p> <p>9. Әр топ өз нұсқасын оқиды.</p> <p>10. Өзара пайда болған қарым-қатынас нәтижесі анықталады.</p>
6. Қиылысқан топтар	<p>1. Оқушыларға бірнеше шығармашылық топ құру ұсынылады. (мысалы, 4 адамнан 3 топ)</p> <p>2. Шебер әдісті жүзеге асыру жолын түсіндіреді: шығармашылық топтар 5-10 мин ішінде ұсынылған мәселені талқылап, шешім шығаруы керек. (жоба жасап, модель құрастырады)</p> <p>3. Кейін топтағы оқушылар отырған ретімен санап шығады.</p> <p>4. Енді шығармашылық топ жаңадан құралады. (мысалы, 3 адамнан 3 топ, бірінші топқа «бір» санды оқушылар, екінші топқа «екі» санды оқушылар топталады)</p> <p>5. Жаңа топтағы оқушыларға әр топтың ұсынылған мәселесі бойынша шешімін талқылау ұсынылады, шешімді әр топтан келген оқушы таныстырады. 10-15 мин уақыт беріледі.</p> <p>6. Әр шығармашылық топтағы балалар өз тобының шешімін түсіндіріп өтеді.</p> <p>7. Өзара пайда болған қарым -қатынас нәтижесі анықталады.</p>
7. Логикалық тізбек	<p>1. Шебер оқушыларды әдісті жүзеге асыру жолымен таныстырады: әрқайсысына сөз немесе сөз тіркесі жазылған карточка таңдап алу ұсынылады. Бұл карточка және оны таңдап алушы логикалық тізбектің бөлшегі болып табылады. Тізбек өзге оқушылармен өзара қарым-қатынас жасау нәтижесінде құрастыры-</p>

	<p>лады. Карточкаларды тиісті логика бойынша орналастыру керек. Бірінші карточкада (тізбекте), бұл тізбектің бірінші мүшесі, мұнда бүкіл логикалық тізбекке атау беретін сөз немесе сөз тіркесі болуы тиіс. Бірінші сөзге логикалық сәйкес сөз келесі мүшесі болады. 2-3 логикалық тізбек құрастыру қажет.</p> <p>2. Оқушылар бір-бір карточкадан алады. Әр карточканы оқушылар көрмеуі үшін теріс бетімен жатуы тиіс.</p> <p>3. Оқушылар карточкаларды алып болған соң, шебер өзара ойланып, өзіндік байланыс ұйымдастыруды ұсынады. Нәтижесінде 2-3 логикалық тізбек құрылады.</p> <p>4. Оқушылар өзара логикалық тізбек құру арқылы байланыс жасайды. (яғни әр тізбектің орны мен қызметін түсінеді)</p> <p>5. Логикалық тізбектер құрылып болған соң оқушылар (бірінші болған тізбектен бастап), тізбектің атауын, әр тізбек мүшесінің орналасу ретін және ойлай орналастырудағы логиканың неде екенін түсіндіреді.</p> <p>6. Оқушылар түсіндіріп болған соң, шебер оқушылардың бөлінуге ұсынған нұсқасымен келіседі немесе өз сценарийі бойынша тізбек логикасын түсіндіре отырып, қайтадан логикалық тізбекті құрастырады. (яғни, балалар тізбектерді дұрыс құрастыра алмауы мүмкін).</p> <p>7. Өзара пайда болған қарым- қатынас нәтижесі анықталады.</p>
<p>8. Қызметтік ойын.</p>	<p>1. Шебер қызметтік ойынды шығармашылық ойлауларын дамытуға, тәжірибе кезінде үйренгенінді пайдалана алуға жаттықтыру үшін қолданады. Олар сабаққа қызығушылығын арттырады, ынтасын қойып, оқу материалдарын қабылдауын жақсартып, белсенділігін арттырады.</p> <p>2. Қызметтік ойынның құрамы мына бөлімдерден тұрады:</p> <p>3. Жағдайды үйрену бөлімі, оқушылар мен эксперттерді дайындайды, мәлімет жинайды;</p> <p>4. Ойынның өту кезеңінің бөлімі;</p> <p>5. Сараптау бөлімі, ойын қорытындысын бағалау, талқылау.</p> <p>6. Қызметтік ойын – бұл келешек маманның кәсіптік қызметіне дайындық, ол түрлі жағдайда жеңілуіне, оның түрлі шешімдері барын көруіне, қиындық тудыратын жағдайларын көре алуына және одан аулақ болуына мүмкіндік береді.</p>
<p>9. Жоба әдісі.</p>	<p>1. Дайындық. Шебер жоба тақырыбын таңдайды; оның түрін, қатысушылар санын анықтайды; таңдалған тақырып аясында түрлі мәселелер ойлап табады. Бұл жерде шебердің алдағы сабаққа жоба бойынша жасаған көрсетілімінің (презентациясы) қызметі ерекше. Шебер жоба бойынша жалпы мәлімет береді. Тақырыпты талқылауды, жоба бойынша жұмыстың мақсатын, дайын жобаның құрылымын көрсетуді, нәтижесінің бағалау белгілерін және жұмыс барысын ұйымдастырады. Осы жерде жұмыстың бөлімдері және аяқтау мерзімі нақтыланады.</p> <p>2. Жоспарлау. Жобаның бөлімдерін дайындайтын шығармашылық топтар құрылады. Оқушылар шығармашылық топта жаңа мәліметтерді нақтылап, тақырыпты талқылайды, тапсырмаларды реттейді, өз жұмысының қорытындысын бағалауды таңдап, нақтылайды. Өзара қызмет жолдарын, жұмыс кестесін, қорытынды</p>

	<p>болжамдарын анықтайды. Осы бөлімде топтың қызметі мен әрқайсысының өз міндеті бөлініп беріледі.</p> <p>3. Зерттеу. Қатысушылардың өздерінің жобалары және жоспарларының жекелеген немесе топтық бөліктерімен жүргізетін өзіндік жұмыстары. Жобаның тақырыбына орай жұмыс түрлері әртүрлі болады.</p> <p>4. Шебер топ жұмысының бағытын анықтайды, топтардан алынған мәліметтерді талқылауды ұйымдастырады, жекелеген және топтық кеңес береді.</p> <p>5. Сараптау және біріктіру. Бұл бөлімде оқушылар шығармашылық есеп беруге дайындалады.</p> <p>6. Жобаны көрсету. Бұл бөлімде қонақтар шақырылған мерекелік шаралар ұйымдастыруға болады. Бұл үшін үлкен дайындыққа көп күш жұмсау керек.</p>
--	---

Құрылымдық-графикалық сызба



Шебер сыныптың жұмысын бақылау картасы

Шебер сыныптың бөлімі	Шебер қызметіне бағалау	Жұмысына өзіндік бағалау
1. Бастапқы-ұйымдастырушылық.		
2. Негізгі бөлім.		
2.1. Жұмыс жүйесінің көрсетілімі.		
2.2. Шығармашылық тапсырмалардың орындалуы.		
2.3. Шығармашылық жобаны қорғау.		
3. Рефлексия.		

Жұмыс қорытындысын бағалау белгісі

Элементтер құралын талдау дәлелі	Өз автокөлігіңіздің берілген талапқа сай жұмыс жасайтынын дәлелдей білуі
Автокөліктің дизайны оның атқаратын қызметіне сай болуы	Жобаның орындалуы мен қорғалуы регламентке (мерзіміне) сай келуі

А.Н.Лесун. Шебер сынып «Неге және қалай оқытамын?»

**Шебер сыныпқа қатысушының
өзіндік жұмысы**

Керекті элементтерді алу

Осы элементтерден жинақталған
автокөліктің тиісті жағдайда жұмыс
жасай алатынын дәлелдеу**Жобаланған автокөліктерге қажетті
элементтерді «орналастыру»**

А.Н.Лесун. Шебер сынып «Неге және қалай оқытамын?»

Рефлексия

Бүгін шебер сыныпта мені таңқалдырған:

Бүгін шебер сыныпта өту барысында мен мынаны түсіндім:

Бүгінгі шебер сыныпта мені мына жағдай туралы ойландырды:

Бүгін шебер сынып барысында маған ұнағаны:

Шебер сынып барысында мынаны сезіндім:

Бүгінгі шебер сынып маған мына сұраққа жауап беруге көмектесті:

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Н.Лесун. Мастер-класс.
2. Н.С.Булько. Минск, РИПО, 2011 г.
3. Л.Д.Печеня, М.В.Бондарь. Минск РИПО, 2014 г.
4. О.А.Беляева. «Современные образовательные технологии».
5. Э.М.Калицкий. РИПО 19-21 марта, 2013 г.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

М.Нұрманова

*Қызылорда қаласындағы И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық
колледжінің ағылшын тілі пәні оқытушысы*

Әрбір тарихи кезеңде қоғамда туындаған талаптарға сай жасөспірім ұрпаққа берілетін білімнің мәніне жаңа сипат беріліп, жаңа ұстанымдар негізінде ұйымдастырылады. Әдетте, бұл жеке мемлекеттің білім жүйесіндегі реформаларымен жалғасады. Жүргізілетін реформалар тереңдігі, ауқымы сол қоғамның білім мәні бойынша алған ұстанымына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда еліміздің білім беру жүйесі ХХІ ғасырдың жаңа талаптарына сай болу мақсатында үлкен бетбұрыс үстінде. Дәлірек айтсақ, білім – құндылық, білім – жүйе, білім – үрдіс, білім – нәтиже, білім – жоба. Осы төрт қырын біртұтас қарастырғанда ғана бүгінгі тарихи кезеңге сай білім мәні шығады. Сонда ғалымдардың ХХІ ғасырды – ақпарат ғасыры, деген сипаттамасына жүгінсек, білім адам мен ақпарат қалыптастырудағы негізгі фактор болып табылады. Сондықтан, білімнің жаңа ғасырдағы мәні оның жеке тұлға тұғырындағы мәңгілігімен, жеке мемлекетінің қауіпсіздігін әлеуметтік, рухани, мәдени өрлеу арқылы қамтамасыз етумен және жалпы адамзаттың өркендеуіне ықпал етуімен сипатталады.

Білімге деген жаңа көзқарас тұрғысынан оның сапасы да жаңаша пайымдалуда, сондықтан қазіргі кездегі сабақтың әр кезеңінде жобалы жұмыс істеу – бүгінгі күннің талабы. Бұл, негізінен, білімнің төрт сипатын тұтас қарастыра отырып, оның ішінде білімнің құндылық ретіндегі және білімнің нәтиже ретіндегі қырларына аса мән берумен байланысты. Осыған орай, білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқышының жеке пәндер бойынша алынған білім, білік дағдылары емес,

оларды пайдалану арқылы қалыптасып дамытылған өмірлік дағдылар болып табылады.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – білім беру жүйесінде оқыту үдерісін технологияландыру. Осыған орай, педагогикалық үдеріске қатысты әртүрлі технологиялар жасалып білім беру жүйесінің құрылымдарына кеңінен енгізілуде.

Шетел тілі пәні мұғалімдерін даярлау мәселесін басқа да бірқатар пән мұғалімдерін даярлаудың жалпы педагогикалық мәселелерінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Болашақ мұғалімдерді даярлаудың сала бойынша мәселесімен көптеген ғалымдар (Г.К.Ахметова, Б.А.Әлмуханбетов, У.Н.Нишаналиев, В.И.Гусев т.б.) шұғылданған.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлаудың жалпы мәселесі және оларда жаңалықты енгізуге сәйкес оқыту үдерісі бойынша зерттеу нәтижелері қазақстандық педагог-ғалымдарымыздың Қ.Бөлеев, Б.А.Әбдікәрімов, А.Е.Әбілқасымова, К.Ә.Дүйсенбаев, С.М.Кеңесбаев, Ж.К.Оңалбек, М.А.Құдайқұлов, М.С.Молдабекова, Қ.Ералин, Б.К.Момынбаев, О.Сыздықов, А.А.Калюжный, К.М.Беркімбаев, А.З.Тұрсынбаев және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Соңғы уақыттардағы жүргізілген зерттеу жұмыстарының ішінен Ұ.Т.Нұрманалиеваның «Электронды оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі» тақырыбы жаңа оқытудың технологиясына сәйкес мұғалімдерді даярлаудың нақты әдістемелік мәселесін қарастырады.

Осыған байланысты жоғары мектепте шетел тілі мұғалімдерін жаңа педагогикалық технологиялар арқылы даярлау қажеттілігі және бұл мәселенің жоғары оқу орындарындағы оқыту теориясы мен практикасында нақты шешім таппағандығынан қарама-қайшылықтар орын алып отырғандығы байқалады.

Болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерінің дайындығын қамтамасыз ету жоғары оқу орындарында соңғы жылдары мектеп оқушыларының тілдерді үйренуге деген қажеттілігіне байланысты жақсы қолға алына бастады. Алайда, болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерін жаңа педагогикалық технологиялар арқылы даярлаудың теориялық-әдістемелік мәселелері нақтыланбаған.

Сондықтан, шетел тілі пәні мұғалімдерін жаңа педагогикалық технологиялар арқылы даярлау, осы қажеттіліктерді қанағаттандыру негізгі мақсат болып табылады. Болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерін жаңа педагогикалық технология арқылы даярлауды теориялық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу, кәсіби және пәндік құзырлығын қалыптастыруды негізгі міндет етіп ұстану қажет.

Егер, болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерін даярлауды жетілдіруге педагогикалық технологияларды жүзеге асыру негіз болса; жаңа педагогикалық технологияларды оқу үдерісінде пайдаланатын болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерін дайындауды жетілдірудің теориялық негіздері анықталып, ғылыми тұрғыдан нақтыланса, жоғары оқу орындарындағы болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерін даярлаудың мазмұны, олардың дайындық деңгейі жоғарылайды, өйткені, бұл ЖОО-да шет тілі мамандарын даярлаудың тиімділігін арттырады.

Шетел тілі пәні мұғалімдерін жаңа педагогикалық технология арқылы даярлау теориялық және әдістемелік тұрғыда негізделсе, олардың білім сапасы артады.

Шетел тілі пәні мұғалімдерін кәсіби іс-әрекеттер аспектісіне жаңа педагогикалық технологиялар арқылы даярлаудың әдістемесі сынақтан өткізіліп және алынған нәтижелерді практикаға ендіру мүмкіндіктері ғылыми-әдістемелік нұсқау ретінде белгіленген. Осыдан келіп жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда олардың коммуникативтік құзырлығын шетел тілін оқыту барысында қалыптастыру үдерісін нақтылау қажеттігі туындайды. Сондықтан, болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығын кәсіби даярлау үдерісінде қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу, мазмұны мен әдістемесін жасау қажет. Егер, мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығын кәсіби даярлау үдерісінде қалыптастыру моделі жасалып, педагогикалық шарттары айқындалса және оларды шетел тілін оқыту үдерісі барысында білім беру бүгінгі технологиялар негізінде жасалған әдістеме арқылы жүзеге асырылса, онда мұғалімнің коммуникативтік құзырлығы артады, ал, бұл болса оған меңгерген білім, іскерлік, дағдысын кәсіби іс-әрекетінде тиімді пайдалануда септігін тигізеді.

Мұғалімдердің коммуникативтік құзырлықтары шетел тілін оқыту және қалыптастыруы олардың кәсіби белсенділігі мен кәсіби біліктіліктеріне ықпал етеді.

Шетел тілі пәні мұғалімдерінің даярлығын жетілдіруге «Ағылшын тілін үйретудің интерактивті жаттығулар жинағы» атты әдістемелік құралды жоғары оқу орындарында болашақ ағылшын тілі пәні мұғалімдерін даярлау үдерісінде пайдалануға болады.

Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, мәдени және кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбие мен оқыту үдерісі.

Н.Ф.Талызина: «Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқыту-

дың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады», - деп айта келіп, оның құрылымын көрсетеді: оқытудың мақсаты; білім берудің мазмұны; педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту үдерісін ұйымдастыру, оқушы, оқытушы, әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі).

Сондай-ақ, Қазақстандық ғалымдардың Ж.Қараевтың, Ә.Жүнісбектің, Қ.Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде білім беру жүйесінде қолданылуда. Бұл технологиялардың өздеріне тән ерекшеліктері бар.

Оқушыларға шетел тілін оқыту үшін болашақ мұғалімнің өзі төмендегідей негізгі құзыреттіліктерді игеруі тиіс: лингвистикалық; коммуникативтік; лингвистикалық елтану; кәсіби-бейімді (кәсіби-педагогикалық мақсат аясында), т.б.

Инновация – құрал және үдеріс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық үдерісте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалықты енгізуді білдіреді.

Н.Ф.Талызина: «Инновация өзінің дамуы барысында белгілі бір өмірлік сатыдан тұрады: жаңа идеяның пайда болуы; мақсат қоюшылық; тарату және жойылу», - деп айта келе, «Инновациялық технологияға жататындар: компьютерлік технология, ойын технологиясы, жоба әдісі», - деп топтастырып көрсетеді.

Педагогикалық инновацияға, жаңа тәрбиеге даяр жаңа формация мұғалімдерін даярлау соңғы уақыттарда кеңінен айтылуда.

Білім беру жүйесіне жаңалықты (инновациялық) үдерістердің енуіне байланысты жаңаша ойлауға қабілетті, жоғары мәдениетті, қоғам мен мектептің алдына қойылған міндеттерді айқын

түсінетін жаңа формация мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі көкейкесті болып табылуда.

Оқу үдерісінің нәтижелі болуы бірнеше факторға, шарттарға байланысты, оның ішінде оқу бағдарламасына, оқулықтарға, материалдық-техникалық базаға, студенттің ынтасына, т.б. Көбіне оқу үдерісінің нәтижелілігі мұғалімнің белгілі пән бойынша білімі мен пәнді оқытуы арқылы кәсіби даярлығына байланысты болады.

Бұған негізгі дәлел Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы 26 мамырдағы Г.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде студенттерге арнап оқыған дәрісінде: «...білім беру ұғымының өзі өзгеруде және кеңеюде. Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшіп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруымен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді», - деп көрсетті.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болған болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның *құзырлық* қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отырғаны баршамызға аян.

«Құзыр», «құзырлық» және «құзырлы» түсініктері бұрынырақта әдебиеттерде кеңінен пайдаланылды, сөздіктерде түсіндірмелері берілді. Мысалы, «Шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде» (М., 1952 ж.) «құзырлы» (лат. *competens, competentis* қабілетті) – анықталған аймақта жетекші, білуші; өз білімі деңгейінде бір нәрсені шешу немесе талқылау статусы бар», - деп анықтама берілген.

Білім беру құзырлары түсінігін айқындайтын болсақ, оны үш топқа бөлуге болады. Білім беру мазмұнының 1-жалпы метапәндік (барлық пәндер үшін), 2-пәнаралық (пәндер немесе білім беру аймақтары циклі үшін), 3-пәндік (әрбір оқу пәні үшін). Осылайша, білім берудің негізгі құзырлары білім беру аймақтары мен оқытудың әрбір сатысындағы оқу пәндерінің деңгейінде нақтылана түседі.

Ресей ғалымы Н.В.Кузминаның көзқарасы бойынша: «Құзырлылық» дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы», - деді.

Құзыр – өкілетті қызмет адамы, сол салада оның сәйкес білімі, танымы болуы қажет және жауапты шешімдерді қабылдауға құқылы.

Құзырлылық – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Болашақ мұғалімнің тұлғасы, дәстүрлі пәндердің (философия, психология, тарих, мәдениеттану, шетел тілі) әсеріне байланысты қалыптасады. Соңғы уақыттарға дейін коммуникативтік құзырлылықты қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлінбеді.

Қазіргі оқытушы, болашақ мұғалімдерді дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт-бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуде. Оқытушы қауымнан болашақ мұғалімдер тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.

Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығын кәсіби даярлау

үдерісінде заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыру қазіргі заман талабы.

Олардың ішінде проблемалық оқыту, интерактивтік оқыту, модульдік оқыту, ойындық технологиялық оқыту, коммуникативтік оқыту тағы басқа технологиялар шетел тілін үйренушілердің белсенділігін арттыруда қолайлы болып табылады. Оқыту технологиясы педагогика ғылымында «педагогикалық үрдістің жүзеге асу жолы» танылады. «Педагогикалық технология – оқушы мен оқытушыға қолайлы жағдайда оқу үрдісін жоспарлау, ұйымдастыру, өткізудің және оқушымен оқытушының бірлескен педагогикалық әрекетінің әрбір жеке бөлшегіне дейін ойластырылған моделі».

Мұғалімдердің коммуникативтік құзырлылығының қалыптасуының тиімділігі педагогикалық шарттардың жиынтығы арқылы анықталады: мамандық саласына бағытталған оқыту материалдарын сұрыптап таңдау; коммуникативтік құзырлылықты қалыптастыруда сабақ түрлерін дұрыс жүйелеу; болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлылықтарын қалыптастыруды жетілдіру барысында тиімді әдістерді қолдану; болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлылықтарын қалыптастыруға ықпал ететін техникалық және технологиялық құралдарды орынды пайдалану; мамандыққа бағдарланып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген таңдау курстарын өтуде қолданбалы бағдарламалар кешенін пайдалану; болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлылықтарын қалыптастыруды жетілдіруге байланысты арнаулы дайындалған бағдарламаларды және әдістемелік нұсқауларды қолдану.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шетел тілі пәні мұғалімдерінің қабілеттерін арттыру жолдары //Хабаршы.- Түркістан, 2005 ж. - №5. - 193-195 бб.
2. Оқытудағы жаңа технология негізінде жүзеге асырудағы кейбір мәселелер //Ізденуші.- Шымкент, 2006 ж. - №1.- 129-135 бб.
3. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың дидактикалық шарттары //Ұлт тағылымы.- Алматы, 2007 ж. - №1. - 104-107 бб.
4. Болашақ ағылшын тілі пән мұғалімдерін даярлау мазмұнындағы білім мен іскерліктердің сипаты // Ізденіс.- Алматы, 2007 ж. - №4. - 272-277 бб.
5. Болашақ ағылшын тілі пән мұғалімдерін даярлауды педагогикалық тапсырмалар тұрғысынан жетілдіру: Тіл саласында білім беруге арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - Қарағанды, 2007 ж. - 210-213 бб.
6. Ә.Қ.Қасымов, Т.Ж.Увалиева. «Оқыту технологиялары». Кітап, 2007 ж.

БАСАПА ИШАН ЖАЙЛЫ...

М.Рауан¹, М.Есімова²

Сырдария ауданындағы №130 Абай орта мектептің 9 сынып оқушысы¹, тарих пәні мұғалімі²

Қазіргі Ақжарма ауылында (бұрынғы Ильич совхозы) Басапа ишан атындағы мешіт бар. 20 жылға жуық уақыттан бері ауыл тұрғындары осы мешітке барып, құдайға құлшылық етіп келеді. Кеңес үкіметі орнап, мешіт-медресе атаулыны жермен жексен еткен, молда, ишан, ахундарды елден аластап, көзін жойған заманда, дініміз, тіліміз, болмысымыз ұмытыла бастады. Ұмытылып, жойылған құндылықтардың арасында, заманында халық пір тұтқан, қасиеттеп, қастерлеген, халқына, еліне қызмет еткен тұлғалар да болды. Олардың халыққа жасаған игі істері түгілі, аттары да аталмай, ұмытылып кете барды. Тақырыбыма арқау болып отырған тұлға – Басапа ишан есімі де ұмытылғалы тұрған, ескерусіз қалған ата-бабаларымыздың бірі. Атында мешіт болғанымен, бұл кісі жайлы көне-көз қарияларымыз ғана білетіні айқын. Бүгінгі ұрпақ түгілі тіпті ел ағаларының өзі де бұл адам туралы біле бермейді.

Менің мақсатым – Басапаның есімін жыр етіп айтуға тұрарлықтай адам

болғанын, қазір ешкім естімегенімен, уақытында бір қауым елдің пірі, қадір тұтатын ер – азаматы болғандығын, елге, болашақ ұрпаққа жариялау.

Сонымен, Басапа кім болған?

Қазіргі Жалағаш ауданы, Ақарық елді мекенінде Аламесек дейтін орталық болған. Осы жерде сарықасқа, тама халқы тұрады. 1850 жылы 13 жасар Алдаберген (қажы) баланы еліне алып келеді. Сейітасқар баласы Алдаберген қажы Басапаның әкесі Алдаберген қажы Аламесекте мешіт ұстап, ұрпағын өрбіткен, халқының көзін ашқан, діни сауатты кісі болған. Балаларын да діни оқытқан адам.





Басапа ишан мешіті

Қожаның Сейітінен болатын Басапа ишан Мақтұмсейіт әулетінің алтыншы ұрпағы. 1892 жылы (ұлу жылы) дүниеге келген дейді бір деректерде бірақ, Баспаның өмірін, тегін бес саусақтай білетін 87 жастағы осы Ақарық ауылының тұрғыны Рзақұлов Мырзабек ақсақал Басапа 1890 жылы туылған деп нақтылайды. Жасынан зерек, алғыр бала 10-13 жасынан бастап сауат ашқан. Алғашында әкесінен сауаттанып, кейін Аламесек орталығындағы мешітте Сұлтан ахуннан дәріс алған, кейіннен Дәулетназар ахуннан білімін толықтырып, 1918 жылы Бұқарадағы Мир-и-Араби медресесінде білімін жалғастырған. 1922 жылы медресені тәмамдап, Ақжарма бойындағы мешітте имам болып дәріс оқиды. «Басқа ахундар, ишандар 6,7,11 жылда оқып бітіретін оқу орнын, Басапа 4 жылда оқып бітіреді, бұл оның зеректігі емес пе», - деп тамсанады Мырзабек ақсақал.

1922 жылы Басапа «Ишан» атағын алады. Осы жерде «ишан» сөзінің мәнін ашсақ: Ишан – «әулие» деген сөздің баламасы, сопылық мектептің жетекшісі. Әулие – «уәли» сөзінің көпше түрі, мағынасы – ең жақын дос. Құран кәрімде: «Біліңдер! Расында Алланың достарына (әулие) қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды. Олар иман келтіріп, тақуа болғандар. Оларға дүние тіршілігінде де, ақыретте де қуаныш бар. Алланың сөздерінде өзгеріс жоқ. Міне, ірі қол жетушілік осы», - деп баяндалған (юныс сүресі 62-64 аяттар) Бұл атақты

Басапаға, бүкіл мұсылман қауымына белгілі Ақ ишан деген білімдар адам берген. Ол осы өңірге арнайы келіп, Басападан емтихан алады. Барлық сынақтан мүдірмей өткен Баспаны, ел алдында марапаттап, ишан атағын береді. Баспаның таңқаларлық кереметтері де болған. Бірақ, бұл қасиеті туралы қағаз бетіне түспеген, тек ел аузында, дәлірек айтсақ өзінен кейінгі бауыры Нұғман баласы Зейнулла ақсақал ғана біледі.



Зейнулла ақсақал Басапа ишанның немересі. Өз әкесі Нұғман кезінде Баспаның атқосшысы, көмекшісі болыпты. Нұғман да осал емес, өте сауатты діни адам. Көкілаташ медресесінен білім алған, көзі ашық, сонымен бірге қасиеті де болған. Қасиеті сол – жәй адамдарға көрінбейтін киелі жолбарысы үнемі қасында жүреді екен. Түнде ұйықтағанда аяқ жағында жатқан. Кейін соғысқа кетіп, оралмай қалғанда: «Түнде жолбарысы келіп, терезенің сыртынан тырналап, қыңсылап кетті, әкелеріне бірдеңе болды-ау», - деп шешем марқұм жылап еді, артынша көп ұзамай әкемнен қара қағаз келді», - деп еске алып күрсінді Зейнулла ата. Баспаны кейіннен Ақжарманың алашалары тамалардан сұрап алады, осылайша Басапа Ақжармаға келіп, көптің көлінің маңында мешіт ұстайды. Басапа 1910 жылы үйленген. 3 қыз 2 ұлы болған. Сәпи, Сейфулла дейтін ұлдары соғысқа кетіп, қайта оралмаған, қыздары: Әшия, Зұбайда, Тайба. Осы үш қыздан ұрпақтары бар.

Қуғында жүрген, зұлмат заманда жаны ашыған жұрты: «Басеке,

қолынан бәрі келеді, неге торғай болып ұшып кетпейсің, балық болып жүзіп кетпейсің?» - дегенде, «Жоқ, мен олай істей алмаймын, Алланың жүзіне қалай қараймын, тағдырыма жазғанын көрермін...», - деп қысқа қайырады екен.

1921 жылы Кеңес үкіметі мешіттерді жабу туралы шешім қабылдап, артынша молда, имамдардың да соңына түскенде, Басапа Өзбекстанға барып паналайды. Ол жақта 4 жылдай бой тасалап, еліне оралады. 1937 жылы КГБ оны қайта тұтқындап алып кетеді. Сол кеткеннен қайтып оралмайды. Білімдар, шәкірт тәрбиелеген, мешіт ұстаған Басапа кітаптар жазған. Бірақ сол кітаптардан бірде-бірі қалмаған. Ең өкініштісі де сол.

Соңғы тұтқындап алып кетерде бір қап кітабын өзімен арқалап кеткен екен. Басқада кітаптарын, Аққұмдағы Тәжімбет дейтін кісіге тастап кеткен, ол кітаптарды бір жерге көмген. Өлерінде қызына тапсырған, бірақ кейін сол жерді қызы таба алмай қалған.

«Қуғында жүргенінде, бала күнім, мені ертіп алып, ауыл сыртындағы бір бейіттің басына апарды, ұзақ отырып жылады, сонан оралған соң кітапты сол бейіттің қасына көміп, Құран бағыш-

тады, бұл жайлы ешкімге айтпауымды өтінді. Міне қаншама жыл өтседе енді ғана айтып отырмын, бірақ ол жерді енді таба алмаймын-ау», - деп Мырзабек ақсақал еске алады.

Көп зерттеуді талап ететін бабамыз туралы дерек көзі жоқтың қасы. Бұл адам туралы білетін 2 кісі ғана, Ақарықтағы Мырзабек ақсақал мен Ақжармадағы Нұрманов Зейнулла ақсақал.

Жанталасқан мына заманда рухани кемелдігіміз кеміп бара жатқандай. Бірақ біз құндылығымызды жоғалтуға тиіс емеспіз, қайта оларды жарыққа шығарып, ұрпаққа ұғындыруға міндеттіміз. Сол бабалардың жүріп өткен жолы бізге үлгі, небір зұлмат басынан өтіп жатса да, олар дінін еш нәрсеге айырбастаған жоқ, қайта қастерлеп қорғады, халықтың көзін ашты.

Басапа ишан асқан діни сауаттылығымен заманында еліне қызмет еткен адам. Шәкірт тәрбиелеген, мешіт ұстаған имам. Ұлттық болмысымыздың рухани кемелдігіне тағы бір есімді қосып, байытпақпыз.

Ендеше, Басапа ХХ – ғасырдың Сыр өңіріндегі діни ағартушылық бағыттың өкілі деуге әбден лайық адам.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Смағұлұлы. Бабалар, аталар оның жалғасы. Мақтұмсейіт әулие ұрпақтарының шежіресі.
2. Сырдария ауданының энциклопедиясы.
3. Құран Кәрім.
4. Интернет материалдары.

**ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ***Н. Ундреева**Қазалы ауданындағы №25 мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Елбасымыз «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында оқушыларды қазіргі заманға сай жаңа технологиямен оқыту маңызды екенін атап көрсетті. Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс кезеңінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуына тікелей байланысты. Демек, оқыту барысындағы сөйлеу дағдысы жоғары, жаңа технологияны жетік меңгерген тұлғаны қалыптастыру – басты міндет. Коммуникативтілік білім беру мақсатына жетудегі шарттардың бірі болып табылады. Оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту барысында өздері игерген білімі негізінде пікір алысады, сөз жарыстырып, өзара сынға дайын болады, жеке фактілер мен бақылаулардан ой тұжырымдауға, талқылауға жетеді, өз бетінше шешім қабылдаудың жолдарын, әдістерін қарастырады.

АКТ – мұғалімді ауыстыру немесе сабақ барысында оқушының көңіл көтеру емес, мұғалімге оқу барысында көмек көрсетуге арналған педагогикалық құралы. (МАН, 2012 ж.)

Мақсаты:

- оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру;
- пәнаралық байланысты орнату;
- пән бойынша білім-білік, икем дағдыларын дамыту;
- уақытты тиімді қолдану;
- өз жұмысыңды жүйелі жүргізуге жағдай жасау;
- деректермен оқушыларды ақпараттандыру.

Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбие-

леу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологияларының бағыттары:

- электронды оқулықтар;
- телекоммуникациялық технологиялар;
- мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;
- қашықтықтан оқыту (басқару) интернет желісі.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік web-сайттар ашу;
- жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар).
- қашықтықтан оқыту (internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Ақпараттық-коммуникативтік технология көмегімен сөйлеу дағдысын дамыту дегеніміз – оқушылардың компьютерлік технологияны оқу барысында тиімді пайдаланып, көптеген жаттығулар орындап, өзара ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгіленгендей, білім беру жүйесін ақпараттандыру, мемлекеттік білім саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың маңыз-

ды бір механизмі болып табылады. Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру және педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды, сонымен қатар, басқа да жаңа технологияларды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады.

Қазіргі кезде жаңа білім жүйесінде компьютердің пайда болып, жедел дамуының арқасында білімнің қарқынды дамығанын барлығы мойындайды. Менің тәжірибемде видеофильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен ағылшын тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды орындаумен айналыстым. Ал, шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай шаруа емес. Сондықтан, мұғалімнің маңызды тапсырмаларының бірі – ағылшын тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеу дағдысын дамыту болып табылады. Ағылшын тілін үйрету үдерісінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен

өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, кинодан үзінділер, презентациялар және т.б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторияндағы көріністер оқушының іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу үдерісінде оқушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, оқушы ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және оқушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылап, ағылшын тілін меңгеруге ынтасы оянып, оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал жасайды.

Мектептерде де ақпараттық-коммуникативтік технология мен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені, нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Сонымен бірге, оқушының сөйлеу дағдысын арттыра отырып білім нәтижесіне көзін жеткізеді. Заманға сай техникалық құралдарды ағылшын тілі сабақтарында қолдану – мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.

Сабақтың параметрі	АКТ-ны қолданатын сабақ	Дәстүрлі сабақ
Ақпаратты беру	Оқушылар ақпаратты неғұрлым қаныққан, көрнекі түрде алады.	Мұғалімнің түсіндіруі, оқулық бойынша параграфты өз беттерімен оқуы, кестелерді қолдануы.
Жұмыс қарқыны	Қарқыны әр оқушы өз қарқынымен жұмыс істейді, тапсырмалар мен мультимедиялық құралдар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың сол уақыттағы білім мен дағды деңгейлерін есепке алады.	Мұғалім сыныптағы оқушылардың көпшілігіне сәйкес келетін жұмыс қарқынын қолданады.
Оқушымен кері байланыс	Түсіндіру кезінде, бекіту кезінде іске асады.	Ағымдық бақылау.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:

- мұғалім оқушыға сұрақ қойып, тез арада оқушы оған жауап береді;

- мұғалім тапсырманың дұрыстығын тексереді;

- оқушының компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;

- кейбір амалдарды оқушы өз бетінше орындайды, компьютермен жұмыс істеуге үйренеді;

- сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін практикамен ұштастырады;

- білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі сабағын оқытудың жаңа компьютерлік жүйесі шартты белгілерден тұрады. Бұл арқылы оқушы нақтылыққа дағдыланады. Соның негізіне оқытудың мынадай ұтымды жақтарын атап көрсетуге болады. Олар мыналар: оқушылардың ойлану дәрежесіне, материалды қабылдау ерекшелігіне байланысты әрбір оқушы үшін жеке-жеке компьютерде бағдарлама құрып, дербес жұмыс жасауға болады; компьютер арқылы нашар оқитын балаларды оқытудың тиімділігі артады; компьютерді пайдалану уақытты үнемдейді; оқушының сабаққа деген қызығуын арттырады; білімді игертудегі барлық материалдың сан алуан түрлілігі: бейнефрагменттер, аудиомәтіндер, сурет-сызбалар, диаграммалар т.б; тапсырмалардың әртүрлілігі; өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндігі; коммуникативтік дағдыларын дамыту мүмкіндігі; тапсырманың нақты, әрі түсінікті берілуі; игерген жаңа білімді өз бетімен бекітіп, қорытындылауы; жоғарғы оқу орнына барғанда компьютермен еркін жұмыс істеу мүмкіндігі.

Мұғалімдік мамандық бұл – адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады. В.А.Сухомлинский айтқандай, мұғалім сандық технологияларды ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану арқылы оқушының жүрегіне жол табуға болады екен.

Шульман мұғалімнің үш көмекшісі «Бас, қол, жүрек» деп атаған. Яғни,

тұғырлы теориялық білім, тәжірибелік дағдылар, жылы жүрек осы үшеуі болғанда ғана сапалы оқыту мұғалім бейнесінен табылады. Бұл адам жағынан болса, ал техника жағынан көмекші ол – ақпараттық-коммуникативтік технология деп есептер едім. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны пәндік білімге ықпалдастыру мұғалімнің қарқынды дамуына қажет және де оқумен оқыту үдерістерінің білікті көрсеткіші.

Сабақтағы жетістіктер:

- оқушылардың сыни тұрғыда ойлана білуі;

- пәндік арқылы бірінің пікірін бірі тыңдауы, бір-біріне көмектесе алуы, ата-ана, бала, мұғалім арасындағы байланыстың болуы;

- талантты және дарындылықты айқындауға, дамытуға, мүмкіндіктің болуы;

- басқалардың түрлі идеяларын түсіне отырып өз идеясын ортаға салуы;

- кері байланыс алудың мүмкіндігі.

Әр сабағымда сөз әрекетінің төрт түрі де қолданылды: тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу. Әр сабақ төмендегілерді қамтиды: Ақпараттық-коммуникативтік технология үзіліссіз тілдік қарым-қатынас; бірнеше рет тыңдау мен оқып-білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертілді; компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырды; оқушымен тікелей жұмысты іске асырады; компьютер оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырды. Сонымен қатар, үй тапсырмасына интернет желісінен қарауға тапсырмалар бердім. Кейбір оқушыларымның үйінде интернет желісі болмағандықтан, мектеп әкімшілігімен келісіп сабақ берген сыныбының оқушыларына түстен кейінгі мезгілде мектептегі интернет желісімен жұмыс жасауға рұқсат алып бердім.

Өз жұмысымда сабағымның сапасын арттырып, оқушылардың сөйлеу дағдысының қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргіздім. Оқудағы негізгі міндетім оқушыларға әр түрлі жаттығуларды орындауда компьютер көмегімен мүмкіндігін көрсету, өз бетімен компьютерді қолдануды және белгілі бір үлгідегі жаттығулар жиынтығын игеруде арнаулы қолданбалы пакеттерді пайдалануды үйрету болып табылды.

Тәжірибе барысында оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту әдістемесі бойынша оқушылардың ойлану дәрежесіне, материалды қабылдауға байланысты әрбір оқушы үшін жеке-жеке компьютерлік технологияны ұсынып, дербес жұмыс жасауға мүмкіндік бердім. Әр сабағымда сөз әрекетінің төрт түрі де қолданылды: тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу. Сабақ барысында «Snapshot, conversation, grammar focus, listening, role play, pronunciation, word power, writing, reading» жаттығулары қолданылды.

Оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту жаттығуларына диалог және монолог жатады. Осы жаттығуларды орындау нәтижесінде оқушылардың тыңдап-түсіну қабілеті әрекетін дамыту арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіріп, одан әрі байланыстырып сөйлеуін дамытуына ықпал тигенін байқадым. Монолог барысында оқушылар мәтін мазмұнын ауызша, алдын ала дайындап, баяндады. Бұл жұмыс оқушылардың жоспар жасап түсінігін айтып сөйлеу дағдысын дамытуда кең орын алды.

Ақпараттық-коммуникациялық технология оқушының жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Ал, осы компьютерлік технологияны үйретуші, өзінің шығармашылық еңбегінде жүйелі қолданушы, насихаттаушы ол – мұғалім. Жаңаша ойлай білсең ғана ұстазсың. Сол себептен де, компьютерлік технологияны енгізуші таратушы тұлғаға үлкен талаптар қойылып отыр.

Қоғам талабына сай ағылшын тілін оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет тілді коммуникативті бағытта оқытып, сөйлеу дағдыларын дамыту. Ондағы мақсат оқушыларды қарапайым болса да, өз ойларын еркін жеткізумен ғана шектелмей, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектепте берілетін бүкіл білімнің негізгі мақсаты оқушының ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Ағылшын тілін меңгеру оқушылардың өмір қажеттілігінен туындап отыр. Біздің ойымызша, ағылшын тілі сабақтарында жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдерді, компьютерді қолдану оқушылардың ағылшын тілі сабақтарында шығармашылық, актерлік, логикалық ойлау қабілеттерімен қоса белсенділігін жетілдіріп, қызығушылығын арттырып, оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан, сабақты бір сарынды өткізбей, түрлендіріп, тартымды өткізу, оқулықпен шектеліп қоймай, қосымша материалды да пайдалану әр ұстаздың шеберлігіне байланысты болмақ. Оқытудың өзі өнер және ғылым болып табылатындықтан мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетінің аясында біліктілік деңгейін үзбей шыңдап, ғылыми әдістемелік деңгейін көтеріп, ағылшын тілінен өткізетін сабақтарында компьютерлік технологияларды, қазіргі заманда өміршендігі дәлелденген әдіс тәсілдерді қолданса ғана ХХІ ғасырға сай білімді және дарынды азаматтарды тәрбиелей алады.

Өз тәжірибемде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану, оны тиімді қолдана білу жолдарын үйренуге білімді әрі қарай шыңдау үстінде жұмыс істеу деген мақсат.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;

- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық жұмыстар жасау;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту құралы:

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі – оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Біздің ойымызша, ақпараттық білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.


Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

- олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады;
- білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады;
- оқытудың жүйесінің көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады;
- оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады;
- оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Қорыта айтқанда, қай пәнді оқытуда болмасын оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіре отыра оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, ойлау және сөйлеу қабілетін, ынта-жігерін арттыра түседі. Өз ана тілін қадір тұтып, ағылшын тілді еркін меңгерген, ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын, тәуелсіз мемлекеттің ойшыл ұрпағын тәрбиелеу еліміздің білікті ұстаздарының қарызы мен парызы деп есептейміз.

Дәлелдемелер:





«Жаңаша оқыту –
заман талабы»

Оқытуда ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдаланып сабақтың сапасын арттырып, тақырыптың мазмұнын игеруде өз бетінше білім алып, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамуына жағдай туғыздым.

Тиімділігі:

- оқытушы уақыттын үнемдеуі;
- әр оқушы өздігінен жұмыс жасауы;
- мотивациясы төмен оқушылардың қызығушылығының артуы.

Келешектегі жоспарым:

- АКТ-ны тақырыптың ауқымдылығына қарай пайдалану.
- оқушыларға өздерінің шығармашылық жұмыстарын желіге жариялауды ұйымдастыру;
- оқушыларға ізденіс жұмыстар ұсынып, жарнамалық роликтер түсіруге дағдыландыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым, 2012 ж. www.cpm.kz.
2. Дәріс материалдары.

**ФИЗИКА ПӘНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

С.Асқарова

Қызылорда қаласындағы №264 мектеп-лицейдің физика пәні мұғалімі

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жана міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.

Ұстаздар үшін білім саласы мемлекет дамуының басым бағыттарының бірі болып табылады. Болашақ ұрпақты

оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттыру Қазақстанның одан әрі дамуына кепіл болмақ.

Ақпараттық оқу ортасын қалыптастыру – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ой-өрісі дамыған және ақпараттық технологияны жетік меңгерген жан-жақты тұлға қалыптастыруды көздейді.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылық ауадай қажет. Ал, бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектепті модернизациялаудың маңызды компоненттерінің бірі – білім беруді ақпараттандыру, ол үшін болашақ мектептің мұғалімдерін дайындауда компьютерлік және коммуникациялық технологияларды өз кәсіби қызметінде еркін пайдалана білуге әзірлеу болып табылады. Мұғалімнің теориялық білімі жоғары, практикалық білікті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгеруімен қатар, білім беруді модернизациялау жағдайында кәсіби құзырлылығын шартты бес топқа бөлуге болады.

Оқу-тәрбие үдерісінде баланы тани білу:

- техникалық құрылғылармен және компьютерлік технологиялармен жұмыс жасауда оқушының икемділігін анықтай және бағалай білу;

- білім беру үдерісінде электрондық тест түрлерін құрастырып, қолдана білу;

- оқу материалын оқыту бағдарламалары арқылы үйретуде қиыншылық келтіретін кезеңдердің алдын алу, нәтижеге жетуге бағытталған жұмыс түрлерін зерттеп, тәжірибесіне енгізу;

- оқушыларды оқу материалына үйретуде оқушының өзгеру динамикасының арақатынастары жүйесін есепке алу және талдау;

- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар беру, ғылыми-ізденіс жұмыстармен айналысуына жетекшілік ету;

- ынтасы жоқ, қиын оқушылармен түрлі әдіс-тәсілдерде жұмыс түрлерін жүргізу.

Нәтижеге бағытталған білім беру үдерісін ұйымдастыра білу:

- оқушылардың компьютерлік техникамен жұмыс жасауда қауіпсіздігін ұйымдастыру;

- оқу материалын жобалауда оқушы денсаулығына нұқсан келтірмейтін, тәрбиелік мазмұндылығы мен практикалық маңыздылығын ескеру;

- бағдарламалық құралдары сабақтың білімділік мақсаттарына сай және сыныптан тыс жұмыстарға сәйкес таңдай білу және оқушы потенциалын бағалай білу;

- балалармен жұмыс жасауда бағдарламалық-педагогикалық құралдарды қолдана отырып, түрлі бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыра білу;

- ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, жеке, топтық және ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру;

- сабақтың мақсат-міндетіне жетуде бағдарламалық құралдар мүмкіндігін қолдана отырып, оқушының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру.

Білім беру процесінде басқа салалармен өзара байланыс орнату:

- АКТ-ны қолданып, оқу процесін ұйымдастыруда және сыныптан тыс жұмыстар өткізуде әріптестер бір-біріне көмек көрсете білу;

- балаларының үйде компьютерде дұрыс жұмыс істеуін қадағалай білуі үшін ата-аналармен байланыста болу, қажет болса көмек ұйымдастыру;

- информатика пәні мұғалімдерімен, техника мамандарымен өзара тығыз байланысты болу.

Білім беретін органы құру және қолдана білу:

- АКТ негізінде білім беретін органы нақты педагогикалық жағдайдың шешімі мен оқу дербестігін дамыту үшін ұйымдастыру (оқушының өздігінен білім алуына, өзін-өзі бағалауына, шығармашылық шыңдалуына, ізденімпаздылығы мен белсенділігінің жоғарлауына т.б. жағдай жасау);

- жас шамаларына байланысты әр топтағы балаларды интернеттің ақпараттық қорлары жайлы мәліметтермен хабардар ету;

- АКТ-ны қолданып, оқушылардың түрлі жобаларға қатысуына жағдай

жасау;

- халықаралық жобалар мен интернет-жобаларға балалардың қатысуын ұйымдастыру.

Өз бетінше кәсіби білім алуды жобалап жүзеге асыру:

- оқушыларымен жұмыс жасауда жаңа бағдарламалық өнімдерді мұғалім өз алдына үйреніп, оларды дидактикалық орынды қолдануды үйрену;

- кәсіби-әдістемелік шыңдалуда интернеттің ақпараттық қорлары мен электрондық қор көздерін тиімді қолдана білу.

Сонымен, нәтижеге бағытталған білім беру моделінде мұғалімнің оқыту процесін ұйымдастырудағы негізгі мақсат – оқу процесінің мақсат-міндеттерін білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес конструкциялау, ақпараттық ортаны анықтау, ұсыну, оқушыға бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру, білім алу кеңістігін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру, нәтижелерді бағалау, қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған оқытуды уақытында түзету болып табылады. Ал, әрбір пән мұғалімдерінің негізгі міндеті – пәнді оқытудың сапасын арттыру үшін педагогикалық технологиялардың ішіндегі ең тиімділерін таңдап алу. Оқушының шығармашылық ой-өрісін дамытуда оқыту үрдісін оқушының өз бетінше бағдарлау әрекеті мен оқуға деген ынтасын арттырудың компоненттерін жүзеге асыруға бағытталған оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдалану.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, 10 сыныптың физика пәнінен «Тұрақты ток заңдары» тақырыбына төмендегідей тапсырмаларды беруге болады.

1-тапсырма. Физикалық есептеулерді компьютерде орындауға арналған тапсырма.

Оқушылар Excel электронды кестесін қолданып, тұрақты токтың қуаты мен жылу мөлшерін Джоуль-Ленц заңы бойынша формулалар редак-

торында есептеп, төмендегі кестені толтыра отырып, кесте берілген шамалардың бір-біріне тәуелділік графигін салады.

I, A	U, B	P	Q	t, мин	
3,2	9,6			5	
0,4	1,2			10	
0,8	1,6			15	
Есептеу нәтижелері					
p/c	A	B	C	D	E540
1	I, A	U, B	P	Q	t, мин
2	3,2	9,6	30,72	9216	5
3	0,4	1,2	0,48	288	10
4	0,8	1,6	1,28	1152	15
Есептеулерге арналған формулалар					
p/c	A	B	C	D	E
1	I, A	U, B	P	Q	t, мин
2	3,2	9,6	=A2*B2	=C2*E2*60	5
3	0,4	1,2	=A3*B3	=C3*E3*60	10
4	0,8	1,6	=A4*B4	=C4*E4*60	15


Мұндағы ескеретін жағдай, оқушылар бірінші қатарға формуланы дұрыс жазса, нәтижесі автоматты түрде есептеледі де, уақыт үнемделеді. Физика сабағында электронды кестемен жұмыс істеу арқылы математика және информатика пәндерімен пәнаралық байланыс орнайды, оқушылардың математикадан білімі толығады және логикалық ой-өрісі артып, интеллектуалдық қабілеті дамиды, ақпараттық-танымдық іс-әрекеті қалыптасады.

2-тапсырма. Бұл тапсырмада оқушылар компьютер көмегімен «Электроника негізі» атты виртуалды бағдарлама – конструкторда берілген физикалық аспаптарды қолданып, тізбек құрастырулары қажет. Тізбекте міндетті түрде шам беріледі. Егер, тізбек дұрыс құрастырылмаса, онда шам күйіп кетеді, дұрыс құрастырылса, шам жанады. Оқушыларға физикалық аспаптармен жұмыс жасаудың қысқаша нұсқаулығы мен компьютерде жеке орындауға арналған тапсырмалар таратылады. Мысалы, екі шамды тізбектей жалғап, тізбектің жалпы кедергісін анықтаңыз.



- Қажетті құралдар тізбегі:
- > резистор
 - > сақтандырғыш
 - > конденсатор
 - > индуктивті катушка
 - > монтаждаушы сымдар
 - > ток көзі
 - > қор көзі
 - > айнымалы ток генераторы
 - > электр шамы
 - > Электр қыздырғыштары
 - > өткізгіш сымдар
 - > резистор
 - > Конденсатор
 - > Катушка
 - > Батарейка
 - > генератором
 - > реостат

Жалғану тәртібі



Тізбекке электр шамы мен электр қыздырғыш аспапты параллель жалғау тапсырмасын орындау тәртібі

Оқушылар электр тізбегін жалғап болған соң дәптерлеріне схемасын сызып, тізбек бойынша есептеулер жүргізеді. Физика сабағында компьютерде әуелі қарапайым тізбек құрастырып үйренеді де, кейін күрделі тізбектерді тәжірибе жүзінде үстел бетіне құрастыруға да машықтанады. Физика, электротехника, импульсті техника, микросызба техника сабақтарында берілген теориялық материалдарды жақсы меңгеруі үшін зертханалық

жұмыстарда «Electro M» үш өлшемді бағдарламасы мен «Multisim 10.1» бағдарламасында электронды бейнетапсырмаларды қолдану да өз нәтижесін береді. «Multisim 10.1» бағдарламасы электрлік құрылғылардың сандық және аналогтық компоненттерінің электрлік сұлбаларын есептеуде және модельдеу саласында өте қуатты бағдарлама болып табылады. Бұл бағдарламада жұмыс жасау үшін жартылай өткізгіш аспаптар мен элементтер кітапханасы жинақталған. «Multisim 10.1» бағдарламасымен жұмыс жасау өте қарапайым және қолданыста жеңіл.

«Multisim 10.1» бағдарламасын оқу және өндірістік мақсатта қолдану үшін виртуалды құрылғылардың технологиясы негізінде электрондық құрылғыларды әзірлеп және тестілеу процесерін біріктірген. Осы орта арқылы студенттер сұлбаларды жобалау негіздерінде теориялық білімдерін практика жүзінде жеңіл жүзеге асыра алады. Сабақта оқушылар пән бойынша білім алып қана қоймай, сабақтан кішкене де болса өз өмірлеріне қажетті бағыт-бағдар алса, онда уақытының босқа өтпегендігі. Қорытындылай келе, физика сабақтарында компьютерлік қызықты тапсырмаларды қолдану арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады. Әрбір оқушы өз жұмысында өзінің ерекшелігін көрсетуге тырысады. Бірақ бәрінің қолынан келмесе де, біраз уақыттан соң әр бала бойында шығармашылық жұмыстарға деген қызығушылығы пайда болады. Егер, ол баланың өзінің идеясы мен шабыты арқылы пайда болса, істеген жұмыстары шығармашылық жұмысқа айналады.

Осыған орай, қазір білім көлемін жинақтай отырып, оқу материалын жеңілдетуге, сондай-ақ құзырлылыққа жетуге бағдарланған білім мазмұны қарастырылуда. Осылайша, білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасының да артары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жадрина. Результаты образования: традиции и новые тенденции //Открытая школа. -2004 г. №1. 51-63 с.
2. Б.Жолдасова. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. А., 2007 ж. №5. 44-45 бб.
3. Ж.Садыбекова. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдау қажеттілігі. 2008 ж. №4.
4. Оқушы құзыреттілігін дамыту негізінде білім сапасын арттыру мәселелері. Шымкент, 2010 ж.
5. Нәтижеге бағытталған білім беруде жеке тұлғаны қалыптастыру. Алматы, 2006 ж. Астана, 2010 ж.

КӨШБАСШЫЛЫҚ ПЕН БАСҚАРУ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ**У.Жарылкасынова***Шиелі ауданындағы №150 мектептің математика пәні мұғалімі*

Көшбасшы – көшті бастаушы әрі басқарушы. ХХІ ғасырдағы ірі саяси оқиғаларға байланысты көшбасшылықтың мән-мағынасы өзгерді. Көшбасшы ұғымы – «лидер» [1] (ағылшынша «leader» – жетекші) қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Көшбасшыға алғырлық, ақылдылық, қажырлылық, ұйымдастырушылық, жұртқа жағымдылық, сондай-ақ өзіне жауапкершілік ала білу және іскерлік таныта білушілік, т.б. қасиеттер мен қабілеттер тән.

Педагогикалық дамуды қамтамасыз ету үшін кәсібилік түсінудің нақты тәсілі талап етіледі (Hoyle, 1974). Бізге таза жеке тұлғаға немесе сыныпқа бағытталған тәсілден босануымыз керек. Себебі, бұл кезде белгілі бір тағайындалған стандартқа сәйкес әрекет етеміз. Оның орнына кәсібилікке бағытталған ұжымдық және кешенді тәсіл қажет (Bolam, McMahon, Stoll et al., 2005). Осы тәсілдің шеңберінде қоғамдастықтың бір бөлігі – көшбасшы мұғалім (Bolam, McMahon, Stoll et al., 2005) ұсынған көзқарасқа сәйкес зерттеулер мен инновацияларға негізделген тәжірибе жетілдіріледі (Frost and

Duggant, 2003). Мұндай тәсілде кәсіби біліктілік пен білім жай қабылданбайды, мұғалімдер арқылы құрылады. Адамгершілік мақсаттағы мұғалімдер өздерінің әріптестеріне және айналасындағыларға әсер ету үшін көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді. Олардың көңілінде үнемі талапқа сай білім беру тұрады (Frost, 2011). Білім беру сияқты көшбасшылық та адамның тұрақты дамуына әкелетін негізгі қабілеті болып табылады. Өзгеріс үдерісі өз даму жолында қолайсыздық пен келіспеушілік тудыруы ықтимал. Мұндай кезде өзгеріс үдерісін басқару оңай емес. Мұғалім ретінде, біз кейде өзіміздің әрекет ету мүмкіндігіміз бен күшқайратымызды жоғалтып жатқанымызды сеземіз. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, жоғары лауазымсыз да жақсы мұғалімдердің кәсіби шеберліктері мен адамгершілік сенімдерін қолданып адамдарға әсер етуге болады. Біз өзіміздің тактикалық дағдыларымызды және стратегиялық тұрғыдан ойлауды жетілдіре аламыз.

Мұғалім нұсқаулығында көшбасшылықты мұғалімнің тұрғысынан жақсы түсіндірген. Өз маманынын

көшбасшысы бола алмай жүрген мұғалім көшбасшы бола алмайды. Топта, ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады. Әлеуметтік психологияда мұндай адамды «Көшбасшы» деп атайды. Көшбасшы топты ұйымдастыруға және басшылық етуге сайланады не ұсынылады. Көшбасшы әдетте топтың іс-әрекеті жайлы, оның құрамы мен мүмкіндіктері жайлы мейлінше хабардар болады. Ол топ мүшелерімен қатынаста өзін еркін, сенімді ұстайды. Психологиядағы зерттеулерде көшбасшының мынандай қатынаста қызмет атқаратындығы айқындалған:

- ол топ алға қойған мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын жоспарлайды;

- топ мүшелері арасында атқарылатын іске жауапты адамдарды белгілейді;

- егер топтың алдына маңызды іскерлік мүдде қойылған болса және бұл топ өндірістік еңбек ұжымы болса, белгілі бір топтық шырай орнатады;

- топ мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін дамытады.

Психологтар зерттеулерінде мектеп ұжымдарындағы көшбасшылардың бірнеше типі болатынын көрсетті: Бірінші тип – көшбасшы жағдайға байланысты өзін танытады. Мысалы, оқушы сыныпта музыка викторинасын ұйымдастырып өткізді делік. Ол көптеген музыкалық шығармаларды біледі, домбыра, гитарада, фортепианода, аккордеонда ойнайды. Бұл жерде ол өзінің дарыны мен шеберлігін көрсетті. Ол көшбасшы мақсаттарды жүзеге асыратын даму деп ұғынылады. [2]

Мұғалімдер оқу үрдісінде көшбасшылықты оқудың жаңа тәсілдері арқылы оқушының сыни тұрғыдан ойлауын, ақпараттық-коммуникация құзырлығын, жас ерекшелігін ескере отырып, дарынды, таланты оқушылармен жұмыс жасауды дұрыс ұйымдастырар еді. Ал, басқару ұғымына тоқталатын болсақ «Реттеуге, қорғауға,

қойылған мақсатқа сай нысанның жүйесін өзгертуге немесе жоюға бағытталған, субъектінің нысанға әрекет ету үдерісі» деп интернет ресурста көрсетілсе. Басқару адам іс-әрекетінің түрі ретінде адамдардың бірлесіп қызмет ету пайда болғаннан бар. Әрбір тарихи кезең басқару субъектілерінің қатынасын, ынталандыру әдістерін, ұйымдастыру процессінің көлемін қырлап, өз түзетулерін енгізді, дегенмен тек XX ғасырда ғана басқаруға ғылыми көзқарас пайда болып, дами бастады. Басқару өндірісте еңбек бөлінісінің нәтижесінде пайда болды. Басқару адам тұрмысының ажырамас бөлігі, онсыз адамдардың ортақ қызметі де, жалпы қоғам да мүмкін емес. Тиімді басқару дамудың негізгі факторларының бірі. Басқару теориясын белгілі бір ережелерге сүйенген қисынды реттелген принциптер, әдістер және өңделген ақпарат негізінде эмпирикалық жолмен немесе бірқатар нақтылы ғылымдардан алынған басқару технологиялары жүйесі ретінде қарастыруға болады. Мұғалімнің көшбасшылығын дамытуға әсер етудің ерекше түрі жауапты қызметі бар немесе жоқ мұғалімдер деп анықталуы мүмкін:

- іс-тәжірибені жетілдіру жұмыстарын өз қолына алуға;

- өзгерістер енгізу үшін әріптестерімен стратегиялық шешімдер қабылдауға;

- бірігіп жұмыс істеуде фактілерді жинауға және қолдануға;

- кәсіби білімді құруға және таратуға атсалысуға міндетті.

Дамыту жұмыстарын зерттеумен шатастыруға болмайды. МҚДЖ бағдарламасы «Мұғалім – зерттеуші» түсінігінде емес, «Мұғалім – дамыту жұмысының көшбасшысы» түсінігінде құрылған. Біз, «Академиялық империализм» деп аталатын мақсаттан – мектептерде оқыту мен білім беруді жақсарту мақсатынан алшақтамауымызды қадағалап отыруымыз керек (Elliot, 1991). Дамыту бойынша жұмыс белгілі бір құбылыстардың пайда болу

себептерін анықтау немесе тәжірибені талқылаудан тұрмайды. Шын мәнісінде ол мұғалім, ата-ана, оқушылар, жалпы мектеп өз тәжірибелерін жетілдіру үшін қатысатын үдерісті басқару мен басшылық етуден тұрады. Дамыту бойынша жүргізілетін жұмыс үдерісі басқаларды серіктестікке тартып, рефлексия мен өзін-өзі бағалауға қатыстыратын тапсырмаларды қамтиды. Мұндай іс-шаралар жиі жүзеге асырылып отырады, мысалы: әріптестер арасындағы пікірталастар, желіде орналастырылған есеп беруді оқу, оқушылардың өздерінің іс-тәжірибелері туралы пікірлерін жинау, әріптестерімен іс тәжірибе алмасу мақсатында басқа сыныптардың сабақтарына қатысу. Дәл осы жағдайда зерттеу үдерісті аяқтау үшін емес, диалог үшін ізденістің негізгі стратегиясы болып табылады. Бұл үдерістер ауқымы мен көлемі бойынша азғантай ғана болуы мүмкін, бірақ олар педагогикалық пікірталас қалыпты жағдай деп саналатын ортада мәдениеттің қалыптасуы мен жаңаруына үлес қоса алады. Мұғалімдер дамыту жұмыстарын жүргізу барысында рефлексияны, жоспар құруды, кеңес беруді біртіндеп жүзеге асыру әдісі арқылы қолдау таба алады. Алғашқы қадам – әрбір ұстаз үшін маңызды шешімдерді талап ететін құндылықтар мен мәселерді анықтау. Келесі қадам – өзгерістер бағдарламасы жөнінде әріптестерінің кеңестері. Осы әрекет басымдылықтарын ұғынуы мен келісуі бойынша атқарылған жұмыстардан соң мектептегі мәжілісте қаралып, мақұлданыуы мүмкін. Мақұлданған соң мұғалім өзінің мәселесі бойынша нақты жоспар құра бастайды. Бұл жоспар жүзеге асатындай және оның құрамына кіретін әрбір әлеуетті қатысушы оны талқылай алатындай болу керек. Егер, бұл келісу мен кеңесу үдерісі тиімді болса, онда дамыту жұмысы да жоспар бойынша жүзеге асырылады. Дегенмен, мұндай жұмыс мектеп әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылып, қолдау

көрсетілгені маңызды. Мектеп әкімшілігінің мектеп құрылымы мен дамытудың басымдықтарын қайта қарастыруы қажет, себебі олардың кеңесі мен жетекшілігі өте маңызды.

Бұл үдеріс жалпы түрде төмендегідей кезеңдерде айқындалады:

- 1-кезең. Құндылықтарды анықтау.
- 2-кезең. Кәсіби міндеттерді анықтау.
- 3-кезең. Дамыту бағдарламасын құруға арналған келісім мен кеңестер.
- 4-кезең. Атқарылатын жұмыстардың жоспарын құру.
- 5-кезең. Атқарылатын жұмыстардың жоспарын құруға арналған келісім мен кеңестер.
- 6-кезең. Зерттеуге негізделген көшбасшылықты дамыту бойынша жұмыс.
- 7-кезең. Кәсіби білімдердің дамуына жәрдемдесуге ықпал ететін желілік қоғамдастықтағы жұмыс. Көшбасшылықты дамыту бойынша жұмыс мектепте жаңа білімді қалыптастырады, дегенмен мектептен тыс жерде алынған жаңа білімдерді беру де мұғалімнің өз мектебіне орасан зор пайдасын тигізеді. [5, 89 б.]

Бірінші әрине көшбасшылық, көшбасшы, басқару, менеджер деген ұғымдарға тоқтала келе мұғалімдерге төменде ұсынылған іс-әрекеттер арқылы оқытуда көшбасшылықпен басқару дағдыларын мұғалімдер бойында қалыптастыруға тырыстым.

Кәсіби мақсаттарды анықтау. Мұғалімдердің оқу үрдісінде өздерінің ең бастысы кәсіби мақсаттарды айқындауы. Бұл жерде мұғалімге өз сабағын, сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлауда негізгі оқушының бойында білім, білік, дағдыны қалыптастыру үшін жаңа тәсілдерді, диалогты, қай жерде қалай қолдану керектігін білу. Әрине, жаңа тәсілдерді оқытуда қолдану үшін олар туралы мұғалімнің бойында білім болуы маңызды. Осы жерде өткізілген сабақтарына рефлексияны жазуды үйрену.

Сабақтарына рефлексивті есепті бере алатын мұғалім, өз сабағының кәсіби мақсатына жетеді.

Дамыту жоспарын нақтылау үшін келісу және кеңес беру. Басқаруды оқытуда жүргізу үшін бастысы қай жерде қалай, кіммен жұмысты атқаратындығын білу маңызды. Ол үшін әрине мұғалім оқыту жүргізетін мектептің тарихын ғана біліп қоймай, сол мектептің әкімшілігін, педагогикалық құрамы, сынып жетекшісінен оқушылар жайлы толық аналитикалық, статистикалық мәліметтер жинақтауы. Ол ертен жұмысының жүйелілігіне және нақтылануына қажет. Мен, өз тәжірибемді №3 мектеп-лицейінде өткіздім. Тәжірибемді бастамас бұрын жоғарыда айтылғандай бірінші мектептің педагогикалық құрамымен, сынып ұжымымен таныса отырып өз жұмысымды жоспарлауды бастадым. Сол мектептің информатика пәнін жүргізетін болғандықтан информатика пән мұғалімнің сабақтарына қатысуды жөн көрдім. Содан соң, кеңес беру арқылы басқада пән мұғалімдері сол сабақтарға қатысып отырған информатика пәні мұғалімінің сабағына өзгерістер ендірді.

Сабақ беру кезек маған келгенде мен сол айтылған өзгерісті есепке алып, деректерді жинақтау арқылы, эксперимент сабақтардың бірнеше сериясын өткіздім. Байқағаным, басқарудың ең маңызды қағидаты деп айтса да болады, ол өткізілген сабақтың рефлексиясын өзің ғана өткізіп қоймай, әріптестеріңнің сенің сабағың бойынша

жазылған рефлексиясы қажет екендігі. Барлығына өзіңіз қол жеткізуге ұмтылғаннан гөрі басқаларды өзіңізбен бірге әрекет етуге тартуыңыз жоспарыңызды мектепте жүзеге асыру барысында өте маңызды болып табылады. Ынтымақтастық негізінде өзгерістерді басқару қызметі әр түрлі мәнмәтіндерде қарастырылады.

Мен мектеп тәжірибемде тағы айтып кеткім келіп отырған жағдай, ол сабақ үстінде жұппен, топпен жұмыстар жасалынды. Менің түсінгенім, егер мұғалім өз сабағының менеджері болғысы келсе ең бастысы сабағының үстіндегі серіктестік қарым-қатынасты жоспарлау, командалық жұмыстарды ұйымдастыра білу, сыныптың, топтың көшбасшысын айқындай білуі. Мысалы, мен екінші сабағымда оқушылар арасында жетістік дәптерімен жұмыс жасадым. Бұл дәптер жұмыс дәптердің бір түрі. Бірақ жетістік дәптердің бірінші тапсырмасы оқушылардың арасында көшбасшылық, ораторлық қасиеті жоғары оқушыны анықтау болып келеді. Ол үшін сол күні өткізіліп жатқан тақырып бойынша оқушыларға мәтін таратылады, оқушылар өз командаларын берілген мәтін бойынша жинақтай бастайды. Кімде кім мәтін және мәтінен бөлек ақпаратты айта білетін болса сол, өз командасының көшбасшысы болып есептеледі. Осы тапсырманы орындалу барысында оқушының көшбасшылығы мұғалімнің дұрыс басқару арқасында өте сәтті өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Биекенов, М.Садырова. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. 344 б. ISBN 9965-822-10-7.
2. Орысша-қазақша түсіндірме жалпы сөздік. /профессор Е.Арын – Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ. 2006 ж.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Алматы, «Мектеп» баспасы, 2007. ISBN 9965-36-417-6.
4. Саяси түсіндірме сөздік. Алматы, 2007 ж. ISBN 9965-32-49.
5. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық», «Назарбаев Зияткерлік мектебі», ДББҰ, 2012 ж.

СПЕЦИФИКА ПРЕПОДАВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Н. Байназарова

г. Кызылорда, учитель английского языка средней школы №6

Как правило, младшие школьники приступают к изучению английского языка с большим удовольствием, ведь для детей этот предмет совершенно новый, а поэтому вызывает у них живой интерес. Задача педагога – этот интерес сохранить. Выбирая методику преподавания английского языка в начальной школе, помните, что ребенок сопротивляется любому давлению со стороны взрослых, и объяснять младшему школьнику, что знание английского понадобится ему в будущем, бесполезно. Поскольку ребенок хочет получить все здесь и сейчас, процесс обучения следует сделать творческим. При помощи игровых методик, которым учитель должен уделить особое внимание, создается ситуация успеха, которая положительно влияет на усвоение новых знаний.

На занятиях английского в начальной школе учитель, нацеленный на положительные результаты, должен соблюдать ряд правил. Прежде всего, следует тщательно выбирать ситуации: пусть они будут для младшего школьника понятными и простыми. Обращайте внимание на то, чтобы каждый ребенок активно участвовал в процессе общения и чувствовал свою значимость. В противном случае учащийся потеряет интерес к предмету. Чтобы создать на уроке благоприятные условия для общения, никогда не критикуйте детей. Они и так боятся сделать ошибку, из-за чего предпочитают молчать во время занятий. По этой причине многие методики призывают педагогов на начальном этапе обучения языку вообще не исправлять ошибки ребенка. В крайнем

случае, следует делать это в очень мягкой форме. Помните, что интерес к заданиям у младших школьников исчезает через 10-15 минут, поэтому хорошая методика преподавания английского языка в начальной школе должна предусматривать частую смену видов деятельности на уроке. Задания, которые дает детям педагог, должны быть ориентированы на различные виды восприятия: озвучивание, зрительную опору, практические действия и письмо. Особое значение данное сочетание имеет при изучении нового материала. Очень важно при ведении урока английского языка в начальной школе постоянно использовать в речи фразы классного обихода, часто повторять различные структуры. Это приводит к улучшению запоминания и узнаванию знакомых слов и фраз.

В современных условиях все чаще на своих уроках учителя применяют такие средства ИКТ, как компьютер, проектор и интерактивная доска. Детям, безусловно, нравится все броское и яркое, но не забывайте, что в первую очередь вы предъявляете учебный материал, а не набор картинок. Хочу предложить вашему вниманию примерное планирование урока в начальных классах.

Каждый урок начинается с фонетической зарядки. Считалки, песенки, четверостишия направлены на развитие и совершенствование произносительных навыков, создание благоприятного эмоционального настроения на урок. Ученики выполняют упражнения для язычка, произносят английские звуки и называют слова с данными звуками.

Бежит водичка: [s], [s], [s] – chess, see, saw, ski, skate.

Жужжат комарики: [z], [z], [z] – hasn't, isn't, wasn't, doesn't.

Обезьянка вытряхивает пыль из диванчика: [d], [d], [d] – didn't, don't, doesn't, cleaned, played.

Из коврика: [t], [t], [t] – watched, washed, helped, not.

Обезьянка звонит в колокольчик: [n], [n], [n] – dinner, phone, granny, Wendy, Sunday.

Обезьянка потягивается: [p], [p], [p] – picture, played, piano, help, park.

Обезьянка греет лапки: [h], [h], [h] – hello, have, has, help, had.

Ученики повторяют за учителем звуки и читают слова, в которых встречаются данные звуки.

Очень полезным видом работы является звуковой анализ слова: предложите ребятам найти звук и просигнализировать его местоположение в слове. Здесь подойдет любая сигнализация: можно хлопать, если звук стоит в начале слова, топать, если в конце и стучать по парте, если в середине.

Н-р, ищем звук {t} – ten, stone, last.

Отрабатывать звуки можно и на грамматическом материале, лучше, когда грамматические структуры представлены в коротких, легко запоминающихся стихотворениях. Например:

This is my mother,
This is my father,
This is my brother Paul.
This is my aunt,
And this is my uncle.
How I love them all!

Использование стихотворений позволяет провести работу сразу в нескольких направлениях: отработать произношение, закрепить или выучить новый лексический и грамматический материал. Такая работа не требует большой подготовки учителя к уроку, но всегда интересна ученикам и приносит хорошие результаты.

Наши дети очень любят физкультминутки на английском языке. Для

этой цели мы используем рифмовки, короткие стихи. Произнося их вслух, дети делают различные упражнения. Физкультминутки не только снимают усталость и напряжение у учащихся, но и развивают их внимание и память. Кроме того, дети упражняются в произношении.

Физкультминутка. Let's have a rest.
We shall do morning exercises.

Hands up, hands down,
Hands on hips. Sit down!
Stand up!

One, two, three – hop!

Four, five, six – stop!

Говоря о средствах, способствующих развитию интереса к английскому языку, нельзя не остановиться ещё на одном – пении. Песня стала естественным элементом урока. Обращаясь к пению на уроке, мы решаем несколько задач: пение способствует улучшению иноязычного произношения, развивает память; несёт большой эстетический и воспитательный потенциал: происходит приобщение к музыкальной культуре страны изучаемого языка. Кроме того, пение вносит в урок разнообразие, снимает усталость.

Под мелодию песни «Я на солнышке лежу»:

Put your fingers on your nose,
On your hips and on your toes.
On your nose, on your toes,
On your hips and on your toes.
Put your fingers on your knees.
On your hair and on your cheeks.
On your knees, on your hair.
And wave them in the air.

Под мелодию песни крокодила Гены «Пусть бегут неуклюже...»:

I can swim like a fish,
I can run like a rabbit,
I can jump like a little kangaroo.
I can sing like a bird,
I can walk like a cat.
I can climb like a monkey in the zoo.
I can do it, he can do it,
She can do it, too, too, too.

We can do it, they can do it.
And what about you?

Под мелодию песни «Чебурашка»:
We go by car.
We go by train.
We go by boat.
We go by plane.
We go by land
And sea and air.
We go, we go
From here to there.

Под мелодию песни «В лесу
родилась ёлочка»:

My hands upon my head I place
And put them on my face.
I raise them quickly up and high
And make my fingers fly.

The Rainbow Song
Red and yellow and pink and green
Purple and blue and orange
I can sing a rainbow
Sing a rainbow
Sing a rainbow, too
Listen with your heart
Listen with your eyes
Sing everything you see
You can sing a rainbow
Sing a rainbow
Sing a rainbow too

При пении этой песни я показываю ученикам карточки с цветами, а во второй раз дети сами показывают.

Мы считаем, что эффективность использования песни резко возрастает, если текст песни увязывается с содержанием материала урока. В начале обучения английскому языку наши дети с удовольствием поют алфавитную песенку (The ABC - song), песенку-приветствие «Good morning to you». Позже они переходят к тематическим песенкам, которые год от года усложняются (увеличивается их количество и объём, меняется лексика).

Вместе с тем опыт работы с младшими школьниками позволяет утверждать: главное – не то, чтобы дети

как можно раньше начали говорить на иностранном языке, а чтобы они захотели это делать.

В.А.Сухомлинский справедливо отмечал, что, если нормальный ребёнок ни в одном предмете не достиг успехов, если у него нет любимого предмета или занятия, значит, школа не выполнила своей задачи. Мы свою задачу видим в том, чтобы добиться положительной мотивации при изучении английского языка через развитие интереса к нему. За год работы в начальной школе у нас появились определённые наработки по развитию интереса у детей к иностранному языку.

Психологи утверждают, что усвоение теоретических знаний посредством учебной деятельности происходит тогда, когда она сочетается с другими видами деятельности – трудом, общественно-организаторскими делами, игрой.

Для детей 6-9 лет таким видом деятельности, безусловно, является игра. Чтобы уроки проходили продуктивно, учителю следует поддерживать заинтересованность детей в английском. Для этого применяется игровая методика преподавания английского языка в начальных классах, учитывающая такие главные черты младших учеников, как подвижность, активность, эмоциональность и неустойчивость внимания. Задания в форме игры помогают отвлечься от книг и правил и с пользой провести время. При правильном планировании и использовании игры способствуют тому, что иностранный язык воспринимается не как очередная сложная информация, которую нужно выучить, а как реальное и доступное детям средство общения. В то время как выполнение обычных заданий обычно вызывает у школьников опасение сделать ошибку, участие в играх заставляет их полностью включиться в ее ход, особенно если есть соревновательный элемент, и они более уверенно и свободно демонстрируют

свои навыки. Активно используя игры на своих уроках, мы хотим подчеркнуть следующее: не может быть игры ради игры. Она должна быть направлена, прежде всего, на развитие памяти, мышления, внимания, ибо именно эти компоненты иноязычных способностей лежат в основе процесса овладения иностранным языком.

Производя отбор содержания учебного материала, игр в том числе, мы исходим из цели обучения на каждом возрастном этапе. В I классе это развитие языковых способностей, формирование позитивного отношения к языку, коммуникативных умений: говорения, аудирования, чтения, письма (с преобладанием говорения и аудирования). Отсюда набор игр на отработку и закрепление произносительных навыков, лексики, грамматических умений. Игр очень много, но мы используем только те, которые способствуют решению конкретных учебных задач и нравятся детям. (раздать брошюры)

Игра: «Снежный ком». Игру можно проводить в двух вариантах. *Вариант 1:* первый ребенок называет слово, (н-р, ball) второй добавляет свое слово так, чтобы получилось словосочетание (a red ball).

Игра с мячом позволяет провести отработку практически любого материала, необходимого учителю. Вариантов игровых приемов с мячом – великое множество! Несколько примеров из моей практики:

Игра: «Переводчик». Дает хороший результат при изучении лексики. Учитель кидает мяч ученику и произносит слово по-английски, ученик, кидая мяч обратно, должен перевести слово на русский язык. Следующим этапом (это сложнее для ребят) учитель произносит слова по-русски, ученики – переводят на английский. В дальнейшем данную работу можно расширить до предложения. Например:

a cat – кошка, a dog – собака и наоборот.

Игра: «Переделки». Использую для закрепления грамматических явлений. Учитель называет слово или словосочетание и кидает мяч ученику, ребёнок должен изменить слово в соответствии с требованиями задания и бросить мяч обратно. Примером таких заданий могут быть выбор артикля a/an: bear-a bear, owl – an owl, образование множественного числа имен существительных: a cat – cats, a fox – foxes или отработка образования Present Simple у глаголов в 3 лице единственного числа: read – reads, write – writes и многое другое.

Игра: «Цепочка». Так же возможно использование различных вариантов. Передавая мяч друг другу по цепочке, учащиеся должны назвать слова по теме или задать соседу справа вопрос и ответить на вопрос соседа слева. Список игр с мячом можно продолжать до бесконечности. Такие игры не требуют особой подготовки, но ребята всегда с удовольствием участвуют в них.

Игра: «Репортёр». Цель: закрепить лексику: What is your name? Where do you live? How old are you? Where are you from?

Игра: «Живые картинки». Цель: закрепить первые фразы на английском языке: Good morning. My name is ... What is your name?

Игра: «Отгадай-ка». Цель: научить воспринимать на слух небольшой текст с целью полного понимания содержания. (This is a girl. She is small. She has a red cap. Who is this?)

Игра: «Угадай предмет». Служит для активизации или отработки изученного лексического материала. Учитель на доске схематично рисует предмет, а учащиеся должны отгадать как можно раньше, что загадал учитель. Далее игру может вести ученик, первым отгадавший слово.

Игра: «Черный ящик». Для данной игры можно использовать коробку или пакет с непрозрачными стенками. Вариант 1: служит для отработки вопросов. Ученик, задавая общие вопросы, должен угадать, что лежит в коробке (мешке). Вариант 2: помогает отработать описание предмета. Ученик ощупывает предмет, находящийся в мешке (коробке) и параллельно описывает его для класса: «It is small. It has a tail.» и т.д. В результате он должен отгадать, что же было в мешке.

Игра: «Все слова на букву...». Данный игровой прием можно использовать в конце четверти или окончании изучения темы. Служит для отработки лексики. Для проведения игры необходим алфавит. Ученик с закрытыми глазами показывает на плакате с алфавитом букву. Класс должен вспомнить как можно больше слов, начинающихся с этой буквы. Выигрывает тот, кто вспомнит таких слов больше, он же и выбирает следующую букву. Если такой вариант сложен для ваших учеников, можно называть слова, содержащие данную букву, независимо от её местоположения в слове. Подобным образом можно строить и работу со звуком, для такого варианта необходимо записать печатным вариантом фонетических значков.

Особое внимание обращаем на лексические и сюжетно-ролевые игры. Лексические игры способствуют более скорому и продуктивному запоминанию довольно большого числа новой лексики, а сюжетно-ролевые игры, в свою очередь, призваны научить детей употреблять данную лексику в конкретной ситуации.

При организации и проведении сюжетно-ролевой игры обязательно даём детям возможность выбрать самим себе роли, а при подведении итогов отмечаем даже самые незначительные их успехи, что повышает эффектив-

ность игры и делает её более привлекательной для детей (В парке, В магазине).

В наше время английский язык входит в число обязательных предметов, изучаемых в начальной школе. Это очень важный этап в обучении детей, т.к. в начальных классах закладываются базовые знания языка, навыки его применения и, конечно, желание его дальнейшего изучения. Практикуемая школой методика преподавания английского языка в начальных классах должна основываться на играх, активной деятельности, визуальных методах, быть наглядной и понятной детям. Обучение проходит по разным учебным пособиям, но все они базируются на коммуникативной методике. Коммуникативная методика преподавания английского языка в начальных классах подразумевает развитие у детей навыков чтения, письма, восприятия услышанной информации и говорения. Материалы пособий учат школьников понимать аутентичные тексты, ситуации и аудио диалоги. Учебники содержат несколько структурированных уроков на актуальные, жизненные темы, например, семья, школа, хобби и т.д. Учитель часто дает выполнять задания в парах или группах, таким образом, школьники употребляют английский язык, разговаривая друг с другом в процессе подготовки, и привыкают к свободному общению. Британские и американские учебные пособия пользуются популярностью среди учителей начальных классов. В числе их основных достоинств – соответствие последним образовательным тенденциям, актуальность тем, красочность, большой объем практики слушания английской речи. В нашей школе занятия проводятся по учебнику, рекомендованной Министерством образования и науки РК, автором которой является С.Д.Рахимжанова и А.С.Волкова. Большим плюсом данного пособия является учет особенностей

родного языка, а также соответствие требованиям министерства образования к уровню подготовки учащихся. Обучение английскому языку в младших классах не может проходить без аудио и видео заданий. Песни из-за своей ритмичности, эмоционального

оттенка и частого повторения фраз помогают лучше запомнить лексику. Просмотр видео и мультфильмов на английском предполагает широкий выбор интересных текстовых и грамматических упражнений.

Список использованной литературы:

1. Л.Ф.Брагина. О системе упражнений в процессе обучения диалогической речи на средней ступени обучения /Л.Ф.Брагина //ИЯШ. 1974 г. № 3. 43-48 с.
2. М.Л.Вайсбруд. Обучение диалогической речи /М.Л.Вайсбруд //ИЯШ. 1965 г. № 4.11-17 с.
3. Н.Д.Гальскова. Обучение иностранным языкам: поиск новых путей /Н.Д.Гальскова ИЯШ. – 1989 г. - № 1. 13-18 с.
4. К.Б.Есипович. Управление познавательной деятельностью учащихся при изучении иностранных языков в средней школе / К.Б.Есипович. – М.:Просвещение, 1991 г. – 191 с.
5. Е.А.Жукова. Устный контроль при коммуникативно-направленном подходе к обучению иностранным языкам /Е.А.Жукова // ИЯШ. 1991 г. № 3. 21-26 с.
6. Ф.С.Исхакова. Обучение правильной неподготовленной диалогической речи / Ф.С.Исхакова //ИЯШ. 1976 г. № 4. 54-59 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖАЗБА ЖҰМЫС ДӘПТЕРЛЕРІН ТЕКСЕРУДЕГІ ОҢТАЙЛЫ ӘДІСТЕР

Қ.Сәрсенбаева

Жаңақорған ауданындағы №180 «Қызылмақташы» орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып отыр.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі – тіл байлығы дер едік, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сілтегенде жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс

жұмыр келетін» сөз құдіретін игерген адамдарда тұлғалық қасиет болады. Мектептегі тіл дамыту жұмыстарының ең тиімді жолдары пәнаралық байланысқа иек арту болып табылады. Соның ішінде әдебиет пәні мен қазақ тілі пәндеріндегі тіл дамыту жұмыстарын жеке-дара қарастырмай, үнемі, жүйелі түрде, бірлікте, бір мақсатта жүргізіліп отырған нәтижелі, жемісті болмақ. Тіл байлығының ұғымы кең. Әр пәннің өз тілі, оған қойылатын өз талаптары бар. Ал, қазақ тілі мен әдебиетіндегі тіл дамыту жұмыстарын мынадай мақсаттар негізінде жүргізуге болады:

- аз сөзге терең мағына сыйғызу (нақтылық, дәлдік);

- ойын бейнелі, көркем айшықты да шешен оралымдарды пайдалана отырып жеткізу (ауызша да жазбаша да);

- ауызекі сөйлеу тіліндегі мәнерлілік, айқындық, нақтылық, дәлдік, жүйелілік, еркіндік;

- жазба тілдеріндегі жатықтық, сөздерді түрлендіре пайдалану, шешендік сауаттылық, жазу мәдениетіне қойылатын талаптарды меңгеру;

- көркем әдебиеттен алған білімдерін қазақ тілі сабақтарында қазақ тілінен алған білімдерін әдебиетте пайдалана білу.

Қазақ тілі мен әдебиетіне тән ортақ жазба жұмыстарының басқа да түрлері баршылық, оларды тақырыпқа сай үйлестіре отырып жүргізсе, тіл дамыту жұмыстары нәтижелі болмақ. Мысалы, хаттың, күнделіктің, диалогтарға негізделген жұмыстардың, монолог-толғаулардың орны ерекше.

Оқушының сөздік қорын байытуда проблемалақ, ситуациялық сұрақтар беріп, ойландыра отырып, оқушы ойын жетілдіруді үнемі басшылыққа аламын. Сабақ барысында «Аяқталмаған сөйлем», «Жалғасын тауып жаз», «Ой оралымдары», «Ой жалғастыру» т.б. шығармашылық ойындар қолдануда мен оқушы қызығушылығы мен ынтасын аңғардым.

Көркемдік қабілеті дамыған, айтар ойы бар, шындық пердесіне батыл да сенімді қарайтын жеткіншектер ғана болашақ білім иелері болмақ.

Дәптер тексерушіге естелік:

1. Бастауыш сынып оқушыларының дәптері күнде тексеріледі;

2. Жоғарғы сынып оқушыларының дәптері аптасына 1 рет тексеріледі;

3. Жоғарғы сынып оқушыларының дәптері айына бір рет тексеріледі;

4. Мұғалім тексеруінен кейін қате болмауы керек;

5. Ескертулерді жазып отыруы керек;

6. Каллиграфияға мән беруі керек;

7. Әрбір жаңа мәтінді сөйлем азат жолдан басталуы керек;

8. Әрбір жұмыстың арасында бірақ жол қалуы керек;

9. Күні, айын, жаттығу нөмірін бір бетке, мәтінді екінші бетке жазуға болмайды;

10. Сыныпта орындаған жұмыстан қате кетпеуі керек;

11. Дәптер қапталған болуы керек, қапталуы мен дәптердің сыртқы адресі өз алдына бірыңғай болуы керек;

12. Дәптер бағасын аракідік журналға қоюға болады;

13. Жақсы оқитын оқушының қатесін түзетпей, астын сызып көрсетуге болады. (Осы іске асқан ба?)

14. Оқушылар дәптерін бір-біріне тексертуге болады. (Бұл іске асқан ба?)

15. Өздігінен жұмыс дәптерлері бар ма, тексеріле ме, жай-күйі қалай?

16. Диктант, бақылау дәптерлері бар ма? Қатемен жұмыс жасалған ба?

17. Дәптерлердің кезектесіп пайдалануы қалай?

18. Дәптерлері үлгілі деп бағалайтын оқушы бар ма? (Қай сыныпта, қай пәннен)

19. Факультатив сабақтарға дәптер арналған ба? Қандай жұмыстар жүргізілген, тексерілген бе?

20. Бірлестікте дәптер жайлы мәселе қаралған ба?

Қатемен жұмыс жүргізу тәжірибем.

Қазақ тілінің бағдарламасында әр тараудан кейін немесе тараудың ортасында (тарау көлеміне байланысты) диктант алынады, диктантқа (оны жат жазу, сынықхат деп те жүрді) 2 сағат беріледі, байқап жүрмін, көріп те жүрмін, осы екі сағат, яғни сабағы көп мұғалімге қиындық туғызады, қатемен жұмысты қалай жүргізуді білмей қиналады, біреулер қатені үстінен қызыл сиямен түзейді де қайта жазғызады, біреулер астын сызып қойып түзетеді, бұл оқушыға жеңілдік туғызады, ойлануға мүмкіндік жасамайды.

Оқушы диктантта жіберген қателерін өзі тауып, өзі түзетуі керек. Ол үшін 5-сыныпта алғашқы диктанттан кейін-ақ түсіндіре бастаймын, бір-екі жазғаннан кейін өздері өз қатесін табуға дағдыланып алады, қате іздеп отырмау үшін келесі жолы қате жібермеуге тырысады.

«Қатемен жұмысты», яғни диктантта жіберілген қатемен жұмысты төмендегідей түрде жүргіземін.

Сабақтың тақырыбы: Қатемен жұмыс.

Сабақтың мақсаты: *білімділік:* сауатты жазуға қалыптастыру; *тәрбиелік:* еңбекке баулу; *дамытушылық:* өз қателерін оқушылардың өздеріне ізде-тіп, тапқызып, өткен ережелерді еске түсіру арқылы келешекте қате жібермеу жолдарын қарастыру, дағдыландыру.

Сабақ әдісі: өздік жұмыс.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Тексерілген диктант дәптерлерін жеке-жеке үлестіріп, диктант бағасымен және қателерінің санымен таныстырып, журналға бағаларын қойып, енді қатемен жұмыс жүргізетіндігімізді ескертемін, балалар өздері де екінші күнгі (диктанттан кейінгі) сабақтарының қатемен жұмыс екенін біледі.

Оқушы диктантқа қойылған бағадан кейінгі жолдың ортасына ай мен күннен кейін «Қатемен жұмыс» деп жазып қояды. Қатемен жұмыс тәртібі өзгермеуі керек.

Мұғалім қатемен жұмысты тез тексеру үшін, шатаспай тексеру үшін оқушылар алдымен бірінші жолдағы қатені, сонан соң екінші, үшінші, төртінші т.б. жолдағы қателерді іздеп табады, дұрысын жазады.

Мәтінде еш дыбыс, ешбір тыныс белгісі түзетілмейді, қателер шартты белгімен жолдың шетіне белгіленеді, сол шартты белгі арқылы қате табылады. Мысалы, дыбыстық қате - /, бас әріппен жазылатын сөздер (сөйлем басында келетін немесе жалқы есімдер) - /, пунктуациялық (тыныс белгісі)

қателері -, бөлек жазылатын сөздер: шылау, күрделі сөздердің кейбіреуі т.б. -, бірге жазылатын сөздер -, тасымал -, қалып қойған сөз -.,

Бала қате жіберген сөзді іздеп тауып дұрысын жазады да, сол жазған әріптің астын сызып қояды немесе қойған тыныс белгісінің, не бірге жазылған сөздің, не бөлек жазылған сөздің астын сызады.

Стилистикалық қате, оның ерекшеліктері.

Мектепте қатенің үш түрі көрсетіліп жүр:

- орфографиялық қате;
- пунктуациялық қате;
- стилистикалық қате.

Алдыңғы екеуі туралы арнайы еңбектер де бар. Мұғалімдер бұл қателерді негізінен жақсы ажыратып, оларды болдырмау мақсатында көп жұмыстар жүргізіп келеді. Ал, стилистикалық қателерге соңғы кезде ғана көңіл бөліне бастады. Бұл орайда, мектеп оқулығына жазылған әдістемелік нұсқауда ғалым А.Айғабылов былай деп жазады: «Алғашқы екеуіне көбірек көңіл бөлінеді де, соңғысына талдау аз жасалады. Бұның себебі, стилистикалық қатенің болуы неліктен, себептері неде екеніне осы кезге дейін мұғалімдердің өзі де аз көңіл бөледі». Бұл – өте орынды айтылған пікір.

Стилистикалық қате дегеніміз не? Көп жағдайда бұл сөйлемді дұрыс құра білмеуден деп түсіндіріледі. Алайда, бұл түсінік жеткіліксіз. Стилистикалық қате дегеніміз жазба жұмыстардағы оқушының сөз байлығының жұтаңдығынан, тілдік құралдарды айту мақсатына орай дәл, айқын, мәнерлі, жеткізе білмеуден болатын қате.

Стилистикалық қателердің болу себебін негізінен үшке бөлуге болады:

- қазақ тілінің тілдік ресурстарын жете білмеуі;
- стилистикалық түсініктерінің таяздығы;
- әрбір стильдің өзіндік ерекшеліктерінің білмеуі.

Оқушы ең алдымен ана тілінің сөз байлығын жете меңгеруі қажет. Қазақ тілінің сөздік құрамы бірде-бір тілден кем емес. Кез келген жанрда өз ойымызды толық жеткізуге тіл құралдарының мүмкіндігі толық жеткілікті. Осындай байлықты оқушылар толық меңгере алмағандықтан олардың сөздік қоры аз. Бір сөздерді қайталап қолданудан, сөйлем құраудың бір формаларын жиі-жиі пайдаланудан сөйлемдер түсініксіз болып шығады. Мұғалім әдебиет сабақтарында да, тіл сабақтарында да оқушылардың сөздік қорын байытуға ерекше мән беруі қажет.

Оқушылардың жазба жұмыстарындағы қателерді түзетіп жазуда бір ізділік байқалмайды. Стилистикалық қателер әдетте ирек сызықпен сызылады да, шектеу сызығының сыртына ескертулер жазылады. Мұғалімдер көп жағдайда «Дұрыс емес», «Артық сөз» деген ескертумен ғана шектеледі. Ескертпелер нақты әрі қысқа жазылып, баланың неғұрлым өз бетімен түзетуіне мүмкіндік беретіндей болуы керек. Мысалы, мынадай ескертпелер жазуға болады: дәл сөз емес, қолданылмайды, артық сөз, орынсыз, қайталау, орын тәртібі, басқа жұрнақ, тым қарапайым, басқа стильге тән, т.б.

Оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыруға стилистикалық қателермен жүргізілетін жұмыстардың ықпалы өте мол, сөзбен, сөз тіркесімен, сөйлеммен шығармашылық тұрғыда түрлендіре жұмыс жүргізудің шегі жоқ десе де болады. Осындай жұмыстар жүйелі жүргізілгенде ғана оқушылардың стилистикалық талғамдары әлдеқайда жоғары болары сөзсіз.

Оқушылардың жазу сауаттылығын арттырудағы өзіндік жұмыстың ықпалы.

Мен өзім сабақ беретін сыныптағы оқушылардың әрқайсысына «Өзіндік жұмыс» дәптер арнатамын.

Мұнда сабақта өтілген тақырыптар бойынша ережелер, қосымша тапсырмалар және сол ережелер бойынша өзіндік тұжырымдар жазылып, мысалдар өз ойларынан жазылады.

Мұның есте сақтау қабілетін арттыруға көп көмегі бар. Әр сабақ кезеңінде алдына мына қағидаларды мақсат етіп алдым:

1. Сұрақтың құрылымын өз ойынан жасау;
2. Жауапқа өзінің көзқарасын білдіріп отыру;
3. Оқушылардың ерекше қойылған сұрақтарымен ұтымды жауаптарын бағалап, мадақтап отыру;
4. Әр түрлі сұрақтарға өз бетімен шешім таба білуге үйрету;
5. Осындай қағидалар арқылы сұрақ қою деңгейлерін жаңа сапаға жеткізу.

Өзімнің осындай мақсатта оқушыларды жан-жақты тәрбиелеу барысында жүргізілген жұмыстарымнан байқалған бала бойындағы өзгерістер:

1. Өзіндік ой қорыту қабілеті артты, жеке көзқарасы қалыптасты;
2. Білімді өз бетінше меңгеруді үйренді;
3. Оқушылардың қоятын сұрақтарының құрылымы өзгерді;
4. Жазу ажары қалыпқа келді;
5. Сауатты жазуға қалыптасты;
6. Белгілі бір нәрсені жан-жақты түсінуге талпынды;
7. Алған ұғым түсініктерін күнделікті өмірге қолдана білуге қалыптасты.

Болашақ ұрпақ білімді, ұлтжанды болса ғана тәуелсіз мемлекетіміздің тірегіне айналары сөзсіз. Сондықтан, ұлттық санасы оянған мәдениетті, ойлау дәрежесі биік, елін сүйетін және заңдарын түсініп орындайтын азаматтарды оқыту және тәрбиелеу – әр ұстаздың міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Ақбаева. Тіл дамыту жұмыстары. «Бастауыш мектеп» 1994 ж.
2. Р.Сыздықова. Жазу емлесі және пунктуация. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2011 ж.

**«ОҚЫТУДЫҢ ҮШ ӨЛШЕМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ»
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Г.Нұрпейісова

Арал ауданындағы №66 орта мектептің химия пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда облыс бойынша химия пәнінен оқушылардың білім сапасының төмендігі бұқаралық ақпарат құралдарында, педагогикалық білім көтеру курстарында, білім мекемелерінің тамыз мәслихатында жиі айтылып, оқушылардың білім сайыстарында анық көрініп жүр. Бұл химик-мұғалімдердің намысына қамшы болып тиері сөзсіз. Сондықтан, әрбір мұғалім 100 пайыздық оқу үлгерімін қамтамасыз ететін, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыратын, дарынды баланы анықтап, олармен белгілі нәтижеге жетуге кепілдік бере алатын педагогикалық технологияны таңдап алуы, оның тиімділігі мен нәтижелілігін зерттей білуі шарт. Мен өзімнің 10 жыл педагогикалық өтілімде әдістемелік әдебиеттерге, педагог-теоретиктердің дәрістеріне сүйене отырып, бірнеше педагогикалық технологияларды сабақ барысында қолданып, олардың тиімді-тиімсіз жақтарын ой таразысына салып келемін. Соның негізінде «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясының өз пәнім бойынша сапалы білім беріп, оқушыларды тәрбиелеп, дамытудағы тиімділігіне тоқталғым келеді. Химия пәні сабақ барысында ауызша мәліметтер алу, жаттығулар жасау, есептер шығару және демонстрациялаудан – оқушының

теориялық-сарамандық сауаттылығының үйлесуінен барып білім алынатын күрделі, әрі қызықты пән.

**Химия сабағындағы оқушылардың
таным әрекеті**

1.	Ауызша ұғымдар алу.	Ережелер мен анықтамалар.
2.	Жаттығулар жасау.	Формулалар мен теңдеулер.
3.	Есептер шығару.	Сандық және сапалық есептер.
4.	Тәжірибе жасау.	Зертханалық және сарамандық жұмыстар.

Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі дегеніміз – оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Бұл технологияда оқушының өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады. [1] Демек, біз жоғарыда айтылған оқушының таным әрекеттерін толық қамту үшін ең алдымен оқушының қабілеті мен белсенділігіне сүйенеміз, дарындылығын анықтап, дамытамыз. Бұл технология бойынша білім үш деңгейде беріледі. Деңгейлеп оқыту оқушы мүмкіндігін барынша пайдаланып, әр оқушымен саралай жұмыс жасауға мүмкіндік береді. [2]

Деңгейлеп оқыту кезендері

I кезең.	Тану мен үйрену
II кезең.	Түсіну мен қолдану
III кезең.	Жүйелеу мен қорыту

Мысалы, 8 сыныпта «Оксидтердің формуласы, аталуы және жіктелуі» тақырыбын өткенде мұғалім күнделікті өмірде көріп жүрген әк пен құмды оқушыларға табиғи көрнекілік ретінде әкеліп көрсетеді. Бұлар оксидтер екендігін, бұл екі заттың да құрамында

оттегі бар екендігін түсіндіреді. I кезеңде оқушылар оларды таниды және сол әк пен құмның формуласын және басқа оксидтердің формуласын мұғалімнің бағыт беруі бойынша жазып үйренеді. II кезеңде оксидтер құрамы неден тұратындығын түсініп, I кезеңде өздері жазған оксидтердің атын атап қолданады. III кезеңде өздері жазған бірнеше оксидтерді құрамындағы оксид түзуші элементтің табиғатына қарай жүйелейді де қорытынды жасайды.

«Оксидтердің формуласы, жіктелуі және аталуы» тақырыбына деңгейлік тапсырмалар

Деңгейі	Тапсырмасы	Ұпайы	Бағасы
I	Мына оксидтердің атын атап, сипатын анықта. K_2O , SO_3 , MnO , MnO_2 , CrO , Cr_2O_3 , P_2O_5 , Al_2O_3	5	3
II	Мына оксидтердің формуласын жазып, сипатын анықта. Хром (VI) оксиді, магний оксиді, мырыш оксиді, күкірт (IV) оксиді, литий оксиді, кальций оксиді, бор оксиді, азот (V) оксиді, көміртек (II) оксиді, көміртек (IV) оксиді.	4	4
III	Мына оксидтердің қайсысында оттегі атомының массалық үлесі көп? Азот (I) оксиді, азот (II) оксиді, азот (IV) оксиді, Азот (V) оксиді	3	5

Осы үш деңгейлі тапсырманы орындау барысында оқушы мынадай мәселелік жағдайға кезігуі мүмкін. Оқушы берілген оксидтердің сипатын – негіздік, қышқылдық немесе екідайлы екендігін анықтауы керек. Оқушылар алдын-ала берілген мәтін бойынша металдар оксидін – негіздік, ауыспалы элементтер оксидін – екідайлы, ал бейметалдар оксидін – қышқылдық оксидтер деп жіктейді. Осы жерде мұғалім мынадай бағыт беруі тиіс. Бірнеше валенттілік көрсететін металдардың төменгі валенттілік көрсететін оксиді – негіздік, орта валенттілік көрсететін оксиді – екідайлы, жоғары валенттілік көрсететін оксиді – қышқылдық қасиет көрсетеді. Осы мәліметтен кейін оқушылар; MnO – негіздік, MnO_2 – екідайлы, Mn_2O_7 – қышқылдық деп, ал хром оксидтерін былай: CrO – негіздік,

Cr_2O_3 – екідайлы, CrO_3 қышқылдық деп сипаттайды.

Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесінің тағы бір ерекшелігі – тапсырманың жеке, жұптық, топтық формада берілуі. Оқушылар жұптасып, топтасып жұмыс жасау арқылы өзара ынтымақтастыққа, бірге шешім қабылдауға, бірлесіп нәтиже шығаруға үйренеді. Мысалы, бір жұп-екі оқушыға ортақ мынадай тапсырма беріледі. №1 жұптық тапсырма. 5 моль кальций тұз қышқылымен әрекеттескенде бөлінетін сутегі мен 5 моль мырыш күкірт қышқылымен әрекеттескенде бөлінетін сутегінің көлемдері бірдей ме? Сонда, бір есеп бойынша берілген екі тапсырманы екі оқушы орындайды, екеуі жауаптарын салыстырады да, нәтижесін бірге айтады. Ал, топтық тапсырманың бүкіл топ оқушылары белсенді жұмыс

жасайтындай етіп және уақытты шектеп беру керек. Мысалы, бір топта 6 оқушы бар делік. Топтағы барлық оқушының берілген тапсырмада өз үлесі болуы керек.

№1 топтық тапсырма. 0,5 моль, 1 моль, 2 моль, 2,5 моль, 3 моль, 5 моль оттегінің массаларының қосындысы нешеге тең? Мұндай жағдай да оттегінің әр молінің массасын топтағы әр оқушы табады да, соңында шыққан массаларды қосады. Соңында, шыққан массаларды қосып, топ болып жауабын айтады. Егер, бір оқушы қателессе, есептің жауабы дұрыс шықпайды да, әр оқушы өз есебін қайта тексеріп шығады. Есепті қате шығарған оқушы топтың ортақ жетістігіне өзінің кері ықпалын тигізгендіктен, келесі сабақта алға қарай ұмтылып, ортақ нәтижені қанағаттандыруға ат салысары сөзсіз. Оқытудың мұндай формаларын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушыға сенімділік, өзіне жауап беру қабілетіне сүйену, арнамыс және өзін-өзі сыйлау қасиеттерін қалыптастыру. Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесінде баға оқушыны жазалау құралы ретінде емес, оны алға қарай ұмтылдарушы, ізденіске талпындырушы қозғаушы күш ретінде қолданылады. Аталған технологияның ерекшелігі бойынша мұғалім оқушы бағасын «Ашық журналға» қоя алады. Оқушының қызметі көптеген тұлғалық қасиеттеріне қарай (интеллектуалды дамуы, тіл мәдениеті, дебестігі, инициативасы, жауапкершілігі т.б) бағаланады. Оқушының дамуы басқа оқушымен

емес, өзімен салыстырылады. Оқушыға өзін-өзі бағалауға мүмкіндік беріледі. Мен, 8 сыныпта «Қышқылдар, құрамы, алу жолдары» тақырыбына жасалған бір сабағымды өз әріптестеріме ұсынып отырмын.

Күні:

Сыныбы: 8

Сабақтың тақырыбы: §33 Қышқылдар, құрамы, алу жолдары.

Сабақтың мақсаты:

а) **Білімдік:** Қышқылдар құрамы, құрылысы, жіктелуі және алу жолдарына тоқталу. Оқушыларды кез келген қышқылдың формуласын, алу жолдарын жаза білуге және жіктелуін анықтауға үйрету.

ә) **Тәрбиелік:** Оқушыларды мәтінмен жұмыс жасап, өз ойын еркін айта білуге және жеке, жұптық, топтық формада жұмыс жасауға тәрбиелеу. Өзін-өзі тануға және өзін-өзі бағалай білуге үйрету.

б) **Дамытушылық:** Оқушылардың ой-өрісі мен таным белсенділігін, шығармашылық белсенділігін дамыту.

Сабақтың типі: Жаңа сабақ.

Сабақтың түрі: Семинар-тренинг.

Сабақтың әдісі: Жеке шабу, жұптық сайыс, топшілік сайыс, пікір алмасу.

Сабақтың формасы: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Сабақтың көрнекілігі: ACTIVote, мәтін, интербелсенді тақта, үлестірімелер, құм, сынауық, су.

Сабақтың барысы:

№	Сабақтың барысы	Әдісі	Формасы
1	I кезең (5-7 минут) 1. Ұйымдастыру. 2. Үй тапсырмасын сұрау.	ACTIVote-пен жұмыс.	Жеке
2	II кезең (20-25 минут) 1. Мәтінмен жұмыс. 2. Жұптық жұмыс	Мәтінді оқу, талдау. Жұптық ортақ тапсырма орындау.	Ұжымдық, жұптық
3	III кезең (10-12 минут) 1. Деңгейлік тапсырмалар орындау. 2. Күкірт қышқылын өндірудің пайдасы мен зияны.	Топшілік сайыс. Пікір алмасу.	Топтық, жеке
4	Сабақты қорытындылау, бағалау. (3 минут)		

Ашық журнал
8 сынып. Химия

№	Аты-жөні	Үй тапсырмасы	I деңгей	II деңгей	III деңгей	Ұпай саны	Бағасы
1	Оқушының аты-жөні жазылады		+	+	+	12	5
2			+	+	-	9	4
3			+	-	-	5	3

Сабақты бағалау рейтингі.

Мен өз баяндамамды қорыта келе, «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясының қамтылмаған мүмкіндіктерінің әлі де бар екендігін айтқым келеді. Кез

келген ұрпақ білімі мен тәрбиесінің тізгінін қолына алған мұғалім өз сабағының типіне, түріне қарай аталған технологияның мүмкіндіктерін ішінара және толықтай пайдалана алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Қараев. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясы.
2. Қ.Болатбекова. Саралап деңгейлеп оқыту. «Қазақстан мектебі» журналы. №5, 2008 ж.
3. Интернет материалдары.

**АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫ
ПАТРИОТТЫҚ ОТАНСҮЙГІШТІК РУХЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ**

А.Убаев

Арал ауданындағы №66 орта мектептің АӘД пәні мұғалімі

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамытуын қойып отыр. Қазіргі таңда педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруда.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында оқыту формасын, әдіс-

терін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдауға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік бар.

Мен өз сабағымда оқытудың жаңа технологиялық әдістерінің ішінде педагогика ғылымдарының кандидаты Марал Мәденқызы Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясын пайдаланамын, 5-6 жылдан бері «Алғашқы әскери дайындық сабағында баланы патриоттық, отансүйгіштік рухында

тәрбиелеу» тақырыбында шығармашылық жұмыспен айналысып келемін. Сабақ өту кезінде жаңа технологиямен шығармашылық жұмысты байланыстырып өтемін.

Модульдік технология – педагогикалық технологияның негізгі ұстанымдарын материалды толық игеру әдістерінің негізгі позициясына сүйенген. Модульдік технологиямен оқытудың маңызды мәселесі оқушылардың танымдық қызметінің артуы, жеке тұлғаның өзіндік дамуына бағыт беру, сонымен қатар оның мүмкіндігінің жүзеге асуын қадағалау.

Сабақта қазіргі заман талабына сай компьютер техникасы, проектор пайдаланамын. Алғашқы әскери дайындық сабақтарында мен негізінен дифференциалды, ұжымдық және жұптық оқыту әдіс-тәсілдерін қолданамын. Әсіресе, практикалық сабақтардан саптық даярлық бойынша сабақтар алдыңғы сабақтарда дағдыланған машықтардың ұмытылмауы үшін жүйелі түрде және бірдей уақыт аралықтарында өткіземін.

Әскери-патриоттық тәрбие жасөспірімдерді еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық армия сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге баулиды. Бала әрдайым өмірге қызыға қарайды, бәрін үйренгісі келеді, еліне керекті азамат болып өскісі келеді. Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі студенттері арасында жыл сайын Отан қорғаушылар күні және Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне байланысты соғыс ардагерлерімен және аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылады. Сонымен қатар, әр мамандықтар арасында командалар жасақталып, «Мен Отан қорғауға дайынмын» атты әскери патриоттық сайыс өткізіліп отырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жасөспірімдердің отансүйгіштік, елінің патриоты мен азаматы болып қалыптасуына көңіл бөліп отыр. Патриоттық

тәрбие беру – оқушының саналы көзқарасын қалыптастыру. Алғашқы әскери дайындық енгізілуі, оған байланысты әскери патриоттық тәрбиенің тереңдеуі, Отанымыздың саналы және белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Жастарды Отанды қорғауға, талантты әскери кадрлар даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесіне танымдарымен мінездерін қалыптастыру ауыр және сан қырлы процесс. «Отанды сүю отбасынан басталады», отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Патриот, ержүрек адамды, табанды күрескерлерді тәрбиелеудің негізі мектепте қаланды.

Пәннің міндеті келешекте Отанын, жерін, елін қорғай алатын, ұлттық намысы мол, жігерлі ұл-қыз тәрбиелеу, әскер қатарына сауатты, моральдық жағынан дайын азамат даярлау. Сабақ барысында ұжымдық қорғаныс жұмыстарына, сабақтан тыс уақытта жаттығу жұмыстарын өткізуге аса көңіл бөлінеді. Ұжымдық қорғаныс жұмыстары АӘД-ты оқытудың негізгі бір бөлімі. Оқушылар теориялық сабақта алған білімдерін ұжымдық қорғаныс жұмыстары кезінде іске асырып, өздерінің білімдерін, біліктілік дағдыларын жетілдіреді.

Патриоттық даярлаудағы жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да, шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде АӘД пән мұғалімдеріне үлкен талап қойылады, сондықтан оларға өз ісінің жетік маманы болу жеткіліксіз, сонымен қатар білімді, тың ақпараттардан хабары мол болуы шарт.

Қазақ халқының тәрбие жүйесінде жас ұрпақты, қоғам мүшелерін Отанға, халқына, елге, жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп қалыптастыру жетекші орын алады. Өйткені, Отан, халық, ел, жер деген ұғым өте ауқымды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. «Алғашқы әскери дайындық және өмір қауіпсіздігі негіздері» атты Республикалық әскери-патриоттық педагогикалық-әдістемелік журнал. №1, 2013 ж.
3. «Жастық жалынымыз – сүйікті Отанымызға» атты М.Мәметованың 90 жылдығына орай республикалық патриоттық форум аясында дайындалған материалдар жинағы II бөлім, 2012 ж.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Ж.Басығараев

Арал ауданындағы №66 орта мектептің информатика пәні мұғалімі

Қазіргі информатиканы проблема-лық әдістермен оқыту кең түрде қолданылып отырғанда оқушылардың информатикалық білім дәрежесін арттыру мұғалімдер қауымының алдына қойылып отырған ең күрделі міндет. Сондықтан, оқушылардың информатикалық білімі терең болуы үшін мұғалімнің әрбір сабағы қызықты да мазмұнды болуымен қатар, сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың жүйелі түрде ұйымдастырылуы қажетті нәрсе. Оқу үрдісі тиімділігінің негізгі шарты проблемалы оқыту, ол оқушының таным белсенділігіне жатады.

Оқушының жеке тұлғасын, рухани әлемін, қабілетімен ынтасын дамыту бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі. Оқушының өзіне сенімін арттыру, шығармашылығы мен танымдық белсенділігін арттыру мақсатында мұғалімнің әр сабағы әр түрлі, жан-жақты болуы керек.

Танымдық қабілет пен шығармашылық ойлау үрдісі қысқа мерзімде қалыптаспайтыны белгілі. Оқушылардың танымдық қажеттілігін қанағаттандыруға шығармашылық жұмыстар мен тапсырмалар зор үлесін тигізеді. Яғни, шығармашылық таным қабілетінің

артуы үшін мұғалім мен оқушының шығармашылық және танымдық ізденулері өзара ұштасуы қажет. Ғылым негізінде оқытуды жетілдірудің басты мәселелері информатиканы оқыту кезінде оқушылардың танымдық және шығармашылық жұмыстарын жандандыру ерекше орын алады. Атап айтсақ:

1. Ақпараттандыруға байланысты оқушылардың информатикалық талаптарын көтеру;

2. Ғылым мен техниканы, өндірісті өркендетуде информатика рөлін арттыру;

3. Шығармашылық ізденіске жетелеу;

4. Өз бітімен оқуға, жұмыстануға дағдыландыру.

Қаралып отырған бұл мәселелердің өзектілігі информатика бойынша жаңа бағдарлама мен оқулықтардың енгізілуіне сәйкес одан әрі арта түспек. Өйткені, мектеп курсының ғылыми-теориялық деңгейін көтеру және оны қазіргі заман информатикасына жақындата түсу информатика пәні мұғалімдерінің алдында тұрған күрделі міндеттерге әсер етпей қоймайды.

Сабак мазмұнының теориялық-практикалық құндылығы жоғары болған

сайын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу өте тиімді жүргізіледі. Мұғалімнің әрбір сабағы оқушы сезіміне, ынта-ықыласына әсер етуі тиіс. Ол үшін сабақ құрылымы көп түрлі оқыту әдістерімен, мұғалімнің дайындығы, ізденісі жоғары деңгейде болуы керек. Оқушыларға білім негізін меңгерудің әдіс-тәсілдері сан алуан. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру – мұғалімнің өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып, жаңа сабақ үлгілерімен оқушыларды шығармашылыққа ізденуін қалыптастыру, оқушыларға сұрақ қою, эксперименттік тапсырмаларды шештіру, ой таласын жасау, танымдық ойындар ұйымдастыру арқылы жасау керек. Педагогика ғылымы тиянақты білім маңызына әсер етпейді, қайта оқушыларды оқытуда тәрбиелеу мен жетілдіру бағытында жаңа мақсаттың рөлін анықтап береді. Оларға мыналар кіреді:

1. Информатиканы оқып – үйрену кезінде кездесетін барлық танымдық бастауларды оқушылардың өз бетінше пайдалануын қалыптастырады, эксперимент барысында мұғалімнің түсіндіруі, оқушылардың тапсырмаларды орындауы, кітап оқу, бақылау т.б.

2. Ғылыми ойлау тәлім-тәрбиесін кеңейту;

3. Өз бетінше ойлауын, шығармашылық қабілетін арттыру, дарынын шыңдау.

Педагогика ғылымы ешнәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп есептейді. Сондықтан, оқушылардың қабілетін дамытуға мақсатты түрде ықпал ететін – мектеп.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту дегенді ғылыми тұрғыдан түсіндірудің негізі қабілет ұғымының мәнін ашудан басталады.

«Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті». (Т.Тәжібаев) «Қабілет – білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері». (А.В.Петровский) Қабілет

адамды шығармашылық деңгейге көтереді.

Шығармашылық – оқушылардың алынған ақпаратты түрлендіріп, жиі тапқырлық танытуы, бірегей ойларды қорыта білуі, оралымды және көп нұсқалы ойлау қабілеттері, зерттеушілік белсенділігі.

Шығармашылық бағыттағы іс-әрекеттің негізгісі – шығармашылық ойлау. Себебі, оқушы ойша әрекеттене отырып, нәтижесінде не алатынын көзіне елестетеді. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту дарынды, талапты оқушыны көбейтуге әсерін тигізеді.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түюге, өздігінен сапалы дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Өйткені, адам туынды ғана емес, тудырушы. Адамның өз болмысын тануға, ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамытуға тиіс. Сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады деп көрсетілген. Қазіргі компьютерленген жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгеруі үшін информатика пәні бойынша шығармашылық қабілетін дамыту – ең басты міндет.

Информатиканы оқып-үйрену үрдісінде оқушы алдында оқытудың тәрбиелеу және жетілдіру мақсаттары қойылса, онда ол оқу-танымдық деп аталады. Мұндай жағдайда оқушылар қажетті білімді игеріп қана қоймай, сонымен бірге өзінің танымдық қызметін, ғылыми ойлау санасын, шығармашылық қабілетін жетілдіреді. Ендеше, информатиканы оқып-үйрену кезіндегі оқушының оқу-танымдық

белсенділігі мына төмендегі нақты белгілерге ие болуы тиіс:

- шығармашылық бағыт;
- оқушылардың оқып үйренуде жас және психологиялық ерекшеліктерінің сәйкестігі;

- абстрактілі ойлау мен практиканы байланыстыратын ғылыми таным жалпы заңдылық көрінісі.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін оқыту құралы – компьютерді қолданбай оқытушының өзі дайындалған әр тақырыпқа байланысты әртүрлі деңгейлік тапсырмалардан құралған өзіндік және бақылау жұмыстары мен оқушының болашақ іс-әрекетіне негіз болатын информациялық блоктар арқылы да іске асыруға болады. Ол сабақ үстінде жүргізетін есептеу жұмыстарының орындалуын, өз бетінше ізденіп, ойланып, еңбектеніп, барып жетістікке жетуіне мүмкіндік туғызады. Оқытудың компьютерлік технологиясын қолданып оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау деңгейлік өзіндік жұмыстарға төмендегідей талаптар қойылады.

Бірінші деңгей – «Үйренушілік». Оқушының жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп,

қайталау үшін және алған білімдерін практика жүзінде қолдана білуге жаттықтырады. Берілген тапсырмалар мен есептер өмірмен, қоршаған ортамен байланыстырылған болуы керек. Мұнда оқушының қызығушылығына, таным бірлігіне назар аударылады.

Екінші деңгей – «Алгоритмдік». Мұнда кері байланысқан функцияларды орындау үшін тексеру тапсырмалары іріленген материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған мазмұны өзгертілген жағдайдағы тапсырмалар беріледі.

Үшінші деңгей – «Эвристикалық». Оқушыға берілген тапсырмалар танымдық ізденіс түрінде игерген білімді тереңдету үшін әр түрлі логикалық операцияларды керек етеді. Проблемалық жағдайларды шешуге, өздігінен графиктерді, диаграмаларды құруға, формулаларды қорытып шығаруға, лабораториялық жұмыстарды өз бетімен жасауға, физикалық құбылыстарды үлгілеуге тәрбиеленеді.

Төртінші деңгей – «Шығармашылық». Әрбір тапсырманы өз бетімен түсініп талдай отырып орындау ғылыми шығармашылық тұрғыдан шағын зерттеу жұмысын жүргізуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Э.П.Семенюк. Информационный подход к познанию действительности. - Киев, 2004 г. 240 с.
2. А.Бочкин. Методика преподавания информатики. Минск: Высшая школа, 1998 г. 431 с.
3. В.В.Малев, А.А.Малева. Внеклассная работа по информатике: Учебно-методическое пособие для студентов физико-математического факультета. - Воронеж: ВГПУ, 2003 г. 152 с. (Серия «Теория и методика обучения информатике»).